Дамудың үздіксіздігі мұғалімнің кәсіби-жекетұлғалық қасиеттерінің мына кезеңдерде жалғаса отырып дамитындығын білдіреді:

-кәсіби-бағдарлық, мамандандырылған,

-базалы кәсіби дайындықтың;

-ЖОО-ны бітіргеннен кейінгі кәсіби қалыптасудың және одан әрі кәсіби жетілдірудің.

Болашақ мұғалімдерді дайындауда білім беру мазмұнының мәселелері барлық уақытта ғалым-педагогтер мен психологтардың басты назарында болатыны анық. Мұғалімнің жеке тұлғасының даму іліміне және әдістемесіне, оның қоғамдағы роліне В.С.Кузин [3], мұғалім мамандарының дайындығы мәселесінің теориялық жасалуына, оқу үдерісін жетілдірудің мәселелерін зерттеуге О.А.Абдулина [4] және басқалардың педагогикалық зерттеулері арналған. Олардың ғылыми-зерттеу жұмыстарында мұғалім мамандығына қойылатын негізгі талаптар нақтыланып, анықталды және педагогикалық шеберлік пен шығармашылықтың қалыптасу мүмкіндіктерінің құрылымдық белгілері көрсетілген. Н.В.Кузьмина мұғалімнің кәсіби қызметінің құрылымын зерттеу жүргізсе [5], В.А.Сластенин және т.б. мұғалімнің жеке тұлғасының ерекшеліктерін және олардың кәсіби қызметте көрінісін зерттеді [6].

Н.Д.Хмельдің жетекшілігімен мұғалім дайындығының мәселелерін шешуге арналған ғылыми зерттеулерлік жұмыстар орындалды. Н.Д.Хмель болашақ мұғалімдердің кәсіби дайындығының табыстылығы оны педагогикалық үдерістің мәнділігін түсінуді үйретуге және оны меңгеру дағдысына тікелей тәуелді, қатысты болатындығын атап көрсетеді. Н.Д.Хмельдің зерттеулері мақсаттарды іске асырудағы арнайы дайындықсыз және бірізді (бірегей) педагогикалық үдерісті меңгермейінше, мұғалім өз назарын тек оқытатын пәніне ғана аударады және өзінің кәсіби өсуінде онша табысты болмайтындығын көрсетті. ЖОО-да оқып жүргеннің өзінде-ақ болашақ мұғалімді жалпы білім беретін мектептің педагогикалық үдерісін басқаруы бойынша өзінің іс-әрекетінің барысы мен нәтижелеріне тыңғылықты талдауына дайындау қажет деп негіздеген болатын. Алдағы болатын тәжірибеден өту және өзінің кәсіби дайындығының алғашқы кезеңінде табысты бейімделуге ЖОО-да дайындығының әсеріне Сейталиев Қ.[7], Абдиманаров А. [8], Каргин С.Т. [9], Б.Қ.Бөлеевтің [10] т.б. зерттеулері арналған. Барлық осы және басқа да зерттеулер мұғалімнің кәсіби дайындығын жетілдіруде бірізді педагогикалық үдерістің ілімінің рөлін нанымды дәлелдеп берді. Болашақ - мұғалім тиімді кәсіби-педагогикалық және әдістемелік дайындығының мәселесі, оның шығармашылық мүмкіндігі мен жалпы әлеуетінің дамуы ғалым-әдіскерлерді де ойландырады. Жүргізілген зерттеулердің басым көпшілігі дәстүрлі білім беру тәжірибесімен байланысты. Сондықтан бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда бұрыннан келе жатқан зерттеулердің жүйелілігі және тәжірибие жүзіндегі декеректердің өзіндік ерекшеліктерімен қоса ескірді, өйткені, олар қазіргі талаптарды толық қанағаттандыра алмайды, яғни, осы заманғы педагог-мамандарын дайындаудың ғылыми-әдістемелік негіздерін қайта қарап, ой елегінен өткізу заңды құбылыс, бірақ, қазіргі құндылыққа жеткізген өткеннің тәжірибесін мүлдем сызып тастауға болмайды, оны бүгінгі дамуға алып келген білім берудің даму тарихының жолдары деп, табан тіреуіміз керек.

Мұғалімді қалыптастырудың ұзақ үдерісі қарама-қайшылықтарға толы, ал болашақ педагог-мамандардың жекетұлғасының дамуын заманауи талаптарға сай үйлесімді ету, түрлі кедергілерді жеңу арқылы жүзеге асады және өмірлік тәжірибеге енеді. Болашақ мұғалім мамандарын дайындауды педагогикалық білім берудің мазмұнында орын алатын келеңсіз мәселелердің бар екендігін шындық және олар тұрақты даму ағымының тудырған қайшылықтардың шоғырлануын анықтауға себепші болады. Қарама-қайшылықтарды екі бағыттан қараған дұрыс. Бірінші, мамандарды дайындаудағы үдерістерді тежейтіні болса, екінші жағынан, олардың дамуына ықпал ететін қозғаушы күш ретінде анықтап белгілеген жөн. Бұл функциялар барлық уақытта диалектикалық бірлікте көрінеді. Білім беру үдерісінде

карама-қайшылықтар қалыптасқан теория мен тәжірибеге сай келмейтін жаңа факторлар көрініс тапқанда орын алатын жайт. Факторлардың құндылығы «олардың жаңа педагогикалық теориялар мен қолда бар қазіргі білім беру тәжірибесін қайта құруға жағымды әсер ететіндігінде» екендігін білеміз [11].

Мәселен, отандық ғалымдар К.С.Мусин, В.А.КимЖОО-да мұғалім дайындығының карама-қайшылықтарын көрсетеді:

-оқытылатын мамандық пәніне ЖОО-да ерекше ден қойылған бағыттылықты білім беру мен мұғалімнің кәсіби қызметінің жекетұлғалық бағыттылығы арасындағы карама-қайшылық;

-мамандыққа білім берудің қағидалы дұрыс сипатымен студенттерді оқыту мен тәрбиелеуге бірегей көзқарасты талап ететін кәсіби қызмет ерекшеліктерінің арасында қалыптасқан карама-қайшылық;

-мұғалімді дайындаудағы педагогикалық тәжірибенің біржақты шектелген ролі мен мұғалім дамуындағы педагогикалық қызметтің шынайы ролі арасындағы карама-қайшылық;

-мұғалім дайындығының типті жүйесі мен оның қызметінің жеке шығармашылық сипаты арасындағы карама-қайшылық;

-мұғалім дайындығының типті жүйесі мен нақты жағдайлардағы оның міндеттерінің ерекшеліктері арасындағы карама-қайшылық.

Білім беру тәжірибесінің талдауы осы кезде карама-қайшылықтардың үш тобын ажыратуға болатындығын көрсетеді:

-әлеуметтік педагогикалық;

-педагогикалық;

-психологиялық;

Әлеуметтік-педагогикалық карама-қайшылықтар:

бұл, біріншіден, әлеуметтік үдеріс пен қоршаған орта жағдайлары болса, екіншіден, білім беру жүйесінің заман талабына сай дамуы мен жұмыс жүргізу арасындағы қатынастардың арасындағы карама-қайшылық. Бұндай құбылыстардың пайда болуы - өткен ғасырда өмірге келген рухани өндірістің заңды нәтижесі. Оның мәні мен мазмұнындағы жекетұлғаға бағытталған қатынастардаоларды «материал» ретінде қарастыратын және «жасампаз» тәрбиені беру құрады. Бұл мұғалімдер мен оқушылар арасындағы рухани біртұтастық құрылымға бағытталған мәдени бірліктің бөлшектенуіне алып келді. Жеке кәсіби қызметіндегі ең құнды болып табылатын мұғалімнің тұлғалық болмыс бейнесінің келбеттік дәрежесін төмендетіп, білім беру мен оқыту және тәрбиелеуде құлықсыз қарым-қатынастық көзқарастыры көпшілік жағдайларды орын ала бастады [12,13].

Әлемдегі даму - мемлекеттік қоғамдық құрылымдағы әлеуметтік жағдайлардың өзгеруіне,білім беруді ізгілендіру, рухани-құндылық негіздерін басшылыққа ала отырып, қайта құру - жаңашыл көзқарастағы жалпы дамудың көшіне ілесе алатын жеке тұлғаға деген қажеттіліктер туындады. Осыған байланысты қалыптасқан білім беру үдерісінің мазмұны қазіргі жағдайды қанағаттандыра алмайтындығы анық болды.

Әлеуметтік-педагогикалық карама-қайшылықтарға жоғары оқу орындарында білім беру мазмұнының сапалық емес, сандық көрсеткіштерге ауысып яғни, қаражат табу мақсатында, жаппай талапкерлерлі төлемақы негізінде және педагогикалық мамандыққа ниетсіз, өзінің жандүниесінің қалаусыз, мақсатсыз, «әйтеуір оқысам, ЖОО-нын бітірсем, қолымда диплом болса» деген оймен келген жеке адамдарды болашақ мұғалімдік мамандыққа дайындаудың әсерін алуға болады. Өкінішке орай, мұндай бағыттағы ағымдық түсінік білім берудің қоғамдық және жеке тұлғалық құндылықтарына теріс әсер ете отырып, жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларда да сақталуда. Сонымен бірге қазіргі қоғамда, әлеуметтік ортада мұғалім беделінің төмендеуіне алып келген жайттар орын алуда.

Педагогикалық карама-қайшылықтар педагогикалық жүйенің ішкі мазмұнында үйлесімділік пен сабақтастықтың болмауынан туындаған әсердің ықпалынан болатын құбылыс. Оларға мақсат пен мазмұн, оқу үдерісінің аумақтық шеңберінде игерілетін білім мен меңгеруге тиісті білік, дағдылардың және нақты, әрі қажетті ғылыми білімдер жиынтығын құрайтын ақпараттар көлемі, мазмұн мен жаңашылдық әдіс-тәсілдер /педагогикалық технология/т.б. с.с. құрылымдық құрамалар арасындағы карама-қайшылықтарды жатқызуға болады. Ішкі құрылымдағы үйлеспеушілік пен жүйеліліктің болмауынан мамандық дайындаудағы ұйымдастырылатын педагогикалық үдерістің тиімділігі төмендеп, білім берудің мәдениет жасаушы қызметінің мазмұндық мәні құнсызданып, отандық және әлемдік мәдениеттен тыс қалуына алып келді. Бұл білім берудің дамытушы мүмкіндіктеріне теріс ықпалын тигізумен байқалды. Болашақ педагог мамандарын дайындаудағы жалпы білімдік, мамандыққа бағытталған және мұғалімнің жекетұлғалық болмысы мәдениетінің негізін қалайтын, өзін-өзі дамытуы мен шығармашылыққа бейімділікқырларындамытатын, педагогикалық үдерістегі басты әрекет – мұғалім мен оқушылардың бірлесіп өзара жұмыс жасау қабілетін қалыптастыратын қажетті машықтарға

бейімдеулердің болмауына алып келді. Болашақ мұғалімнің кәсіби іс-әрекетке дайындығында жекетұлғаның маман болуына елеулі әсері жоқ пәндерінің басымдық орынға ие болуының себептерінен жалпы мәдениеттік және психологиялық-педагогикалық, жеке пәндерді оқытудың әдістемесі бойынша дайындық өз міндетін дұрыс орындамады. Осының бәрі білім беру тәжірибесінде академиялық сауаттылықтың басымдық орынға ие болып, функционалды және сыни ойлау сауаттылықтардың өз қызметтерін атқармауына және олардың шетке ығысуына алып келді [12,13,14].

Жоғарыдағы баяндалғандарға сүйенсек онда, ЖОО-да болашақ мұғалім мамандарын дайындаудағы ұйымдастырылған педагогикалық үдерістердің бағыты мен мазмұны теориялық және тасымалдаушылық қағидатты басшылыққа алып отырып үйлестірушілікті жүзеге асырғандығында. Осындай жайттың салдарынан теория мен тәжірибенің бірлігі, алған білімге сыни тұрғыдан қарай отырып педагогикалық тәжірибелердің мектеп өміріне жанауы, мамандықтағы кәсіби іс-әрекетке шығармашылдық тұрғыдан келу мен жаңашылдық ғылыми көзқарастар таныту мәселесі жоқтың қасында болуы – жеке тұлғалық емес көпшіліктік-өнім беру қағидаты басшылықта болып келді. Бұл жеке мұғалімдердің ізденушілік-шығармашылдық жұмыстарымен айналысуына өз кедергілерін тигізді. ЖОО-да болашақ мұғалім мамандығында білім алушы білімгерлердің педагогтық кәсіби іс-әрекетінде мектептегі оқу-тәрбие үдерістерін ұйымдастыру мен басқару және өзін-өзі басқару арасындағы қарама-қайшылықтардың туындауына алып келді. ЖОО-ның педагогикалық үдерісінде білімгерлердің мамандыққа машықтану барыстары педагогтық қызметін қатаң өзара байланыстығын тікелей басқару әдістері басым болады. Бұл қарама-қайшылық жою немесе ығыстыру тікелей басқарудың жанама және стратегиялық әрі, өзін басқаруға өтпейінше оң нәтиже бермейтіні анық болды. Осыған байланысты, қазіргі жаңа жағдайлардағы білім беру мен оқыту және тәрбиелеу үдерісінің талаптары мен педагогтің кәсіби қабілеттілігі, жеке тұлғалық болмысының мұғалімдік қызметке жарамдығы, ізденушілігі мен шығармашылдығы, білім берудегі мақсаттылықты бағытты жобалық негізде іске асыру мәселелері маңызға ие болады. Бұл ЖОО-дағы оқытушы-профессорлардың педагогтік кәсіби іс-әрекетіндегі шеберліктерін жетілдіруге және арттыруда білімдерін көтеруге ықал жасаған күш бола отырып, білім беру жүйесінің сатылық деңгейлерінің мазмұндық және құрылымдық жағынан қайта құрылуына алып келген табиғи, құбылыс заңдылық болды [13].

Мұғалім жекетұлғасының кәсіби қалыптасуын басқару, көрсетілген қарама-қайшылықтарды жеңу мақсатында төмендегідей жолдар көрсетілген:

- бүкіл ЖОО-да білім беруді мамандыққа, мұғалім жеке тұлғасының қалыптасуына қайта бейімдеу;
- педагогтік білім беруді түбегейлі нығайту;
- мұғалімнің кәсіби дайындығының ілімі мен тәжірибесін теңестіру;
- мұғалім қалыптасуының көпшілік репродуктивті тәсілінен жеке шығармашылық тәсіліне өту; мұғалімді мақсатты тапсырыс бойынша дайындау мүмкіндігі [15].

Қандайда болмасын сатылық деңгейдегі /бастауыш, орта, жалпы білім беретін, арнайы кәсіптік білім беру – колледж немесе жоғары оқу орны/ оқыту мен білім берудің мақсаты арқылы оның мазмұны мен құрылымы анықтайды, сонымен бірге, мақсаттарға сай әрі, үйлесімді, жүйелік мазмұнды жасайтын және құратын күрделі жұмыстар талап етіледі және іске асырылады. Дегенмен, педагогикалық тәжірибеде немесе теориялық білімде, мәселен, ЖОО-дағы бірнеше пәндердің оқытылу жиынтығындағы мақсат - жалпы мәдениет немесе дүниетанымды қалыптастырушы мен дамытушылық, ал, екіншілері – мамандыққа бағытталған арнайы білім мен дағдыларды, үшіншілері - болашақ мұғалімдердің мектептегі педагогикалық қызметке дайындау мен баулуғанегізделіп, бағытталған деген пікірлердің орын алуында болып отыр. Бұл жайындағы пікірлерге педагог-ғалымдардың ғылыми түсіндірмелік ойларына мән берсек: « ...жекетұлғаны бөлшектеп қалыптастыру мүмкіндігі туралы ғылымға қарсы көзқарастардан шыққан. Дегенмен, ең теріс нәрсе қоғамның жекетұлғаның жаңа қасиеті - жасампаз адамды қажетсінетіндігіне келіп тірелетін осы заманғы педагог дайындығына барынша жаңа ыңғайлануды жете түсінбеуінде болып отыр. Мұндай жеке тұлға қасиеттер мен мінездемелердің жай жиынтығы емес, ол бүтін ұдайы дамушы білім беру, оның әлеуметтік және кәсіби ынтасын жасайтын логикалық орталығы мен негізі тұтынушы - мотивациялық болып табылады», -деп түйіндейді [6]. Басқада пәндердің жиынтығындағы оқу материалдарының мазмұнындағы игерген білімдер, меңгерген дағдылар, тәсілдердің санада бөлектеніп сақталуына алып келеді. Сондықтан көп жағдайларда ЖОО-ын бітірушілері өз мамандықтарын шын мәнінде болашақ мамандығының кәсіби шебері емес, тек білім беруші мекемеде жұмыс істеу барысында «тасымалдаушылық» біліктеріне ғана машықтану орын алуда. Алған теориялық білімдерін өмірлік, соның ішінде педагогикалық қызметтегі тәжірибелік мәселелерді шешу құралдары ретінде пайдалана алмауында болып отыр. Білім беру саласында жұмыс істеуге

ұмтылатын білімгерлер мектептің қыры мен сыры көп құрылымдық жүйе екендігіне және онда жан-жақты келбеттілікті қажет ететіндігіне соқтығысқан жағдайда, педагогикалық үдерістегі оқыту мен тәрбиелеудің барыстарын көп жағдайда болжап болмайтын және үнемі өзгеріске толы әлемге өздерінің дайын еместіктерін сезінеді де, педагогикалық қызметке деген қызығушылықтары мен талап-талпыныстарының төмендеу алып келетін психологиялық жайттарға ұрынатыны анық. Бұл олар үшін педагогикалық қызметтегі күйзелістікке алып келеді. Яғни, бұл жоғары оқу орындарындағы мамандық дайындаудың нәтижесінде, біз педагогикалық қызметке дайындалған емес, тек соны меңгерген түлекті ғана шығарған болып табыламыз.

Педагогикалық білім берудің мазмұнын және оның құрамдық-құрылымдық жүйе әдісін заман талаптарына сай жаңаша құрмайынша - жекетұлғалық, бейімделуші білім беру жүйесін жасау әрекеттері ешқандай да оң нәтижелер бермейді. Жоғары оқу орындарында оқытып, тәрбиеленген болашақ мамандар педагогикалық қызмет іс-әрекетінің 4 түрін: *педагогикалық, инновациялық, ұжымдық, өзін басқару мен өзін дамытудың субъектісі* болатындай қабілеттіліктерінің қалыптасуы мен дамуы керек. Олардың әрқайсысында белгілі бір типтің мәселелері шешілуі тиіс, яғни оған сәйкес келетін педагогикалық барыстардың орындалуы тиіс. Педагог қызметіндегі шешуге тиісті мәселелердің құрамық-құрамалары мен оқу-тәрбие үдерісіне қажетті құрал-жабдықтар мен жалпы педагогикалық технологияларды тәжірибеде пайдалану сияқты барыстардың дұрыс орындалуы - қолда бар мүмкіндіктерге де тәуелді болады. Егер, болашақ маман - білімгер, мамандыққа сәйкес білім алу барысында «педагог қызметкері» қандай болуы керек туралы түсініктер алмаса, оқу-тәрбие үдерісінде өзінің қабілеттерін дамытпаса, осы бағыттағы ғылыми-білімдердің жиынтығын оқытушы-профессорлардың көмегімен және өздігінен алу мүмкіндіктерін меңгермесе, онда ол енжар, құлықсыз білімгер болып қалады деп, В.С.Лазерев, М.М.Поташник түсіктемелер береді [16].

«Мұғалім - адам, біздің уақытымыздың азаматы мен оның кәсіби білімдері, тәсілдері және дағдылары арасындағы бақыланатын айырмашылық жойылуы керек», - деп есептейтін В.А.Сластениннің жұмыстарында назар тек осыған ғана шоғырланады [6], жоғары педагогикалық білім берудің мақсаты адам-азамат пен адам-маман арасындағы айырмашылықты жеңуден тұрады деп атап көрсеткен М.И.Шилова да [17], дәл осындай көзқарасты ұстанады. Яғни, болашақ маманның жеке тұлғалық болмысындағы қағидалық-ұстанымдары және оның кәсіби білімдері мен тәсілдерін жоғары талдаулық-сұрыптауды үйлестіруден құралады. Бұл бір бағыттық аумағына біріктірудегі атаулық ұғымдар саласын бермейді, керісінше, болашақ маман - педагогтың жекетұлғасын қалыптастыру мен дамыту барыстарының мақсатын айқындайтын ішкі құрамалық-құрылымдық жүйесінің бүтін, біртұтастық-сапалық жағынан жаңа білім беруді жүзеге асыру болып табылады.

Жоғары оқу орындарының басты міндеттерінің бірі-болашақ мұғалім мамандарын қалыптастырудың негізгі кезеңдеріне ерекше мән беріп оны дамытудың озық жолдарын пайдалану. Олар педагог мамандарын дайындау сапасы үшін жауап береді, ең бастысы - осында түскен білімгерлерге жүйелі, сапалы және міндетті білім беруі. Білім берудің жоғары деңгейі кәсіби шеберліктің сөзсіз құрамдас бөлігі болып табылады және оның түпкі нәтижесі бітірушінің кәсіби-педагогтік қызметке дайындығының сапалы болуы. Болашақ мамандарды дайындаудағы білім беру мен оқытудың кәсіби іс-әрекетке бағытталған жиынтықта жекетұлғалық болмыстық бейнесінің қалыптасуы мен даму барыстары «еркіндік идеясы» негізінде педагог мамандарды алған білімі мен меңгерген кәсіби біліктілігі деңгейіне олардың қызметтік, танымдық және жекетұлғалық мінездемелерін ажырату қажеттілігін алға қойды. Дегенмен қандай жағдайда да, бұл дамушы және дамытушы мектептің педагог-қызметкері, яғни кәсібиліктің ерекше типі болуы керек. Бұл арада, «Маман типі» деген атулық-ұғым өзінің мазмұнында белгілі дәрежеде мәнді білдіреді және кез келген білім беру жүйесі тек өзінің құрылымдық жүйесі мен мазмұнына сай кәсіби маман болғанда ғана жақсы жұмыс жасайтындықтан педагогтың жекетұлғалық мінездемесін анықтауда жемісті, ол маман ойлау мен іс-әрекеттің қандайда бір түрін меңгере отырып, ұлттық мәдениет пен білім беру жүйесінің өзін-өзі өндіруі, тұрақтылығының кепілі болып табылатындығын А. Б. Интыкбаева негіздейді [18].

Маман-педагогтың жаңа типі туралы айтсақ, жоғары кәсіптілік, зиялылық, әлеуметтік, жан-жақты жетілген және шығармашылыққа бейім «маман типі» сипатталады. Педагогтың жаңа типі - мәдениеттің үлгісі және бейнесі. Сондықтан да, ЖОО-да болашақ мамандардың жалпы адамгершілік қасиеттерін жетілдірілу және олардың кәсіби педагогтік қызметтерге (жауапкершілік, жұмыстағы дербестік, балаларға деген қайырымдылық, жаны ашу және басқалар) ғылыми-әдістемелік жағынан баулу маңызды мәселе болып табылады. Қабілеттіліктер мен кәсіби бағыттылық ЖОО-да білім алу кезеңінде де дамиды. Кәсіби бағыттылық мазмұны жекетұлғаның пәнді-кәсіби қызметтен, одан ары бірте-бірте жетілдірілетін

мотивтер жүйесінен тұрады. [19,20]. Болашақ мұғалім маманының қалыптасуын басқаруда - өзін-өзі дамытуы, бақылауы мен бағалауы, кәсіби бағыттағы өзін-өзі тануы мен дамуындағы дербестік пен бастамашылық бірге жүреді. Онда, қажетті білімдер алу тәжірибесінің қалыптасуы, мотивациялық үдерістер, адамгершілік-психологиялық-қасиеттер осының бәрі кәсіби бейімдеушілік пен белсенділік қажеттіліктердің ықпалында болады және осының негіздегі әсерлермен дамиды, сапалық көрсеткішке өтеді.

Кәсіби қызығушылықты жасауға білімгерлердің оқу-танымдақ белсенділіктерін дамыту мен ЖОО-да оқыған кезеңінде және одан кейін де ұстап тұруға бағытталған оқыту әдістері ықпал етеді. Білімгерлердің белсенділігін қамтамасыз ететін шарттар ретінде төмендегілерді ұсынады: «ЖОО-дағы оқу үдерісінің мектеп тәжірибесімен тығыз байланысы, мұнда кейбір тақырыптарды мектеп жағдайында да оқытуға болады; білімгерлердің тұтынушылық мотивациялық саласына әсер ететін жағдайлар тудыру; оларға ЖОО-дағы дәріс кезінде мұғалім ролінде жұмыс істеу мүмкіндігін» беру [20,21].

ЖОО-дағы педагогикалық үдерістердің мектеп өмірімен жүйелі байланыста болуы болашақ мамандардың қызығушылығын дамытуға өз ықпалын тигізеді; «ЖОО-да алынған немесе басқа бір теориялық білімдердің мәнділігін көрсетуге мүмкіндік береді. Білімгерлердің ғылыми-теориялық және жеке пәндерді оқыту әдістемесіне қатысты талдаулар мен қорыту дағдыларын жасауға үйрету үшін қолайлы жағдайлар жасалынады». Оқуға және педагогикалық қызметке қызығушылықты қалыптастырудың басты шарттары - мағынасын түсіну, берілген білім, білік, дағдылардың педагогтық қызметі үшін маңыздылығын терең түсіну. Білімгерлерді педагогикалық қызметке тарту ЖОО-да оқытудың алғашқы кезеңінен-ақ қарастырылады. Мұғалім міндетін орындай отырып, білімгер, әдетте өз білімінің, тәсілінің және дағдысының жеткіліксіз екенін байқайды, ал бұл, өз кезегінде, қажеттіліктерге әсер етеді және кәсіби өзін-өзі жетілдіру мотивтерін қалыптастырады. Нәтижесінде білімгер өз білімдерін, тәсілдерін және дағдыларын күшейтуге талпыныс жасайды, бұл кәсіби қызығушылыққа әсер ететін белгі болып табылады [23,23].

Болашақ мұғалім мамандарын дайындау барысында педагогикалық тәжірибе - ЖОО білім берудің жалпы құрылымдық-құрамалары ретінде емес, жекетұлға дамуының барлық құрылымдық-құрамаларымен үндесуі қажет. Кәсіби білімдердің бастауындағы жалпы педагогикалық тәсілдерді қалыптастыру құралы болуға, оқушыларға ынтымақтастық жүйемен қарым-қатынас және оларға психологиялық-педагогикалық ықпал жасау тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық қабілеттерін, кәсіби мотивацияны, педагогикалық ойлау мен мұғалім жекетұлғасының қасиеттерін дамыту құралы болуға тиіс. Сондай-ақ, білімгер үшін ол меңгерілетін тұжырымдамалық білімдердің шынайылығын, кәсіби жарамдылығының өлшемі бола алады. Сондықтан ЖОО-да үздіксіз педагогикалық тәжірибенің енгізілуі – болашақ мұғалімді сапалы жетілдірудің өзегі болып табылады [24].

Осылайша мұғалімнің кәсіби дайындығының ғылыми-теориялық негіздерін жасауда түрлі тұжырымдардың орын алатындығы анық. Мәселен, ғалымдардың бір тобы - педагог жеке басының ерекшеліктері елеулі маңызға ие болады деп негіздесе, екіншілері басымдықта тек білімдерге, тәсілдерге және дағдыларға аударады, үшіншілері осы екеуін біріктіреді, төртіншілері мұғалімнің педагогикалық шығармашылығы мен педагогикалық шеберлігі басты мәселе ретінде қарастырады, сонымен бірге, кәсіби дайындықтың қалыптасуының жоғары деңгейі болу қажет, әрі оған басты назар аударылуын ұсынады. Болашақ мұғалімнің кәсіби дайындығының берілген кестелерінің осындай ауқымдылығы білімгерлермен жүргізілетін жұмыстың теориялық және тәжірибелік жақтарын айқындайтын әр түрлі тұжырымдамалармен түсіндіріледі.

Қорытындылай келе түйіндейтініміз - қызметтік теорияға сай, білімдер белгілі бір қызметті іс-әрекетті жүзеге асыратын барлық уақытта жекетұлға алдында кездесетін өмірлік мәселелерді шешуге бағытталуы тиіс. Болашақ мамандардың дайындығындағы орын алатын әрекеттерде өмірлік шындықтармен өзара байланыстығының себептерін қамтамасыз ету қажет. Жоғары оқу орнындағы педагогикалық үдерістегі оқыту мен тәрбиелеуге деген ғылыми көзқарас - теориялық ойлаудың дамуын оның диалектикалық және инновациялық сипатын тудырады, әрі мұнда, сөзсіз оқыту үдерісінің мәніне ғылыми көзқарасты жетекшілікке ала отырып қана мұғалім мамандығының ішкі мазмұнын табысты меңгерте алады яғни, заман талабына сай құзырлы мұғалім маманын дайындау жүзеге асады.

Педагог маманы - ЖОО-дағы ғылыми-әдістемелік дайындығы және алдыңғы уақыттағы мұғалімдік қызмет тәжірибесінде баланың жас ерекшелік дамуына бейімделген, бағдарламалық материалдың нұсқаларында, дидактикалық қайта өңделу құралдарында, оқу-танымның логикасында оқушыларды белсенді етудегі оқытудың түрлері мен әдістерінде, ешқандай шектеу болмайтын тұжырымдамалық білімдік ережелерде іске асырып отыру қажет. Бұл ережелер мұғалім мен оқушы

арасындағы адамгершілік, шығармашылық іскерлік қарым-қатынастарды жан-жақты жетілдіруге бағытталған, табысты оқыту психологиялық жағдайларына және оқу танымының логикасы бірлігі негізінде педагогикалық үдерісті құруға және жүзеге асыруға толық мүмкіндік беретін бағыт деп негіздейміз.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Асмолов А.Г. Психология личности: Учебник. - М.: МГУ, 1990. - 10с.
2. Петровская О.В. К.Вопросу о профессионализме учителя технологии и предпринимательства // В сб.: Методологическая культура педагога XXI века, Материалы Всероссийской научно-практической конференции, 2-3.11.2004г.
3. В.С.Кузин. Изобразительное искусство и методика его преподавания в начальных классах. -М., 1984г. -17-26 с.
4. Абдуллина О.А. Общепедагогическая подготовка учителя в системе высшего педагогического образования. – М., 1990. С- 208. 39-45 с.
5. Кузьмина Психологическая структура деятельности учителя.-Томск, 1976г. -145 С.Кузьмина Н.В. Профессионализм личности педагога и мастера производственного обучения.-М.: Высшая школа, 1990г. -25-31 с.
6. Слостенин В.А., Исаев И., Мищенко А. И. Педагогика. Москва. Школа-пресс. 2000. -340 с.
7. Сейталиев Қ. Қазақстанда жоғары педагогикалық білім берудің қалыптасуы мен дамуы (1920-1991 ж.ж.): Дис. ...докт. пед.наук. – Алматы, 1997г. -288 б., 8.Абдиманапов А. Теория и практика совершенствования университетского образования: Автореф. дис. ...докт. пед.наук. - Алматы, 1999г.-25 С.
9. Каргин С.Т. Влияние профессионального взаимодействия в вузовском педагогическом процессе на качество подготовки будущих учителей: Автореф. дис. ...докт. пед.наук. – Алматы, 2000г.-23 С.
10. Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге даярлаудың теориясы мен практикасы: Дис. ...докт. пед.наук. – Қарағанды, 2003ж. -26 Б.
11. Закирьянов К.Х. Методологические и педагогические основы процесса профессионального становления студентов университетов в условиях многоступенчатой системы образования (на материале ВКТУ): Дис. ...докт. пед.наук. – Алматы, 1994г. -267 С.
12. Мусин К.С. Профессиональная подготовка учителей в Казахстане, России, Англии и США (сравнительно-педагогический аспект): Автореф. дис. ...докт. пед.наук. – Алматы, 1999г. -28 С.
13. Ким В.А. Теоретические основы совершенствования системы университетского образования: Автореф. дис. ...докт. пед.наук. – Алматы, 1999г.-26 С.
14. Закирьянов К.Х. Методологические и педагогические основы процесса профессионального становления студентов университетов в условиях многоступенчатой системы образования (на материале ВКТУ): Дис. ...докт. пед.наук. – Алматы, 1994г. -267 С.
15. Калиева Г.И. Формирование основ культуры студентов средствами гуманитарных предметов: Методическое пособие. – Алматы: АГУ им. Абая, 1999. – 18 с.
16. Лазарев В.С., Потапник М.М. Как разработать программу развития школы: Методическое пособие для руководителей образовательных учреждений. М.: Новая школа, -1993. 48 с.
17. Шилова М.И. Изучение воспитанности школьников. М.: Педагогика, 1982. -104 с.
18. А.Б.Интыкбаева. Формирование основ профессионально-коммуникативных умений и навыков у будущего учителя: Автореф. дис. ...канд. пед.наук.- Алматы, 1993г.-28с.
19. Абдуллина О.А. Общепедагогическая подготовка учителя в системе высшего педагогического образования. – М., 1990г.-157с.
20. Абдуллаев С.Ф. Теоретические и методические основы использования народного декоративно-прикладного искусства Узбекистана в подготовке учителей изобразительного искусства: автореф. ... канд.пед.наук.-М.989.-17 с.
21. Смирнова Н.Б. Чувашское народное декоративно-прикладное искусство в системе профессиональной подготовки студентов художественно-графического факультета: дисс. ... канд. пед. наук. – Чебоксары, 2001. –189 с.
22. Робу М.М. Формирование творческой педагогической деятельности у студентов в процессе освоения ими традиций народного декоративно-прикладного искусства: автореф. ... канд. пед. наук.- М., 1992. – 16 с.

23. Давидова Т.А. Структура содержания и методика преподавания народного декоративно-прикладного искусства при подготовке студентов педагогических учебных заведений дальневосточного региона: автореф. ... канд. пед. наук. – Москва, 1986. – 16 с.

24. Еришова Л.В. Теоретические и методические основы подготовки учителей начальных классов к воспитательной работе народного декоративно-прикладного искусства России: автореф. ... канд. пед. наук. - М., 1988. – 17 с.

МРНТИ 14.35.09

Жунусова К.А.¹

¹ старший преподаватель Алматинского технологического университета,
г. Алматы, Казахстан, Kuralay_zha@mail.ru

Тулекова М.А.²

² старший преподаватель Алматинского технологического университета,
г. Алматы, Казахстан

СОВРЕМЕННЫЕ УСЛОВИЯ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПРЕПОДАВАТЕЛЯ РУССКОГО ЯЗЫКА В ВУЗАХ КАЗАХСТАНА

Аннотация

Статья затрагивает проблемы педагогической деятельности русиста в новых условиях образовательного процесса, новых требований к профессиональной компетентности. В данной статье освещается актуальная тема «Современные проблемы обучения профессиональному русскому языку в вузах Казахстана». Идет подробное описание проблемы использования контекстно-интерактивной технологии в процессе обучения русскому как неродному в вузе. Рассматриваются вопросы педагогического умения создавать системы проблемных ситуаций и условия обучения. В настоящее время происходит актуализация компетентностного обучения. Целью обучения студентов в вузе является подготовка специалиста-личности. Качественная подготовка специалистов означает не только формирование определенных теоретических знаний, умений и профессиональных навыков, но и развитие качеств и свойств профессиональной личности.

Ключевые слова: педагогическая деятельность, новая парадигма образования, компетенция, кредитная система обучения, инновационная деятельность, опыт, методы обучения.

Қ.А. Жүнісова¹

Алматы технологиялық университетінің аға оқытушысы,
Алматы қ., Қазақстан

М.Ә. Түлекова²

Алматы технологиялық университетінің аға оқытушысы,
Алматы қ., Қазақстан

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖОО-ДАҒЫ ОРЫС ТІЛІ ПӘНІ ОҚЫТУШЫСЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕМЕСІ

Аңдатпа

Мақалада орыс тілі маманының оқу үдерісіндегі заманауи әдістемелерінің және кәсіби құзыреттілігіндегі жаңа талаптарының педагогикалық қызмет мәселелері туралы сөз қозғалады. «Қазақстанның ЖОО-дағы орыс тілі пәнін кәсіби тұрғыда оқытудың заманауи мәселелері» - бұл мақаланың өзекті тақырыбы болып табылады. ЖОО-дағы орыс тілін екінші тіл ретінде меңгеруде мәтіндік-интерактивті технологияны қолданудың мәселелері толық сипатталады. Педагогикалық дағдыдағы білім беру әдістемелері мен проблемалық жағдайлар жүйесі туралы сұрақтар қарастырылады. Қазіргі таңда білім беру құзыреттілігі жаңартылып жатыр. ЖОО-дағы студенттерге білім берудің мақсаты - жеке тұлға, білікті маман дайындау болып табылады. Мамандардың сапалы дайындығы белгілі

теориялық білімді дағдылар мен кәсіби қасиеттерді білдіріп қана қоймай, сонымен қатар сапаны жетілдіру мен кәсіби тұлғаның қасиетін қалыптастырады.

Түйін сөздер: педагогикалық қызмет, білім берудің жаңа нұсқасы, құзыреттілік, білім берудің кредиттік жүйесі, инновациялық қызмет, тәжірибе, білім беру әдістемесі.

Zhunissova K.A.¹

¹*Алматы технологиялық университетінің аға оқытушысы,
Almaty, Kazakhstan*

Tulekova M.A.²

²*Алматы технологиялық университетінің аға оқытушысы,
Almaty, Kazakhstan*

MODERN CONDITIONS OF PEDAGOGICAL ACTIVITY OF THE TEACHER OF THE RUSSIAN LANGUAGE IN HIGHER EDUCATION INSTITUTIONS OF KAZAKHSTAN

Abstract

The article touches upon the problems of pedagogical activity of the Russian language in the new educational process, new requirements for professional competence. This article covers the actual topic “Modern problems of teaching professional Russian language in universities of Kazakhstan”. There is a detailed description of the problem of using context-interactive technology in the process of learning Russian as a non-native in university. The issues of pedagogical ability to create systems of problem situations and learning conditions are considered. Currently, competence learning is being updated. The purpose of training students in higher education is to prepare a specialist – personality. Higher-quality training of specialists means not only the formation of certain theoretical knowledge, skills and professional personality.

Key words: pedagogical activity, new educational paradigm, competence, credit system of education, innovative experience, teaching methods.

С формированием в Казахстане национальной системы образования, которая должна соответствовать европейским и мировым стандартам, осуществляется качественная профессиональная подготовка специалистов. Но это возможно лишь опираясь на идеи гуманизации образования, связанные с развитием личности. Формируется новый подход, направленный на развитие способностей каждого обучающегося, готовности его к жизни в современном обществе. Понятие «инновация» в профессиональной жизни педагогов утвердилось уже давно. Основными целями инновационного обучения являются: развитие интеллектуальных, коммуникативных, лингвистических и творческих способностей обучающихся. Данными целями определяются и задачи инновационного обучения: оптимизация учебно-воспитательного процесса; создание обстановки сотрудничества ученика и учителя; выработка долговременной положительной мотивации к обучению, включение учащихся в креативную деятельность; тщательный отбор материала и способов его подачи [1, с.56-57].

Что же мы подразумеваем под инновационным уроком? Инновационный урок-это вариативная модель организации обучения студентов за определённый период времени. Преподаватель стремится к прогрессу, стремится по-новому изменить свою деятельность. Этот процесс и будет являться инновацией. Инновационная деятельность преподавателя связана с применением новых технологий педагогической науки и практики в образовательном процессе. Основу инновационного обучения составляют такие технологии как: развивающее обучение, проблемное обучение, развитие критического мышления, дифференцированный подход к обучению, игровые технологии, создание ситуации успеха на уроке и другие [2, с.98]. В современном мире невозможно представить урок без процесса информатизации и коммуникативных технологий. Использование ИКТ технологий позволяют расширить возможности учебной информации, активно вовлечь учащихся в учебный процесс, качественно изменить контроль за деятельностью обучающихся, приобщить их к достижениям информационного поля. Практика показывает, что учащиеся охотно идут на занятия с использованием ИКТ.

Еще одним из современных инновационных подходов является проблемное обучение, поскольку оно направлено на включение ученика в поисковую, творческую деятельность и предполагает использование активных методов обучения. В условиях введения новых образовательных стандартов, проблемное обучение является актуальным, так как обостряет внимание, развивает творческое воображение и

сообразительность. Отличительной особенностью нового стандарта является его деятельностный характер, ставящий главной целью развитие обучающегося. На уроках большое внимание должно уделяться развитию видов деятельности обучающихся проектных и исследовательских работ. Проектная технология делает учебный предмет творческим и целенаправленным, а студенты учатся подходить к знаниям ответственно и целеустремлённо [3, с.102].

Одним же из современных требований к уроку русского языка является работа с текстом. В связи с этим используется такая форма урока, как исследование. В самом названии «урок - исследование» просматривается основная задача - исследование языкового материала на основе текстов. Урок на основе групповой технологии может представлять собой работу в микрогруппах, в парах и т.д. Опыт показывает, что групповая работа особенно эффективна, если преподавателем организован процесс распределения учебных заданий и продумана технология их обсуждения в коллективе. Исследовательский урок – это форма обучения студентов на основе познания окружающего мира, организации исследования того или иного предмета или явления. Цель исследовательского урока – использование, развитие и обобщение опыта учащихся и их представлений о мире. Как создать на уроке ситуацию успеха для каждого обучающегося? Ситуация успеха – это результат продуманной, подготовленной стратегии, тактики. Только положительная мотивация даёт энергию для преодоления трудностей обучающегося. На фоне этого состояния могут формироваться устойчивые чувства удовлетворения. При использовании инновационных технологий в обучении русскому языку успешно могут применяться следующие приемы: ассоциативный ряд, опорный конспект, ИНСЕРТ (интерактивная система записи для эффективного чтения и размышления), мозговая атака, групповая дискуссия, кластеры, синквейн, «продвинутая лекция», эссе, ключевые термины, перепутанные логические цепочки, дидактическая игра, лингвистические карты, работа с тестами. Большое значение для раскрытия творческого потенциала обучающегося имеют и нетрадиционные формы домашнего задания, которые призваны, с одной стороны, закреплять знания, умения и навыки, полученные на уроке, а с другой стороны, позволяют ребёнку проявить самостоятельность, самому найти решение нестандартного вопроса, задания.

Итак, в основе современного образования лежит активность как преподавателя, так и студента. Именно этой цели - воспитанию творческой, активной личности, умеющей учиться, совершенствоваться самостоятельно, и подчиняются основные задачи современного образования. Каждый преподаватель должен стать новатором, успешным, как и его обучающиеся. Ведь именно инновационный подход к обучению позволяет так организовать учебный процесс, чтобы направить знания на развитие способности обучающегося к самосовершенствованию, самостоятельному поиску решений, к совместной деятельности в новой ситуации [4, с.78-80].

В настоящее время выпускнику высшей школы необходимо быть не просто профессионалом высокого уровня, конкурентоспособным в условиях формирующегося рынка труда, а профессионалом-личностью, умеющим нестандартно мыслить, стремящейся к саморазвитию. По словам Ш. Амонашвили, "учитель сам должен быть личностью, ибо личность может быть воспитана только личностью; он сам должен быть высокогуманным, ибо гуманность можно привить ... только добротой души; он обязательно должен быть широко образованным и творческим человеком, ибо страсть к Познанию может зажечь только тот, кто сам горит ею; учитель должен быть патриотом и интернационалистом, ибо любовь к родине может пробудить только любящий свое отечество" [5, с. 41].

В этих новых условиях и преподаватель является субъектом учебного процесса, в функции которого входит организация внешних источников поведения, исходя из интересов студента, осуществление активного отбора и использования необходимой информации. В таком аспекте обучение выступает как руководство направленной познавательной активности студента на основе педагогических методов: постановка проблем и задач, обсуждение и дискуссия, совместное планирование, а учение складывается из таких действий обучаемого, как решение задач и оценка результатов, выбор информации и применение знаний [6, с.3-11].

В современных педагогических теориях студент рассматривается как субъект, формирующийся под воздействием собственных интересов и целей, когда учение складывается из таких действий, как выбор вопросов и задач, поиск информации, осмысливание, творческая деятельность, отвечающая его потребностям и возможностям [7, с.28-37]. Новая парадигма технического образования характеризуется основной миссией - обеспечение условий самоопределения и самореализации личности студента, его развитие на основе принципов «школы мышления», активного полагания себя в мир интеллектуальной, предметной, социальной и духовной культуры. Основной формой коммуникации между студентом и преподавателем выступает диалогическое общение. Новым условием преподавания русского языка в

современных условиях Казахстана является информатизация профессиональной деятельности, образования, науки, необходимость обмениваться сообщениями в телекоммуникационных сетях, работать с информацией, которая представлена на русском языке. Переход к новой парадигме обучения русскому языку как неродному в техническом вузе требует иного подхода к самому вопросу научения, овладения другим языком студентов-казахов для свободной коммуникации в открытом информационном обществе.

С развитием международного сотрудничества в сфере образования, академической мобильности и информационно-коммуникативных средств общения значительно повысилась значимость владения не только английским языком, но и русским языком как средством универсального узкопрофессионального общения. В связи с этим в образовательные программы вузов Казахстана была введена дисциплина «Профессиональный русский язык» объемом в 2 кредита на 2 курсе обучения бакалавриата. Курс профессионального русского языка представлен двумя модулями: первый включает необходимый круг профессионально-ориентированных знаний и второй - углубленное изучение текстов специальности, профессионального дискурса. Программа опирается на лингвистические и методические достижения последних лет и на сложившийся опыт профессиональной лингводидактики. За исходный уровень владения профессиональным русским языком принимаются конечные требования, предъявляемые к студентам, знакомым с системой русского языка и особенностями реализации языковых единиц в различных ситуациях словесного общения - C1 Европейского стандарта языкового образования, а также уровни LSP (язык для специальных целей) и LAP (язык для академических целей), которые согласно новой концепции языкового образования в Республике Казахстан [8,9] входят в программу курса «Русский язык» (6 кредитов) на 1 курсе бакалавриата.

Содержание программы «Профессиональный русский язык» определяется коммуникативными потребностями студентов в научно-профессиональной сфере, целями и задачами обучения профессиональному русскому языку как средству профессиональной деятельности. Требуемый уровень коммуникативной компетенции на русском языке может быть сформирован в процессе активной работы с аутентичными источниками информации, заимствованными из сферы конкретной профессиональной деятельности, с научно-обоснованным использованием компьютерных методов обучения. Известно, что принципы реализуются через методы. Одним из методов компьютерного обучения являются активные методы. В «Словаре лингвометодических терминов» нами дается следующее определение: «Активный метод обучения - один из комбинированных методов обучения второму языку, направленный на практическое овладение языком в результате обильной речевой практики с использованием элементов суггестивных приемов» [10, с.104].

Активные методы - это методы, при которых деятельность обучаемого носит продуктивный, творческий, поисковый характер. Активные методы обучения охватывают все виды занятий со студентами, стимулируют познавательную деятельность обучающегося и строятся на диалогах, предполагающих свободный обмен мнениями о путях разрешения той или иной проблемы. Это: беседа, диспут, тематический семинар, деловая игра, тренинг, в последнее время очень часто упор делается на интерактивные методы. Базовым положением данного метода является побуждение студентов к размышлению, рефлексии, самостоятельным выводам и умозаключениям.

Таким образом, в динамично меняющемся мире системы постоянного профессионального развития педагогов являются одним из ведущих факторов качества образования. «За годы независимости РК в системе образования было проведено много реформ, достигнут ряд существенных результатов. Но только сегодня мы подошли к пониманию и созрели, чтобы кардинально решить главную задачу - вопрос квалификации педагогов.

Список использованной литературы:

- 1 Бахмутский А.Е. «Школьные технологии» - М., 2014 г.
- 2 Унт И. Индивидуализация и дифференциация обучения. - М., 2013 г.
- 3 Кзензова Г.Ю. «Перспективные школьные технологии» - М., 2010 г.
- 4 Тростенцова Л.А. «Урок русского языка на современном этапе» - М., 2008 г.
- 5 Педагогический поиск. - М.: Педагогика, 1990. – 560 с.
- 6 Яркова Т.А. Педагогическое исследование как развивающийся феномен // Образование и наука. 2009. - №3(60). - С.3-11.
- 7 Яковлев С.В. Ценностная детерминация жизненного и познавательного опыта личности // Образование и наука. 2011. - №4. - С.28-37.

8 Кунанбаева С.С. Современная методология полиязычного образования // Вестник КазУМОиМЯ им. Абылай хана, Серия «Педагогика». 2011. - №1.

9 Типовая программа по русскому языку для неязыковых вузов. - Алматы: КазНУ. 2012. - 25 с.

10 Абилова Б.А. Словарь лингвометодических терминов. Изд. КазГУ, 1997. - 104 с.

МРНТИ 14.23.09

Г.З.Таубаева¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің доценті, п.ғ.к.

М.Бакетова²

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің магистрі

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ БОЙЫНША СТУДЕНТТЕРДІ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ: МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ

Аннотация

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұрған ұлы мақсат міндеттердің бастысы өзінің ісін жалғастыратын салауатты, білімді ұрпақ өсіру, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Олай болса, қазіргі өзгермелі әлеуметтік жағдайға тез бейімделіп, шығармашылықпен ойлай білетін, кәсіби деңгейде қалыптасқан, бәсекеге қабілетті, жаңашыл, өз мамандығын сүйетін, балалармен ынтымақтаса отырып, кәсіби қызметті жеке шығармашылық тұрғыда ұйымдастыра алатын, белсенді маман даярлау жоғары оқу орындарының өзекті мәселесі болып табылады. Осындай міндеттерді жүзеге асыруда болашақ маманның теориялық және практикалық білімін байланыстыра отырып, олардың кәсіби іскерліктері мен дағдыларын, шеберліктерін шыңдау мақсатында педагогикалық практикалардың маңызы зор. Педагогикалық практика барысында студенттердің кәсіби белсенділігі интерактивті сипатта қалыптасады, себебі педагогикалық дағдыны бір мезетте қалыптастыру мүмкін емес, керісінше қарапайым әдіс-тәсілді меңгерудің өзі біршама уақыт аралығында жүзеге асады да, күрделі де, маңызды кәсіби шеберлікті қалыптастырады.

Бұл мектепке дейінгі ұйымның педагог-маманын даярлауға біртұтас үрдіс ретінде қарап, педагогикалық практика барысында студенттердің білім берудегі тек әдістемелік дағдысын қалыптастыруға көңіл бөліп қана қоймай, олардың теориялық білімдерін көтеру, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың дидактикалық жүйесін меңгеру мүмкіндігін жетілдіру керектігін көрсетеді.

Түйін сөздер: мектепке дейінгі білім беру жүйесі, кәсіби құзыреттілік, мектепке дейінгі педагог, кәсіби педагогикалық практика.

Г.З. Таубаева¹

¹К.п.н., доцент Казахский национальный педагогический университет имени Абая

М.Бакетова²

²Магистр, Казахский национальный педагогический университет имени Абая

СИСТЕМА ОБУЧЕНИЯ СТУДЕНТОВ СФЕРЫ ДОШКОЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ: ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ

Аннотация

Перед человечеством всегда стояла великая цель - оставить после себя грамотное, образованное поколение, которое станет преемником во всех делах; воспитать хорошее потомство. В таком случае, подготовка профессионально сформированных, конкурентоспособных, новаторов, любящих свое дело, активных специалистов, способных быстро адаптироваться к изменяющимся современным социальным условиям, с развитым творческим мышлением, способных совместно с детьми организовать профессиональную деятельность с творческим подходом, является одной из актуальных проблем в вузе.

В реализации этой задачи большое значение имеет педагогическая практика, которая в целях закрепления профессиональных знаний, умений, связывает теоретические и практические знания будущих специалистов. В ходе педагогической практики профессиональная активность студентов формируется в

интерактивном виде, поскольку педагогические навыки сформировать в один миг не представляется возможным, напротив, освоение простым методом происходит в течение определенного времени, тем самым формирует сложный, профессионально значимый навык педагога.

Это означает то, что подготовку педагога-специалиста дошкольной организации следует рассматривать как целостный педагогический процесс, а также необходимо не только обратить внимание на формирование методических умений в образовании студентов в ходе педагогической практики, но и повышать их уровень теоретических знаний, развивать возможности освоения дидактической системой дошкольного обучения и воспитания.

Ключевые слова: система дошкольного образования, профессиональная компетенция, дошкольный педагог, профессиональная педагогическая практика

G.Zh. Taubayeva¹

¹*Cand.ped.sciences, associate professor of Abai Kazakh national pedagogical university*

M. Baketova²

Master of Abai Kazakh national pedagogical university

THE SYSTEM OF TEACHING THE STUDENTS IN THE FIELD OF PRESCHOOL EDUCATION: PROBLEMS AND PROSPECTS

Abstract

Humankind has always had a great goal - to leave behind a literate, educated generation, which will be the successor in all matters; raise good offspring. In this case, the training of professionally formed, competitive, innovators who love their job, active professionals who are able to quickly adapt to the changing modern social conditions, with developed creative thinking, are able to organize professional activities with a creative approach together with children, is one of the urgent problems in high school. In the implementation of this task, pedagogical practice is of great importance, which, in order to consolidate professional knowledge and skills, links the theoretical and practical knowledge of future specialists. In the course of teaching practice, students' professional activity is formed in an interactive form, since it is not possible to form pedagogical skills in an instant, on the contrary, mastering by a simple method occurs during a certain time, thereby forming a complex, professionally significant teacher skill.

This means that the training of a teacher-specialist in a preschool organization should be viewed as an integral pedagogical process, and it is necessary not only to pay attention to the development of methodological skills in students' education during teaching practice, but also to increase their level of theoretical knowledge and develop the capabilities of the didactic system of preschool training and education.

Key words: preschool education system, professional competence, preschool teacher, professional teaching practice.

Қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық жаңарулар адам өмірінің қай саласында болсын түбегейлі өзгерістер жасауда. Әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бүкіл оқу-әдістемелік жүйеге жаңа талаптар қойылды. Бұл талаптарды жүзеге асыруда жаңашыл оқу үрдістерін толық меңгерген, өз мүмкіндіктері мен мүдделерін, нарықтық экономика талаптарына барынша үйлесімді ете алатын, мәдени-әлеуметтік жағдайларға бейімделу қабілеті бар мамандардың қажеттігі белгілі. Қазіргі таңдағы білім беру жүйесіне ізгілендіру, демократияландыру бағыттарының енуімен байланысты болашақ ұстазды психологиялық-педагогикалық және әдістемелік тұрғыда даярлау - негізгі мақсаттардың біріне айналып отыр.

Для казахстанских специалистов в области учебного книгоиздания интересен инновационный и методологический потенциал мировой издательской практики. В этой связи актуален зарубежный опыт в сфере учебного книгоиздания и экспертной деятельности. Представляется интересной для экспертов и авторов казахстанских учебников система анализа качества учебной литературы, разработанная в рамках семинара по обучению специалистов разработке и анализу школьных учебников естественных наук для международной школы г. Бордо (в рамках Франкофонного центра, Франция), которая, при оценке новых учебников включает необходимость изучения следующего:

научного содержания (связи учебного содержания с национальной программой образования, с целями обучения, с достижениями науки, методики и практики);

структуры содержания (оглавления, логической зависимости между учебными темами и главами);

восприятия (лингвистическое восприятие текста – соответствие языка возрасту учащихся, точность 5 ясность языка, величина предложений, новые слова, соответствие пунктуации, полиграфическое исполнение);

иллюстративно-наглядного материала (на обложке, количество и качество иллюстраций, соответствие видов иллюстраций передаваемой информации);

возможностей анализа и контроля:

общие аспекты анализа – имеется ли в учебнике раздел, посвященный анализу полученных знаний, соответствует ли анализ заявленным целям, различные уровни сложности заданий и упражнений, развитие креативных, поведенческих навыков, практическое применение полученных знаний;

В *начальный анализ* – систематически ли анализ затрагивает имеющиеся знания учащихся, учитывается ли прогрессия в их приобретении;

формативный анализ – разнообразны ли имеющиеся упражнения на применение, есть ли упражнения на мотивацию, углубление, на коррекцию;

В *суммарный анализ* – включает ли систематический анализ подготовку к возможному экзамену.

автономии использования (педагогический справочный, технический справочный аппараты, соответствие предлагаемых методов – технологиям развития способностей);

материальной стороны оформления (оформление обложки, нумерации страниц, цвета, размеров, объёма, веса, соотношения цены и качества) [8].

Эта система в отдельных пунктах напоминает казахстанскую систему отслеживания и оценки учебной литературы. Представляют практический интерес пункты «восприятие», «возможности анализа 3 контроля», «автономия использования».

Важное значение, как показывает международный опыт, имеют репутационные характеристики издательств - предприятий выпускающих учебные образовательные ресурсы. В условиях конкуренции, в издательствах дорожат своей репутацией и не позволяют себе выпускать учебные материалы с сомнительным, плохо проверенным качеством. Поэтому на постоянной основе для проведения первичных экспертиз привлекаются высококвалифицированные эксперты. Одновременно издательства предъявляют жесткие требования к авторам и авторским коллективам. Выпуск учебных материалов вызвавших негативную реакцию в сообществах педагогов, обучающихся и родителей, для издательств является чрезвычайным событием, с самыми серьезными для них последствиями.

Среди французских издателей, существует мнение, что для того, чтобы репутация издательства стала стимулом для создания качественной продукции, их (издательств) не должно быть много. Ведь для сотен

издательских компаний – однодневков, незапятнанная репутация не очень важна. В этой стране, издательства всемерно стремятся сохранить свой авторитет на рынке учебной литературы. Это достигается благодаря высокому качеству издаваемой продукции.

Производство нового поколения качественных казахстанских учебников является одним из ключевых условий повышения качества отечественного образования, создания современной и эффективной образовательной среды в нашей стране. Поэтому создание и отбор учебников и УМК, ориентированных на реализацию современных подходов, организацию деятельностного процесса обучения, самостоятельной работы учащихся, на использование активных, интерактивных и других современных форм обучения является важнейшей задачей авторских и экспертных сообществ нашей страны.

Список использованной литературы:

1. Коллективная монография «Школьный учебник: современное состояние и развитие», /Каримова Б.С., Кусаинов Г.М., Жетпеисова Н.О., Михалев Р.К., Дуйсебек А.Т., Омаров С.К., Нурғалиева Г.К., Тажигулова А.И., Артыкбаева Е.В./ Под общ. ред. Б.С.Каримовой, Г.М.Кусаинова, Г.К.Нурғалиевой. – Алматы: Изд-во «Эверо», 2018г. - 400с.

Имангожина О.З., Основные направления развития теории школьного учебника // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. - Университет «Астана» 2015. - № 12 - часть 5. - 4 899-901.

3. Кусаинов А. К., Оценка качества современной учебной литературы. Материалы международной научно - практической конференции «Модернизация образовательных ресурсов: опыт и перспективы», 27-28 сәуір, - Астана, 2018г.

4. Kontextorientiertes Lernen und Concept Mapping im Fach Biologie. Universitat Duisburg-Essen, vorgelegt von Marion Haugwitz. 2008г.

5. Майер Р.В., Контент - анализ школьных учебников по естественно - научным дисциплинам: монография. - Глазов. гос. пед. ин-т Глазов, 2016. - 137с.

6. Образование и наука. Энциклопедический словарь / Гл. ред. Ж.К. Түймебаев. - Алматы, 2008г. – 484 с.

7. Бондаревская Е.В., Гуманистическая парадигма личности - ориентированного образования // Педагогика. - 1997. - №4. - С.11-17.

8. Франсуа - Мари Жерар, Ксавье Рожье, Разработка и анализ школьных учебников. Вильнюс. Изд. «ABOVO», 1998г. С.333.

МРНТИ 14.01.07

А.И.Булишекбаева¹

¹PhD доктор, Абай атындағы Қаз ҰПУ, Педагогика және психология институтының аға оқытушысы, Алматы қ., Қазақстан

А.Д.Сыздықбаева²

²PhD доктор, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Педагогика және психология факультетінің қауымдастырылған профессоры, Алматы қ., Қазақстан

ТҮЛҒАНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТҰҒЫРЛАРЫ МЕН ҚАҒИДАЛАРЫ

Аңдатпа

Бүгінгі таңда әлемдік ғаламдану кезеңінде көрініс алып отырған білім беру саласындағы өзара ықпалдасу үдерісінің тереңдей түсуі, білім берудің ұлттық жүйелерінің бірігуі мен өзара әрекеттесуі әлемдік біртұтас білім беру кеңістігін құрудың қажеттілігін дәлелдеп отыр. Әлемдік білім беру кеңістігінде кәсіби білім берудің біртұтас жүйесін құрудың негізгі идеялары болып адамға үздіксіз көпдеңгейлі кәсіби білім беру үшін барынша мүмкіндік жасау; тұлғаның үздіксіз шығармашылықпен дамуы, өзгеруі және жетілуі; оның білім алу кеңістігіндегі жаңалыққа ұмтылысын қамтамасыз ету және кәсіби білім алуы үшін қолайлы жағдайлар жасау; тұлғаға білім алу траекториясын өз мүддесіне, бейімділігі мен қажеттіліктерін ескере отырып қалыптастыруға мүмкіндік беру болып саналады. Мұның бәрі кәсіби білім берудің көпдеңгейлілігі бағдарламаларында көрініс тауып, тәжірибеде жүйелі

бірізділікте жүзеге асырылуы тиіс. Бұл мақалада тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудың тұғырлары мен қағидалары қарастырылған.

Түйін сөздер: тұлға, мәдениет, дүниетанымдық мәдениет, тұлғаның дүниетанымдық мәдениеті.

А.И.Булшекбаева¹

¹доктор PhD, старший преподаватель института Педагогика и психологии КазНПУ им. Абая, г. Алматы, Казахстан

А.Д.Сыздықбаева²

²доктор PhD, ассоциированный профессор факультета педагогики и психологии Казахского государственного женского университета, г. Алматы, Казахстан

ПОДХОДЫ И ПРИНЦИПЫ ФОРМИРОВАНИЯ МИРОВОЗЗРЕНЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ ЛИЧНОСТИ

Аннотация

Широкий спектр процесса интеграции и взаимодействие национальных систем образования, отраженный в современном мировом пространстве в период глобализации, свидетельствует о необходимости создания единого целостного мирового образовательного пространства. Основными идеями создания единой системы профессионального образования в мировом образовательном пространстве являются: создание всевозможных условий непрерывного многоуровневого профессионального образования личности; непрерывное творческое развитие личности; изменение и совершенствование личности; в профессиональной подготовке создание благоприятной среды для карьерного роста и стремления к инновации; учитывая интересы, способности и потребности личности формирование траектории образования. Все это должно быть отражено в многоуровневых образовательных программах и на основе систематической последовательности осуществляться на практике.

5 данной статье рассматриваются подходы и принципы формирования мировоззренческой культуры личности.

Ключевые слова: личность, культура, мировоззренческая культура, мировоззренческая культура личности.

Bulshekbayeva A.I.¹

¹Doctor PhD, senior teacher of the Institute of Pedagogy and Psychology at AbaiKazNPU, Almaty, Kazakhstan

Syzdykbayeva A.D.²

²Doctor PhD, Associate Professor Faculty of Pedagogy and Psychology of the Kazakh state women's University, Almaty, Kazakhstan

APPROACHES AND PRINCIPLES OF FORMATION OF WORLD OUTLOOK CULTURE OF PERSONALITY

Abstract

A broad range of process integration and interaction between national education systems, reflected in the modern world in the period of globalization, indicates the necessity of creating a unified world educational space. Basic ideas of creating a unified system of vocational education in the world educational space are: creating the conditions of continuous multilevel professional education of the individual; continuous creative development of personality; the change and improvement of the individual; in training and creating a supportive environment for career growth and commitment to innovation; taking into account the interests, abilities and needs of the identity formation trajectory of education. All this should be reflected in mnogourovnevnykh educational programs and based on a systematic sequence to be implemented.

This article discusses the approaches and principles of formation of world Outlook culture of personality.

Key words: personality, culture, ideological culture, world Outlook culture of personality.

Мақала 217 «Ғылымды дамыту» 102 «Ғылыми зерттеулерді грантпен қаржыландыру» бюджетті бағдарламалары АР05130884 «Көпмәдениетті білім ортасы жағдайында студент жастардың этносаралық төзімділігін қалыптастыру» жобасы бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің гранты аясында орындалды. Тіркеу нөмірі 0118РК00020

Статья выполнена в рамках гранта Министерства образования и науки Республики Казахстан по бюджетной программе 217 «Развитие науки» подпрограмме 102 «Грантовое финансирование научных исследований» проект АР05130884 «Формирование межэтнической толерантности студенческой молодежи в условиях поликультурной образовательной среды». Номер госрегистрации 0118РК00020.

The article was written within the grant of the Ministry of education and science of the Republic of Kazakhstan on budget program 217 «Development of science» and subprogram 102 «Grant financing of scientific researches» project АР05130884 «Formation of ethnic tolerance of student's youth in conditions of multicultural educational environment». Number of state registration 0118РК00020.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастырудың әдіснамалық базасы ретінде бірқатар тұғырларды атауға болады: тұлғалық-іс-әрекеттік, жүйелілік, аксиологиялық, мәдениеттанымдық, акмеологиялық, құзыреттіліктер.

Дүниетанымдық мәдениетті *тұлғалық-іс-әрекеттік* тұрғыдан қарау бағыты тұлғаны адамның жеке белсенділігінің нәтижесінде қалыптасқан оның әлеуметтік сипаттамасы ретінде түсінуге негізделеді. *Тұлғалық іс-әрекеттік тұғыр* нақты ғылыми-әдіснамалық ұстаным ретінде танылады. Педагогикалық үдерісті қайта құру немесе өзгерістер енгізудің алғашқы формасы – еңбек. Адамның материалдық және рухани байлықтарды жасаудағы іс-әрекеттері еңбек барысында атқарылып, оқыту субъектілерін шығармашылықпен өзгеріске түсіреді.

Белгілі психолог А.Н.Леонтьев адамзат мәдениетінің жетістіктерін игеруде - іс-әрекет атқару арқылы оның жетістіктерін одан әрі жетілдіреді деп түсіндіреді. Сондықтан, білім алушыларды өмірге және жан-жақты іс-әрекеттерге дайындауда олардың мүмкіндіктерін ескеріп, өмір тіршіліктеріне қажетті істерге тартып, олардың өмірін әлеуметтік және адамгершілік тұрғыдан ұйымдастыру қажеттігін түсіндіреді [1].

Тұлғалық-іс-әрекеттік тұғыр психологтар Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, С. Л. Рубинштейн,

Б. Г. Ананьевтердің еңбектерінде айқын көрініс тапты. Авторлар тұлғаны іс-әрекеттің субъектісі деп танып, ол өзге адамдармен қарым-қатынас әрекетінде қалыптасады деп тұжырым жасайды.

Дүниетанымдық мәдениетті *жүйелілік* тұрғыдан қарастыру оның құрылымдық компоненттерін, олардың қызметтерін ажыратуды, функционалдық-иерархиялық байланыстарын орнатуды, жүйекұрастырушы факторын анықтауды, сыртқы байланыстарын талдауды көздейді. Жүйелі тұғыр нысанды тұтастай ашып көрсету, оның ішкі байланыстарын және қатынастарын анықтау; зерттелген мәселені оның жекелеген бөліктерімен және оны қоршаған ортамен өзара байланысын қоса тұтас қарастыру көптеген өзара байланысты, қызметтері мен мақсаттарының ортақтығымен бірлескен, басқару және істі атқаруының бірлігі бар нысандарды талдауға қолданылатын тұғыр.

Білім беру мәселесінде жүйелі тұғыр негізі А.Байтұрсынов, С.И.Архангельский, В.П.Беспалько, М.Н.Скаткин, Ю.К.Бабанский, Э.Г.Юдиндердің еңбектерінде кеңінен көрініс алған [2].

Аксиологиялық (құндылықтық) тұғыр ұлттық және жалпы адамзаттық басымдықтардың тәрбиенің мәндік негізін құрайтындығын көрсетеді. Аксиологиялық тұғыр тәрбие нәтижесінде құндылық мінез-құлқын қалыптастыратын тұлғаны құндылыққа қатыстыру үдерісі ретінде қарастырылады. Ғалымдар құндылық, дүниетаным, тұлғаның өмірлік ұстанымдары түсініктерін бірге байланыстырады (М.С. Каган, А.Лэнгле, З.И. Равкин, Н.С. Розов, В.П. Тугаринов).

Құндылық тарихи «мәдени-тарихи шығармашылық» үдерісте (Н.Н.Лукин) адам мен әлем қатынасынан туындаған (С.Л.Рубинштейн). Құндылықтар тәрбиемен байланысты дамып, тұлғаның дүниеге көзқарасы мен қатынасына айналады. Ғылымда құндылықтың жіктемесі мен типологиясы әртүрлі [3].

Гуманистік психология (А.Маслоу) экзистенциалды-тұрмыстық құндылықтар – игілік, әдемілік, әділеттілік, шындық, өзіндік жеткіліктілік, әлемге, қоршаған ортаға құндылықты дарыта білу деп анықтаған [4].

В.Франкл құндылықтың үш категориясын қарастырады: 1) Жасампаздық құндылық. Ол шығармашылық іс-әрекетте көрініс табады. 2) Әсерленушілік құндылық. Өнер туындылары мен табиғат көріністері алдында, махаббат сезімінде көрінеді. 3) Қарым-қатынастық құндылық. Тұлға кез-келген, тіпті қолайсыз, күрделі жағдайларда жүзеге асыруға міндетті [5].

Ғалымдар Ш.А.Амонашвили мен В.И.Загвязинский аксиологиялық тұғырды бірнешеге бөліп қарау керектігін айтады. Олар: ізгіліктік, шығармашылық, ақпараттық құндылықтық. Авторлар өз еңбектерінде

осы құндылықтар арқылы тұлға қоршаған ортасына жағымды әсер қалдырып, дүниетанымын байыта отырып, мәдени адамгершіліктік асқақтыққа қол жеткізе білу керектігін айтады [6].

Сонымен қатар тұлғаның құндылықтарды игеруі күрделі диалектикалық үдеріс екенін ұмытпауымыз қажет. С.Ф. Анисимов аталған үдерісті екі сатылы деп сипаттайды: әлеуметтік (тұлғааралық), психологиялық (тұлғаішілік). Әлеуметтік сатыда – тұлғааралық қатынастар реттеліп, іріктеледі [7]. Психологиялық сатыда тұлға таныған құндылықтар құндылықтық бағытқа айналады. Құндылықтың реттеліп, сараланып, мәндік қатары толығыды.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағдарламасы бойынша білім алып жатқан тұлғалар үшін құндылық мәселесінің мәні зор. Құндылық тұлға негізі, қозғаушы күші, жақсы қасиеттерді дамыту мен тәрбиелеу кепілі, мәдени идеалдың қалыптасуы.

Тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін *акмеологиялық тұғырдан* қарау бағыты болашақ маманның кәсіби тұлғалық дамуына ықпал беретін жағдайларды анықтауға, азамат, маман ретінде әлеуметтік жетілудің барынша жоғары деңгейлеріне қол жеткізу кезеңдерін жобалауға бағытталған. «Акмеология» ұғымы – ХХ ғасырдың бас кезеңінде қолданысқа енген ұғым. Бұл ұғымды ең алғаш рет 1928 жылы Н.А.Рыбников ұсынған. Кейін Б. Г. Ананьев бұл ұғымға анықтама беріп, оның ғылымдар жүйесіндегі орнын көрсеткен. Ол адамның онтогенездік дамуын зерттейтін ғылымдарды былайша орналастырады: эмбриология, морфология және физиология, педология, акмеология, геронтология [8].

«Акмеология» ұғымына акмеолог ғалымдар әртүрлі анықтамалар береді:

3 әлеуметтік маңызы бар мәдениет, шығармашылық, әдебиет, ғылым, техника, білім салаларында және адамның өзінде жүзеге асатын, кәсіби шеберлік шыңына және жасампаздық әрекетінің өнімділігіне жетуге бағытталған өзіндік қозғалысында ересек адамдардың шығармашылық әлеуетінің өзіндік жүзеге асуына әсер ететін немесе кедергі жасайтын жағдайлар, факторлар мен заңдылықтар туралы ғылым;

4 жаратылыстану, қоғамдық, гуманитарлық және техникалық пәндер тоғысында пайда болған, адамның ересектік даму кезеңін, әсіресе, оның бұл даму жолында жоғары дәрежеде жетістікке жету заңдылықтары мен құрылымдарын зерттейтін ғылым;

5 шоғырланған ғылым. Психологиядан айырмашылығы, адамның нәтижеге жетудегі жасампаздығының заңдылықтарын зерттейді. Оның қызметінің нәтижелілігін бағалау өлшемдерін тұжырымдайды, даму және өмір сүру жағдайларын зерттейді: ғұмырнамасы, шығу тегі, қоршаған ортасы, басқа адамдармен қарым-қатынасы;

6 ересек адамның жасампаздық әрекетінде өзін-өзі жетілдіру әдістерін және шығармашылық әлеует шыңына жету жағдайларын, тәсілдерін, жолдарын, заңдылықтарын зерттейтін шоғырланған ғылым;

7 білім беру жүйелерін дамыту жағдайында педагогикалық үдеріс субъектілерінің өзін-өзі дамытуы туралы ғылым.

Сонымен, «акмеология» – дамуы және әрекет етуі барысында тұлғаның биікке шығуы туралы ғылым. Тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін акмеологиялық тұрғыдан қарау тұлғаның бойында өзін-өзі қалыптастыруға деген жауапкершілік, өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі әрқашан жаңартып отыруға деген дайындық, өзін-өзі қалыптастыру үдерісіне әсер ететін тәсілдер мен формаларды әрқашан жаңғыртып отыру сияқты қасиеттер қалыптасады.

Тұлғаның жоғары деңгейде қалыптасуы өзін-өзі жетілдіру үдерісін өмірлік құндылық ретінде қабылдатып, тіршілік әрекетінде өзін-өзі қалыптастыру және өзін-өзі жетілдіру арқылы өзіндік «Менін» тануға, қарым-қатынас ортасында өзінің қабілеттері мен мүмкіншіліктерін көрсете алуға жағдай тудырады. Тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін акмеологиялық тұрғыдан қарау тұлғаның жетістікке жету мотивациясы деп айта кеткіміз келеді. А.Маслоу бойынша жетістікке жетудің мотивациясы ретінде өзін-өзі көрсету қажеттілігін қарастыруға болады [4, 304 б.].

Мәдениеттанымдық тұғырдан қарау дүниетанымдық мәдениеттің жалпыадамзаттық құндылықтарына негізделуіне бағытталған, жалпыадамзаттық құндылықтарға қайшы келмейтін ұлттық мәдениеттің құндылықтары мен нормаларына сәйкес құрылады. *Мәдениеттанымдық тұғыр* – білім алушының жеке тұлғасын зерттеп, құндылық бағдарын қалыптастыруда аксиологиялық құндылық іліміне сүйеніп, нақты ғылыми әдіснама ретінде таным мен педагогикалық іс-әрекеттерді қайта құруға немесе өзгерістер енгізуге бағыт-бағдар береді. *Мәдениеттанымдық тұғыр арқылы* жеке тұлғаның мәдениетпен объективтік байланысы негізінде оның мінез-құлқындағы құндылықтар жүйесін анықтайды. Өйткені, адам мәдениет арқылы дамығандықтан сол мәдениетке жаңа элементтер енгізуге үлес қосады. Сол себептен адам мәдениет құндылықтарының жүйесін игеріп өзін-өзі дамытса, екінші жағынан, оның шығармашылықты жеке тұлға болып дамуына жағдай туады. Білім беруде мәдениеттанымдық тұғырды ұсынушылар (М.С.Каган, Е.В.Бондаревская және т.б.) [9].

Дүниетанымдық мәдениетті құзыреттілік тұғыр тұрғысынан қарау білім, білік және дағды арқылы мәселелерді өз бетінше шешетін, өзін-өзі реттей алатын тұлғалық қасиеттерді пайдалана алу мүмкіндігі.

Тұлғаның нақты әрекет пен үдерістерде тиімді, өнімді әрекеттер жасай алу қабілетін, дара тұлға сапаларын қалыптастыруға мүмкіндік жасайды (В.А.Сластенин, Б.Т.Кенжебеков, Г.Ж.Меңлібекова, А.К.Маркова, М.В.Прохорова, Дж. Равен, А.И.Пискунов, В.И. Журавлев, А.А.Реан, А.А.Вербицкий).

Құзыреттілік тұғырға сай білім беру жүйесіндегі негізгі нәтижелері түйінді құзыреттіліктер болып табылады. Мұнда жоғары деңгейдегі қарым-қатынасты игере алуға, талдау жасауға, дүниетанымдық түсінік қалыптастыруға баса мән беріледі. Бұл тәсіл өмірдің әртүрлі саласында стандарттан тыс тапсырмаларды шешуге деген қабілеттілікті және қоғамда (социумда) табысты түрде әлеуметтенуге бейімделудің жолдарын игеруге мүмкіндік береді [10].

Сонымен бірге жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жағдайында тұлғаның дүниетанымдық мәдениетін қалыптастыруда мына **қағидалар** басшылыққа алынады:

Сана мен әрекеттің бірлігі қағидасы – адам санасы белгілі бір істі жүзеге асыру барысында ішкі жоспарына сай қалыптасады; сана тұлғаның интеллектуалдық әрекетінің өнімділігін реттейді; сана қоғамда бағаланатын және тұлғалық-құнды мінез-құлықты игерудегі мүмкіндікті көрсетеді.

Жеке тұлғаның әлеуетін дамыту қағидасы, мұнда әлеует (лат. potential – күш, қор, бастау, мүмкіндік) – жағымды әсер қалдыратын жағдаятта белгілі бір істі жүзеге асыру арқылы аса байқала бермейтін қабілетті (көбінесе көрінбеген, жасырын) айқындау. Адам және оның әлеуеттік мүмкіндіктерінің болашақтағы дамуының объективті заңдылықтарын көрсетеді. Бұдан «өзекті» және «әлеуетті» қабілет түсінігі пайда болады. Бұл ұстаным әрбір адамның өзіндік дамуы мен келешекте кәсіби шығармашылыққа қол жеткізуіндегі жеке әлеуетін ашу мен дамытуға септігін тигізеді.

Іс-әрекет субъектісі ретінде жеке тұлғаның белсенділік қағидасы – тұлғаны белсенді субъект (орындаушы, бастамашы, үйлестіруші) ретінде қарастыру тұлғаның көкейкесті міндеттерді шешу үшін мотивациясын түсінуге мүмкіндік береді және ақиқат шындықты қайтадан өндіруге қарым-қатынасын айқындайды, берілген шығармашылық жұмыстардан тыс іздестірулерді қамтамасыз етеді.

Жалпы адамзаттық және ұлттық мәдениеттің тірек болу қағидасы – тұлғаны қалыптастыру қазіргі әлемдегі, елдегі, қоғамдағы құнды-мағыналы басымдықтарға, ұлттық құндылықтардың жиынтығына, Қазақстандағы адамзаттық қоғамның рухани өмірін сипаттайтын моно-кросс мәдени әрекеттестігін, этноәлеуметтік-мәдени дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, нормаларды сақтауға негізделеді. Қазақстандағы қоғамдық ұжымның рухани өмірін сипаттайды. Бұл өзара ықпалдасқан көп салалы мәдениеттің, дүниетанымдық мәдениеттің қалыптасуына әсер етеді.

Өз әрекетін ұйымдастыру қағидасы – білім беру үдерісін (мақсаттылықтан бастап бірлескен әрекетке дейін талдау) ұйымдастыруға барлық субъектілердің өзінің қажеттілігі мен даралық қасиеттерін меңгере отырып, тікелей қатысуы. Дербестік тұлғаның іс-әрекеттегі (үйрену мен оқыту) мотивациялық-қажеттілік саласын айқындайды.

Еңбек нарығының қажеттілігін және оның мамандарға қоятын талаптарын ескеру қағидасы – қазіргі Қазақстан қоғамының сұранысына сай кәсіби бәсекелестікке қабілетті мамандармен жасақтау, жұмыс берушілерді үздіксіз білім беру жүйесінің қызмет етуіне қатыстыру.

Рефлексивтік басқару және өзін-өзі басқару қағидасы – білім беру үдерісіндегі әрбір субъектінің өз әрекетін ұйымдастыруы және өзгелермен қарым-қатынасын қалыптастыруы, білім алушылар мен педагогтардың жекелеген әрі бірлескен іс-әрекеттерінің нәтижесіне өзіндік талдау жасауы.

Сонымен, тұлғаның дүниетанымдық мәдениетті қалыптастырудың тұғырлары мен қағидалары қоғам үшін өте маңызды мәселе. Ол социумның өмір сүру барысында тәжірибелік іс-әрекетінен, тұлғаның жеке мәдени-дүниетанымдық дамуынан көрінеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М.: Политиздат, 1975. – 228 с.
2. Кожасметова К.Ж., Таубаева Ш.Т., Жанзакова Ш. Методология общей и этнической педагогики в логике-структурных схемах. - Алматы, 2005. - 174 с.
3. Рубинштейн С.Л. Проблемы общей психологии. - изд. 2-е. - М.: Педагогика, 1976. –365 с.
4. Маслоу А. Мотивация и личность. — СПб.: Питер, 2008. – 352 с.
5. Кравец А.С. Методология науки. – Воронеж: Изд. ВГУ, 1991. – 147 с.
6. Амонашвили Ш. А. Размышления о гуманной педагогике.- М.: Издательский Дом Шалвы Амонашвили, 1995. – 496 с.

7. Анисимов С.Ф. Введение в аксиологию: уч. пос. для изучающих философию. – М.: Современные тетради, 2001. – 128 с.

8. Ананьев Б.Г. Избранные психологические труды: в 2 т. / Акад. пед. наук СССР. — М. : Педагогика, 1980. - Т. 1. — 230 с; - Т.2. — 287 с.

9. Каган М.С. Философия культуры. - СПб.: ТОО ТК «Петрополис», 1996. - 430 с.

10. Beysenbayeva A., Bulshekbayeva A., Ubniyazova Sh. Educational and Ideological Culture of a Teacher in Forming Tolerance. Middle-East Journal of Scientific Research 14 (7): 920-924, 2013 ISSN 1990-9233 © IDOSI Publications, 2013 DOI: 10.5829/idosi.mejsr.2013.14.7.2166

МРНТИ 14.15. 00

А.К.Усенова¹, И.А.Малахова², Г.С.Майлыбаева³, Р.О.Асылова⁴, А.Т.Тынысханова⁵

^{1,3,4,5} I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті
Қазақстан Республикасы

² Беларусь мемлекеттік мәдениет және өнерлер университеті
Беларусь Республикасы

ЭТНОМӘДЕНИ БІРЛЕСТІКТЕР ҚЫЗМЕТІ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАСТАРДЫҢ ҰЛТАРАЛЫҚ ТӨЗІМДІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа

Мақалада этномәдени бірлестіктердің өздеріне тән қызметтеріне баса назар аударылып, жастардың этносаралық төзімділігін қалыптастыру жағдайы туралы отандық және шетелдік авторлардың зерттеулері қарастырылған. Әлемдік және отандық тәжірибеде этнотөзімділік құбылысына қойылатын негізгі талаптар әлеуметтік қызметкердің халықаралық кодексіне төзімділіктің ұстанымдары көрініс тапқан.

Қазіргі заманғы қоғамдағы ұлтаралық төзімділіктің қалыптасуына ықпал етуші маңызды әлеуметтік институттардың бірі этномәдени бірлестік болып табылады. Жастардың этносаралық төзімділігін қалыптастырудағы жаңаша тәсілдер талданып, зерттелініп отырған мәселенің әдіснамасы, зерттеу барысында құрылымдық-функционалдық моделін қолдану, тұрақты көпмәдениетті қоғамды сақтайтын оқыту субъектілері әзірленді. Жұмыста жастардың этносаралық төзімділігін қалыптастырудың тиімді жолдары мен жағдайы және этномәдени бірлестіктер жағдайында жастардың этносаралық төзімділігін қалыптастыру ғылымның түрлі салаларында белсенді түрде қолданылып жүрген құрылымдық-қызметтік тәсілге негізделеді, сондықтан жастардың этносаралық төзімділігін қалыптастыру үдерісінде этномәдени бірлестіктер қызметінің тәрбиелік ықпалының механизмдерін құруға мүмкіндік беретіндігі туралы айтылған.

Түйін сөздер: этносаралық төзімділік, этномәдени бірлестіктер, көпмәдениетті орта.

А.К.Усенова¹, И.А.Малахова², Г.С.Майлыбаева³, Р.О.Асылова⁴, А.Т.Тынысханова⁵

^{1,3,4,5} Жетісуский государственный университет им. И. Жансугурова
Республика Казахстан

² Белорусский государственный университет культуры и искусств
Республика Беларусь

ФОРМИРОВАНИЕ МЕЖЭТНИЧЕСКОЙ ТОЛЕРАНТНОСТИ МОЛОДЕЖИ В УСЛОВИЯХ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ЭТНОКУЛЬТУРНЫХ ОБЪЕДИНЕНИЙ

Аннотация

5 данной статье выделены характерные мотивы деятельности этнокультурных объединений, рассмотрены проблемы формирования межэтнической толерантности молодежи в исследованиях отечественных и зарубежных авторов. В мировой и отечественной практике основные требования к

этнотолерантному проявлению нашли отражения в Международном Кодексе социального работника в следующих принципах толерантности.

Важно отметить, что главным условием деятельности этнокультурных объединений остается поликультурная среда для сохранения накопленного потенциала знаний, достижений, традиций и моделей поведения человека, повышения его культурного уровня, сознания и самосознания.

Проанализированы новые подходы к формированию межэтнической толерантности молодежи: необходимость методологии по изучаемой проблеме, использование в процессе исследования структурно-функциональной модели, подготовка субъектов обучения к сохранению устойчивого поликультурного общества и взаимодействия культур. В работе представлены пути и условия формирования межэтнической толерантности молодежи для достижения эффективности результатов.

Ключевые слова: межэтническая толерантность, этнокультурные объединения, поликультурная среда.

Ussenova A¹., Malakhova I²., Mailybaeva G³., Assylova R⁴., Tynyskhanova A⁵.

^{1,3,4,5}Zhetysu state university named after I. Zhansugurov Republic of Kazakhstan

*²Belarusian state University of culture and arts
Republic of Belarus*

FORMATION OF INTERETHNIC TOLERANCE OF YOUTH IN TERMS OF ETHNO-CULTURAL ASSOCIATIONS

Abstract

This article deals with the characteristic motives of ethno-cultural associations, the problems of forming interethnic tolerance of young people in the studies of domestic and foreign authors. In world and domestic practice the basic requirements for annual income manifestation reflected in the International Code of the social worker, the following principles of tolerance.

It is important to note that the main condition for the activities of ethno-cultural associations is a multicultural environment for preserving the accumulated potential of knowledge, achievements, traditions and patterns of human behavior, improving its cultural level, consciousness and self-awareness.

New approaches to the formation of interethnic tolerance of young people are analyzed: the need for methodology on the studied problem, the use of structural and functional model in the process of research, the preparation of subjects of education for the preservation of sustainable multicultural society and the interaction of cultures. The paper presents the ways and conditions for the formation of interethnic tolerance of young people to achieve effective results.

Key words: interethnic tolerance, ethno-cultural associations, multicultural environment.

Ұлтаралық төзімділік сананың ерекшелігі немесе тұлғалық белгі ретінде адамға әуелден тән емес және егер оны арнайы тәрбиелемесе, қалыптастырмаса ешқашан пайда болмауы да мүмкін. Қазіргі заманғы қоғамдағы ұлтаралық төзімділіктің қалыптасуына ықпал етуші маңызды әлеуметтік институттардың бірі этномәдени бірлестік болып табылады.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: Табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты халыққа жолдауында «Жастардың барлық санатын қолдауға арналған шараларды толық қамтитын әлеуметтік сатының ауқымды платформасын қалыптастыру керек», - деп жастар мәселесіне баса назар аударуды атап өтті [1].

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы әзірлеген «Мәңгілік Ел» патриоттық актісін түсіндіру бойынша әдістемелік құралында төмендегі жұмыс түрлері ұсынылады:

и білім беру ұйымдарында қоғамдағы этникааралық және конфессияаралық келісім мәселелері бойынша мемлекеттік және қоғам қайраткерлері, басқару органдары өкілдерінің, ҚР Парламент және маслихат депутаттарының, Қазақстан халқы Ассамблеясы, Қазақстан халқы мектеп Ассамблеясының, соғыс және тыл ардагерлерінің, патриоттар форумының қатысушыларының, «Жас Отан» жастар қанаты және т.б. кездесу ұйымдастыру, «дөңгелек үстел», конференциялар, интернет-форумдар ұйымдастыру;

и этномәдени бірлестіктерге, мұражайларға, мемориалдарға және т.б. қатысу ұсынылады [2].

Этномәдени бірлестіктер қызметінің басты талабы адам білімінің, жетістіктерінің, дәстүрлерінің және мінез-құлық модельдерінің жинақталған әлеуетін сақтауға, оның мәдени деңгейін, санасын, түсінігін көтеруге арналған көпмәдениетті орта болып қала беретінін ескерген маңызды. Соңғы он жылда ғалымдар, зерттеушілер этномәдени бірлестіктер рөлінің түрлі аспектілерін мәдени даму және ілгерілеу факторы ретінде көтеруде, ал олардың жастар аудиториясына әсері жете бағаланбағаны анық. Біздің көзқарасымыз бойынша этномәдени бірлестіктер қызметін қазіргі замандағы өткір әлеуметтік-саяси, этносаралық, мәдениетаралық мәселелер мен міндеттерді шешу құралы ретінде қарастыру қажет.

Өлемдік және отандық тәжірибеде этнотөзімділік құбылысына қойылатын негізгі талаптар Әлеуметтік қызметкердің халықаралық кодексінде төзімділіктің келесі ұстанымдарында көрініс тапты:

ихалықтың түрлі топтарының діни және конфессионалдық ерекшеліктерін ескеру ұстанымы;

и әртүрлі мәдениет, ұлт және діни топ адамдарының жағымды өзара әрекеті және өзара көбеюі үшін жағдай жасайтын өнімді мәдениетаралық қарым-қатынас ұстанымы;

и этностың жағымды әлеуетін ескере отырып, оның дұрыс әлеуметтік-мәдени тәжірибесіне тіреу ұстанымы;

и басқа ұлт өкілдерін кемсітуден, қорлаудан және зорлық-зомбылықтан қорғауды қамтамасыз етуге қызмет ететін жағымды адамгершілік ахуал құру ұстанымы;

и әлеуметтік жұмыс бойынша мамандардың бойынан басқа мәдениетке, оны қабылдау және үйрену тілегіне ашықтық ұстанымы;

и көпмәдениетті және көпэтностық ортаға бейімделу ұстанымы;

и адамдар арасында, халық, діни және этникалық топтар арасындағы ынтымақтастық пен өзара түсіністік ұстанымы [3].

Жастардың этносаралық төзімділігін қалыптастыруға арналған отандық және шет елдік зерттеулерді оқу және талдау этномәдени бірлестіктер қызметінің сипаттамалық сарынын белгілеуге мүмкіндік берді, соның нәтижесінде көпмәдениетті қоғамның тұрақтылығы сақталып қана қоймайды, сонымен қатар адамдардың өзара қарым-қатынастарының және мәдениеттердің өзара әрекетінің нысаны мен үлгілері түрленеді [4,5,6,7]. Этномәдени бірлестіктер қызметін ұйымдастыру барысында жастардың этномәдениеттің өзара әрекетіне деген мақсаттарын ескеру маңызды болып табылады. Этномәдениеттің өзара қарым-қатынасы деп біз мақсатқа бағытталған – өзара түсіністікке, сенімге, құндылықтармен, біліммен алмасуға, мәдени дәстүрлерді сыйлауға әкелетін субъектілік байланыстарды түсінеміз.

Этномәдени бірлестіктер жағдайында жастардың этносаралық төзімділігін қалыптастыру ғылымның түрлі салаларында белсенді түрде қолданылып жүрген құрылымдық-қызметтік тәсілге негізделеді, сондықтан жастардың этносаралық төзімділігін қалыптастыру процесінде этномәдени бірлестіктер қызметінің тәрбиелік ықпалының механизмдерін құруға мүмкіндік береді.

Біздің зерттеу жұмысымызда этномәдени бірлестіктер қызметі жағдайында жастардың этносаралық төзімділігін қалыптастыру процесі үш кезеңді қамтиды:

1-кезең – *дайындық* кезеңі, мұнда жастардың этносаралық төзімділігін қалыптастыру параметрлерін және этномәдени бірлестіктер қызметінің ерекшеліктерін пилоттық зерттеу жүзеге асырылады;

2-кезең – *шығармашылық*, мұнда зерттелген параметрлер негізінде педагогикалық модель құрылады және жастардың этносаралық төзімділігін қалыптастырудың алынған моделінің құрылымдық-қызметтік сипаттамасына зерттеу жүргізіледі;

3-кезең – *қортынды кезең*, модельдердің ерекшеліктерін оның түпнұсқасына көшіруді бағамдайды, мұнда этномәдени бірлестіктер қызметі жағдайында жастардың этносаралық төзімділігін тиімді қалыптастыру жолдары талданып, мақұлданады.

Жастардың этносаралық төзімділігін қалыптастыру процесінің кезеңдерін жан-жақты қарастырайық. *Бірінші*, *дайындық* кезеңінде жүргізілетін пилоттық зерттеу этномәдени бірлестіктердің түрлі сатылардағы тәжірибелік жұмыстарын зерттейді және дайындық кезеңінің *мақсаты* болып табылады.

Бұл кезеңнің міндеті – жастардың этносаралық төзімділігін қалыптастыру мәселелерінде бұрыннан келе жатқан жағдайды істің нақты жағдайымен талдау.

Педагогикалық аспаптар – бірлестіктер, шығармашылық ұжымдар жетекшілерімен әңгімелесулер, бақылаулар (енгізілген және енгізілмеген) қатысушылардан блиц-сауалнамалар алу, қатысушылардың қызметін сараптамалық бағалау, сауалнама алу.

Қызметтің мазмұны. Жастардың этносаралық төзімділігін қалыптастырудың бірінші (дайындық) кезеңіндебіз. «Достық үйі – қоғамдық келісім орталығы» КММ-сін (Талдықорған қаласы, Қазақстан Республикасы) және «Республикалық ұлттық мәдениет орталығы» ММ –сін (Минск қаласы, Беларусь Республикасы) зерттеу орталығы ретінде алдық.

Бағдарламада орындалу уақыты және орындалуына жауапты тұлғалар көрсетілген әрбір этномәдени бірлестіктің нақты қызмет түрінің тізімі бар. Мысалға, «Ұлттық дәстүрлерді, фольклорды, халықтық-қолданбалы өнерді сақтау, насихаттау және тарату» тарауында алты түйінді бағыт ұсынылған, оның арасында – шығармашылық көркемөнер және әуесқой бірлестіктер құру; түрлі жанрлық бағыттағы әуесқой ұжымдар желісін дамыту, көркем-эстетикалық топтамалар үйірмесі, сәндік-қолданбалы өнер студиялары бойынша мақсатты жұмыстар кіргізілген.

Бағдарламада ұсынылған шаралар кешені жастардың этносаралық төзімділігін серпінді қалыптастыруға септігін тигізетіні анық, оған біздің зерттеуіміз барысында көз жеткіздік.

Зерттеу жұмысының екінші шығармашылық кезеңнің мақсаты – этномәдени бірлестіктер қызметінің жағдайында жастардың этносаралық төзімділігін қалыптастырудың педагогикалық моделін әзірлеу.

Бұл кезеңнің міндеті – жастардың этносаралық төзімділігін қалыптастырудың алынған педагогикалық моделінің құрылымдық-атқарымдық сипаттамасын зерттеу және оны мақұлдау жолдарын ұсыну.

Педагогикалық аспаптық – талдамалы жұмыс, құрастыру, модельдеу, болжалдау.

Қызмет құрамы. Жастардың этносаралық төзімділігін қалыптастырудың педагогикалық моделін жасау бір мезгілде екі бағытта жүзеге асырылады: а) оның құрылымы мен мазмұнын анықтау; ә) оны жүзеге асыру жолдарын әзірлеу. Жастардың этносаралық төзімділігін қалыптастырудың педагогикалық моделін біз университетте мамандарды кәсіби дайындау жүйесі мәнмәтініне кіріктірілген ашық үлгідегі қосалқы жүйе ретінде қарастырамыз. Мұндай модель бір-бірімен өзара байланысты құрамдастардың жиынтығын кіргізеді:

- *нормативті-құқықтық компонентке* этномәдени бірлестіктердің жұмысын реттейтін нормативті-құқықтық құжаттар кіреді;

и *мақсатты-бағдарламалық компонент* мақсатты жүзеге асырудың бағдарламалық қамтылуын анықтайды;

имазмұнды компонент жастарда төзімділікті қалыптастырудың этносаралық бағытын анықтайды.

и *басқару-ұйымдастырушылық компоненті* жастардың этносаралық төзімділігін қалыптастыру процесін ұйымдастыруды және оны басқаруды анықтайды;

и *әрекетті-технологиялық компонентке* жастардың этносаралық төзімділігін оқу-тәрбиелік процесте қалыптастыру кіреді;

и *критерийлі-бағалау компонентіне* жастардың этносаралық төзімділігін қалыптастырудың критерийлері мен көрсеткіштері, оның объективті бағалануы кіреді.

Біз жастардың этносаралық төзімділігін қалыптастыруды жүзеге асыру этномәдени бірлестіктердің көп мәдениетті ортасында бұл процесті ынталандыруға мүмкіндік беретін белгілі бір жағдайлардың болуымен жоғары сапалы деңгейде жүргізіледі деп болжадық. Жастардың этносаралық төзімділігін қалыптастырудың біз ұсынған талаптары мен жолдары жастардың этносаралық төзімділігін қалыптастырудың педагогикалық моделінің бесінші – *әрекетті-технологиялық компонентін* құрайды және этномәдени бірлестіктердің тәжірибелік қызметтерін талдаудан туындайды. Жастардың этносаралық төзімділігін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық талаптарының қажетті кешенін сақтау тиімді нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Этномәдени бірлестіктер қызметінің түрлі жоспардағы сипаттамасын және қатысушылардың түрлі жастағы құрамын ескеріп, біз жастар аудиториясына мөлшерленген экспериментті технологияның екі нұсқасын қарастырдық. Бірінші жағдайда бұл - би, музыкалық, хор ұжымдарының, театр студияларының өнер көрсетулері, екінші жағдайда - тарихи-этнографиялық, іздестіру, өлкетану көрмелері, халықтық-қолданбалы шығармашылық өнімдері болып табылады. Біздің пікірімізше, кез келген ұжымның өмірінде мұндай маңызды міндеттерді жүзеге асыру жастардың этносаралық төзімділігін қалыптастыру деңгейі бойынша көрсеткіштердің айтарлықтай өсуіне ықпал етеді.

Жастардың этносаралық төзімділігін қалыптастырудың үшінші, *қортынды кезеңінде*, ұсынылған педагогикалық модельдерді этномәдени бірлестіктер қызметі жағдайында мақұлдау және алынған нәтижелерге ой қорыту мақсаты қойылды.

Осы кезеңдегі жұмыстың міндеті – этномәдени бірлестіктер қызметі жағдайында жастардың этносаралық төзімділігін қалыптастырудың сапалы сипаттамаларын талдау және тиімді нәтижелер жолын мақұлдау.

Педагогикалық аспаптық – енгізілген және енгізілмеген бақылау, талдамалы жұмыстар, қызмет нәтижелерін бағалау, сараптамалық бағалау.

Іс-әрекеттің мазмұны. Бұл кезеңде - құрылған пелагогикалық модельдің тәжірибесіне этномәдени бірлестіктердің жұмысын ендіру әрекеті, сонымен қатар педагогикалық модельді жүзеге асыру механизмдерін мақұлдау және жастардың этносаралық төзімділігін қалыптастырудың негізгі жолдарын жасап шығару үшін алынған нәтижелерді талдау қабылданады. Ол үшін әртүрлі уақытта қалыптастырушы сараптамалар жүргізіледі және нәтижелер рефлексиясы жүзеге асырылатын болады.

Педагогикалық модель құрудың әрбір кезеңіндегі өнімді жұмыс зерттеу мақсатына жетуде ойдағыдай ілгерілеушілікке әкеледі.

Зерттеудің негізгі әдістеріне өнердің әртүрлерімен айналысатын қатысушыларды, әуесқой ұжымдардың жетекшілерін, студенттерді тестілеу, оларға сауалнама жүргізу, сұхбаттасу жатады. Жастардың этносаралық төзімділігін қалыптастыру деңгейін талдау үшін зерттеушілердің осы бақылаулары, ұжым қатысушыларына блиц-сауалнамалар жүргізу, студенттермен әңгімелесулер өткізу қолданылады. Алынған нәтижелер авторлардың жеке әңгімелесулерімен және бақылауларымен, түрлі жастағы жастардың – халық шығармашылығы байқулары мен фестивальдері қатысушыларының әрекеттерінің нәтижелерін талдаумен толықтырылады.

Сауалнамаға «Достық үйі – қоғамдық келісім орталығы» КММ-сін және «Республикалық ұлттық мәдениет орталығы» ММ-сінің әуесқой ұжымдарының қатысушылары, сондай-ақ І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті мен Беларусь мемлекеттік мәдениет және өнерлер университеттерінің студенттері аудиториясы қамтылды. Алынған деректер тиісті жас ерекшеліктеріне байланысты топтар арасында өзара салыстырылады.

Осылайша, этномәдени бірлестіктер қызметі жағдайында жастардың этносаралық төзімділігін қалыптастыру зерттеу жұмысының түрлі құрамдарын кезең-кезеңмен ендіруді білдіреді және нәтижелерді ұғыну, өндіру, жүзеге асыру жалпы шығармашылық тәсілді талап етеді.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

и Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: Табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты халыққа жолдауы. Астана. 2018.

и «Мәңгілік Ел» патриоттық актісін түсіндіру бойынша әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 70 б.

и Суржикова, Л.Ф. *Суцность и содержание этнической толерантности студенческой молодежи в ВУЗах // Аспирантский сборник № 4.* – М.: Изд-во РГСУ, 2007.

и *Государственная этнополитика Казахстана: новые тренды: Метод. пособие / Под общ. ред. Е.Л. Тугжанова.* – Астана: Академия гос. управления при Президенте РК, 2011. – 204 с.

и Бекирова А. *Созидать нацию единого будущего нужно уже сейчас // «Литер», 11 июля, 2015.*

и Абакумова И.В., Ермаков П.Н. *О становлении толерантной личности в поликультурном образовании // Вопросы психологии, 2003. – № 3.*

и Сарapas В.Л. *Этнос и межэтническое взаимодействие: философско-социологический анализ.* – Благовещенск: АмГУ, 2000. – 84 с.

**ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ:
МӘСЕЛЕЛЕР, ЖАҢАШЫЛДЫҚ, ДАМУ БОЛАШАҒЫ
ВУЗОВСКОЕ И ПОСЛЕВУЗОВСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:
ПРОБЛЕМЫ, ИННОВАЦИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ**

Е.И.Артамонова¹

¹ доктор педагогических наук, профессор, президент Международной академии наук педагогического образования, заведующий кафедрой педагогики Московского государственного областного университета, г.Москва, РФ

**ФОРМИРОВАНИЕ ГОТОВНОСТИ БУДУЩЕГО ПЕДАГОГА К ИННОВАЦИОННОЙ
ДЕЯТЕЛЬНОСТИ КАК ВАЖНОЕ НАПРАВЛЕНИЕ РАБОТЫ СУБЪЕКТОВ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА**

Аннотация

Автор статьи актуализирует проблему инновационной деятельности и формирования инновационной компетенции будущего педагога в системе педагогического направления в вузовском образовании, уточняются сущность и содержание понятий, а также уровни сформированности компетенции субъекта в области педагогического образования.

Ключевые слова: педагогические инновации, инновационная деятельность, деятельностный методологический подход, компетентностный методологический подход, компетенция, инновационная компетенция, качество образования.

E.I. Artamonova¹

¹ doctor of pedagogical sciences, professor, President of the International Academy of Sciences of Pedagogical Education, the head of Department of Pedagogics of the Moscow State Regional University, Moscow, Russian Federation

**FORMATION OF READINESS FOR INNOVATIVE ACTIVITY AS AN IMPORTANT AREA
OF WORK OF SUBJECTS OF EDUCATIONAL PROCESS**

Abstract

The author of the article actualizes the problem of innovative activity and formation of innovative competence of a future teacher in the system of the pedagogical direction of the high school education, the essence and the maintenance of concepts and levels of formation of competence of a subject in pedagogical education are specified as well.

Keywords: pedagogical innovations, innovative activity, activity methodological approach, competence-based methodological approach, competence, innovative competence, quality of education.

Е.И.Артамонова¹

№ п. з. д., профессор, Халықаралық педагогикалық білім академиясының президенті, Мәскеу облыстық мемлекеттік университеті, педагогика кафедрасының меңгерушісі, Мәскеу қ., РФ

**ОҚЫТУ ҮДЕРІСІ СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ МАҢЫЗДЫ БАҒЫТЫ РЕТІНДЕ БОЛАШАҚ
ПЕДАГОГТЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЙЫНДЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Аңдатпа

Мақала авторы инновациялық іс-әрекет және жоғары оқу орындарында болашақ педагогтың инновациялық күзiреттiлiгiн қалыптастыру мәселесiн қарастырған. Сондай-ақ, аталған ұғымдардың мәні, мазмұны және педагогикалық білім беру саласындағы субъекті күзiреттiлiктерiнiң қалыптасу деңгейлерi анықталған.

Түйін сөздер: педагогикалық жаңашылдық, инновациялық іс-әрекет, іс-әрекеттік әдіснамалық тұғыр, күзiреттiлiк тұғыр, күзiрет, инновациялық күзiреттiлiк, білім сапасы

Подготовка будущего педагога к инновационной деятельности является весьма актуальной темой, занимающей умы современной педагогической общественности. В настоящее время именно профессионализм и инновационная деятельность педагога определяют будущее современного образования и общества.

4. последнее десятилетие по ряду политических, культурных и образовательных причин понятие «инновационная деятельность» стало предметом повышенного внимания большого числа исследователей. Уже сегодня обозначенные исследователями перспективы профессионального педагогического образования требуют обращения к педагогическим инновациям, инновационной деятельности педагога. Система подготовки педагогических кадров вступает в очередной этап реформирования. Педагогическая общественность, не отрицая актуальности этого, беспокоится о том, чтобы результаты грядущих преобразований оправдали её ожидания.

5. реалиях XXI века востребовано образование, ориентированное на подготовку специалиста, который отличается *интересом ко всему новому, готовностью к изменениям, разнообразием взглядов, ориентацией на информацию, ответственным отношением ко времени и его измерению, планированием времени и собственной эффективности в нем, личным достоинством, оптимизмом* (В.В. Козловский, А.И. Уткин, В.Г. Федорова и др.). Указанное обстоятельство нашло свое отражение в Конституции РФ, Федеральном Законе «Об образовании в РФ», «Национальной доктрине образования в РФ на период до 2025 года».

Формирование готовности к инновационной деятельности является в условиях модернизации образования важным направлением специальной работы субъектов образовательного процесса - студентов, преподавателей, административных работников сферы образования. К чему необходимо готовиться? Над чем предстоит работать будущему педагогу? Для прояснения ответов на заданные вопросы обратимся к базовым понятиям.

Понятие «инновационная деятельность», по мнению Лазарева В.С., Мартиросяна Б.П., служит для устранения несоответствия между желаемым и наличным, что требует определенных нововведений (инновационных изменений). Инновационная деятельность отвечает своему назначению, если она выполняет определенные *функции* по отношению к образовательной деятельности: выявление актуальных потребностей (выявление проблем) изменений в педагогической системе (образовательных программах, технологиях, кадрах, материально-технической базе и др.); выявления существующих разработок, использование которых потенциально могло бы повысить качество образовательной деятельности на каких-то ее участках (выявление *возможностей развития* педагогической системы); самостоятельная разработка новшеств; проектирование желаемого будущего и движения к нему; проектирование частных нововведений; практическое осуществление нововведений [4].

6. современных социо-культурных условиях профессиональная подготовка представляет собой организационно-оформленный логически-структурированный дидактический процесс, целью и результатом которого является «определенный тип самостоятельного компетентного человека – профессионала», подготовленного, на уровне соответствующих знаний, умений и опыта решения профессиональных задач, к включению в конкретную социально-культурную среду. Образование, действующее в режиме профессиональной подготовки, способно успешно (хотя и недостаточно быстро) реагировать на актуализацию в профессиональной реализации инновационной деятельности и появление на рынке труда новых педагогических профессий и специальностей. И, следовательно, - на внедрение новых технологий подготовки к профессиональной деятельности в образовательных учреждениях; а также - на оперативное удовлетворение потребностей общества в переподготовке уже квалифицированных специалистов формируя готовность к инновациям.

Смысловой контекст терминов «готовность» и «подготовка» в этом случае приобретает особую значимость. По С.И. Ожегову, подготовка – это «запас знаний, полученный кем-то (специалистом)», а подготовить, обеспечить готовность – значит, обучить, дать необходимые знания для чего-либо [6]. Суть изменений в Концепции реформирования педагогического образования в далёком 1992 году работники Министерства образования поясняли так: «...содержательно реформа педобразования связана с отказом от подготовки учителя как в рамках традиционной педагогической парадигмы ”Знай свой предмет и излагай его ясно”, так и от её редукции “Знай методику преподавания и следуй ей неукоснительно”, часто господствующей в наших педагогических учебных заведениях. Суть реформы связана с ориентацией на новую парадигму – “Знай, что развивается в твоём ученике, и сумей это обеспечить”» [2, с.51].

Вступление в 2003 г. в Болонский процесс потребовало реформировать систему педагогического образования, согласно положениям Болонской декларации, на принципах компетентностного подхода,

реализация которого предполагает переход от знаниево-ориентированной на деятельностно-ориентированную модель образования и обращение к системе компетенций, что обращает к антропоцентрированному, или студо-центрированному педагогическому образованию.
22. статья раскрывается сущность понятий «технология», «технология обучения» и «педагогические технологии», функции педагогических технологий и актуальность их использования в сфере образования. Определяется роль педагогических технологий как связующего механизма между теорией и практикой, как инструмент проектирования теоретических знаний в практические умения. Также технологизация педагогического процесса рассматривается как механизм развития внутренних сил и потенциала личности учителя и учащихся, как средство успешной учебной коммуникации в целостном педагогическом процессе. Педагогические технологии широко используются в диагностике и мониторинге успеваемости учащихся. Поэтому в профессиональной подготовке будущих учителей необходимо формировать информационную компетентность и умения использовать современные инновационные технологии.

Ключевые слова: технология, новые педагогические технологии, технологизация учебного процесса, технология обучения, диагностика, мониторинг.

Imanbayeva S.T.¹, Berikkhanova A.E.²

*¹Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Academician of the IASP, Corresponding Member of the International Academy of CONCORD (France)
Kazakh National Pedagogical University named after Abai*

*²Kandidat of Pedagogical Sciences, Professor, Corresponding Member of the IASP, Corresponding Member of the International Academy of CONCORD (France)
Kazakh National Pedagogical University named after Abai*

THE VALUE OF INNOVATIVE TECHNOLOGIES IN FORMATION OF PROFESSIONAL COMPETENCE OF FUTURE SPECIALISTS

Abstract

The article describes the essence of the concepts "technology", "technology of learning" and "pedagogical technologies", the functions of pedagogical technologies and the relevance of their use in the field of education. The role of pedagogical technologies is determined as a connecting mechanism between theory and practice, as a tool for projection of theoretical knowledge into practical skills.

Also, the technologization of the pedagogical process is considered as a mechanism for the development of the internal forces and potential of the personality of the teacher and students, as a means of successful educational communication in the holistic pedagogical process. Pedagogical technologies are widely used in the diagnosis and monitoring of student performance. Therefore, in the professional training of future teachers it is necessary to form information competence and skills to use modern innovative technologies.

Keywords: technology, new pedagogical technologies, technologization of the educational process, technology of training, diagnostics, monitoring.

Технология ұғымы соңғы жүзжылдықта маңызды ғылыми ұғымдардың біріне айналуға. Философиялық көзқарас тұрғысынан технология теория мен практиканың арақатынасын байланыстыратын негізгі тетіктердің бірі. Теория мен практика ұғымдары мәні жағынан ажыратылғанымен, олар әрқашан өзара тәуелді, өзара тығыз байланыста болып келеді. Бұл әрекеттестіктің өзгешелігін К.Поппер теория мен практиканың бірлігін ажыратпау, екеуінің тұтастығын сақтау деген идеясымен негіздеп көрсетеді. Көп жағдайларда теорияның практикадан ажыратылып кетуінің негізгі себептерінің бірі - нақты қолданбалы технологиялардың жоқтығы болып табылады.

Өндіріс саласында ғана емес, педагогикалық теория мен практикада да тұрақты қолданысқа ие. Ғылым мен техниканың дамуына қарай педагогика саласында технологиялық оқыту тәсілі жақсы өріс ала бастады. Қазіргі ақпараттық технологиялар заманында білім беруді технологияландыруға көшудің қажеттілігімен келіспеу мүмкін емес, себебі әр оқушының жеке тұлғалық тұрғысының дамуы, білім беруді саралау және барлық білім беру жүйесін ізгілендіру және демократияландыру үрдістері технологиялық тәсіл арқылы жүзеге асырылмақ.

Сондықтан педагогикалық үрдісті технологияландыру мәселесі *білім беруші* мен *білім алушы* тұлғасын өздігінен дамытып, олардың ішкі әлеуеттерін барынша толығырақ ашқызу үшін оқыту мен тәрбиелеуді субъектілік негізге ауыстыратын тетік ретінде зерттелуде. Білім беру саласындағы шоғырланып қалған көкейкесті мәселелердің шешімдерін табуда қазіргі педагогикалық технологиялардың ықпалы зор, себебі жаңа технологиялардың негізгі өзегі – оқушы тұлғасы, оның ішкі интеллектуалдық әлеуетін жан-жақты дамыту.

Қазіргі уақытта көптеген зерттеушілер жаңа педагогикалық технологияларға терең қызығушылық танытып, білім берудегі технологиялық тәсілді дәстүрлі оқыту әдістерінен анағұрлым тиімдірек деп есептейді. Технология ұғымына Б.Т. Лихачев, В.П. Беспалько, В.В. Сериков, В.М. Монахов, М.В. Кларин, И.Я. Лернер, П.И. Пидкасистый, В.В. Гузев, Н.Д. Хмель, Ғ.М. Құсайынов т.б. ғалымдар мен зерттеушілер жан-жақты түсініктемелер бере отырып, олардың практикалық тиімділігі туралы құнды пікірлер мен нақты ұсыныстар айтқан.

Педагогика ғылымында «технология» ұғымының зерттелу аясы кеңейіп, әр тұрғыдан анықталуы, оның түрлерінің, тұжырымдамалық негіздері мен сипаттамаларының көптігі бұл феноменнің мазмұнын жан-жақты теориялық тұрғыдан талдауға баса назар аударуды қажет етеді.

Оқыту технологиясы – оқыту үрдісінің диагностикалы қойылған мақсаттарына қол жеткізу құралдары, алдын-ала жоспарланған оқыту үрдісінің практикалық түрде жүйелілік пен бірізділік негізінде іске асырылуы. *Оқыту технологиялары* оқыту үрдісіндегі негізгі факторларының байланыстарын реттеуге, оның барлық кезеңдері мен өткізілу шарттарын оқушылардың нақты мүмкіндіктеріне сәйкестендіруге бағытталған.

Сонымен, жоғарыда қарастырылып отырған ұғымдарды тұжырымдайтын болсақ, И.Г.Саранцевтің пікірінше *оқыту теориясы* пәнге оқытудың әдістемелік жүйесін басқару заңдылықтарын ашып береді, *әдістеме* оны қолдануды қарастырады, ал *технология* бұл жүйенің моделін жүзеге асыру тәсілдерін жете зерттейді. Осы тұрғыда технологиялардың рөлі оқыту мақсаттарын диагностикалауға және оқыту шарттарын айқындауға (әдістер, формалар, құралдар, тәуелділіктер), яғни белгіленген мақсатқа жетуге мүмкіндік беретін үрдісті жобалауға саяды. Сондықтан *технология* теория мен әдістемелерге негізделеді, олардың даму деңгейіне қарай тиімділігі анықталады. Кез-келген оқыту технологиясының негізгі түйіні соңғы күтілетін нәтижені анықтау және оның табыстылығын бақылау болып табылады.

Педагогикалық технологиялар әрбір баланың даму үдерісін алдын-ала байқауға және болжауға бағытталуы тиіс. Диагностика нәтижесі бойынша педагогикалық үрдістің әрбір бөлігінде дамыту үрдістері жобаланады. Сондықтан кері байланыс мәліметтерін алу және оларды зерттеу - диагностика мен болжауды байланыстыратын үздіксіз үрдіс болып табылады. Бұл үрдіс ғылымда *мониторинг* деп аталады, оны ағылшын тілінен аударғанда, «үздіксіз қадағалау» дегенді білдіреді. Педагогикалық мониторинг педагог пен оқушыны педагогикалық үрдісті үздіксіз және ұзақ байқау мен басқару арқылы қажетті ақпараттармен қамтамасыз етеді.

Педагогикалық технологиялар – оқушылар мен ұстаздардың субъект-субъектілі қарым-қатынастарына негізделген, олардың өз-өздерін өзектендіруге, өз-өздерін дамытуға бағытталған, диагностикалық қойылған мақсаттарға қол жеткізудегі тиімді әдістер мен құралдар жиынтығының үйлесімді қызметі.

Технологияларда процессуалдық (іс-әрекеттік), сандық және есептік компоненттер көбірек ұсынылады. *Әдістемеді* мақсаттық, мазмұндық, сапалық және вариативті-бағдарлық жақтарына басымырақ мән беріледі. Оқыту әдістемесіне қарағанда педагогикалық технология өзінің басқа мұғалімдердің қолдануға ыңғайлылығымен, нәтижелерінің тұрақтылығымен ерекшеленеді (А.М. Кушнир).

Кез келген педагогикалық технология ғылыми-әдіснамалық тұжырымдама негізінде құрылады. Қазіргі кездегі педагогикалық технологиялардың көпшілігі оқушылардың тұлғасын ең жоғарғы құндылық ретінде бағалауға, оларды қарым-қатынастың тең құқылы субъектісі ретінде қабылдауға және ізгілікті оқу-тәрбиелік ортада әлеуметтендіруге бағытталған.

Педагогикалық технологиялардың тұжырымдамалық негіздеріне білім беру саласындағы тұлғалық-бағдарлық, іс-әрекеттік, аксиологиялық, жүйелілік, акмеологиялық тұрғыдан оқыту сынды теориялар жатады, себебі аталып отырған теориялардың барлығы білім алушылардың қабілеттерін жан-жақты дамытуды, оқу-танымдық үрдісі мен тәрбие үрдісін тығыз ұштастыра отырып жүргізуді көздейді.

Қазіргі таңда аталған өлшемдерге сәйкес келетін педагогикалық технологиялардың көптеген түрлері ғылыми тұрғыдан зерттеліп, практика жүзінде іске асырылып, тиімді нәтижелер көрсетіп келеді.

С.С.Кашлев педагогикалық технологиялардың төмендегідей қызметтерін топтастырып қарастырады:

1) Педагогикалық технологияның ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік қызметіне:

-педагогтың педагогикалық үрдістің әрбір бөлігінде нақты немен айналысуын анықтайтын ұйымдастырушылық іс-әрекеті;

-оқушының педагогикалық үрдістің әрбір кезеңінде не істеу керектігін нақтылайтын педагогтың ұйымдастырушылық іс-әрекеті;

-педагог пен оқушының бірлескен әрекетінің өзара ұйымдастырылуы;

-баланың өзіндік белсенділігін дамытатын өзінің іс-әрекеттері ұйымдастырылуы жатады.

2) Педагогикалық технологияның жобалау (болжау) қызметіне:

-педагогикалық үрдістің шынайы жағдайын диагностикалауы;

-педагогикалық үрдіске қатысушылардан күтілетін нәтижелерін болжай

алуы; -педагогикалық әрекеттестікті модельдеуі;

-педагогикалық технологияны жүзеге асыру үрдісінде бала мен педагогтың даму деңгейін болжау үрдістері жатады.

3) Педагогикалық технологияның коммуникативтік қызметіне:

-мұғалім мен оқушының қарым-қатынастық мүмкіндіктерін дамытуы;

-педагогикалық үрдіске қатысушылардың, мұғалім мен оқушының арасында ақпарат

алмастыруы; -педагог пен тәрбиеленушінің өзара түсіністік жағдайын жасауы;

-балалар арасындағы интерактивті қатынас үшін қолайлы жағдайды қамтамасыз етуі;
-педагогтар мен ата-аналардың коммуникативтік іс-әрекеттерінің тиімділігін арттыруы жатады.

4) Педагогикалық технологияның рефлексиялық қызметіне:

-педагог пен баланың өзіндік тұлғалық өсулерін жете түсінулері;
-педагогикалық әрекеттестік нәтижесін объективті бағалау мүмкіндігі;
-педагогикалық үрдіске қатысушылардың өзара әрекеттестік тәжірибесін саналы түсінулері мен меңгерулері;

-педагог пен оқушылардың іс-әрекеттерін өзіндік талдау, өзіндік бағалау; -тұлғалық даму себептері мен жағдайын белгілеу жатады.

и Педагогикалық технологияның дамытушылық қызметіне:

-бала мен педагогтың дамуына қажетті жағдай жасауы;
-оқушы мен мұғалімнің өзін-өзі дамыту құралдарын қамтамасыз етуі;
-әрбір баланың потенциалды мүмкіндігінің дамуын қамтамасыз ету; - педагогтың кәсіби шеберлігінің дамытуы жатады.

Білім беру тәжірибесінде педагогикалық технологиялардың атқаратын қызметтерінің аясына байланысты Г.К.Селевко олардың қолданылуының өзара тәуелді үш деңгейін атап көрсетеді:

1)**Жалпы педагогикалық(жалпыдидактикалық) деңгей:** бұл деңгейдегі технология бір өңірдегі, оқу орнындағы, нақты бір оқыту сатысындағы тұтас білім беру үрдісімен сипатталады. Бұл жерде педагогикалық технология педагогикалық жүйе ретінде қарастырылады.

2)**Жеке әдістемелік (пәндік) деңгей:** бұл деңгейдегі технология «жеке пәндер әдістемесі» немесе бір пән, сынып көлеміндегі оқыту мазмұнын жүзеге асырудың әдіс-тәсілдер жиынтығы ретінде қолданылады.

3)**Локальды (модульдік) деңгейдегі технология** оқу-тәрбие үрдісінің жеке бөліктерінің дидактикалық немесе тәрбиелік міндеттерін (өздік жұмысты ұйымдастыру технологиясы, жеке тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру технологиясы, білімнің меңгерілуін тексеру технологиясы, т.с.с.) шешуімен сипатталады.

Жалпы алғанда, педагогикалық технологиялардың негізгі қызметі педагогикалық үрдіске қатысушылардың іс-әрекеттерін белсендендіру мен жетілдірудің жүйелі құралы ретінде тұлғаның даму міндеттерін нәтижелі шешу, оқыту мен тәрбие үрдістерінің сапасын жоғарлату болып табылады.

Оқушылардың субъектілік белсенділігін арттыру қазіргі еңбек нарығының негізгі талабы, себебі ақпараттық қоғам жастардың ерекше бағыныштылық әрекеттеріне қанағаттана алмайды. Оқушылардың болашақта жауапкершіліктері жоғары, өз әлеуеттерін өздері іске асыра алатын, бәсекеге қабілетті, әлеуметтік белсенділіктері жоғары тұлға ретінде тәрбиеленіп шығулары бүгінгі уақыт талабы.

Оқушы 11-12 жыл бойы мектеп қабырғасында өзін-өзі дамытуға дағдылану үшін мектептегі оқу-тәрбие үрдісінің мақсаты, ұйымдастыру формалары, субъектілердің қарым-қатынас стильдері, бағалау формалары дұрыс таңдалуы керек.

Сонымен педагогикалық технологияның негізгі ерекшелігі білім алудағы оқушы тұлғасының ерекше сипатқа ие болуында. Егер дәстүрлі оқыту жүйесінде оқушы іс-әрекеті *репродуктивті* сипатта болса (қай-та жаңғыртып айтып беру, алгоритм бойынша тапсырмаларды орындау), педагогикалық технологиялар-ды қолдануда оның іс-әрекеті *продуктивті* (өнімді) болуы керек, яғни шығармашылық белсенділігі талап етіледі.

Қазіргі жаңартылған білім мазмұнына ерекше мән беріліп отырған тұста ақпараттық, сыңи тұрғыда ойлау, модульдік, миға шабуыл, қашықтықтан оқыту, СМАРТ т.б. технологиялар тұлғаға бағдарланған оқу - тәрбие үдерісінде негізгі орын алып отыр.

Қазіргі таңда STEM технологиясы білім беру жүйесінде кеңінен енгізіліп отыр. (STEM: science-ғылым, technology-техника, engineering -инженерлік, mathematics - математика). Техника, инженерлік және математикағылымдарының бірлігінде іске асады. STEM технологиясы білім беруде сауаттылықты дамыу, тұлғалардың, білім беру мекемелерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпалы мол. «STEM» технологиясы америкалық бактериолог Р.Колвэлл 1990 жылдары ұсынғаны белгілі. «STEMнегізінде бұл түсініктің жаңа нұсқалары пайда болды, солардың ішінде анағұрлым кең таралғаны STEAM (ғылым, технологиялар, инженерия, өнер және математика) және STREM (ғылым, технологиялар, робототехника, инженерия және математика) болды. Қазіргі уақытта STEM әлемдік білім берудің басты трендтерінің бірі болып табылады»[7],- деп атап көрсеткендей бүгінгі таңда еліміздегі білім беру жүйесінде аса мән беріліп отырған жаңа технологиялардың бірі болып табылады.

Ақпараттық технологияның қарқынды дамуына байланысты мұғалімнің ақпараттық құзыреттілігіне қойылған талаптар жылдан-жылға жаңарып, өзгеріп отырғаны белгілі.Болашақ маманның кәсіби құзіреттілігін қалыптастыруда инновациялық технологиялардың маңызы ерекше.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1.Поппер К. // Русская геополитическая энциклопедия . –Москва. 2010.
- 2.Саранцев И.Г.Дидактический подход к осмыслению категории «Знание» // Педагогика. – 20001. - №9. – с. 10-15.
- 3.КушнирА.М. Школьные технологии : приложение к научно-практическому журналу для учителя . - Москва : Школьные технологии. - 199 с.
- 4.Кашилев С.С. Технология интерактивного обучения. –Минск. 2005.
- 5.Селевко Г.К. Энциклопедия образовательных технологий: в 1-х т. - М.:НИИ школьных технологий,2006. - 816с.
- 6.Таубаева Ш.Т., Иманбаева С.Т., Берікханова А.Е. Педагогика. Оқулық. Баспаға Абай атындағы ҚазҰПУ-і жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік Кеңесінің «Білім» тобындағы мамандықтары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігі ұсынған. -Алматы: «ОНОН» баспасы. 2017. – 336 б.
- 7.«Білімді ел - Образованная страна» №20 (57), 25.10.2016.

МРНТИ 14.01.09

Ұ.М.Әбдіғанбарова¹

*¹п.ғ.д. профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан*

**БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЫ КӘСІБИ ДАЯРЛАУ ҮДЕРІСІНЕ ДУАЛЬДІ ОҚЫТУ
ЭЛЕМЕНТТЕРІН ЕНДІРУДІҢ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕМЕСІ**

Аңдатпа

Мақалада жоғары педагогикалық білім беруге дуальді оқыту элементтерін ендірудің практикалық алғышарттары ғылыми тұрғыдан негізделген. Осы мәселенің бүгінгі таңда зерттелу жағдайы көрсетілген. Қазақстан Республикасының педагогикалық жоғары оқу орнын бітірушілермен жүргізілген сауалнама нәтижелері ұсынылған. Қазақстан мен Германия жұмыс берушілерімен өткізілген сұхбаттасу мен әңгімелесу сауалнамасына талдау берілген.

Алынған нәтижелер негізінде болашақ педагогтың кәсіби даярлау үдерісіне дуальді оқыту элементтерін ендірудің көкейкестілігі мен мақсатқасәйкестігі айқындалған. Жүргізілген сауалнамалардың теориялық және практикалық маңыздылығы зерттеп отырған мәселенің практика сұранысынан шығуымен анықталады. Зерттеу нәтижесінде заманауи педагогты кәсіби даярлау үдерісіне дуальді оқыту элементтерін ендіру бойынша әдістемелік ұсыныстар әзірленген.

Түйін сөздер: дуальді бағдарлық оқыту, заманауи педагогты кәсіби даярлау үдерісі, дуальді оқыту элементтерін ендіру.

У.М.Абдиганбарова¹

*¹д.п.н., профессор, КазНПУ имени Абая,г. Алматы, Казахстан
E-mail: abdigapbarova_um@mail.ru*

**НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЕ ОСНОВАНИЯ ВНЕДРЕНИЯ ЭЛЕМЕНТОВ ДУАЛЬНОГО
ОБУЧЕНИЯ В ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКЕ БУДУЩЕГО ПЕДАГОГА**

Аннотация

В статье научно обоснованы практические предпосылки внедрения дуально-ориентированного обучения в высшее педагогическое образование. Изложено современное состояние и уровень изученности данной проблемы. Представлены результаты анкетирования выпускников педагогических вузов РК и опроса работодателей Казахстана и Германии, позволяющие обосновать актуальность и целесообразность внедрения элементов дуального обучения в процесс профессиональной подготовки будущего учителя.

Результаты проведенного опроса имеют практическую и теоретическую значимость, так как позволяют обосновать исследуемую проблему с позиции запросов практики. Разработаны методические рекомендации по внедрению элементов дуального обучения в процесс профессиональной подготовки современного педагога.

Ключевые слова: дуально-ориентированное обучение, процесс профессиональной подготовки современного педагога, внедрение элементов дуального обучения.

Abdigapbarova U.¹

¹*Doctor of Education, professor, Abai Kazakh National Pedagogical University
Almaty, Kazakhstan*

SCIENTIFIC AND PRACTICAL BASES FOR THE IMPLEMENTATION OF ELEMENTS OF DUAL TRAINING IN THE PROFESSIONAL TRAINING OF A FUTURE TEACHER

Abstract

The article substantiates the relevance of the introduction of dual-oriented education in higher pedagogical institution. The current state and level of this studied problem are described. The article presents the results of a survey of pedagogical university graduates of Kazakhstan and employers of Kazakhstan and Germany, to justify the relevance and feasibility of dual-oriented training introduction in the process of professional training of modern teachers.

The results of the survey include practical and theoretical significance, as they allow justifying the problem from the standpoint of practice requests. Methodical recommendations are developed on introduction of elements of dual education in the process of professional training of the modern teacher.

Keywords: dual-oriented training, the process of professional training of a modern teacher, the introduction of elements of dual education

Заманауи педагог бәсекеге қабілетті болуы үшін кәсіби құзыреттілігі қалыптасқан, практикалық тәжірибеге бейім, өзінің болашақтағы кәсібіне қызығушылығы басым, кәсіби-тұлғалық сапалары дамыған, білімді де білікті маман болуы тиіс. Осыған байланысты мұғалімдердің кәсіби даярлығын реформалау мемлекеттің ұлттық саясатының құнды басымдықтары қатарынан табылады. Қазақстан Республикасы Президентінің халқына Жолдауларында, Қазақстан Республикасының 2016-2019 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында педагогтың адам капиталын қалыптастыруға ықпалының басымдығы, білім беру жүйесіндегі проблемаларды шешудегі аса маңыздылығы басым көрсетіліп, оларды кәсіби даярлау мазмұнының сапасын жақсарту мен бәсекегеқабілеттілігін арттыру бағытында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесін әлемдік озық үдерістермен жаңғырту міндеттелген. Өйткені қазіргі педагогтың кәсіби даярлығы «Қазақстан – 2050» Стратегиясы», «100 нақты қадам» Ұлт жоспарындағы стратегиялық міндеттерге толық жауап бере алмай отыр. Заманауи мұғалімді кәсіби даярлау жүйесінде бірқатар кемшіліктер орын алып отырғандығы ақиқат:

В Болашақ мұғалімнің кәсіби даярлығының практикалық-бағдарлық құрамының әлсіздігі, оны жүзеге асыруда педагогикалық жоғары білім берудің әдіснамалық, нормативтік, оқу орнының бағдарламалық-әдістемелік және технологиялық қорының сәйкессіздігі, жоғары педагогикалық білім беруді жаңғыртуда теориялық және практикалық тәсілдердің жеткіліксіз жасалуы;

В педагогикалық білім беру мазмұнын қалыптастыруда практика сұраныстарының толық есепке алынбауы; білім беру ұйымдарының әр түрлі деңгейлерінде оқытудың формалары мен әдістерінің сабақтастығы механизмдерінің бұзылуы;

В педагогикалық білім беру стандарттары мен бағдарламаларының сабақтастығын құруға ғылыми негізделген тәсілдердің жоқтығы; педагогикалық ЖОО мен жұмыс берушілердің серіктестігінің дамымауында көрініс табатын, үздіксіз педагогикалық білім берудің барлық деңгейлерінде мемлекеттік білім беру стандарттарының сабақтастығын ендіру механизмінің жетілдірілмеуі [1].

Осы айтылып өткендер болашақ мұғалімнің практикалық даярлығын күшейту қажеттілігін арттырады. Осыған байланысты теориялық даярлығы жоғары оқу орнында, ал практикалық даярлығы бала бақшаларда, мектептер мен колледждерде қатар жүруді жүзеге асыратын дуальді оқыту өзекті болып табылады.

Бүгінгі таңда Қазақстанда дуальді оқыту орта білімнен кейінгі техникалық және кәсіптік білім беру (ТжКББ) ұйымдарында табысты жүзеге асырылып келеді. Осы тәжірибе дуальді оқытуды ендірудің теория мен практика арасындағы алшақтықты жоятындығын; білім алушының оқу мен жұмысқа практикалық дағдысын игеру түрткісін жоғарылататындығын, мекеме басшысының өзінің қызметкерін практикалық оқытуға қызығушылығы болатындығын және т.б. артықшылықтарын көрсетті. Елбасының халыққа Жолдауларында дуальді оқытуды ендіру туралы қағидаттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі, БжҒМ жүзеге асыру мақсатында оның нақты жолдарын анықтады. Мамандарды колледждер мен ЖОО және өндіріс мекемелерінде даярлау бойынша оқу орталықтарын, біліктілігін арттыру мен қайта даярлау институттарын құру және олардың іске асуын қамтамасыздандыратын іс-шараларды қамтитын дуальді оқыту бағдарындағы Жол картасы жасалып Үкімет Қаулысымен бекітілген [2].

Дейтұрғанмен, Қазақстанда дуальді педагогикалық білім беру – игерілмей жатқан «тың» болып табылады. Әйтсе де, болашақ педагогтарды даярлаудың дуальді жүйесінің пайда болуы мен дамуын зерделеуге арналған теориялық және ғылыми-практикалық зерттеудер Батыс Еуропаның бірқатар елдерінде Германия, Австрия, Нидерланды, Ұлыбритания (Шелтен, К.В. Штратман, Н. Stegmann, A.Rakhkochkine және т.б.) жүргізіліп келеді [3]. Ресейде дуальді білім беру әлеуметтік серіктестік идеясынан туындап, білім беру ұйымдарының жаңа принциптері тұрғысынан зерттеле бастады (В.А. Поляков, И.П. Смирнов, Е.В. Ткаченко, А.К.Корнев, В.А.Тешев және т.б. [4]. Бұл проблема қазақстандық ғалымдар үшін де болашақ мұғалімді кәсіби даярлаудың альтернативасы тұрғысынан қызығушылық тудырып отыр (С.А.Жолдасбекова, Э.Т.Толыбаева, Кебекбаева Р.Н, П.Н.Балташ, К.Ж.Бұзаубакова, Ж.Н.Күмісбекова, С.А.Әубәкірова, Д.П.Қожамжарова, Ұ.М.Әбдіғабарова және т.б.) [5,6].

Педагогика ғылымында «дуальді білім беру», «дуальді оқыту» ұғымдары ендірілген (Родиков В.С., Зайцева Н.Н., Карпова Т.Ю., Кореньков В.С., Ильин С.Т. С.Б.Кузембаев, М.К.Альжанов, Д.Д.Нурмагамбетов, Ж.Н.Атамбаев, Г.Т.Аймагамбетова). Қазақстанда орта білімнен кейінгі білім беру жүйесінің білім беру бағдарламаларына дуальді оқытуды ендірудің моделі жасалған (С.Б.Кузембаев, Ж.Н.Атамбаев и др.) ол эксперимент жүзінде жүзеге асырылуда (421 колледж, 2433 – мекеме 80 мамандық бойынша).

2016 жылдан бастап жоғары кәсіптік білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандартында 60% теориялық оқуға 40% практикалық оқудың қатынасы белгіленген. Дейтұрғанмен, оның әдіснамалық негіздерінің жасалмауы оны практикада іске асыруда айтарлықтай қиындықтар тудырады.

2108 жылдың наурыз айынан бастап ҚР Білім және ғылым министрлігінің гранты негізінде Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің базасында профессор Ұ.М.Әбдіғабарованың жетекшілігімен «Дуальді-бағдарлық оқыту – болашақ мұғалімнің кәсіби даярлығын жетілдірудің шарты» атты ғылыми жоба орындалу үстінде. Осы жоба аясында Қазақстандағы педагогикалық жоғары оқу орнын бітірушілерден сауалнамалар алынды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен Германияның білім беру саласында қызмет ететін жұмыс берушілермен сұхбаттасу, әңгімелесу сауалнамалары жүргізілді.

06.04.2018 ж. – 11.05.2018 ж. аралығында жүргізілген сауалнамаға Абай атындағы ҚазҰПУ, ҚазМемҚызПУ, Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ, Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты, Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының 5В010200 – Бастауышты оқыту педагогикасы мен әдістемесі, 5В010500 – Дефектология, 5В010300 – Педагогика және психология, 5В012300 – Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандықтары бойынша 1760 бітіруші қатысты. Сауалнама болашақ педагогтардың ЖОО кәсіби даярлығына қанағаттану дәрежесін, кездесетін қиындықтарын, кәсіби даярлық үдерісін жақсартудағы ойларын анықтауға арналған 18 сұрақтан тұрды. Сауалнама нәтижесінде жауап берушілердің дені 95%-ы педагог мамандығының бүгінгі таңда аса маңыздылығын және жоғары оқу орнындағы кәсіби даярлыққа қанағаттанатындығын атап өтті, дейтұрғанмен олардың 84%-ы жоғары оқу орнында практика сағаттарын көбейтсе, 74%-ы жоғары оқу орнының мектептермен және колледждермен тығыз өзара байланыстағы серіктестігі жүзеге асырылса деген тілектерін айтты. 82%-ы практикалық сабақтарды көбейтсе, соның ішінде 21%-ы арнайы пәндердің сағаттары көбейтілсе деген пікір білдірді. Сондай-ақ, олардың 65%-ы кәсіби даярлықта меңгерілетін практикалық-бағдарлық пәндердің лабораториялық, практикалық сабақтары мектептерде, колледждерде өткізілсе кәсіби құзыреттіліктерінің тиімді қалыптасуына ықпал етеді, деген ойларын білдірді. 62%-ы жоғары оқу орнындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын талқылауға мектеп әкімшілігінің, әдіскерлердің қатысқанын жөн санады, өйткені орындалатын диплом, диссертациялық жұмыстардың бүгінгі практиканың өзекті проблемасының шешімін табуға септігін тигізуге көмектеседі, деп ойлады.

Сонымен пилоттық сауалнама педагог кадрларды даярлау үдерісінің практикалық бөлігін көбейтуді, жоғары оқу орны, мектеп, колледж іс-әрекеттерінің, білім беру орталықтарының ықпалдастығында, тығыз серіктестіктігінде даярлауды жүзеге асыратын инновациялық жүйені ендіру қажеттілігін көрсетті

Ал, жұмыс берушілерге арналған сауалнама 20 сұрақтан құралды. 02.04.2018 ж. – 20.05.2018ж. аралығында Жамбыл облысы, Ақтөбе облысы, Алматы облысы, Алматы қаласынан 379 директор мен директор орынбасарларынан (мектеп, колледж) сұхбаталынды. Нәтижесінде жұмыс берушілердің жауаптары үш топқа топтастырылды. Бірінші топты қазіргі педагогикалық жоғары оқу орындарын бітірушілердің теориялық білімдері мен практикалық даярлықтары, әлеуметтік-психологиялық дағдыларының деңгейі қанағаттандырады, екінші топ болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлауда жоғары оқу орны, мектеп, колледж іс-әрекеттерінің ықпалдастығын жүзеге асырудың қажеттігін ұсынушылар; үшінші топ педагогикалық практиканы өткізу, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу аясында жоғары оқу орнының мектеппен, колледжбен әлеуметтік серіктестікте болуы тиістігін көрсеткендер. Екінші топ пен үшінші топ ойларының бір жерден шығуы және олардың басымдығы, заманауи педагогты кәсіби даярлау үдерісіне дуальді-бағдарлық оқытуды ендіру қажеттілігін дәлелдей түседі.

Дегенмен, қазіргі уақытта дуальді оқытуды болашақ мұғалімнің кәсіби даярлығына толығымен енгізу, көшіре салу мүмкін емес. Өйткені олардың кәсіби даярлығындағы теориялық және практикалық құрамдарының пайыздық көрсеткішін теңестірудің әдіснамалық-ұйымдастырушылық тұрғыдан негіздері жасала қойған жоқ, ол *біріншіден*. *Екіншіден*, мұғалімнің жұмыс орны «жанды үдеріс», яғни «субъект-субъект» қатынасында жүзеге асады, сол себепті ол үдеріске (дуальді жүйе принципіндегі студенттің оқу орнында теориялық білім алуы мен өндірісте жұмыс істеуінің қатар жүргізілуі) кәсіби тұрғыдан базалық білімі жоқ, кәсіби-тұлғалық сапалары қалыптаса қоймаған, өмірлік тәжірибесі жеткілікті қалыптаспаған 1-2 курс студенттерін жіберу мүмкін емес. *Үшіншіден*, дуальді жүйені жоғары педагогикалық білім беруде жүзеге асырудағы қиындықтар себептерінің анықталмауы және оны ендірудің механизмі жасалмауы да бұл мәселенің теориялық-практикалық тұрғыдан зерттеле түсуін қажет етеді.

Қазіргі жағдайда болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлауда дуальді оқытудың элементтерін ендіру туралы ғана сөз етіп, оны дуальді-бағдарлық оқыту тұрғысынан қарастырып отырғанымыз сондықтан.

Аталған мәселенің күрделілігі дуальді білім берудің отаны - Германияның болашақ мұғалімдерді даярлау үдерісіне дуальді оқытуды ендірудің қазіргі жағдайын анықтау қажеттілігін туындатты. Осы мақсатпен 2018 жылдың 20-29 қазан аралығында Германияның білім беру саласында қызмет ететін 41 жұмыс берушіден сауалнама алынды. Сауалнаманы талдау нәтижесінде қазіргі уақытта Германияның Бавария, Саксония жерлерінде педагог кадрларлардың тапшылығы байқалды. Мектеп, кәсіптік училище, колледждерде сабақ беретін мұғалім оқытушылардың кәсіби даярлығын жетілдіру қажеттілігінің маңыздылығы және өзектілігі басымдығы көрінді. Болашақ мұғалімдердің практикалық даярлығына респонденттердің 47%-ы қанағаттанатынын айтты, 50%-ы болашақ мұғалімнің кәсіби деңгейін көтеру үшін практикалық сабақтардың мерзімін ұлғайту қажет деп есептейді. 72%-ы мұғалімдердің біліктілігінің теориялық деңгейін оң бағалады, өз ойларын бастауыш мектептің мұғалімдерінің алған теориялық білімдерін өз кәсіби қызметінде пайдалана алатындығымен негіздеді. 50%-ы қазіргі уақытта олардың практикалық біліктілігінің өзектілігі мен оны практикада қолдану үшін жеткіліктілігін атай отырып, жоғары оқу орындарында практикалық даярлықтарын арттыру қажеттігін жоққа шығармады. Респонденттер дуальді-бағдарлық оқыту жүйесін педагогикалық үдерістің маңызды бөлігі санайды. Мұғалімдердің ұжымда байланыс орнату қабілеттілігі көбінесе жеке сипатқа байланысты психологиялық санаттарда көрсетіледі, оның дәлелі ретінде сұралғандардың 65%-ы экстраверттер ұжымда жақсы қарым-қатынас жасайды деп жауап берді. 82%-ы кәсіби қарым-қатынас мәдениеті педагогикалық мамандықтардың ерекшелігіне сәйкес келетіндігіне мән берді. Тәртіптілік пен орындаушылық жоғары бағаланды, оны жұмыс берушілердің 80%-ының оң бағалауынан көруге болады. Мұғалімдердің өзін-өзі жетілдіруі, атап айтқанда, жеке және кәсіби өсуі мұғалімдердің өзін-өзі ұйымдастыруына және өзін-өзі дамытуынан талап етіледі, бұл жауап берушілердің 44%-ының тұлғаның сапасына қанағаттанатынымен расталады. Сондай-ақ, «Сіздің ұйымыңыздың болашақ мұғалімдерді дайындайтын жоғары оқу орнымен тікелей байланыста болуын қажет деп санайсыз ба?» деген сұраққа жұмыс берушілердің 92%-ы «Иә» деп жауап берді. 89%-ы ұйым үшін маңызды мамандықтарды ұйымдастыру бойынша білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және кәсіптік-педагогикалық білім беру үдерісін жоспарлауға қатысуды маңызды және қажет деп санайды. «Педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттері сіздің ұйымыңыздағы мамандықтар бойынша тағылымдамадан өтуге мүдделі ме?» деген сұраққа: 39%-ы студент-практиканттарға еңбекақы төлеуді; 27%-ы жартылай немесе толық еңбекақы төлеуді қолдайды. 87%-ы болашақ мұғалімдерді кәсіптік даярлаудың негізгі артықшылықтарын

атады. Сондай-ақ, респонденттер мектеп пен университеткафедрасы арасындағы байланыстың күшейтілуі қажеттілігін, бірінші фазадағы бағдарлық практиканың тікелей бақылауға алынуы тиістігін, педагогикалық практика санының көбейтілгені дұрыс екендігін айтады.

Осы тұста Германияның болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығының негізі саналатын «үш фазалық оқытуға» тоқталатын болсақ, бірінші фазасы мұғалім мамандығының түрлеріне қарай мерзімі 4-5 жылдан тұрады және төрт практиканы (бағдарлық, дидактикалық, педагогикалық, өндірістік) құрайды. Бірінші фазаны тамамдаған студент бірінші мемлекеттік емтиханға жіберіледі. Оны табысты тапсырған студентке сертификат беріледі де ол екінші фазаға баруға мүмкіндік алады. Екінші фазада студент мектепте (екі түрлі мектепте) екі жыл жұмыс істейді. Содан кейін үшінші фазаға біліктілігін көтеруге жіберіледі. Оның соңында екінші мемлекеттік емтихан тапсырады. Екінші мемлекеттік емтиханды табысты тапсырғаннан кейін ғана мұғалім біліктілігін растайтын диплом беріледі. Сонымен Германияда мұғалім біліктілігіне ие болу үшін кем дегенде 7 жыл оқиды және мұғалімдерді кәсіби дарлаудың екінші фазасы толығымен олардың практикалық дағдыларын шыңдауға арналады. Ал бұл болса, Германияның болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлық үдерісіне дуальді оқыту элементтерінің ендірілгенін дәлелдейді.

Сауалнамаға жауап берушілер Лейпциг университетінің білім беру орталығындағы баламалы білім беру үлгісі – «мұғалімдерді дуальді даярлау бағдарламасының» мәніне терең тоқталды. Оның артықшылықтары мен кемшіліктеріне мән берді. Жұмыс берушілер дуальді-бағдарлық позицияда ұйымдастырушылық және ынталандыру функциясы басымдыққа ие болатындығы туралы ортақ пікірге келді (дуальді-бағдарлық оқыту үдерісінің барлық қатысушыларымен өзара әрекеттесуде білім алушыны біртұтас тұлға ретінде қарау қажеттілігінің маңыздылығы атап өтілді).

Германияда және Қазақстан Республикасындағы дәстүрлі және дуальді-бағдарлық білім берудің салыстырмалы талдауына негізделген, жоғары оқу орындарындағы оқу үдерісінің идеологиялық және функционалды-дидактикалық құрылымын өзгертуге бағытталған дуальді оқыту элементтерін енгізу бойынша талқылауға қатысқан Германияның Нюрнберг-Эрланген университетінің гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы, профессор Вольфген Пайффер; көптүрлілік педагогикасының кафедра меңгерушісі, профессор А.А.Рахкошкин, педагогикалық білім беру Орталығының жетекшісі, доктор Анна Гинкель (Германия, Бавария); Бавария федеральдық аймағы Білім министрлігінің практикаға арналған кеңес беру орталығының жетекшісі, профессор Клаусс Ваилд; Лейпциг университетінің мұғалімдерді оқыту және зерттеу орталығының атқарушы директоры Александр Бидерман, жетекші қызметкері Саймон Полворз (Германия, Саксония) және Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессорлары Ұ.М. Әбдіғабарова, Н.Б. Жиенбаева Қазақстан Республикасының болашақ мұғалімдерді даярлау үдерісіне дуальді оқыту элементтерін ендірудің орны мен рөлін анықтауда сұхбаттасу негізде алынған талдаулар мен сипаттамалар алғышарттар жасайтындығы туралы ортақ пікірге келді.

Жоғарыда айтылғандарға негізделе келе әдістемелік нұсқаулар әзірленді:

В Арнайы педагогика мамандығындағы студенттердің бейіндеуші практикалық курстарын оқушылардың сөйлеуін, практикалық дағдыларын, әлеуметтенуін дамытуға арналған тиісті мектептерде өткізуді қарастыру;

В Оқытушылардың студенттермен жүргізетін өзіндік жұмысының әртүрлі нысандарын жүзеге асыруда менторларды (бастауыш мектеп мұғалімдерін) бекіту;

В Жоғары оқу орындарындағы білім берудің модульдік форматына сәйкес, жұмыс оқу жоспарына дуальді білім берудің элективті пәндерін енгізу (мысалы Абай атындағы ҚазҰПУ-нде 6D010500 – Дефектология мамандығы бойынша «Дефектологтарды даярлаудағы дуальді оқыту», «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы үшін «Дуальді оқытудың негіздері» пәнінің ПОӘК жасалып, оқытылуда).

В Оқушыны (сыныптың), студентті (топтың) оқу үдерісінде сүйемелдейтін жоғары оқу орны және колледж оқытушыларымен, мектеп мұғалімдерімен бірлесіп әзірленген психологиялық-педагогикалық карта

В Студенттердің бастауыш сынып оқушыларының ұзартылған күн үдерісіндегі кәсіби іс-әрекетке қатысуы негізінде өзінің практикалық даярлығын жетілдіру (өзін-өзі дайындау)

В Ғылыми зерттеулерді жобалауда мектеп, колледж мен жоғары оқу орнының ынтымақтастығы (үштілділік, цифрландыру, өзін-өзі тану және т.б.);

В «Университеттің мектептегі күні», «мектептің университеттегі күні», «мектеп – колледж – ЖОО» бағыты бойынша ғылыми-практикалық іс-шаралар (оқу-әдістемелік кешендер, оқу-әдістемелік құралдар, оқулықтар, конференциялар, семинарлар және т.б.) өткізу және т.б.

Сонымен дуальді бағдарлық оқыту үдерісінің негізгі міндеттерін жүзеге асыруда мұғалімдер, студенттер және білім алушылар, мектеп, колледж, университет бірлесіп жұмыс жасайды. Ал бұл болса, болашақ мұғалімінің кәсіби қызығушылығының артуына, кәсіби анықталуына, практикалық дағдысының шындалуына септігін тигізеді. Оның кәсіби іс-әрекетке жоғары деңгейдегі дайындығынан жас ұрпақтың сапалы білім алуы мен саналы, оң тәрбиесі талап еіледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- Әбдіғанбарова Ұ.М. Жоғары педагогикалық білім беруге дуальді-бағдарлық оқытуды ендіру өзектілігі. Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Арнайы педагогика №2. 2018
- Постановление Правительства Республики Казахстан от 15.10.2014г. № 1093 «Об утверждении Дорожной карты дуальной системы образования...».
- Wissenschaftsrat (Hrsg.) Empfehlungen zur Entwicklung des dualen Studiums - Positionspapier. Mainz, 2013. - p. 24-32
- Корнев А.К. Дуально-ориентированная подготовка педагога профессионального обучения в формате образовательно-производственного кластера вуза. – Среднее профессиональное образование №6. – Москва, 2014. – с.26-27
- Балташ П.Н., Жолдасбекова С.А. и др. К вопросу развития системы образования Казахстана в дуальном формате. – 2015. – [www.http://gigabaza.ru](http://gigabaza.ru)
- Бұзаубақова К.Ж., Ж.Н.Күмісбекова, С.А.Әубәкірова «Педагогикалық кадрларды дайындауда дуальді оқыту жүйесін енгізу және жүзеге асыру» Қарағанды университетінің хабаршысы. 2015. – С 47-51
- Абдуллаева Г.О. «Психолого-педагогические основания дуально-ориентированного обучения в процессе профессиональной подготовки будущего учителя». Вестник КазНПУ имени Абая. Серия «Психология». - №3. - 2018.
- Әбдіғанбарова Ұ.М., Жиенбаева Н.Б. Германия және Қазақстан Республикасының болашақ мұғалімдерді даярлау үдерісіне дуальді оқыту элементтерін ендіру. "Мұғалім шеберханасы" - Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал. - №10. – 2018.

УДК 378.12:371.13

МРНТИ 14.07.03

М.Ж. Жилгильдинова¹

докторант, Евразийского Национального университета имени Л.Н. Гумилева,
г. Астана, Казахстан

ФАКТОРЫ ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ЛИЧНОСТНОГО САМОРАЗВИТИЯ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ

Аннотация

• настоящее время проблема совершенствования профессионализма педагогических кадров для высшей школы, безусловно, является актуальной. Прежде всего, это связано со значительными изменениями в системе Казахстанского образования. В современных условиях постоянного изменения содержания образования, модели выпускника (как следствия изменения социального заказа государства, общества, родителей), педагог обязан быть готовым к постоянному профессиональному росту, свободно ориентироваться в своей профессии и в смежных областях деятельности.

Статья посвящена актуальной проблеме, изучению личностного и профессионального саморазвития будущего педагога. В статье рассмотрены факторы профессионально - личностного саморазвития педагогов; раскрыты возможности психологического сопровождения формирования педагогической позиции. Сопровождение трактуется как помощь и поддержка будущего педагога в процессе его профессионального и личностного развития.

Ключевые слова: саморазвитие, профессионально-личностное саморазвитие, факторы саморазвития, стимулирование.

М.Ж. Жилгильдинова¹

докторант, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана қ., Қазақстан

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ-ТҮЛҒАЛЫҚ ӨЗІН-ӨЗІ ДАМУЫ ФАКТОРЛАРЫ

Аңдатпа

Қазіргі уақытта жоғары мектеп үшін педагогикалық кадрлардың кәсібилігін жетілдіру мәселесі өзекті болып табылады. Ең алдымен, бұл қазақстандық білім беру жүйесіндегі елеулі өзгерістерге байланысты. Білім беру мазмұнын, түлектің моделін (мемлекеттің, қоғамның, ата-аналардың әлеуметтік тапсырысының өзгеруінің салдары ретінде) тұрақты өзгертудің қазіргі жағдайларында педагог тұрақты кәсіби өсуге дайын болуға, өз кәсібінде және аралас қызмет салаларында еркін бағдарлануға міндетті.

Мақала өзекті мәселеге, болашақ педагогтың тұлғалық және кәсіби өзін-өзі дамуын зерттеуге арналған. Мақалада педагогтардың кәсіби - тұлғалық өзін-өзі дамыту факторлары қарастырылған; педагогикалық ұстанымның қалыптасуын психологиялық қолдау мүмкіндіктері ашылды. Сүйемелдеу болашақ педагогтың кәсіби және жеке даму процесінде көмегі мен қолдауы ретінде түсіндіріледі.

Түйінді сөздер: өзін – өзі дамыту, кәсіби-тұлғалық өзін-өзі дамыту, өзін-өзі дамыту факторлары, ынталандыру.

M.J.Zhilgildinova¹

*doctoral, urasian National University named after L.N. Gumilyov,
Astana, Kazakhstan*

FACTORS OF PROFESSIONAL AND PERSONAL SELF - DEVELOPMENT OF FUTURE TEACHERS

Abstract

At present, the problem of improving the professionalism of teaching staff for higher education is certainly relevant. First of all, this is due to significant changes in the system of education in Kazakhstan. In modern conditions of constant changes in the content of education, the model of the graduate (as a consequence of changes in the social order of the state, society, parents), the teacher must be ready for continuous professional growth, freely navigate in their profession and in related fields.

The article is devoted to the actual problem, the study of personal and professional self-development of the future teacher. The article considers the factors of professional and personal self-development of teachers; reveals the possibility of psychological support of the formation of pedagogical position. Support is interpreted as the help and support of the future teacher in the process of his professional and personal development.

Key words: self – development, professional and personal self-development, factors of self-development, stimulation.

13 настоящее время анализ проблемы профессионально – личностного саморазвития является актуальным и своевременным в психолого – педагогической науке. Так как, общественное сознание в силу прогрессирующего потока информации находится в состоянии поиска новых возможностей для реализации своих целей. Анализ теоретико – методологической литературы указывает на то, что существующие на данном этапе научные направления и школы раскрывают различные свой взгляды на те, условия, которые могут способствовать развитию личности как с духовной, интеллектуальной так и с физической стороны их развития.

Задача нашего теоретико – практического исследования заключается в том, чтобы определить и выделить основные факторы, обуславливающие профессионально – личностное саморазвитие, рассмотреть их взаимообусловленность.

На сегодняшний день существует несколько точек зрения, объясняющих сущность процессов психического развития личности. Остановимся несколько подробнее на некоторых из них. В рамках нашего исследования исторически первым в объяснении процессов психического развития человека выступил эволюционно – биологический подход (С. Холл, Д.Болдуин, З.Фрейд и др.) Фундаментом

данного подхода является биогенетический закон Э.Геккеля, «в онтогенезе каждый индивидуальный организм непосредственно воспроизводит путь филогенетического развития; происходит повторение развития предков от общего корня, к которому данный организм относится» [1, с.38].

Автор теории рекапитуляции С. Холл определил то, что последовательность и содержание эволюционного и культурного развития, которое прошел человеческий род, заданы генетически и поэтому ни уклониться, ни пропустить одну из стадий своего развития не может. [2, с.40].

Таким образом, особо заинтересованным и спорным аспектом в общебиологической позиции является определения понятия «развитие» Развитие в их понимании – это, прежде всего «созревание», «рост» по уже существующей программе, и личность в данном случае представляется лишенной собственной активности [2, с.22], продуктом действия фатальных биологических факторов, и ее развитие носит спонтанный характер. Наряду с данным утверждением в психологии признается бесспорным также и тот факт, что биогенетические предпосылки определяют психическое развитие личности. В свою очередь представители научных школ (В.Г. Ананьев и В.Н. Мясищев, А.С. Выготский и А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн, Б.М. Теплов, Д.Н. Узнадзе) трактуют понимание данных предпосылок как факторов, которые, по мнению А.Г. Асмолова, «намечают диапазон возможностей развития личности». Б.Г. Ананьев в своем определении ввел понятие «индивидуальные свойства», которое, значительно отличается от термина «индивидуальные свойства», однозначно и определенно ориентирует на изучение именно органических предпосылок личности. Наивысшей интеграцией индивидуальных свойств, по его мнению, являются темперамент и задатки [3, с 26].

С.Л. Рубинштейн в своем утверждении понимал под темпераментом следующее «динамика психической деятельности (ее абсолютную силу, постоянство во времени, адекватность изменившимся условиям), скорость (абсолютную амплитуду колебаний), темп и ритм» [4, с. 194]. Он подчеркивал, что эти «особенности проявляются не в отдельно взятых психических процессах, а во всей деятельности, в протекании всех психических процессов» [4, с. 194].

Таким образом, в психологии выделяется биогенетический фактор, непосредственно влияющий на развитие личности. Однако его роль в процессе развития личности однозначно не определена, поскольку проявляется в деятельности, во взаимоотношениях с окружающими. Л.С.Выготский считал, что высшие психические функции не могут быть поняты без биологического изучения. В.С Мухина также утверждает, что «биологическое в человеке прочно соединено с социальным, и разделить их можно лишь теоретически» [1, с. 5.]. Другим фактором, определяющим личностное развитие, является социальная среда. В зарубежной психологии этой точки зрения придерживались В. Штерн, Э. Эриксон, П. Жане, И. Мид и др. Так, по В. Штерну, эволюционно-биологический подход к объяснению психического развития предстает в форме «теории двух факторов и их конвергенции). По его мнению, внутренние особенности составляют фактор психического развития, а вторым фактором выступает влияние окружающей среды - природной и общественной [5 - С. 44]. Исследования М. Мид показывают, что характер и способности людей в решающей степени зависят от того, чему они учатся. Она утверждает, что человеческая природа очень «пластична», точно и специфично реагирует на различные социальные условия.[5- С. 44]. В психологии проблема влияния окружающей среды, прежде всего социальной, на психическое развитие человека разрабатывалась С.Л. Рубинштейном, Л.С Выготским, А.Н. Леонтьевым, Д.Б. Элькониним и др. По мнению Л.С. Выготского, движущей силой психического развития человека является обучение. Он различает процессы развития и обучения. «Развитие есть процесс формирования человека или личности, совершающийся путем возникновения на каждой новой ступени новых качеств, специфических для человека, подготовленных всем предшествующим ходом развития, но не содержащихся в готовом виде на более ранних ступенях» [6, 301 с.]. Обучение есть внутренний, необходимый момент в развитии у ребенка не природных, но исторических особенностей человека. Обучение создает зону ближайшего развития, т.е. вызывает у ребенка интерес к жизни, пробуждает и приводит в движение внутренние процессы развития, которые вначале для ребенка возможны только в сфере взаимоотношения с окружающими, а затем становятся достоянием самого ребенка [7, с. 184]. Ключом к пониманию роли социальных условий в развитии личности является и предложенное Л.С. Выготским понятие «социальная ситуация развития). Он рассматривает окружающую среду как движущую силу развития личности, условие осуществления деятельности человека и понимает её как «соотношение двух определяющих характеристик». Одна из них - объективная, т.е. социальная среда непосредственно; другая - субъективная

7 отношение человека к этой среде. Это соотношение и составляет внутреннюю логику развития личности. Несколько иначе определяет значение окружающей среды для личностного развития В.П. Зинченко. Он пишет, что среда для организма не движущая, а «приглашающая» сила, не столько

С целью эффективной реализации принципа преемственности и формирования ценностного и личностного компонентов в процессе подготовки будущих учителей начальных классов, нами был разработан и внедрён в педагогический процесс вуза элективный курс. Элективный курс был определен как «Преемственность содержания профессиональной подготовки учителя начальных классов», направленный на развитие личностного опыта и личностных качеств, педагогических способностей и педагогического мышления, формирование ценностных ориентаций, творческую самоактуализацию и самореализацию возможностей будущих учителей.

2. процессе изучения содержания данного курса, обучающиеся овладевали такими умениями как:

8. применение на занятиях способов развития выразительности, образности, гибкости мышления;
9. осуществление взаимодействия с учениками, привлечение и удержание их внимания;
10. совершенствование педагогических способностей.

содержание элективного курса включены задания, направленные не только на выявление обучающимися у себя каких-либо педагогических способностей, но и задания направленные на осознание возможности их применения в определённых педагогических ситуациях. Для развития у обучающихся таких качеств, как креативность, гибкость, владение навыками профессионального самосознания, рефлексии, акцентировано внимание на творческие задания, которые призваны формировать личностный г. ценностный компонент.

Связь между учебными предметами проявляется, прежде всего, отражением объективно существующей связи между отдельными науками и связи наук с техникой, с практической деятельностью людей. Необходимость связи между учебными предметами диктуется также дидактическими принципами обучения, воспитательными задачами начальной школы, связью обучения с жизнью, подготовкой учащихся к практической деятельности.

Таким образом, преемственность означает процесс развития будущего учителя путем осмысления, взаимодействия старых и новых знаний, прежнего и нового опыта. Преемственность является фактором повышения эффективности образования, обеспечивающим непрерывность, эстафетность образовательного процесса, качественную подготовку специалистов на более высоком уровне.

Список использованной литературы:

В Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы. // Казахстанская правда, 14 декабря, 2010.

В Государственный общеобязательный стандарт Республики Казахстан. - Астана, 2010. - 43 с.

В Баллер Е.А. Преемственность в развитии культуры. - Москва: Наука, 1969. - 294 с.

В S.Fejzuldaeva¹, K.Ybyraimzhanov², P.Ishanov³, G. Mailybaeva⁴, A.Beisenbaeva⁵. Vocational training of future elementary school teacher by means of realization of inter-subject continuity *Opcción*, Año 34, No. 85-2 (2018): 479-516. ISSN 1012-1587/ISSNe: 2477-9385.

В Кыверялг А.А. Сущность преемственности и её реализация в обучении // Преемственность в обучении учащихся предметам естественно-математического цикла в школе и среднем ПТУ: Метод. Рекомендации. -М.: Изд-во АПН ССР, 1984. 6-20с.

В Мороз А.Г Пути обеспечения преемственности в самостоятельной учебе учащихся средней общеобразовательной школы и студентов вуза [Текст]: (на материале школ и вузов УССР): автореф.дис. ... канд. пед.наук / А.Г. Мороз. –Киев. 1972. 21с.

В Барышникова Н.Г Преемственность формирования учебной деятельности студентов педагогического вуза: дис. ... канд. пед. наук. – Барнаул, 2000. – 167 с.

В Фейзулдаева С.А. Роль межпредметной преемственности в профессиональной подготовке учителей начальных классов. Научни трудове от конференция Иновации в образованието, 27-29 октомври 2017 г. Педагогически факултет, Университетско издателство «Епископ Константин Преславски», г. Шумен, Болгария.

МРНТИ 14. 25. 09

Л.М. Искакова¹

¹6D010200 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығының 3 курс докторанты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Алматы, Қазақстан

**БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ЗИЯТКЕРЛІГІН
ДАМЫТУ ҮРДІСІНДЕ СЫНИ ОЙЛАУ ДАҒДЫЛАРЫНЫҢ РӨЛІ**

Аңдатпа

Бұл мақалада сыни ойды дамыту дағдыларын қолданудың рөлі қарастырылады. Дағдының әрқайсысы сыни ойлаудың негізін құрайды, оның нәтижелілігін арнайы критерийлер арқылы бағалауға болады. Сыни ойлау дағдылары кеңінен қолданылады және мақсатқа лайықты.

Зияткерлік болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің таным, үйрену, ойлау, ақпаратты талдау және сараптау арқылы оның қолдану аясын анықтау, олардың ара қатынасын, заңдылығын және ерекшеліктерін таба білу т.б. сияқты қабілеттері арқылы жүйеге асырылады.

Түйін сөздер: сыни ойлау, зияткерлік, дағды, рөл, болашақ бастауыш сынып мұғалімдері, критерий, бағалау, талдау, бағалау, конитивті дағдылар, проблема.

Л.М.Искакова¹

¹ докторант 3-курса по специальности 6D010200 – Педагогика и методика начального обучения, КазНПУ имени Абая

РОЛЬ НАВЫКОВ РАЗВИТИЯ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ В ПРОЦЕССЕ РАЗВИТИЯ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОСТИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ

Аннотация

5 статье рассматривается роль использования навыков критического мышления. Каждый навык входит в основу критического мышления, результативность которого можно оценить с помощью специальных критериев. Навыки критического мышления широко применимы и целенаправленны.

Интеллект как способность обычно реализуется при помощи других способностей таких, как способности познавать, обучаться, мыслить, систематизировать информацию путем ее анализа и синтеза, определять ее применимость, находить в ней связи, закономерности и отличия, ассоциировать ее с подобной и др.

Ключевые слова: критическое мышление, интеллектуальность, навыки, роль, будущие учителя начальных классов, критерии, оценки, анализ, оценка, когнитивные навыки, проблема.

L.M.Iskakova¹

¹ 3-doctoral course by specialty 6D010200 – Pedagogy and methodology of primary education, Abai Kazakh National Pedagogical University, leila-7777@mail.ru

THE ROLE OF CRITICAL THINKING DEVELOPMENT SKILLS IN THE PROCESS OF THE INTELLECTUAL DEVELOPMENT OF FUTURE PRIMARY SCHOOL TEACHERS

Abstract

The article considers the role of using critical thinking skills. Each skill is the basis of critical thinking, the effectiveness of which can be assessed using special criteria. Critical thinking skills are widely applicable and targeted.

Intelligence as an ability is usually realized with the help of other abilities such as the ability to learn, learn, think, organize information through its analysis and synthesis, to determine its applicability, to find connections, patterns and differences in it, to associate it with similar, etc.

Keywords: critical thinking, intellectual, skills, role, future primary school teachers, criteria, grades, analysis, evaluation, cognitive skills, problem.

Қазіргі таңда адамзат тіршілігінің негізгі тұғырнамасы білім болып табылады. Тәуелсіздік алғалы жыл сайын жүргізіліп, білім жүйесіне енгізіліп отырған реформалар мемлекетіміздің болашағына салынып жатқан даңғыл жол іспеттес. Қазақстандық білім беру жүйесі жаңғыру сатысында. Себебі қай мемлекеттің болсын даму жолы, яғни экономикалық-әлеуметтік жағдайына тікелей апарар жол – сол елдің білімінің дамуы. Олай болса, еліміздің болашағы үшін ұлттық білім жүйемізді дамыту – заман талабы [1].

Сын тұрғысынан ойлай білетін зияткер тұлғаны дамыту – қоғамдағы ең көкейтесті мәселелердің бірі. Зияткерлік – зияткерлік іс-әрекеттің барлық түрлерін, оның субъектілерін, ғылымды, білімді, жаңашылдықты біріктіретін интегративті ұғым болғандықтан, біз, ең алдымен, сын тұрғысынан ойлай білетін зияткер маманды үздіксіз білім беру жүйесінде, яғни бастауыш білім жүйесінде дамытуымыз қажет.

Зияткер маман – өмірдің кез келген ағымында пікірлесе алатын, жаңашыл-шығармашылық тұрғыда өзіндік білім алуға дайын, зияткерлік қабілеті дамыған тұлға.

Орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген анағұрлым танымал оқыту әдістемелері арасында сындарлы оқыту теориясына негізделген тәсіл кең тараған. Сындарлы оқытуға негізделген сабақтар оқушыларға өз білімдері мен ұстанымдары жайында ойланып, сұрақтар қойып, білімін толықтырып, белгілі бір тақырыпты оқып-білу кезеңінде өз түсінігін өзгертуге мүмкіндік береді. Бұл үдеріс оқушының өз болжамдарын күмәнмен, сын тұрғысынан қарай отырып, сол арқылы әлем, тіршілік, жаратылыс туралы өз түсінігін тереңдетіп, кеңейтуге ұмтылу мүмкіндігін ұлғайтады [2, 5-29].

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытуда сын тұрғысынан ойлаудың алатын орны ерекше. Сыни тұрғысынан ойлау дегеніміз – ой қозғай отырып, өз ойы мен өзгелердің ойына сыни

карап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, зерттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін өзі тауып, дәлелдеп, өдігінше тұжырым жасауға, өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс істеуге деген қабілеттілік. Бұл оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама. Оқушы - ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші. Мұғалім - оқу әрекетіне бағыттаушы, ұйымдастырушы.

Сыни ойлау – бұл когнитивтік дағдыларды, сондай-ақ аффективті қасиеттерді үйлестіру. Сарапшылардың пікірінше, сыни ойлау келесі когнитивтік дағдыларды қамтыған, олар: 1. түсіндірмелеу; 2. талдау; 3. бағалау; 4. қорытындылау; 5. түсіндірмелеу; 6. өздігінен реттелу.

Осы алты дағдының әрқайсысы сыни ойлаудың негізін құрайды, оның нәтижелілігін арнайы критерийлер арқылы бағалауға болады. Сыни ойлау дағдыларының зияткер маман даярлауда алатын орны ерекше.

Сыни ойлаудың бастапқы дағдылары бұл түрлі әдістермен белгіленетін сан қилы процесс. 1-кестеде осы процеске тән бастапқы дағдылардың және оларды нақтылап және құрайтын дағдылардың тізімі келтірілген.

Сыни ойлаудың бастапқы дағдылары. 1-кесте

Бастапқы дағдылар	Бастапқы дағдыларды құраушылар
Проблеманы анықтау	- Жауабы алынбаған сауалдарды дайындау; - Бірегей сипаттамаларды табу - Фактілерді жинау - Міндеттерді қойып және проблеманы белгілеу
Жіктелуі	- Ұқсастықтары мен өзгешеліктерін табу - Мәліметтерді топтастырып және сұрыптау - Салыстыру жүргізу - Өзгешеліктерін көрсету «не ... не ...»
Өзара байланыстарды іздеу	- Бөліктер мен тұтастың арасында байланыс орнату - Үлгілер құру - Талдау жүргізу - Синтездеу - Тізбектілігі мен реттілігін танып ажырату - Индуктивті және дедуктивті пікірлерді қолдану
Қорытынды жасау	- Себебі мен салдарын анықтау - Айырмашылықтарды анықтау - Қорытынды жасау - Баға беру

Сыни ойлау дағдылары (2-кесте) тұлғааралық іс-қимыл дағдыларымен бірге қолданылып отыруы мүмкін. Сол себептен, ғалымдар сыни ойлау дағдыларын кеңінен қолданылатын және мақсатқа лайықты деп санайды.

2-кесте

Когнитивтік дағдылар мен кіші дағдылардың келісілген тізімі	
Дағдылар	шағын дағдылар
1. Түсіндірмелеу	- Санаты бойынша бөлу - Маңыздылығын анықтау - Мәнін түсіну
2. Талдау	- Идеяларды тексеру - Дәйектерді танып ажырату - Дәйектерді талдау
3. Бағалау	- Пайымдауларды бағалау - Дәйектерді бағалау

4. Қорытынды жасау	- Фактілердің (деректердің) мәнін түсіну - Баламаларды талдау - Қорытынды жасау
5. Түсіндіру	- Нәтижелерді тиянақтау (баяндау, ұсыну) - Рәсімдерді негіздеу - Дәйектерді ұсыну (таныстырылып)
6. Өздігінен реттеу	- Өз-өзін тексеру - Өз-өзін түзету

Сыни ойлаудың негізгі дағдылары мен шағын дағдыларының консестуктық сипаттамасы 1980 жылдардың соңында Американдық философиялық қауымдастық жобасының шеңберінде сарапшылық консенсус түрінде әзірленіп және «Сыни ойлау: білім берумен бағалау мен оқытуға қатысты сарапшылық консенсус туралы есеп» атты тиісті баяндама түрінде жарияланған болатын (3-кесте) [3, 14-21].

3-кесте

Сыни ойлаудың негізгі дағдылары мен ішкі дағдыларын консенсустық суреттеу	
4 Түсіндірмелеу-	тәжірибенің, жағдайлардың, деректердің, оқиғалардың, пайымдаулардың, келісімдердің, нанымдардың, ережелердің, рәсімдердің немесе критерийлердің мәнін түсіну
1.1 Жіктеу:	- ақпаратты түсініп, суреттеп немесе анықтау үшін санаттарды, айырмашылықтарды немесе құрылымдарды тиісті түрде түсініп немесе тиянақтау. б тәжірибені, жағдайды, нанымдарды, оқиғаларды және т.б. тиісті жіктеулерді, айырмашылықтарды немесе құрылымдарды қолдана отырып суреттеу. Мысалы: проблеманы танып ажыратып және оның сипатын зерттеуге қатысты жалған сенімсіз анықтау: ақпаратты жүйеге келтірудің керекті әдісін анықтау; осы жағдайда алған тәжірибе туралы есеп беруді анық, оңай оқылатындай ету; деректерді, нәтижелерді немесе пікірлерді жіктеудің осы сұлбасын қолдана отырып жіктеу.
1.2 Мәннің кодын ашып анықтау:	- тіл, әлеуметтік іс-қимыл, суреттер, сандар, кестелер, диаграммалар, белгілер мен символдар сияқты коммуникативтік жүйелер арқылы айқындалған эмоциялардың мәнін, лауазымдық міндеттерді, ойлаған ойларды, ниеттерді, мақсаттарды, әлеуметтік мәнін, құндылықтарды, көзқарастарды, ережелерді, рәсімдерді, критерийлерді немесе логикалық байланысты тауып, оларға көңіл бөліп және ақпараттық мағынасын суреттеу. Мысалы: адамның сұрақ қоюдағы мақсатын анықтап және суреттеу; осы әлеуметтік жағдайда қолданылатын ерекше бет әлпетінің немесе ымның мағынасын бағалау, пікірталастарда кекесінің немесе риторикалық сұрақтардың қолданылуын айыра білу; ерекше нысандағы аспаптарды қолданумен көрсетілген немесе ұсынылған деректерді түсіндірмелеу.
1.3 Мағынасын өзгертіп айқындап алу:	- суреттеу, ұқсастығын көрсету немесе фигуративтік сөз тіркестері арқылы айту немесе ұғынықты ету, сөздердің, идеялардың, ұғымдардың, пайымдаулардың, іс-қимылдардың, суреттердің, сандардың, белгілердің, диаграммалардың, символдардың, ережелердің, оқиғалардың немесе салт-жоралардың мән-мәтіндік немесе көпшілік қабылдаған мағыналары. - шатыстыратын, кездейсоқ белгісіздікті немесе қос мағыналылықты жою үшін суреттеуді, ұқсастықты немесе фигуративтік сөз тіркесін қолдану немесе осындай іс-қимылдарға арнап қажетті рәсімді әзірлеу. Мысалы: адамның не айтқанын оның айтқан затының мағынасын сақтай отырып, әртүрлі сөздерді немесе сөз тіркестерін қолданумен қайта түсіндіру; әлдебір затты әлдекімге түсіндіріп беруге көмектесетін мысалды табу; тұжырымдамалық өзгешелікті анық түсінуге немесе қате қосмағыналылықты жоюға мүмкіндік беретін өзгешелікті түсіндіру.
В Талдау-	пайымдаулардың, сауалдардың, ұғымдардың (концептердің), суреттеулердің немесе нанымдарды, ой-пікірлерді, күйзелістерді, негіздемелерді, ақпаратты

	<p>немесе пікірді білдіруге арналған өзге нысандағы репрезентациялардың арасынан алдын-ала ойластырылған және нақты логикалық байланыстарды ажыратып танып отыру.</p>
2.1 Пікірлерді зерттеу:	<p>- дәйектеу, негіздемелеу немесе көндіру (сеңдіру) контекстінде атқаратын немесе атқаруға арналған әртүрлі сөйлемдердің (айтқан сөздің) рөлін анықтау.</p> <p>- терминдерді анықтау.</p> <p>- идеяларды, ұғымдарды (концептілерді) немесе пайымдауларды салыстыру немесе салғастыру.</p> <p>- даулы нәтижелерді немесе проблемаларды сәйкестендіру және олардың құраушы бөліктерін белгілеу және сондай-ақ сол бөліктердің бір-біріне және тұтастай концептуалды қатынастарын сәйкестендіру.</p> <p>Мысалы: Аудиторияны сол пікірмен келісуге итермелей алатын және ниеттестік және эмоциялық жауаптық үн қату тудыра алатын фразаны сәйкестендіру; сол проблемаға қатысты өзара байланысқан ұсынымдарды мұқият зерттеу және олардың ұқсастығы мен айырмашылығын анықтау; шатысқан және күрделі міндетті анағұрлым түсінікті шағын міндеттерге қалай бөлуге болатынын анықтау; абстрактілік ұғымдарды белгілеу.</p>
2.2 Дәйектерді анықтау:	<p>- бірқатар пікірлерді, суреттеулерді, сауалдарды немесе ұсынуларды ескере отырып, олар келісуді білдіре ме немесе кейбір көзқарастарды, пікірлерді даулап отыр ма, соны анықтау.</p> <p>Мысалы: хабарламаға (параграфқа) сүйене отырып, контекстінде оқу критериін, бұл хабарламаның (параграфтың) қалай және қашан шығарылғанын, оның қандай да бір мәлімдеуді, сол сияқты сол мәлімдеуді қолдайтын себепті немесе себептерді көздейтін-көздемейтінін анықтау; редактордың бағанасына сүйене отырып, сол авторлық мәтіннің мұндай мәлімдемемен немесе пікірмен келісу немесе келіспеу себептерін білдіруге жататын-жатпайтынын анықтау; жарнамалық хабарламаға сүйене отырып, сол хабарламаға қолдау болып табылатын қалған себептерден басым болып отырған кез келген сөйлемдерді сәйкестендіру.</p>
2.3 Дәйектерді талдау:	<p>- кейбір талаптарды, пікірлерді немесе көзқарастарды қолдау немесе даулау үшін қажет болатын айқын себепке немесе себептерге сүйенумен, төмендегілерді танып және бір-бірінен ажырату:</p> <p>(а) негізгі қорытындының арналу мақсаты;(b) басты қорытындыны қолдау үшін ұсынылған алғышарттар мен себептер;(c) резервтік көшірмелер ретінде немесе басты қорытындыны қолдауға арналған алғышарттар мен себептерге қолдау ретінде ұсынылған бұдан арғы алғышарттар;(d) сол пайымдаудың делдалдық қорытындылар, анықталмаған тұспалдар немесе басқа тұспалдар сияқты айтылмаған қосымша элементтері;</p> <p>(е) дәйектің толық құрылымы немесе пайымдаудың бірізді желісі;(f) зерттеліп отырған сөйлемдердегі айтылып отырған пікірлердің бөлігінде басты рөл атқармайтын кез келген тармақтар.</p> <p>Мысалы: даулы әлеуметтік проблема бойынша шағын дәйекті немесе меморандумды ескере отырып, автордың басты талабын, сол автордың сол талап тұрғысынан себептері мен алғышарттарын сәйкестендіру, қосымша ақпарат сол себептер мен алғышарттарды, сондай-ақ автордың пайымдауында айқын емес шешуі болжамдарды қолдау үшін қолданылады; ерекше талапты қолдайтын бірнеше себептерді ескере отырып, пайымдаудың логикалық түрде шығарылған барысын барынша толық түрде сипаттайтын графикалық көріністі дамыту.</p>
С Бағалау:- адамның	<p>қабылдауының, тәжірибенің, жағдайдың, пайымның, нанымның немесе пікірдің түсіндірмесі немесе суреттемесі болып табылатын айтылған сөздің немесе өзге қайта таныстырылымдардың шүбәсіздігін бағалау; және айтылған сөздің, суреттеулердің, сауалдардың немесе өзге түрдегі қайта таныстырылымдардың арасындағы іс-жүзінде орын алып отырған немесе болжамды логикалық шығарылған байланыстардың арасындағы байланыстардың логикалық күшін бағалау.</p>

<p>3.1 Пайымдауларды бағалау:</p>	<p>- ақпарат көзіне немесе пікірге тән мүмкіндік дәрежесін бағалауға қатысты факторларды білу; - сауалдардың, ақпараттың, принциптердің, басқарудың немесе рәсімдік нұсқаулардың контекстілік орындылығын бағалау; - кез келген берілген нұсқаудың, тәжірибенің, жағдайдың, пайымдаудың, нанымның немесе пікірдің тиімділігін, сенім деңгейін бағалау. Мысалы: адамды сол оқиғаға қатысты ықтимал куә ететін факторларды мойындау; бұл жағдайда не істеу керек деген сауалға осындай іс-қимыл тәртібінің қолдануға келетін-келмейтінін анықтау; әркімнің білетініне немесе білуі мүмкін болатынына негізделе отырып, мұндай мәлімдеменің мүмкін, дұрыс немесе жалған болатын-болмайтынын анықтау.</p>
<p>3.2 Дәйектерді бағалау:</p>	<p>- осы дәлелді ақиқат ретінде (дедуктивті түрде анықталған) немесе ықтимал ақиқат ретінде (индуктивті түрде ақталған) қабылдаудың ойдан шығарылған тиімділігі сол дәлелдің айқын тұжырымын ақтайтын-ақтамайтынын шешу. - сауалдарды немесе қарсылықтарды алдын-ала біліп немесе тудыру және олардың бағаланып отырған дәлелдің елеулі әлсіздігін көрсетіп отырғанын-отырмағанын шешу. - дәлелдің жалған және күмәнді болжамдарға сүйеніп отырған-отырмағанын анықтау және мұның дәлелдің күшіне қаншалықты қатты ықпал ететінін түсіну. - қисынды және қате қорытындыларды бір-бірінен ажырату; - дәлелдің жарамдылығын анықтау мақсатында сол дәлел мен болжам дәлелдемелерінің елеулігін анықтау. - дәлелдің жарамдылығын анықтау мақсатында дәлелдің көзделген немесе кездейсоқ нәтижелері дәлелдемелерінің елеулігін анықтау; - дәлелді күшейтіп немесе әлсіретуі мүмкін ықтимал қосымша ақпараттың дәрежесін анықтау. Мысалы: танылатын ресми және бейресми қателерге қатысты тексеру; дәлелге қатысты қарсылықты ескере отырып, сол қарсылықтың логикалық күшін бағалау; ұқсас дәлелдердің сапасы мен қолдануға жарамдылығын бағалау; гипотетикалық жағдайларға немесе себептік пайымға негізделген дәлелдердің логикалық күшін шешу; бұл дәлелдің іске қатысы бар-жоғын шешу; жаңа деректердің осы дәлелдің алдағы уақытта логикалық тұрғыдан расталуына немесе жоққа шығарылуына қалайша әкелуі мүмкін болатынын анықтау.</p>
<p>4. Логикалық қорытынды (ой қорытындысын) әзірлеу:</p>	<p>- негізді ой қорытындылары үшін қажет болатын элементтерді анықтап (сәйкестендіріп) және өзгермеген қалпында қалдыру; болжамдар мен гипотезаларды құрастыру; релеванттық ақпаратты қарастырып және деректерден, пайымдаулардан, принциптерден, куәліктерден, пікірлерден, нанымдардан, ойлардан, ұғымдардан, суреттеулерден, сауалдардан немесе өзге түрдегі қайта таныстырылымдардан (бастапқы элементтерден) туындап отырған салдарды анықтау.</p>
<p>4.1 Дәлелдемелерді нақтылау:</p>	<p>- атап айтқанда, қолдауды қажет ететін пайымдауды анықтап және сол қолдауды құрай алатын ақпаратты іздеу мен жинақтауға арналған стратегияны қалыптастыру. - жалпы алғанда, мұндай баламаның жарамдылығын, шындыққа сәйкестігін, артықшылықтарын, сауалды, проблеманы, теорияны, гипотезаны немесе пайымдауды шешуге қатысты болатын-болмайтынын шешіп және сол ақпаратқа ие болудың ықтимал зерттеушілік стратегияларын анықтау. Мысалы: пікірді қолдайтын сендірерлік дәйекті дамытуға тырысумен, қандай кіріспе ақпаратты білген пайдалы болатынын шешу, сондай-ақ мұндай ақпараттың қолжетімділігі туралы анық жауап беретін жоспарды дамыту; жетіспейтін ақпарат туралы шешім қабылдағаннан кейін сол ақпараттың қолжетімділігін көрсететін іздестіруді бастау керек.</p>
<p>4.2 Баламалардың болжамы:</p>	<p>- проблеманы шешу үшін, сауалға қатысты бірқатар гипотезаларды постулат ретінде алу үшін, оқиғаға қатысты баламалы гипотезаларды жобалау үшін, мақсатқа жету жоспарларын дамыту үшін көптеген баламаларды әзірлеп алу.</p>

	<p>- шешімдердің қағидалардың, стратегиялар мен теориялардың диапазонын болжам және жобалау.</p> <p>Мысалы: техникалық, этикалық немесе бюджеттік тарамдары бар проблеманы ескере отырып, сол проблемаларды адресаттау мен шешудің бірқатар нұсқаларын дамыту; өздерімен келісуге болатын немесе болмайтын басымдықтардың қатары, мұндай басымдықтар қабылданған жағдайда жүзеге асатын қиындықтар мен тиімділіктерді жобалау.</p>
4.3 Қорытындыларды құру:	<p>- анықтамада тиісті қорытындылау әдістерін қолдану, бұл мәселеде немесе проблемада қандай қағиданы, пікірді немесе көзқарасты қабылдау керек.</p> <p>- бірқатар пайымдауларды, суреттеулерді, сауалдарды немесе көрсетудің өзге формаларын қолдана отырып, олардың логикалық шығарылған қатынастарын және олар кепілдік беретін, меңзейтін немесе тудыратын салдарды немесе болжамдарды анықтау.</p> <p>- пайымдаудың сәтті әдістерін қолдану, мысалы, ұқсас түрде, арифметикалық, диалектикалық, ғылыми тұрғыдан және т.б. пайымдау.</p> <p>- бірнеше ықтимал қорытындының қайсысы барынша кепілдендірілгенін немесе айқын болып келетінін, олай болмағанда қабылданбауы немесе ықтималдығы барынша аз деп бағалануы тиіс болатынын анықтау.</p> <p>Мысалы: эмпирикалық гипотезаны растап немесе жоққа шығару үшін эксперименттер жасап және қорытындылаудың тиісті статистикалық әдістерін қолдану; ақпараттандырылған пікірлерді зерттеудегі даулы мәселені ескере отырып, түрлі кереғар көзқарастарды және олардың басым себептерін қарастыру, тиісті ақпаратты жинақтап және сол проблема бойынша өзіндік ойластырылған пікірін қалыптастыру; қорытындылардың тиісті ережелерін қолдана отырып, аксиомалардан теорема шығару.</p>
5. Түсіндіру:	<p>- өз пайымдауыңыздың нәтижелерін құрастыру; сол пайымдауды сіздің нәтижелеріңіз өздеріне сүйенген дәлелдік, тұжырымдамалық, әдіснамалық, критерийлік және контекстілік тұрғылардың терминдерімен негіздемеу; өз негіздемеңізді нанымды (бұлтартпайтын) дәйектер түрінде ұсыну.</p>
5.1 Нәтижелерді қалыптастыру (ұсыну)	<p>- нәтижелерді талдап, оларға баға беріп, тұжырымдап және қорытындылау үшін нәтижелердің дәл пайымдауларын, суреттемелерін немесе ұсынылуын құрастыру. Мысалы: нәтижелерді дәл осы көзқарасты ұстану керектігінің негіздемесін хабарлау; зерттеу нәтижелерін хабарлау; осы жұмысқа қатысты талдау мен пікірін беру; практикалық шұғылдығы мәселесі бойынша ойластырылған пікірін айту.</p>
5.2 Рәсімдерді (әдістемелерді) түсіндіру (негіздемеу)	<p>- түсіндірмелерді зерттеулерді, баға берулерді немесе қорытындыларды қалыптастыруда қолданылатын дәлелдік, концептуалды, әдіснамалық, критерийлік және контекстілік пайымдауларды сол процестерді өзге біреу дәл түрде тіркеп (жазып), бағалап, өз-өзіне немесе өзгелерге суреттеп немесе түсіндіріп бере алатындай етіп ұсыну немесе (сөйлемнің соңын аудару). Мысалы: ұзақ немесе қиын проблеманы немесе ғылыми шараны шешуде қабылданған іс-қимылдар журналын жүргізу; деректерді талдау мақсатындағы ерекше және статистикалық мәтіндердің таңдалуын түсіндіру; деректерді бағалауда қолданылатын стандарттарды анықтау; әркімнің басты концепцияларды қалай ұғынатынын түсіндіру, себебі концептуалдық анықтық алдағы уақытта бұл проблеманы шешу үшін аса маңызды болып табылады; осы техникалық әдістемені қолданудың алғышарттары орындалғанын көрсету; қисынды әдіспен шешім қабылдауда қолданылатын стратегия жайлы хабарлау; көрнекілік ретінде қолданылатын сандық немесе кеңістіктік ақпаратты көрсетіп отырған графикалық таныстырылымды жасап шығару.</p>
5.3 Дәлелдерді ұсыну (таныстыру)	<p>- қандай да бір талаптарды қабылдаудың себептерін келтіру; - осы әдістер, ұсынулар, куәландырулар, критерийлер бойынша немесе логикалық, аналитикалық немесе бағалау пайымдарының контекстілік орындылығы бойынша қарсылықтарға төтеп бере білу. Мысалы: осы ереже немесе стратегия үшін даулы болып табылатын жұмысты жазу; осы ереже немесе стратегиямен байланысты орынды сыни ескертулерді күтіп және оларға жауап беру; осы мәселеге деген елеулі жеке</p>

	көзқарасымен байланысты өзіндік немесе бөгде біреудің ойлануына арналған айқындықты немесе айқын еместікті сәйкестендіріп және түсіндіру
6. Өз-өзін реттеу:	Өзінің когнитивті іс-қимылдарын саналы түрде қадағалап отыру, когнитивті іс-қимылдарды, сол іс-қимылдарда қолданылатын элементтерді және анықталған нәтижелерді бақылау, бұл жағдайда сауалнама алу, ойларды немесе нәтижелерді растау, бекіту немесе түзету мақсатында өзінің және өзгенің логикалық пайымдарын талдау мен бағалау дағдыларын қолдану.
6.1 Өз бетінше тексеру: Осы көзқарасқа сүйенген болжамдарды; Осы тұжырым бойынша келетін негіздемелер мен себептерді сәйкестендіріп және қарау;	- әлдекімнің ойын ой елегінен өткізу, келтірілген нәтижелерді, дұрыс мәлімдемелерді растау және тартылған когнитивті дағдыларды орындау; - пайымдар мен пікірлерді жүзеге асыру үшін оларға объективті және ойлы метакогнитивті өзіндік баға беру; - пайымдауларға және пікірлерге оларды жүзеге асыру үшін объективті және зейін салып өз бетінше метакогнитивті баға беру;- пайымдауларға білімнің жетіспеушілігінің әсер ету дәрежесін, таптаурындардың, соқыр нанымдардың, эмоциялардың немесе объективтілікті немесе тиімділікті шектейтін өзге кез келген факторларды бағалау; - әлдекімнің зерттеуде, түсіндірмелеуде, бағалауда, қорытындылауда немесе айтылған сөздерде соқыр нанымға сүйенбеу, әділ, түбегейлі, объективті, шынайы, орынды және оңтайлы болуға деген талпынысын анықтау мақсатында ниеттерін, құндылықтарды, қатынастар мен мүдделерді ой елегінен өткізу. Мысалы: жеке қызығушылықтың ықтимал әсеріне сезімтал даулы мәселеге қатысты көзқарастарды зерттеу; қате мәлімдеулерді немесе олақ қателерді анықтау мақсатында әдіснаманы немесе есептеулерді тану; ешкімнің маңызды ақпаратты жіберіп алмағанына сенімді болу үшін дереккөздерді қайта оқып отыру; сол көзқарасқа сүйенетін фактілердің, пікірлердің немесе болжамдардың тиімділігін сәйкестендіріп және тану; осы қорытынды бойынша келетін негіздемелер мен себептерді сәйкестендіріп және тану.
6.2 Өз бетінше түзету:	- өз бетінше тексеру қателерді ашып көрсеткен жерде мүмкін болса, сол қателерді немесе себептерді түзетуге немесе түзетпелеуге арналған қисынды рәсімдерді әзірлеп шығару қажет. Мысалы: әлдекімнің жұмысындағы әдістемелік қатені немесе нақты тапшылықты ескерумен, сол жұмысты қайта қарау, проблеманы түзету және артынша қайсыбір қағидада, алынған деректерде немесе нанымдарда осындай түзетудің нәтижесін же өзгерістер болатын-болмайтынын анықтау.

Жақсы сыни ойшылдар нашарларына қарағанда сынға икемделу, білуге құмарлық, өткір ой, саналылық, дұрыс ойлау, сондай-ақ шүбәсіз ақпаратты табуға деген құштарлық және әзірлік сияқты қасиеттерге ие болады. Салыстыру үшін төменде келтірілген «білікті» және «қалыпты» ойлау белгілерін қарастырайық.

Білікті ойлау: - бағалаумен пайымдау; - ақылға салып пайымдау; - жіктеу; - болжам; - қорытындыларды логикалық түрде қалыптастыру; - принциптерді түсіну; - гипотеза құру; - дәйектермен пікірлерді ұсыну; - пайымдарды критерийлерге негізделе отырып қалыптастыру.

Қалыпты ойлау: - күмәнді болжам; - артық көру; - топтастыру; - наным; - қорытындыларды кездейсоқ түрде қалыптастыру; - ұғымдарды ассоциация бойынша біріктіру; - болжам; - дәйексіз пікірлерді ұсыну; - пайымдарды критерийлерге сүйенусіз қалыптастыру.

Сыни тұрғыдан ойлайтын адамдар:

- В проблемаларды шеше алады;
- В ақылға салумен және баға бере отырып пайымдай алады;
- В проблемаларды шешуде табандылық танытады;
- В өзін, өзінің албырттығын бақылайды;
- В өзге адамдар үшін ашық;
- В басқа адамдармен әріптестік жасай алады;
- В сұхбаттасын тыңдай біледі;
- В белгісіздікке шыдамды;
- В проблеманы әртүрлі көзқараспен қарастыра алады;
- В құбылыстардың арасында байланыс орната алады;

5өзінің көзқарасынан өзгеше пікірлерге шыдаммен қарайды;

6проблеманы шешудің бірнеше мүмкіндіктерін қарастыра алады;

7«егер ... қалай болады?» деген сұрақты жиі қойып отырады;

8 логикалық қорытындылар жасап отыра алады; - өз сезімдерін, ойларын пайымдайды – оларды бағалайды;

9 болжам құрып, оларға негіздеме беріп және алдына жан-жақты ойластырылған мақсаттарды қоя біледі;

10 білімқұмар және көп жағдайда «жақсы сұрақтар» қояды;

11 ақпаратты белсенді түрде қабылдайды.

Сыни ойлау дағдысын қалай жақсартуға болады? Сыни ойлау – бұл ақпаратты терең талдаудың шынайы өнері және өзінің ойлау қабілетінді дамыту мүмкіндігі. Сыни ойлау дегеніміз артығырақ немесе анағұрлым күрделі заттар жайлы ойлау деген сөз емес. Ең алдымен – бұл «жақсырақ, анағұрлым сапалы түрде» ойлау.

Сыни ойлау бойынша болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне кеңестер:

ВСыни ойлау елеулі түрдегі тәртіптілікті қажет етеді; - Сіз барынша объективті болып, және аса маңыздысы – өз-өзіңізге сыни көзқараспен қарауыңыз керек; - Сіздің пікіріңіз дұрыс болмай шыққан жағдайдың өзінен шынайылықты іздеп және мойындап отыру керек; - Өз пайымдауларыңыздың тақырыбы жайлы көбірек ақпарат табу үшін Интернет-ресурстар мен кітапханаларды қолданып отырыңыз; - Тым кесімді болмаңыз, алайда сыни тұрғыдан ойлайтындай жеткілікті дәрежеде батыл болыңыз. Егер 100% сенімді болмасаңыз, «ешқашан» сөзін қолданбаңыз; - Пайымдаудың индуктивті және дедуктивті әдістерін айырып отырыңыз. Сіз әңгіменің қай жерде жекеден жалпыға, қай жерде жалпыдан жекеге қарай жүріп отырғанын білуге тиіссіз; - «Сэндвич» әдісін: қошемет, ұсыныс, тілекті қолданыңыз. Егер сіз осы тәсілді қолдансаңыз, сын жақсара түседі.

Бүгінгі заман болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінен үздіксіз ізденімпаздық пен шығармашылықты, кәсіби шеберлікті, сыни ойлай білетін зияткер маманды қажет етеді. Осы орайда, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің зияткерлігін дамытуда сыни ойлау дағдыларының алатын рөлі орасан.

Сыни ойлау дағдыларын оқу-тәрбие үрдісінде қолдану болашақ бастауыш сынып мұғалімінің өз мамандығына қызығушылығы мен мамандық сапасын арттырады және білімдері шыңдалып, ғылыми көзқарас пайда болады. Еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетті, сын тұрғысынан ойлай алатын, зияткер мамандар даярлауда да қосатын үлесі орасан.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1.«Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты».
- 2.Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.
- 3.Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. Ідеңгей.
- 4.Тен А.С. *Современные подходы в развитии критического мышления педагогов. Методическое пособие. Алматы, 2017. 125 с.*

УДК 378.147

МРНТИ 14.35.07

У.Н. Алашабаева¹

¹ *магистр, аға оқытушы*

ҚазМемҚызПУАлматы қ., Қазақстан Республикасы

КӘСПТІК БІЛІМ БЕРУДЕ АҚПАРАТТЫ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа

Қазақстан Республикасында білім беру жүйесіндегі модернизациялау үдерісі – білім мазмұны мен сапасын арттыру, білім берудің ұлттық моделін жетілдіру, ақпараттық технологиялар жөнінде жаңаша педагогикалық көзқарас қалыптастыру секілді кешенді шараларға тікелей қатысты. Әлем тәжірибесі көрсеткендей, кез-келген мемлекеттің экономикалық жетістігі сол елдің білім жүйесі мен азаматтарының білім дәрежесіне байланысты. Өйткені білім арқылы ғана қоғамның интеллектуалдық капиталы мен инновациялық әлеуеті қалыптасады.

Әлемдік білім беру кеңестігінің кеңеюінің қазіргі жағдайындағы қарым – қатынас, бұрындары ешқашан болмаған өзекті мәселеге айналып елімізде сапалы білім беру міндеті мемлекеттік деңгейге қойылып отыр. Бұл міндеттердің шешімін табудың тиімді жолдарының бірі, білім беру жүйесі үшін мамандықтар бойынша біліктіліктерін растау болып табылады.

Мақаланың мақсаты жаһандану жағдайында кәсіптік білім беруде ақпаратты-коммуникациялық технологияның маңызын ескере отырып, кәсіптік білім беру мазмұнының құрылымын жаңғырту.

Түйін сөздер: кәсіптік білім, экономика, индустриялық-инновациялық, индустрия, жаңғырту.

У.Н. Алашабаева¹

*¹ магистр, старший преподаватель КазГосЖенПУ
г. Алматы, Казахстан*

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНФОРМАЦИОННО-КОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ПРОФЕССИОНАЛЬНОМ ОБРАЗОВАНИИ

Аннотация

В настоящее время активно осуществляется модернизация образования, которая предполагает стремительное развитие глобальной информационной сети, использование технологий дистанционного образования, обеспечение образовательных учреждений средствами информационно-коммуникационных технологий. В связи с этим значительная часть казахстанских вузов активно разрабатывает и реализует названные технологии, которые существенно изменяют характер приобретения, развития и распространения знаний. Использование информационно - коммуникационных технологий в высшем профессиональном образовании имеет ряд серьезных преимуществ по сравнению с традиционной системой обучения. Так, применение данных технологий обучающимися значительно повышает уровень доступности образования, предоставляет возможность студентам обращаться к размещенному на сервере учебно-методическому комплексу дисциплины (УМКД).

Ключевые слова: профессиональное обучение, экономика, индустриально-инновационный, индустрия, обновление.

U. N. Alashabaeva¹

*¹ Master of Technical Sciences, Kazakh State Women's Pedagogical University
Almaty, Kazakhstan*

USE OF INFORMATION AND COMMUNICATION TECHNOLOGIES IN PROFESSIONAL EDUCATION

Abstract

In the field of education the Government program of development of formation of Republic of Kazakhstan must organizational basis of realization of public policy of Republic Kazakhstan become on 2011-2020, providing continuation of modernisation of Kazakhstan education.

Currently, the modernization of education is actively carried out, which involves the rapid development of the global information network, the use of distance education technologies, and the provision of educational institutions with information and communication technologies.

In this regard, a significant part of Kazakhstani universities actively develops and implements these technologies, which significantly change the nature of the acquisition, development and dissemination of knowledge. Thus, the use of these technologies by students significantly increases the level of accessibility of education, provides an opportunity for students to apply to the educational and methodical complex of the discipline placed on the server

Key words: technical and vocational training, statistics, industrially-innovative, economy, industry updates.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында «Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалады» – деп атап көрсетті [1, 2 б., 10].

Кәсіптік білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуы білімді бағалау және пайдалану жүйесін де уақытылы өзгертіп отыруды талап етеді. Осыған байланысты білім беруде қолданылатын әдіс-тәсілдер, әдістемелер, технологиялар жаңартылып отырады. Қазіргі замандағы білім

берудің негізгі мақсаты: еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, құзыретті, өз жұмысын жақсы білетін, жан-жағына бағыт-бағдармен қарайтын, әлемдік стандарт деңгейінде нәтижелі жұмысқа, кәсіби өсуге, әлеуметтік-саяси оңтайлы тез әрекет жасауға, болып жатқан өзгерістерге тез бейімделуге қабілетті білікті маман, индустриалды-инновациялық жағдайды шешуге лайық, өз қалауы мен қоғам талабына сай өзін көрсете білуге бейім, өз ойын еркін айта алатын, жоғары білімді, ұлттық тілді, тарихты жетік меңгерген, отандық және әлемдік мәдениетті бойына қалыптастырған, шығармашыл, оңтайлы кәсіби маман дайындау.

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Ол бүгінгі кәсіптік білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару студенттердің қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір студенттің қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет.

Білім беру жүйесіндегі жаңа білім парадигмасы білім, білік, дағды жиынтығын толық меңгерген, қоғам өміріне белсене араласатын, шығармашылықпен ойлайтын, өзін-өзі көрсете алатын, өздігінен ақпаратты іздеп, талдайтын және оны дамытуға қабілетті, кәсіби құзыретті, функционалды сауатты жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған.

Еліміздегі әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістер, республиканың әлемдік деңгейде білім беру жүйесіне жетуде жасаған қадамдары осы кезге дейін педагогика теориясы мен практикасында бекітілген білім беру парадигмаларын, жүйелерін, әдістерін, формаларын жетілдіру талабын қойды. Білім берудегі жаңа басымдықтар – ізгіліктік педагогика, студенттердің тұлғалық әлеуетін анықтау және дамыту, әлеуметтік үдерістер мен тұлғааралық қарым-қатынастарды ұйымдастырудың ерекше формасы ретінде танылатын оқыту үдерісінің тиімділігін арттыру болып отыр. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі білім беру мен тәрбие жұмыстарының талапқа сай жетілдірілуі студенттердің болашақ кәсіби құзыретті маман болып қалыптасуына зор ықпал етеді.

Қазіргі таңда білікті маман даярлаушы техникалық және кәсіптік білім жүйесінде бәсекеге қабілетті маман қалыптастыру үшін, алдымен маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру керек деген әр түрлі пікірлер жиі айтылуда. Болашақ кәсіби құзыретті маман осы ақпараттық қоғамнан қалыспай, жедел ойлаушы, жедел шешім қабылдаушы, ерекше ұйымдастырушылық қабілетті, нақты бағыт – бағдар беруші болып шығуы – бұл қазіргі заманның талабы [2, 10 б., 8, 112б].

Жоғарғы білім сапасын арттыру және оның тиімділігі төмендегідей инновациялық әдістер және технологиялар арқылы жүзеге асады:

- Әр сабақта интерактивті әдістер қолдану;
- Жаңа ақпараттық технологиямен жұмыс;
- Әр студенттің психологиялық ерекшеліктерін ескеру;
- Міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып, студенттердің -мүмкіндік деңгейлерін ашу;

Инновациялық технологияларды яғни, заманауи әдіс-тәсілдерді сынау арқылы сабақтың тиімділігін арттыру, бейімдеу. Заман талабына сай технологияларды қолдану ауқымы өзгеріп отырады. Бірақ, ең басты технологияларды тиімді, жүйелі қолдану керек.

Ұтымды пайдаланылған инновациялық технологиялардың нәтижелері (1-сурет) [3, 5,9] :

Сонымен, «Заманауи (инновациялық) әдіс-тәсілдерді меңгеру» ұғымы және оның оқу үрдісіндегі рөлі туралы айта кетсек ол білім беру саласында өткен ғасырдың сексенінші жылдары кеңінен тарала бастады. Әдетте инновация бірнеше өзекті мәселелердің түйіскен жерінде пайда болады да, берік түрде жаңа мақсатты шешуге бағытталады, педагогикалық құбылыстар үздіксіз жаңғыртуға жетелейді. Р.Масырова, Т.Линчевская – «Жаңару» (новшество) дегенімізді былай деп түсіндіреді: Жаңару – белгілі бір адам үшін әділ түрде жаңа ма, әлде ескі ме оған байланысты емес, ашылған уақытынан бірінші қолданған уақытымен анықталатын жаңа идея.

Инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдануда студент сабақты дайын күйінде бағалайды, әрбір білім алушының өзі ізденіп ғылыми негіздерін өз бетінше игеріп, ғылыми зерттеуді көздейді, ал оқытушының негізгі міндетіне білім алушының іс-әрекетін бақылау жатады. Студент қоғам талабына сай өзін-өзі үздіксіз жетілдіріп отыратын, кәсіби білімді, жаңа технологияларды меңгерген, ортамен қарым-қатынасқа тез бейімделе алатын, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, тәжірибесі мол, т.б. қасиеттерді жинақтағанда ғана кәсіби құзыретті маман бола алады [4,6,7].

Ақпараттық қоғамның негізгі талабы — студенттерге ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық — құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу. Олай болса, ақпараттық бірліктердің білімге айналуы әлемнің жүйелік — ақпараттық бейнесін студенттердің шығармашылық қабілеттері мен құндылық бағдарларын дамыту арқылы қалыптастыруды көздейтін, адамның дүниетанымының құрамдас бөлігі болып табылатын интеллектуалды дамуды қалыптастырудың бір жолы. Ақпараттық бірлікті қалыптастыру: ЖОО материалдық -техникалық базасына; ақпараттық қоғам саясатының мақсаты мен міндеттеріне; студенттердің ақпараттық мәдениетін қалыптастыру жүйесіне; студенттердің жас ерекшеліктері мен меңгеру қабілеттеріне, педагог мамандардың информатикадан білім деңгейлерінің сапасы мен шеберліктеріне, оқу — тәрбие бағытының ақпараттық қоғам бағытымен өзара байланысына тәуелді.



- 4) Білім алушылардың білім, білік сапасын арттырудағы жаңа инновациялық технология түрлері сан алуан, оларды таңдау және одан шығатын нәтиже студенттердің кәсіби біліктілігіне тікелей байланысты;
Студенттердің барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туады;
5) Студенттердің әрқайсысының деңгейін анықтай аласың.



Студенттердің барлығын бағалауға мүмкіндік аласың;
Студенттерді ізденіске баулып, өз бетімен жұмыс істеуге үйретеді;
Студенттердің қабілеттері, ұйымшылдығы, шығармашылық белсенділігі артады.

Сурет 1- Ұтымды пайдаланылған инновациялық технологиялардың нәтижелері

Кез келген оқытушы үшін педагогикалық білім - сабақта қолданылатын тәсілдер мен әдістерді білу, мақсатты аудитория сипаты, студенттердің оқу материалын меңгеріп алуын бағалау стратегиясы кіреді. Білікті оқытушы студенттердің білімді меңгеруінің және дағдыларды қалыптастыруының үрдістерін түсінуге көмектесетін терең кәсіптік педагогикалық білімге ие, олардың ақыл-ой қасиеттерін, оқуға деген эмоциялық жағымды қатынасын дамытады.

Ақпараттық технологиялардың мазмұны, көп жағдайда, оның ақпарат нарығындағы әрекетінің стратегиясы мен тактикасына байланысты. Ең негізгілері ретінде мемлекеттің ақпараттық әрекеттеріне және оның органдарының, басқару бөлімдерінің жұмысына сапалық шектеу қоятын төмендегідей ұстанымдарды атауға болады:

-мемлекеттің алға қойған мақсаттарына халықтың жаппай бұқаралық қолдау көрсетуі және оларды жүзеге асыруда жұртшылықты жұмылдыру ("талаптандыру", "сезімді ояту" стратегиясы);

-оны орындауға аса күш жұмылдырмай-ақ, қандай да бір мәселенің шешімін қабылдауда ұстанған өз ұстанымы жайынан қоғамды хабардар ету ("қоғаммен байланысты үзбеу" стратегиясы);

-бағыныңқы төменгі құрылымдарға және басқару органдарына қызметтік тұрғыдағы шешімдерді жүзеге асыру үшін арнайы нұсқауларды тарату ("қызметтік" стратегия);

- қабылданған және жүзеге асырылып жатқан шешімдерді бақылау ("бақылау" стратегиясы);
- қандай да бір әлеуметтік мәселелерді талқылауда мемлекеттік, саяси және қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктер белсенділігін үйлестіру ("күштер тепе-теңдігі" стратегиясы);

-саяси тәртіп және басқару түрінің жағымды бейнесін қалыптастыру, соған сәйкес оппозицияның сыны ("имидж қалыптастыру" стратегиясы);

-қоғамдық пікірді тәртіпке қолайсыз әлеуметтік мәселелерді талқылауға барғызбай, көңілін аулау ("назарын басқаға аудару" стратегиясы) [11].

Оқытудың ақпараттық-коммуникациялық және интерактивтік технологияларын пайдалану – педагогикалық іс-әрекеттердің мазмұны мен формасын толықтыру негізінде оқыту үрдісін жетілдірудің бірден бір жолы. Компьютерлік желілерді, интернет жүйесін, электрондық оқулықтарды, мультимедиялық технологияларды, қашықтан оқыту технологиясын пайдалану оқу орындарында ақпаратты-коммуникациялық технологиялар кеңістігін құруға жағдай жасайды.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларда кәсіптік білім - оқытудың видео, веб-материалдарға қол жеткізу және басқа да сандық бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану сияқты қосалқы құралдары. Технологиялық құрылғылар саласындағы жеткілікті хабардарлықты да, оларды басқару үшін қажетті дағдыларды меңгеруді де меңзейді. Сандық технологияларға қатысты алғанда осы білімдер операциялық жүйелер және компьютерлік аппараттық құралдарды білуді, сондай-ақ электронды кестелер құруға мүмкіндік беретін бағдарламалық құралдардың стандартты жиынтығын, браузерлер мен электронды поштаны пайдалана алу қабілеті болып табылады.

Студенттің кәсіби және жеке сапалардан құралады. Кәсіби құзыретті маман деп өзінің педагогикалық әрекетін жоғары дәрежеде жүргізе алатын, қарым-қатынасқа әрдайым дайын, педагогикалық үдерісте үнемі оң нәтижелерге қол жеткізіп отыратын маманды атауға болады.

Қорыта айтқанда, кәсіби даярлықта әрбір кәсіптік оқу пәнінің білім мазмұны мен әдістемелік жүйесі негізінде жеке тұлғаға қойылатын кәсіби деңгейім, нәтижеге бағытталған сауаттылық шешімін табу керек. Өйткені кәсіби даярлықта педагогке қажетті осы ақпаратты-коммуникациялық технологияны меңгерген студентті оқытуда, білім алу нәтижесіндегі құзыреттіліктерді сапалы меңгерте алатыны сөзсіз.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

- и «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2011 ж.
и Ильченко О.П. Условия персонифицированного обучения в информационной среде / П.П. Ильченко // Высшее образование в России. - 2008. - № 12. - С. 116-121.
3. Митина Л.М. Психология профессионального развития учителя. — М., 1998
4. Сенкибаева А.Т. Мұғалімнің кәсіби құзырлығын дамыту//Білім берудегі менеджмент, №4, 2012.
- В Равен Дж. Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализация. М., 2002 б. Омарова Л.Т. Кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары
- В Құсайынов А.Қ. "Әлемдегі және Қазақстандағы білім беру сапасы"- Алматы, 2014ж.
- В Керимбаева М.С. Инновационные процессы в школе: проблемы, перспективы, поиск. – Алматы, 1995.
- В Алашабаева Ұ.Н. Индустриялық-инновациялық даму сұраныстарына сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі. Алматы технологиялық университеті «Хабаршы Ғылыми журнал» №5, 2012жыл ISBN 2304-5685 бет 112-115
- В <http://personal.akorda.kz/kz/category/statyi/1352>
- В Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010 ж

МРНТИ 14.35.05

Г.С. Саудабаева¹

¹*п.э.д., қауымд. профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

М.А. Абсатова²

²*п.э.д., профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

М.Б. Жунисбаева³

³*аға оқытушы, Алматы университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ ҰЙЫМДАСТЫРУҒА ДАЙЫНДЫҒЫ МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа

Мақалада болашақ педагогтың өзін-өзі ұйымдастыру мәселесі қарастырылады. Ғылыми-педагогикалық әдебиеттер талдауы негізінде авторлар «өзін-өзі ұйымдастыру» ұғымының жан-жақтылығын анықтаған және мәнін ашып, мазмұнын толықтырған: болашақ педагогтың өзін-өзі ұйымдастыруға дайындығы – ол өзін ұйымдастыруға және басқаруға бағытталған тұлғаның саналы реттелген іс-әрекет үрдісі, тұлғаның танымдық белсенділігінде көрініс табатын; іс-әрекеттің кез-келген түріне шығармашылық қатынаста; өзіне, өз іс-әрекетіне жауапкершілікте, рефлексияда; тұлғаның өзін-өзі жетілдіруге және дамытуға ұмтылыста; тұлғаның өзін-өзі (дамыту, білім беру, тәрбиелеу, басқару, тану) бағдары. Болашақ педагогтың өзін-өзі ұйымдастыруының түрлері анықталады: тұлғалық және кәсіби өзін-өзі ұйымдастыру.

Түйін сөздер: өзін-өзі ұйымдастыру, болашақ педагог, өзін-өзі ұйымдастыру түрлері, «өзін-өзі ұйымдастыру» ұғымының мәні, рефлексия, белсенділік, іс-әрекет.

Г.С. Саудабаева¹

¹*д.п.н., ассоциированный профессор Казахского национального педагогического университета им. Абая,
г. Алматы, Казахстан*

М.А. Абсатова²

¹*д.п.н., профессор Казахского национального педагогического университета им. Абая
г. Алматы, Казахстан*

М.Б. Жунисбаева³

³*старший преподаватель, университет Алматы,
г. Алматы, Казахстан*

ПРОБЛЕМА ГОТОВНОСТИ К САМООРГАНИЗАЦИИ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ

Аннотация

В статье рассматривается проблема самоорганизации будущих. На основе анализа научно-педагогической литературы авторы определили многозначность понятия «самоорганизация», попытались раскрыть сущность и уточнили содержание данной категории: готовность к самоорганизации будущих педагогов – процесс сознательно упорядоченной деятельности личности, направленный на организацию и управление себя, отражающийся в познавательной активности личности, имеющий творческий характер в любой деятельности, ответственности себе и в своей деятельности, рефлексии, в стремлении самосовершенствованию и саморазвитии, направленность на само (развитие, образование, воспитание, управление, познание). В статье определяются виды самоорганизации, как личностная и профессиональная.

Ключевые слова: самоорганизация, будущий педагог, виды самоорганизации, сущность понятия «самоорганизация», рефлексия, активность, деятельность.

*Saudabayeva G.S.*¹

¹ *doctor of pedagogical sciences, associate Professor Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

*Absatova M.A.*²

² *doctor of pedagogical sciences, Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

*M. Zhunisbayeva*³

³ *senior lecturer, University of Almaty, Almaty, Kazakhstan*

THE PROBLEM OF READINESS TO SELF-ORGANIZATION OF FUTURE TEACHERS

Abstract

The article deals with the problem of self-organization of the future teachers. On the basis of the analysis of scientific and pedagogical literature, the authors determined the ambiguity of the concept of "self-organization", tried to reveal the essence and clarified the content of this category: readiness for self-organization of future teachers – the process of consciously ordered activity of the individual, aimed at the organization and management of themselves, reflected in the cognitive activity of the individual who has a creative nature in any activity, responsibility for themselves and in their activities, in their reflection, and in the pursuit of self-improvement and self-development, focus on self (development, education, upbringing, management, knowledge). The article defines the types of self-organization as personal and professional.

Key words: self-organization, future teacher, types of self-organization, the essence of the concept of "self-organization", reflection, activeness, activity

• ғасыр ғылымдағы алға басумен сипатталады, алайда ол тек теориялық білімдердің өсуімен ғана емес, оны технологиялық қолданудың шекарасын кеңейтеді. Бұл екі басымдылықтың бірлескен әрекетте болуы заманауи ғылыми-техникалық төңкерістің негізінде қаланып, өндірістің күшті өрлеуіне ықпал етіп, ғылымның тұжырымдамалық құрылымында сапалы өзгерістерге әкелді.

Бұл өзгерістер, біріншіден, қоғам мен табиғаттың құбылыстарын тұтастық, жүйелілік амалдар негізінде зерттеуге; екіншіден, бөлек нысандар мен жүйелердің дамуын зерттеуден аймақтық және жаһандық жүйелерің эволюциясын ашуға; үшіншіден, ғылыми танымның жаңа кезеңінің сипатына эволюцияның ішкі механизмдерін зерттеу жатады. Осы саладағы ең ірі жетістіктің бірі болып кооперативтік үрдістер және бейорганикалық табиғат жүйесінің өзін-өзі ұйымдастыруы болып табылады.


Жоғарыда айтылғандардың барлығы қоршаған әлемдегі даму үрдісіне жаңаша қарауға мүмкіндік беріп, әлемді өзін-өзі ұйымдастыратын әмбебап ретінде елестетті, оны түрлілік пен күрделілік жүйесінің өзін-өзі ұйымдастыру үрдістерімен сипатталды.

Зерттеуші Акбашев Т. [1] анықтағандай: «әркімнің өзін-өзі ұйымдастыруы- бұл тәуелсіздік, бостандық пен дербестіктің тетігі». Бұрынғы ғасырларда мұндай қажеттілікке мұқтаждық жоқ еді. Жер бетінде бұған экономикалық немесе саяси алғышарттар болмады. XX ғасырдың соңында әрбір адамның өзін-өзі ұйымдастыру негізінде өмір сүру экономикалық және экологиялық қажеттілік болды. Өзін-өзі (оқыту, тәрбиелеу, анықтау) идеясы-өмірдің бір нұсқасы, оның өзін-өзі ұйымдастыруы.

В.Н. Донцов өзін-өзі ұйымдастыруды ұйымдастырушылық іс-әрекеттің типіне жатқызып, өзіне бағытталған және өзімен оңаша жүзеге асатын, -деп анықтайды [2].

Сонымен қатар, ғылыми айналымда өзін-өзі ұйымдастырудың мынадай түрлерін анықтадық: сурет –1

Сурет -1. Өзін-өзі ұйымдастырудың түрлері



Соңғы жылдары педагог тар тұлғаны өзін-өзі ұйымдастыратын жүйе деп, қарастырады. С. С. Амирова [3], В. М. Маслова [4], Н. И. Сухоркованың [5] зерттеулерін де оқушылардың өзін-өзі ұйымдастыруды дамыту жолдары іздеу жүзеге асады. Өзін-өзі ұйымдастыруды олар «эмоциялық және моральдық қасиеттерді іс-әрекетте жетілдіру мақсатында өзі мен саналы жұмыс жасау, ол қоғамдық тұлғалық маңызды міндеттерді шешуге және дамытуға бағытталған».

С. С. Амирова өзін-өзі ұйымдастыруды адамның зияткерлік, эмоциялық және моральдық қасиеттерді іс-әрекетте жетілдіру мақсатын да өзімен саналы жұмыс жасау, ол қоғамдық тұлғалық маңызды міндеттерді шешуге және дамытуға бағытталған,-деп қарастырады [3].

Н.К. Тутышкин [6] адамның өзін-өзі ұйымдастыруы деп ақыл-ой еңбегін ұйымдастыру саласында оның жылдам, ретімен және шығармашылықпен өскелең ұрпақтың тәжірибесін меңгеруін түсінеді.

В.В. Давыдов өзін-өзі ұйымдастыруды оқу іс-әрекетінің түрі деп анықтап, оның құрылымында өзін-өзі бақылау (жобалау) және өзін-өзі бағалауды жатқызады.

Заманауи педагогикалық-психологиялық еңбектерде ғалымдардың кәсіби іс-әрекетке дайындық жағдайын зерттеуге назары аударылады. Ол іс-әрекеттің нәтижесін көрсетеді.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде өзін-өзі ұйымдастыру оқу іс-әрекетінің түрлі астарларымен қарастырылады: оқу іс-әрекетінің дағдыларын қалыптастыру, оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру, өзін-өзі білімдендіру іс-әрекетін қалыптастыру мен жетілдіру, тұлғаның іс-әрекетте өзін-өзі тәрбиелеу,өзін-өзі жүзеге асыруы. Ғылыми әдебиеттерде кәсіби іс-әрекетке дайындық ұғымына бір жақты анықтаманың жоғын байқадық. Бір авторлар дайындықты тұлғалық деңгейде қарастырса, басқалары функционалдық деңгейде зерттеген.

Жоғарыда айтылғандарды тұжырымдай келе, өзін-өзі ұйымдастыру ұғымының жан-жақтылығын анықтап, 2-суретте көрсетуге тырыстық.

Сурет-2 «Өзін-өзі ұйымдастыру» ұғымының жан-жақтылығы



Мысалы, А.Г. Ковалев [7] кәсіби іс-әрекетке дайындықты тұлға дамуының белгілі деңгейі, ол тұлғаның құндылықты –бағдарлы, когнитивті, эмоциялық –ерікті, мінез-құлықтық сапаларының тұтас құрылымды жүйесін қалыптастыруды көздеп, тұлғаның тиімді қызмет етуін қамтамасыз етеді.

Сонымен, біздің ойымызша, *өзін-өзі ұйымдастыру* –бұл тұлғаның табиғи сапасы, ол тұлғаның еркіндікке, ашықтыққа, интеграцияға, есеюге, дамуға, өмір мәнін іздеуге, өмір іс-әрекеті үрдісінде өзінің ішкі әлеуетінің ашылуында көрінетін ұмтылысы.

Болашақ педагогтың өзін-өзі ұйымдастыруға дайындығы – ол өзін ұйымдастыруға және басқаруға бағытталған тұлғаның саналы реттелген іс-әрекет үрдісі, тұлғаның танымдық белсенділігінде көрініс табатын; іс-әрекеттің кез-келген түріне шығармашылық қатынаста; өзіне, өз іс-әрекетіне жауапкершілікте, рефлексияда; тұлғаның өзін-өзі жетілдіруге және дамытуға ұмтылыста; тұлғаның ӨЗІН-ӨЗІ (дамыту, білім беру, тәрбиелеу, басқару, тану) бағдары.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Ақбашев Т. Педагогика жизни. Москва 1993.-С.87-99.
- 2.Донцов В.Н.Психология становления личности профессионала: Учебное пособие / М.:Издательство НПО «МОДЭК», 2005.- 240 с.
- 3.Амирова С.С. Самоорганизация личности в процессе обучения.// Педагогика. -1993.-№5. -С.49-52.
- 4.МасловаВ.М. Самоорганизация, самоконтроль и саморегуляция в учебном процессе1989. - 82 с.
- 5.Сухоркова Н.И. Основы личностно ориентированной педагогики М., 1996. 318с.
- 6.ТутышкинН.К. Основы самоуправления учебной деятельностью. Казань 1984.
- 7.Ковалев А.Г. Условия продуктивности умственной работы. М.: Медгиз, 1952. Вып. 3. Кн. 2.,С. 865—876.

А.Н. Галиева¹, А.Қ. Жекебай²

¹⁴ ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а., І.Жансүгіров атындағы ЖМУ
Талдықорған қ., Қазақстан

⁸ І.Жансүгіров атындағы ЖМУ магистранты,
Талдықорған қ., Қазақстан

ПЕДАГОГ-ДЕФЕКТОЛОГТЫҢ КӘСІБИ ҚЫЗМЕТТІНДЕГІ ЭТИКА МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа

Мақалада педагогтың кәсіби этикасы, соның ішінде арнайы білім беру саласында педагог-дефектологтың кәсіби қызметінде этика ережелері, адамгершілік құндылықтар, адамға деген мейірімділік, оның жанын түсіну, көмек беруге ұмтылу, әр жұмысына адал болу сияқты этикалық құндылықтар қарастырылады. Педагог-дефектологтың кәсіби қызметіне қажет жауапкершілік, ізгілік, өмір сүйгіштік, төзім, өз жұмысына беріктік, мүмкіндігі шектеулі адамдардың өмірлік қызығушылықтарына адалдық, тәрбиеленушілерге сүйіспеншілік, сыйластық, кәсіби адалдық сияқты қасиеттер сипатталады. Болашақ педагог кадрлардың ерекше қажеттілігі бар балалармен жұмыс жасау барысында кәсіби этикасын қалыптастыруда І.Жансүгіров атындағы ЖМУ 5В010500 – «Дефектология», 5В010200 – «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі», 5В010800 – «Дене шынықтыру және спорт» мамандықтарының модульдік оқу бағдарламалары қарастырылады.

Түйін сөздер: этика, педагогтың кәсіби этикасы, деонтология, педагогикалық деонтология, кәсіби даярлық, білім алуда ерекше қажеттіліктері бар тұлғалар.

А.Н. Галиева¹, А.Қ. Жекебай²

^В к.ф.н., и.о. ассоциированный профессор (доцент), ЖГУ имени И. Жансугурова,
г.Талдықорған, Казахстан

^Г магистрант ЖГУ имени И. Жансугурова,
г.Талдықорған, Казахстан

ПРОБЛЕМЫ ЭТИКИ В ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПЕДАГОГА-ДЕФЕКТОЛОГА

Аннотация

статья рассматриваются профессиональная этика педагога, в том числе в области специального образования, этические ценности, такие как правила этики в профессиональной деятельности педагога-дефектолога, нравственные ценности, доброта к человеку, понимание его души, стремление помочь, честность в работе. К профессиональной деятельности педагога-дефектолога характеризуются такие качества, как ответственность, гуманность, жизнеспособность, терпимость, стойкость к своей работе, преданность жизненным интересам людей с ограниченными возможностями, любовь к воспитанникам, уважение, профессиональная преданность. Для формирования профессиональной этики в работе с детьми - особыми потребностями будущих педагогов была использована модульная учебная программа специальностей 5В010500 - «Дефектология», 5В010200 – «Педагогика и методика начального образования», 5В010800 - «Физическая культура и спорт».

Ключевые слова: этика, профессиональная этика педагога, деонтология, педагогическая деонтология, профессиональная подготовка, лица с особыми потребностями в образовании.

^a *Candidate of Philology, Associate Professor of Zhetysu State University named after I. Zhansugurov, Kazakhstan, Taldykorgan*

² *Master's degreecandidate Zhetysu State University named after I. Zhansugurov, Taldykorgan, Kazakhstan*

PROBLEMS OF ETHICS IN THE PROFESSIONAL ACTIVITY OF THE TEACHER-DEFECTOLOGIST

Abstract

The article discusses the professional ethics of the teacher, including in the field of special education, ethical values, such as the rules of ethics in the professional work of a teacher-defectologist, moral values, kindness to a person, understanding his soul, desire to help, honesty in work. Such professional qualities as responsibility, humanity, vitality, tolerance, resilience to their work, devotion to the vital interests of people with disabilities, love for pupils, respect, professional devotion are characterized by the professional activity of the teacher-defectologist. For the formation of professional ethics in working with children with special needs of future teachers, the modular curriculum of specialties 5B010500 - "Defectology", 5B010200 - "Pedagogy and methodology of primary education", 5B010800 - "Physical culture and sport" was used.

Key words: ethics, professional ethics of a teacher, deontology, pedagogical deontology, professional training, persons with special educational needs.

Адамның белгілі бір кәсіпте кәсіпқойлығының қажетті құраушысы кәсіби этика болып табылады. Этиканы сақтау өмірдің әр саласында әр түрлі көрініске ие. Күнделікті өмірдің өз этикасы, әр қызметтің өз этикасы, белгілі бір ортаның өз этикасы, әр халықтың жеке этикасы және әрбір топта өздері ұстанатын жеке этика және этикет принциптері болады. Этикетті сақтау қызмет бабында өте маңызды мәнге ие болып табылады.

Кәсіби этика жалпы этика сияқты жоспарлап ұйымдастырылмайды, ол адамның қызметімен байланысты күнделікті өмір сүру процесінде біртіндеп қалыптасады.

Педагогтың кәсіби этикасы – бұл мұғалімнің теориялық білімдер жүйесі мен оларды белгілі педагогикалық жағдайларда қолдану, педагогтың құндылықтары, оның мәдениетінің интегративті көрсеткіштерінен (сөйлеуі, сөйлесу мәнері, өзіне және жұмысына қарым-қатынасы, т.б.) тұратын көпфакторлы құбылыс.

Педагогтың кәсіби этикасы, соның ішінде арнайы білім беру саласында педагог-дефектологтың кәсіби қызметінде этика ережелері маңызды орын алады. Педагог-дефектолог ерекше қажеттіліктері бар тұлғалармен жұмыс істейтіндіктен, аса үлкен дайындықпен қызмет атқаруы тиіс. Адамгершілік құндылықтар, адамға деген мейірімділік, оның жанын түсіну, көмек беруге ұмтылу, жұмысына адал болу және т.б. адамгершілік қасиеттері – оның басты этикалық құндылықтары болып табылады.

Ерекше білім беру қажеттілігіне ие әрбір тұлға арнайы дайындығы бар педагог-дефектологтың кәсіби қызметіне жүгінуге, педагогикалық көмек алуға құқылы. Адам құқықтары аймағында, негіз қалаушы халықаралық құжаттарға сәйкес, Қазақстан Республикасының Заңында мемлекеттің барлық балалары үшін білім алуда тең құқықтар принципі қарастырылады. Балалардың білім алуға құқықтары Қазақстан Республикасының Конституциясында - «ҚР бала құқықтары туралы», Қазақстан Республикасының Заңдарында - «Білім алу туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзете қолдау туралы» және т.б. қарастырылған. Осы құжаттар негізінде мемлекет әр баланың ұлтына, дініне, денсаулық қалпына қарамастан тегін жалпы білім алу құқығын қамтиды. Мемлекет басшысының «Кедергісіз келешек» жобасында мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың өмірінің сапасын арттыруға, олардың әлеуметтік бейімделуіне көңіл бөлінген [1].

Арнаулы білім беру құрылымында педагогикалық қызметте үлкен жетістікке жету үшін қарапайым педагогикалық даярлық жеткіліксіз.

Педагог – дефектологтың мамандандырылған қызметі дәстүрлі мұғалімдік қызмет саласынан ауқымы кең. Ол әлеуметтік-педагогикалық, психотерапевтік, консультативтік-диагностикалық және тағы басқа мүмкіншілігі шектеулі балалардың өміріне, арнаулы білім алуына бағытталған қызмет көрсетуімен сипатталады. Педагог-дефектологтың кәсіби қызметінде жауапкершілік, ізгілік, өмір сүйгіштік, төзім, өз

жұмысына беріктік, мүмкіндігі шектеулі адамдардың өмірлік қызығушылықтарына адалдық, тәрбиеленушілерге сүйіспеншілік, сыйластық, кәсіби адалдық сияқты қасиеттерді қажет етеді.

Педагог-дефектологтың кәсіби қызметінде этика қоғамдық борыштың құрамдас бөлігі бола тұра, өзінің объективтік және субъективтік көрінісі бойынша адамгершілік сипатқа ие. Этиканың объективтік мазмұнының моральдік құндылығы оның мүмкіншілігі шектеулі балалардың қажеттіліктерін ескере отырып, тиісті түзету шараларын дұрыс ұйымдастыра алуымен тығыз байланысты.

Арнайы білім беруде этика және деонтология мәселелері мыналарды қамтиды:

1. Білім беру қызметтерін (әрекеттерін) қалыптастыруда шарттарды жасаумен байланысты мәселелер (экономикалық, саяси, әлеуметтік жалпы және басқалар);
2. Қоғамға толыққанды ықпалдасу үшін қажетті білімнің толық көлемін алуда қол жетімділік және әлеуметтік әділеттілік;
3. Мүмкіндігі шектеулі балаларды немесе тұлғаларды диагностикалау, түзету және кәсіптік оңалту үдерісіндегі этикалық мәселелер;
4. Көмек қолын сұраған кездегі мәселелер- жынысы мен жасы, әлеуметтік және ұлттық-этникалық қатынасы, діни сенімі, саяси көзқарасы негізінде кемсітуді болдырмау.

Білім берудің этикалық мәселелері көбінесе әлеуметтік мәселелермен, сонымен қатар бірінші кезекте дәрігерлік этика және деонтологиямен байланысты.

Педагог-дефектологтың кәсіби қызметіндегі этика мәселесі этикалық білім беру негіздерін іске асыру этика қағидаларын ескере отырып (сақтай отырып) жүзеге асырылады:

1. Әр бала өзінің бірегейлігімен құнды, оны ескеру және құрметтеу қажет;
2. Әрбір бала айналасындағылардың құқығын бұзбай, өзін-өзі көрсетуге құқылы;
3. Білім беру мекемелерінің мамандары кәсіптік білімді қажет ететін балаларға олардың тәрбиесіне және дамуына ықпал ете отырып көмек көрсетуге бағыттауы тиіс;
4. Білім беру технологиялары медициналық этика мен деонтологияға қайшы келмеуі тиіс, сонымен қатар орын алған бұзушылықтардың жай-күйін нашарлатпауы керек, себебі бұл одан әрі дамудағы ауытқуларға әкелуі мүмкін;
5. Дамуында ауытқулары бар балалардың адамгершілік қарым-қатынасы, адами қасиеттерін құрметтеу;
6. Дамуында кемістігі бар балалардың денсаулығына моральдық және физикалық зиян келтіруге жол бермеу;
7. Арнайы (түзету) бағдарламалар бойынша білім алушылардың дербестігін құрметтеу;
8. Сапалы, кәсіптік білім беру көмегіне деген құқықтарды құрметтеу;
9. Мүмкіндігі шектеулі балаларды білімсіз білім алудан тиісті деңгейде қолдау және қорғау.

«Этика (кәсіби қызметтегі әдеп) сөздігінде» деонтология «(грек тілінен deon – парыз және logos – ілім; парыз туралы ілім) – адамгершілік талаптарын ұйғарым түрінде көрсететін жалпы парыз мәселелерін қарастыратын әдеп бөлімі». Міндет мәселелерімен айналысатын этиканың бір бөлігі деонтология болып табылады. Терминді алғаш рет И.Бентам (1834) адамгершілік теориясын тұтас ілім ретінде көрсету үшін енгізген.

Деонтология түрлі саладағы мамандық иелерінің кәсіби парыз мазмұнына байланысты деонтологияға тиісті салаларын атап айтуға болады:

в педагогикалық деонтология – ұстаздың кәсіби парызына сәйкес мінез-құлқы туралы ғылым (К.М.Левитан, Г.М.Кертаева, Г.А.Қараханова, А.Е.Күдерина, Д.Есімова және т.б.);

в медициналық деонтология – медицина қызметкерлерінің көмек сұрап келген адамдарға қатысты құқылық, кәсібилік, моральдық міндеттері мен тәртіп ережелері туралы ілім (А.Ф.Билибин, Б.Е.Вотчал, Ф.П.Гааз, А.А.Грандо, Н.Н.Пирогов, И.С.Сук, Н.В.Эльштейн және т.б.);

в психологиялық деонтология – «көмек ұсынушы - көмекті қабылдаушы» сияқты өзара әрекеттесудің, жәрдемдесуші мамандардың моральдық сенімділігін қамтамасыз ететін тұлғаның психологиялық тетіктерінің этикалық аспектілерін зерттейді (М.А.Гулина, А.А.Крылов, И.В.Силуянова, А.И.Юрьев т.б.);

в әлеуметтік деонтология – әлеуметтік қызметкердің іс-әрекеті мен мінез-құлқы принциптерін және кәсіби-этикалық нормаларын зерттейді (Л.М.Анисимова, Н.Ю.Гурьевич, Л.П.Козыревская, Д.П.Котов, Г.П.Медведева, т.б.);

в құқықтық деонтология – заңгердің кәсіби мінез-құлқы кодексі жөнінде жинақталған мағлұматтар жүйесін белгілейтін заң ғылымдарының бір саласы ретінде анықталады (Н.М.Блохин, В.М.Горшенев, Ю.А.Романов, т.б.);

В журналисттік деонтология – журналистің кәсіби мінез-құлқы, парызылық талаптарының, нормаларының, принциптерінің жүйесі ретінде, БАҚ қызметкерлерінің жауапты мінез-құлқының құқықтық және этикалық нормаларының жиынтығы ретінде, журналисттік парызылық пен міндеттемелер және осы міндеттемелерді олардың қандай деңгейде ұғынуына қарамастан орындау нормалары ретінде (Е.П.Прохоров, Ю.М.Батулин, Я.Н.Засурский, К.Крисченс, М.Трейбер, К.Норденстренг және т.б.) анықталады [2].

Этика мен деонтологияның дамуына маңызды үлес қосқан К.Д.Ушинскийдің, П.П.Блонскийдің, Ш.Уәлихановтың, Ы.Алтынсариннің, А.Құнанбаевтың, А.С.Макаренконың, В.А.Сухомлинскийдің және т.б. еңбектері педагогикалық деонтологияның теориялық негіздерін салуға септігін тигізді.

Болашақ мамандардың деонтологиялық даярлық мәселелерін алғаш көтергендердің бірі, Қазақстанда педагогикалық деонтология ілімінің негізін қалаушы - педагогика ғылымдарының докторы, профессор Г.М.Кертаева [3]. Ғалым–педагог өзінің еңбектерінде деонтология, педагогикалық деонтология, деонтологиялық даярлық ұғымдарына толық анықтама бере отырып, бұл ұғымдардың педагогикалық негізін қалаған.

Болашақ педагог кадрлардың ерекше қажеттілігі бар балалармен жұмыс жасау барысында кәсіби этикасын қалыптастыруда І.Жансүгіров атындағы ЖМУ 5В010500 – «Дефектология» 5В010500 – «Дефектология», 5В010800 – «Дене шынықтыру және спорт» мамандықтарының модульдік оқу бағдарламалары негізге алынып, қарастырылды.

5В010200 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы студенттеріне типтік оқу бағдарламасына сәйкес міндетті компонент ретінде «Инклюзивті білім беру» пәні және «Бастауыш сынып мұғалімінің мүмкіндіктері шектелген балалармен жұмысын ұйымдастыру» атты элективті оқу пәні енгізілген. Сондай-ақ, 5В010200 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы модульдік оқу бағдарламасының жеке білім беру траекториясы ретінде «Инклюзивті білім беру педагогы» мамандануы бойынша студенттерді даярлау қолға алынған. Мамандану аясында болашақ бастауыш сынып мұғалімдері «Дефектология негіздері», «Коррекциялық педагогика», «Психикалық дамуы тежелген балалармен жүргізілетін психологиялық педагогикалық», «Психикалық дамуы тежелген балаларды түзете дамыта оқыту», «Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту және тәрбиелеу», «Мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін мекемелерде инклюзивті оқыту» таңдау курстары бойынша дайындықтан өтеді.

5В010500 – «Дефектология» мамандығы студенттеріне типтік оқу бағдарламасына сәйкес міндетті компонент ретінде «Инклюзивті білім беру» пәні және жалпы білім беретін мектепте инклюзивті білім беруді жүзеге асыру мақсатын ескере отырып оқу жоспарына «Мүмкіндігі шектеулі балаларды инклюзивті және интеграциялап оқытудың қазіргі мәселелері», «Түзете-дамыта оқытудағы ақпараттық-коммуникативтік технологиялар», «Психикалық дамуы тежелген балалармен жүргізілетін жұмыстың психологиялық-педагогикалық технологиялары», «Ақыл-ойы кем балаларды әлеуметтік бейімдеу», «Аутизмді бар балаларды оқыту және дамыту», «Психикалық дамуы тежелген балаларды түзете-дамыта оқыту», «Естуі қабілеті зақымдалған балаларды психологиялық-педагогикалық әлеуметтендіру», «Жалпы білім беретін және арнайы білім беретін мекемелердегі логопедтің әрекеті», «Жалпы білім беретін және арнайы білім беретін мекемелердегі дефектологтың әрекеті», «Бейімдік дене шынықтыру» сияқты оқу пәндері енгізілген.

Дене шынықтыру және өнер факультетінде болашақ дене шынықтыру пәні мұғалімдерін инклюзивті білім беруді ұйымдастыруға даярлауда 5В010800 – «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы студенттеріне типтік оқу бағдарламасына сәйкес міндетті компонент ретінде «Инклюзивті білім беру» пәні енгізілген. Модульдік оқу бағдарламасының жеке білім беру траекториясы ретінде «Бейімдік дене шынықтыру маманы» мамандануы бойынша студенттер даярлау қолға алынған. Мамандану теориясы мен практикасы модуліне бойынша болашақ педагогтарға мына пәндер оқылады: «Дене тәрбиесі арқылы сыртқы факторларға аутизмді бар балаларды бейімдеу», «Гимнастика және ойын арқылы сыртқы факторларға мүмкіндігі шектеулі балаларды бейімдеу», «Бейімдік дене шынықтыру», «Дене шынықтыру жаттығулары арқылы сыртқы факторларға мүмкіндігі шектеулі балаларды бейімдеу», «Дефектология негіздері», «Психикалық дамуы тежелген балаларды түзете дамыта оқыту», «Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жасаудың психологиялық-педагогикалық технологиялары», «Түзету педагогикасы», «Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған емдік дене шынықтыру», «Мүгедектерді спорттық дайындау (бейімдік спорт)».

Біздің зерттеу жұмысымызға қатысқан студенттерге жұмыс барысында ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудегі педагогикалық қолдау және оларды

психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу модельдері, бүкіл топқа арналған қалыптастырушы есеп пен топтық жұмыс барысында орындалған постерлер мен плакаттар ұсынылды (сурет, сызба, кесте).

Тәжірибелік сабақтағы материалдарды сынау бағдарламасы Білім алушылар *жұптасып*:

1. Кәсіби этика бойынша мамандар [4] арасында жалпы қабылданған терминдермен талдау жұмыстарын жүргізді.

Қолдануға болады!	Қолданбаған жөн!
Көру қабілеті зақымданғанадам	соқыр
Есту қабілеті зақымданғанадам	саңырау, керек
Білім алуда ерекше қажеттілігі бар бала	мүгедек
Денемүшелері зақымданған бала	жарымжан
Интеллектуалды бұзылыстары бар бала	ақыл-ойы кем
Оқуында қиындықтары бар бала	оқытылмайтын
Тірек қимыл-қозғалыс аппаратында бұзылыстары бар бала	жүрмейтін, ақсақ-тоқсақ
Сөйлеу тілінде кемістігі бар бала	кекеш

Зерттеу барысында ерекше қажеттіліктері бар балалардың даму ерекшеліктері туралы мәліметті педагогқа ата-аналармен (педагогтармен) пікірлесу барысында алуға мүмкіндік беретін әдіс ретінде әңгімелесу әдісі алынды. Әңгімелесу – оқытудың диалогтық әдісі, педагог-дефектолог практикада мұқият ойластырылған сұрақтарды жүйелі қою арқылы білім беру ортасының барлық субъектілерімен (жеке және топтағы оқушылармен, ата-аналармен, әріптес-мұғалімдермен, мамандармен, әкімшілікпен) қарым-қатынас орнатады. Әңгімелесу барысында мұғалім оқушылардың білімі мен тәжірибесіне сүйеніп, олардың жаңа білімді түсінуін, қорытынды жасауын жеңілдетеді. Бірлескен іс-әрекет арқылы оқушылар өздері еңбектеніп, ойланып жаңа білім алады. Білімді жинақтайтын, бекітетін әңгіме оқушылардан теориялық білімдерін, оны қолдану тәсілдерін жүйелеуге көмектеседі. Жиі ата-аналардың немесе педагогтардың өздері, педагогқа кеңес алу көмегіне жүгіну барысында, әңгімелесу инициативасын білдіреді.

Әңгімелесудің мақсаты – баланың дамуы жайлы, оны оқыту мен тәрбиелеу процесінде ата-аналар мен педагогтар кезітетін мәселелердің мінезін, деңгейін, себептерін талқылауда ой-пікірмен алмасу. Әңгімелесудің нәтижелері бойынша педагог баланы әрі қарай зерттеу жолдарын белгілейді.

Студенттердің ерекше қажеттіліктері бар балалармен қарым-қатынас жасау біліктілігін диагностика жасай білу біліктілігін анықтау мақсатында әңгімелесуді құрастыру тапсырмасы берілді.

- Мақсаты: әңгімелесудің мақсатын қоюға үйрену, әңгімелесу жоспарын және технологиясын белгілеу.

- Әңгімелесуге дайындық реті:
- тақырыбын және мақсатын анықтау;
- жоспарын және сұрақтарын нақтылау;
- әңгімелесуге алғы сөз жолдарын белгілеу;
- әңгімелесу барысын тіркеу әдістемесін ойластыру.

3. Әңгімелесуді талдауда төмендегі жағдайға көңіл бөлу:

а) әңгімелесу жөнді болды ма? егер «иә» болса, неге? егер «жоқ» болса, онда неге?

ә) әңгімені қолдауда қандай әдістер қолданды? (қолдау, басын иезу, сурет, дауысты өзгерту және т.б.)

б) оқушының мінез-құлқының өзгешеліктері, оның мимикасы, ым-ишараты, тілінің ырғағы қандай жағдайда болды. Эксперименттік топтың студенттері арнайы дайындықтан өткендіктен оқушылардың жеке ерекшеліктеріне қарай әңгімелесу тақырыптарын белгілеп, алдын аласұрақтарын құрастырып, алғы сөздерін белгіледі.

Әңгімелесуді жүргізу барысында педагог келесі талаптар ескерілді:

- 1) әңгімелесу ата-аналардың (педагогтардың) қызығушылығын оятып, арттыруы тиіс;
- 2) әңгімелесуді өткізу кеңістігі (орны) мен жүргізу уақытын белгілеп, ұйымдастыру керек;
- 3) әңгімелесудің нәтижелілігі ата-аналардың (педагогтардың) белсенділігіне тәуелді;
- 4) педагог ата-аналардың тәрбиелік әрекеттерін ашық сынамау керек;
- 5) әңгімелесуден күтілетін нәтижелердің жылдам орындалмайтыны /орындалатыны туралы айтылу керек;

6) әңгімелесуге ата-ананың екеуі де (мүмкін болғанда) қатысуы керек;

7) ата-аналарда (педагогтарда) баланың психофизиологиялық ерекшеліктері мен оның қиындықтары туралы нақты пікірлер қалыптастыруға ұмтылу қажет;

8) келесі кездесулерді жоспарлап, міндеттерін анықтау қажет.

Кәсіби қызметтегі әдепке дайындау – кәсіби іс-әрекетін жүзеге асыру қажеттілігі тууы кезінде өзінің парызын мойындау барысындағы болашақ педагогтың сана-сезімінің қалпы, сондай-ақ, өз идеялары мен сезімдерінде, наным-сенімдерінде, педагогикалық іс-әрекеттің ішкі уәжділігі мен іс жүзінде жүзеге асырылуы. Біздің ойымызша, болашақ мамандардың кәсіби этикасы келесі тұлғалық сапалармен сипатталады:

- ізгілік, қамқоршылық, адалдық;
- ықыластылық, қайырымдылық;
- достық, жылы шырайлық (жайдарылық);
- сабырлық, адамгершілік, көшбасшы болуға қабілеттілік;
- сыпайылық, рақымдылық, кішіпейілдік;
- жауапкершілік, мамандығына деген қызығушылық;
- мамандармен өзара әрекеттесуге қабілеттілік;
- қимыл мұқияттылығы;
- ұқыптылық пен іс-әрекеттегі жүйелілік
- өзгелерді оқыта білу қабілеті;
- басқа адамдарға қамқорлық жасау ептілігі;
- жаңа идеяларды жүзеге асыру, өзіндік (дербес) пайымдау.

Зерттеу жұмысымызды қорыта келе, болашақ педагогтарды білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасауда кәсіби этиканы сақтауға, деонтологиялық кәсіби іс-әрекетіне дұрыс бағыт-бағдар беруде жоғары оқу орнындағы арнайы дайындықтың да үлесі бар екені анықталды.

Педагог-дефектологтың кәсіби қызметіне даярлау мазмұнына міндетті түрде дамуында ауытқуы бар балалармен жұмыс істеу барысында оларды оқытудың анатомиялық-физиологиялық негіздерін, даму мүмкіндігі шектеулі балалардың психологиялық ерекшеліктерін, осы санаттағы балаларды оқытудың спецификалық әдістері мен тәсілдерін, жеке және топтық оқыту бағдарламаларын координациялау тәсілдерін меңгеруді қарастыратын кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру қажет. Соның барысында кәсіби құзыреттіліктің мотивациялық компонентін (өмірлік ұстанымның позитивтілігіне әсер ету, кәсіби қызығушылықтарын нақтылау және дамыту, т.б.) және тұлғалық компонентін (таңдаудың саналығы, тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру және т.б.) дамытуға көп көңіл бөлу қажет.

Болашақ педагог-дефектологтардың кәсібіне байланысты ұғымдары мен қызығушылықтарын қалыптастырудың орны бөлек. Олардың мамандығына деген қызығушылықтары педагогикалық білімдерді меңгеріп, оны тәжірибеде шыңдауына бағытталуы барысында айқын көрінеді. Кәсіби даярлық ең алдымен өзін болашақ мамандық иесі ретінде сезінуі, осы еңбек әрекетіне байланысты қиындықтарды ұғынып, осы әрекетке сай бейімделіп өзінің дербес кәсіби жоспарын құрып, өз қабілеттерін жұмылдырудан бастау алады. Болашақ педагогтың кәсіби іс-әрекетіне даярлығының басты көрсеткіштері де осы дербес кәсіби қызығушылықтары мен ұғымдарының қалыптасуымен байланысты. Осы сипатталып жатқан маманның кәсіби сана-сезімі жеке дара даму ерекшеліктері жеке шығармашылық қабілеті оның тұлғасының басты сапалық көрсеткіштері ретінде саналады. Кәсіби сана-сезім, кәсіби этика деңгейі кейін тұлғаның педагогикалық шеберлігінің қалыптасуының көрсеткіші әрі алғышарты болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. <http://www.edu.kz/ru/> - официальный сайт Министерства образования и науки РК.
2. *Словарь по этике \ Под ред. И.С.Кона – Москва, 1981. 458с.*
3. *Кертаева Г.М. Ұстаз қызметіндегі педагогикалық деонтология. - Монография. Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2002,- 224 б.*
4. *Назарова Н.М., Моргачева Е.Н., Фуряева Т.С. Сравнительная специальная педагогика. - Москва: Академия, 2011.- 336с.*

МРНТИ14.35.05

Р.К.Төлеубекова¹

*¹п.ғ.д., профессор, Еуразия ұлттық университеті
Астана қаласы, Қазақстан*

Н.Т.Нұрпейісов²

*²PhD докторант, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қаласы, Қазақстан*

ҚОҒАМНЫҢ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ АЗАМАТТЫЛЫҚ ЖӘНЕ ПАТРИОТИЗМ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ДАМУ

Аңдатпа

Мақалада патриоттық тәрбиенің мәні мен оның негізінде адамгершілік – рухани тәрбие беру маңыздылығы көрсетіледі. «Рухани жаңғыру» бағдарламасында патриоттық және адамгершілік тәрбиеге баса назар аударылып және оны жүзеге асыру мақсатында елімізде жастарға, болашақ мамандар студенттерге беріліп жатқан білімінде өз көрінісін табуға. Патриотизмді студенттердің бойына сіндіру арқылы, Қазақстанның даму жолында өзінің дара жолының болатыны анықталып, ұлттық патриотизм – жеке тұлғаның өз тарихи дәстүрі сияқты категорияларына байланысты түрлі деңгейде көрініс беретіндігі айқындалады. Студенттерге патриоттық тәрбие берудің ғылыми теориясы өз алдына дербес мәселе ретінде қарастырылып және ол үнемі зерттеліп, зерделенуді қажет ететіндігі ұсынылады.

Түйін сөздер: патриотизм, ұлттық патриотизм, патриоттық тәрбие, құндылықтар, рухани құндылықтар, азаматтық ұстаным.

Р.К.Төлеубекова¹

*¹д.п.н., профессор Евразийского национального университета им. Л.Н.Гумилева
г.Астана, Казахстан*

Н.Т.Нурпейсов²

*²PhD докторант Евразийского национального университета им. Л.Н.Гумилева,
г.Астана, Казахстан*

РАЗВИТИЕ ЦЕННОСТИ ГРАЖДАНСТВЕННОСТИ И ПАТРИОТИЗМА У СТУДЕНТОВ В УСЛОВИЯХ ДУХОВНОЙ МОДЕРНИЗАЦИИ ОБЩЕСТВА

Аннотация

5 статья показана сущность патриотического воспитания и важность морального и духовного образования в его основе. В программе «Духовное обновление» молодые люди в стране и будущие специалисты отражены в их образовании в стране, уделяя особое внимание патриотическому и нравственному воспитанию. Установлено, что патриотизм - это способ развития Казахстана посредством привития студентов, и определяется, что национальный патриотизм - личность индивида отражается на разных уровнях в зависимости от его исторической традиции. Данная научная работа патриотического воспитания студентов рассматривается как самостоятельная проблема, и рекомендуется постоянно изучать и изучать.

Ключевые слова: патриотизм, национальный патриотизм, патриотическое воспитание, ценности, духовные ценности, гражданская позиция.

R. K. Toleubekova¹

¹ doctor of science, Professor of the Eurasian national University them. L. N. Gumilev,
Astana, Kazakhstan

N.T. Nurpeisov²

² PhD doctoral student of the Eurasian national University them. L. N. Gumilev,
Astana, Kazakhstan

THE DEVELOPMENT OF VALUES OF CITIZENSHIP AND PATRIOTISM AMONG STUDENTS IN TERMS OF SPIRITUAL MODERNIZATION OF SOCIETY

Abstract

The article shows the essence of patriotic education and the importance of moral and spiritual education in its basis. In the “Spiritual Renewal” program, young people in the country and future specialists are reflected in their education in the country, paying particular attention to patriotic and moral education. It has been established that patriotism is a way of developing Kazakhstan through instilling students, and it is determined that national patriotism - the personality of an individual is reflected at different levels depending on its historical tradition. This scientific work of patriotic education of students is considered as an independent problem, and it is recommended to constantly study and study.

Keywords: patriotism, national patriotism, patriotic education, values, spiritual values, citizenship.

Қазіргі қоғамның ең маңызды міндеттерінің бірі – жастарға рухани-адамгершілік тәрбие беруге бағытталғандығы. Әл-Фараби атамыз айтып кеткендей «Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» - деген болатын,- демек, өскелең ұрпақты тәрбиелеуде негізгі мақсат - қоғамға пайдалы, үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін, жан-жақты шығармашыл, рухани бай жеке тұлғаны қалыптастыру.

Қазіргі қоғамның тізгінін ұстайтын студент жастардың білімділігімен, қатар олардың азаматтық қасиеттерін жетілдіруіне де баса назар аударылуда. Адамды жоғары биіктен көрсететін белгі оның адами қасиеті және кісілік келбеті. Сол себепті, студент жастардың рухани жетілуі Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» Жолдауында айтылған идеялармен сабақтастықта қарастырылады [1].

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» Жолдауында қамтылған бағыттардың бірі – қазіргі жастарға рухани-адамгершілік тәрбие беру болса, ол тәрбие студенттердің ой-өрісін кеңейтетін, ақыл-ой мәдениетін дамытатын, шығармашылық сындарлы ойлау қабілетін арттыратын жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтардың білім мазмұнында көрініс табуымен жүзеге асады. Осы бағыттағы жаңа ізденістің негізіне білімнің құндылықтық бағдарын күшейту мәселесі алынады. Н.Ә. Назарбаев бұл ретте, тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытына жеке-жеке тоқталады. «Сананы жаңғыртудың» мазмұнын негіздей отырып, Президент жаңғырудың алты бағытын белгілейді:

В Бәсекеге қабілеттілік;

В Прагматизм;

В Ұлттық бірегейлікті сақтау;

В Білімнің салтанат құруы;

В Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы;

В Сананың ашықтығы.

Аталмыш бағыттардың бәрі барынша өзектендірілген және уақыттың талаптарына нақты жауап береді. «Мәңгілік ел» болуымыз үшін бізге ауадай қажетті қасиеттер мен құндылықтардың қайнары тоғысып, ақыл-парасаты толысқан, ғаламдық ғылымды игерген тұлғалар көп болса, еліміз өркениетті, бәсекеге қабілетті болатыны ақиқат. «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады...»

Сондықтан, студенттерге берілетін білім мазмұнының өзегін рухани құндылықтар құрауына, ал тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру бағытында жаңа заманның бәсекеге қабілетті маманына қажетті қатысымдық, ақпараттық және өздігінен шешім жасау құзіреттіліктерін меңгерту көзделеді. Патриотизм, адамгершілік пен мораль нормалары, ұлтаралық келісім мен толеранттылық, рухани және физикалық жағынан даму, заңға бағынушылық. Бұл құндылықтар жекеменшік түріне

қарамастан, барлық оқу орындарында молая түсуі керек... Бұл біздің жастарға өмірлік қажеттілік» - деген болатын Елбасы [2].

Еліміздің білім беруді дамыту бағдарламасының негізгі міндеттері қазақстандық патриотизмге, төзушілікке, биік мәдениетке, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге тәрбиелеу. Отанына деген сүйіспеншілікті қалыптастыру мәселесі – бүгінгі күннің білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі. Соның негізінде студенттерге білім беріліп, патриоттық тәрбие беруде негізгі нұсқаушы құрал және қажеттілігін айқындайтын бағдарлама деп білеміз. Халқымыздың отансүйгіштік, патриоттық туралы ұлттық мұрасының даму кезеңдеріне үңілсек, XV-XVII ғасырлардағы Асан қайғы бабамыз бастап, Шалкиіз, Доспамбет, Ақтанберді, Бұхар жырау ақын – жыраулардың поэзияларындағы тәлімгерлік ой-пікірлерінен көре аламыз. Абай мен Шәкәрімнің дүниетанымдық, әлеуметтік-этикалық көзқарастарында адам бейнесінің жақсы қасиеттерге толы сапалы жақтарымен қоса, жағымсыз іс-әрекеттер туындататын сапасыз белгілері де қатар қарастырылады. «Ел болам десең, бесігінді түзе» деп айтқандай кеменгер жазушы М.Әуезов қазақ халқының тәрбие тәсілдері мен тәжірибелері өте көп. Ғасырлар бойы қалыптасқан ұлтымыздың салт-дәстүр, әдет-ғұрып үлгілері мен өнегелері соның айғағы. Елін сүйген тұлға елінің салт-санасын, мәдени мұрасын қастерлеп, өнеге тұтқаны абзал. Бүгінгі күні қазақстандық патриотизмді жастарға, студенттерге қалыптастыру – өзекті мәселелердің бірі. Сол бағытты ұстанған бағыт-бағдарлар жеткілікті. Патриоттық сезімнің нысаны мен азаматтық парыздың анықталар өлшемі – Отан деп түсінеміз. Отанды сүю - ол азаматтықтың нышаны.

Қазіргі кезде еліміздің жоғары оқу орындарында студенттерге патриоттық тәрбие беру саласы қарыштап дамуда және әлі де дамуды қажет етуде. Адамзат баласының өз өмір жолы болатыны тәрізді, кез-келген халықтың, қоғам мен мемлекеттің өз тарихи ғұмыры, кезеңдері бар. Ол көне тіршілік көшінде сан алуан түрінде көрініп келе жатқан күрделі үдеріс. Әр ұрпақ өзінің алдыңғы ұрпағының жалғасы болғанынан, өз дәуіріне үн қосып, өз соқпағын іздейді. Әлем тарихында патриоттық тәрбие туралы білім ғасырларға тоғысады. Тәуелсіз Қазақстан жағдайында біз патриоттық тәрбие беруді ұлттық тәрбие беру негізінде қарастыру орынды. Себебі жалпы білім беру тәрбиесімен үндесетін үдеріс.

Патриотизм – еліңе іс-әрекетіңмен, бар болмысыңмен қызмет етуге дайындығың. Отан – Ана. Оны қорғау үшін бүкіл патриот халықпен бірлесу, ынтымақтасу, достасу – отансүйгіштіктің көрінісі. Отан, ана, тіл, достық, ынтымақ сөздерінің өзара үндестігі – азаматтық парыз бен патриотизм сезімінің логикалық бірлігінің көрінісі. Қазақстандық патриотизмнің қайнар көзі халықтың береке – бірлігінде, ынтымақ ықыласында, елдігімен – ерлігінде екендігіне ешкімнің дауы бола қоймас. Қазақстандық патриотизм қоғамды топтастырудың жетекші факторы болып қала береді. Мемлекетіміздің беріктігі мен күш-қуаты, өміршендігі де, оның ұлан байтағының біртұтастығы да Отанды сүюге, патриотизмге байланысты.

Олардың адам санасына жылылық, жақындық, туысқандық сезімдерді ұялатып, ізгі де ерлік істердің бастауына айналуы – патриотизмге тәрбиелеудің арқауы. Ә.Қалмырзаев: «Бұл сезім әркімде әр кезеңде (яғни, әр түрлі жаста) оянып, кейін кәметке келгенде бірдола буыны қатып, тәжірибемен, жаспен, уақытпен, біліммен, қоршаған ортаның ықпалымен, мемлекеттік және қоғамдық әлеуметтік институттардың (балабақша, отбасы, мектеп, жоғарғы оқу орындары, бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық ұйымдар, саяси ұйымдар мен қозғалыстар) әсерімен қалыптасады» деп жазды [4].

Патриоттық тәрбиені ойға алғанда, бірінші санаға Отан түсінігі келеді. Сондықтан осы түсініктің санада орнығуына байланысты патриотизмнің мынадай екі жағын көруге болады:

5 Отан туралы жалпы түсінік. Ол халықтың дамуы, тарихы, қорғаныс тәсілдері, патриоттық пікірлер, көңіл күйі, дәстүрлері мен саналы сезімі кіреді.

6 Патриотизмнің теориялық деңгейі. Ол - Отанның құрылуы, дамуы, сақталуы, оның егемендігі мен тәуелсіздігі туралы ғылыми білімдерді жете меңгеруі. Отанға қызмет көрсету турасындағы патриоттық идеялар, патриоттық мінез-қылық нормалары. Патриотизмді қазіргі көзқараспен ұлтжандылыққа, елжандылыққа сыйғызамыз. Демек, патриотизм - қоғамдық сананың бір формасы, ол тарихи және топтық категория бола отырып қоғам дамуымен бірге дамып жаңа мағынаға, мазмұнға толықтырылып отырады. Патриотизм - әлеуметтік тарихи қалыптасқан сезім. Ол Отанға деген сүйіспеншілік сезім, олай болса ол Отанға қызмет көрсетуден басталады. Патриоттық тәрбие, ұлттық намыс, ұлттық сана-сезім рухани байлықтан көрініс табады. Олай болса, рухани байлыққа ең алдымен - тілімізді, дінімізді, салт-дәстүрімізді жатқызсақ, тіл - қазақ болуымыз үшін, дін - адам болуымыз үшін, салт-дәстүр - ұлт болуымыз үшін қажет. Адам бойына патриоттық сезімнің қалыптасуы отбасы тәрбиесі мен балабақшадан бастау алатыны айқын. Сәбиді отбасында патриотизмге тәрбиелеу, ана тілін үйрету, ұлттық мінез-құлық қалыптастыру, ұлттық салт-дәстүрді сақтауға баулу, шыққан ата-тегің білуді таныту – ата-ана парызы.

Халқына құрмет, тарихи дәстүрлерге адалдық, сондай-ақ, туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік сияқты перзенттік борыш тұлға бойына сәби шағында дарыса, бұл қасиеттер өсе келе ары қарай дамып, қалыптасуына қолайлы жағдай туады. Еліміз тәуелсіздік алғалы жас ұрпақ бойында патриоттық сананы қалыптастыру, ол үшін патриоттық іс - әрекет ұйымдастыру, отбасы, балабақша мен мектептердегі оқу-тәрбие процесінде патриоттық тәрбие беруді жетілдіру қажеттілігі туып отыр. Сондықтан, жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беруде бұрынғы тәжірибе мен бүгінгі практиканы және болашақ жоспарларды байланыстыру қажет. Сонда ғана балалардың бойына ұлттық патриотизм сезімін қалыптастыруға қол жетеді [5].

Ұлттық патриотизм – жеке тұлғаның өз тарихи дәстүрі сияқты категорияларға байланысты әртүрлі деңгейде көрініс береді. Соған қарамастан, осы рухани ерекшеліктерді білу, оны қалыптастыру – патриоттық тәрбиенің негізгі мақсаты. Еліміздің ертеңі, ұлтымыздың болашағы – жас ұрпақты отансүйгіштікке, патриоттыққа баулу – тәрбиенің ең басты міндеттерінің бірі. Аталған мақсаттағы күш-жігер бірінші кезекте бүлдіршіндердің санасына отаншылдық сезім қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Отан деген ұғым балаға жарық дүние есігін ашқан үйі, ата – анасы, ағайын-туыстары, құрбы-құрдастары, туған жері, кең-байтақ гүл жазира даласы, тау-тасы, өзен-көлі, сылдырап аққан мөлдір бұлағы бейнесінде қабылданып, ең қасиетті де құдіретті алтын бесігі ретінде танылуы керек. Азаматтық – Отанға, халыққа деген жоғары адамгершілік парыз. Отаныңмен, халқыңмен мүдделес екеніңе мақтаныш сезімің, достығың, жолдастығың, бірлігің көкірегіңді кернеп тұрса – патриотсың [6].

Жалпы ұрпақ тәрбиесінде ұлттық ерекшеліктерді, құндылықтарды ескере отырып тәрбиелеудің тұтас жүйесін қалыптастыруда бірқатар көрнекті ағартушы тұлғалардың, яғни Ы.Алтынсариннің, А.Құнанбаевтың, Ш.Уалихановтың, М.Жұмабаевтың жастарды патриотизмге тәрбиелеуде маңызды ой-пікірлері, отансүйгіштік, патриоттық туралы қағидалары бүгінгі күнде өз жалғасын табуда. Қазіргі күнгі берілетін білім, оның ішінде университет қабырғасындағы болашақ маман, студентке ерекше мән берілуі қажет. Осыдан келешек ұрпақтың тәрбиесіне халқымыз ұлттық рухани болмысты дұрыс қалыптастыру аса қажет екендігін аңғарамыз.

Студенттер бойында патриоттық сананы қалыптастыру тек қана жиын өткізумен шектеліп қалмауы тиіс. Бұл бағытта атқарылатын жұмыс жоғары оқу орындарында оқу-тәрбие үдерісінің ең өзектісі, ең маңыздысы болып белгіленуі қажет. Қазақстанда патриоттық тәрбиенің біртұтас жүйесі жасалып, әсіресе қазақстандық патриотизмді қалыптастырудағы рөлі шынайы бағалануы тиіс. Әрине, студенттер бойында патриоттық сананы қалыптастыруда арнайы бағдарламалар қабылдануы тиіс. Қазақстандық патриотизмді еліміздің әрбір азаматтарының санасына сіңіру - кезек күттірмейтін мәселе.

Сондықтан біз патриотизмді студенттердің бойына сіңдіретін болсақ, Қазақстанның даму жолында өзінің дара жолының болатыны анық. Студенттерге патриоттық тәрбие берудің ғылыми теориясы өз алдына дербес мәселе ретінде анықталғанын және ол үнемі зерттеп отыруды қажет ететіндігін айқын. Ұлттық дүниетаным, ақыл-ой, қазақы тағылымдық ұлағаттар ғасырлар бойы шыңдалып қалыптасты. Бірнеше ғасырлық ұлттық тәрбиенің негіздерін бір арнаға түсіріп, қазақ ойшылдары мен ағартушы тұлғаларының, қоғам қайраткерлерінің еңбектеріндегі ұлттық тұлға тәрбиесі туралы ой-пікірлердің дамуын, халқымыздың шынайы ұлттық тұлғасы болған ақын-жазушы, ғалым және қоғам қайраткерлерінің үлгі-өнегесін тәрбие мәселесінде пайдалануға ерекше мән берілуде. Біз жұмысымызда тәуелсіздікпен қатар келген «қазақстандық патриотизм», «ұлттық патриотизм» ұғымдарымен сабақтасқан «қазақстандық патриотизм ерекшеліктері» мен «ұлттық патриотизм ерекшеліктерін» айқындап, жоғарғы оқу орындары студенттеріне патриоттық тәрбие берудің мазмұны ерекше көңіл бөлінуі керектігін анықтадық. Ұлттық және жалпы тұтас қазақстандық намысты ояту мәселесіне келгенде, қазіргі кезде демократиялық өзгерістер негізінде жаңаша патриоттық білім беруде ұлттық патриотизм студенттердің рухани азығына айналғанын байқадық.

Осы айтылғандарды ескере, еліміздің патриот жастары келесідей ерекшеліктерін ескерген шарт:

и Қазақстанда 130–дан астам ұлт өкілдері тұрады, көп ұлтты мемлекет. Барлығы Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне ерекше құрметпен қарайды, шын ниетімен қадірлейді. Қазақстан азаматының Конституциялық құқығын сақтайды. Әрбір ұлттың Қазақстанды ортақ үйіміз деп санай білуі.

и Қазақстанда тұратын барлық халықтардың ұлтына қарамай, Отанды қорғауға дайын болуы.

и Қазақстан халықтары Ассамблеясында қабылданған барлық шешімдердің іске асуына өз септігін тигізуі.

и Бұл әрбір азаматтың тек өзінің конституциялық борышын өтеуі ғана емес, сонымен бірге оның тұлғалық сапаларының қалыптасуы.

4. Қазақстан халықтарын ұлы державалық патриоттық сезімге ұмтылдыру мақсатында қазақстандық ғажайыпқа сендіру, оны мақтаныш еткізу.

8) Қазақстан Республикасының азаматының Отанын қорғауға деген оң көзқарасын қалыптастырып, Қазақстан Республикасының қарулы күштерінің әскер қатарында болатынына ұлттық патриоттық мақтаныш сезімін тудыру.

9) Қазақстан Республикасының әскери доктринасына сай Қазақстан халқының мүддесін көздеуде патриоттық сезімдерін ояту.

Сонымен, қорытындылай келе жас маманды тәрбиелеу жұмысы қазіргі білім жүйесінің қажетті компоненттерінің бірі болып табылады. Тәрбиенің күрделі үдерісінің маңызды жағы студенттердің патриоттылыққа бағдарланған тұлғасын тәрбиелеу болуы тиіс. Жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу тек қоғам мен мемлекеттің талаптарына ғана емес, әрбір студенттің жеке тұлғалық дамуына бағытталуы тиіс. Себебі отанға сүйіспеншілік адамның өзін тұлға ретінде сезінуіне, өз елін мақтан тұтуына тікелей байланысты.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1 *Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Жолдау ҚР Президенті 12 сәуір 2017 ж. – Астана: Егемен Қазақстан. 2017. –*

2 *Құнанбаев А. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 1986 ж.. – Б 312.*

3 *Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде. ҚР Президенті - Алматы, 1993 ж. – Б 33.*

4 *Қалмырзаев А. Біз – қазақ, ежелденер кіндік аңсаған. – Алматы: Ғылым, 1998 ж. – Б 183.*

5 *Абыраева Б. Ұлттық дәстүр мен ұштастыру. Бастауыш мектеп, № 2 – 1992 ж. Б. 29-31.*

6 *Наурызбаев Ж. Ұлттық мектептің ұлттық мұраты. – Алматы, 1996 ж. – Б 240.*

ОРТА ЖӘНЕ ОРТАДАН KEЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ СРЕДНЕЕ И ПОСЛЕСРЕДНЕЕ ОБРАЗОВАНИЯ: ВОПРОСЫ ОБУЧЕНИЯ И ВОСПИТАНИЯ

УДК 373.51
МРНТИ 14.25.09

Б.Р. Қасқатаева¹

¹*п.э.д., профессор, ҚазМемҚызПУ*

Э. А. Маммадқулова²

²*ҚазМемҚызПУ магистранты*

А.У. Жалел³

³*ҚазМемҚызПУ магистранты*

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА БІЛІМ БЕРУ МАҚСАТЫНДАҒЫ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЖҮЙЕНІ ҚОЛДАНУ ПРИНЦИПТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада қазіргі қоғамды ақпараттандыру процестері және олармен тығыз байланыстағы білім беру жүйесінің барлық формаларын ақпараттандыру, жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларын (АҚТ) қолдану процесстеріне байланысты математика сабағында білім беру мақсатындағы электрондық құралдарды (ББЭҚ) қолданудың төмендегідей принциптері айқындалған: визуалдандыру принципі, саналылық және оқушылардың белсенділік принципі, оқушылардың өз бетімен жұмысын белсендіру принципі, жүйелілік принципі, ойынды енгізу принципі, психологиялық ыңғайлылық принципі. ББЭҚ-ды кешенді қолданудың принциптері математиканы оқытудың негізгі дидактикалық принциптері және АҚТ ны қолданудың ерекшеліктері негізінде жасалған.

Сонымен қатар білім беру мақсатындағы электрондық құралдардың педагогикалық талаптарға және принциптерге сай іріктеліп алынған әр түрлі компоненттерін математика сабағында кешенді қолданудың тиімділігі анықталған. Педагогикалық тәжірибеде цифрлық білім беру ресурстарын математика сабағында қолданудың артықшылықтары мен кемшіліктері келтірілген.

Түйін сөздер: білім беру мақсатындағы электрондық құралдар, білім беруді ақпараттандыру, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.

Б. Р. Касқатаева¹

¹*д.п.н., профессор КазГосЖенПУ, Kaskataeva@yandex.ru*

Э. А. Маммадқулова²

²*магистрант КазГосЖенПУ*

А.У. Жалел³

³*магистрант КазГосЖенПУ*

ПРИНЦИПЫ ПРИМЕНЕНИЯ ЭЛЕКТРОННОЙ СИСТЕМЫ УЧЕБНОГО НАЗНАЧЕНИЯ НА УРОКАХ МАТЕМАТИКИ

Аннотация

Недостаточное развитие метапредметных связей ведет к фрагментарному развитию мировоззрения учащегося, что особенно критично для школьников с нарушениями слуха, особенности, развития которых требуют комплексного подхода к обучению. Значительную роль в преодолении данной разобщенности играет интегрированное обучение. На примере математики и информатики это означает визуальное представление абстрактных понятий, развитие аналитического и словесно-логического мышления с использованием информационных технологий и их применение в практических задачах, реализуемых компьютерными средствами.

12. качестве примера рассмотрим интегрированные уроки математики и информатики. На уроке по теме «Построение графиков тригонометрических функций» учащимся предлагается исследовать тригонометрическую функцию, занести данные в электронную таблицу и построить график, используя возможности табличного редактора. С одной стороны, такой подход позволяет существенно ускорить расчеты за счет компьютерной автоматизации, с другой - предоставить возможность для рассмотрения более сложных примеров [10].

Еще один пример - интегрированный урок по математике и информатике «Табулирование функций. Графика в PascalABC». Требуется составить программу построения графиков по заданным параметрам (уравнение, область определения, область значений). При этом для решения данной задачи требуется владение математическим аппаратом по соответствующей теме и умение работы в среде программирования. В ходе урока задание выполняется сначала письменно в тетради, а после взаимопроверки происходит его программная реализация.

Интересным и продуктивным, как показывает практика, является интегрированный урок математики и информатики «Координатная плоскость. Исполнитель алгоритмов Робот». На уроке отрабатываются навыки работы с координатной плоскостью, координатами точек. Одновременно закрепляются знания учащихся по теме «Основы алгоритмизации». Изначально детям предлагаются координаты секторов (точек) на плоскости, по этим координатам они строят лабиринт для исполнителя Робот и записывают алгоритм, по которому Робот должен выполнить поставленное перед ним задание. Таким образом, учащиеся применяют знания, полученные ими на уроках математики, для составления компьютерной программы.

Еще один пример – урок математики и информатики по теме «Построение геометрических узоров в компьютерной среде «КуМир». Он проводится с целью актуализации у учащихся знаний по теме «Правильные многоугольники», навыков составления алгоритмов в системе «КуМир», при этом у детей с нарушениями слуха удается сформировать системные знания по предметам, закрепить понятия: угол, правильный многоугольник, алгоритм, цикл, программа; развивать системное мышление, навыки нахождения углов правильных многоугольников и составления алгоритма по построению их на компьютере; воспитывать информационную культуру учащихся, формировать умение находить связь между учебными предметами; развивать фонематический слух и работать над формированием произношения, развивать связную речь, расширять словарный запас учащихся [10].

Отметим тот факт, что задания на интегрированных уроках выполняются неслышащими и слабослышащими учениками с большим интересом. Низкая мотивация к обучению, характерная для детей с нарушениями слуха, на таких уроках сменяется заинтересованностью. Наглядность и самостоятельность в выборе способа решения поставленной задачи существенно повышают эффективность обучения, развивают у школьников умения находить преимущества и недостатки различных источников информации, создавать и использовать соответствующие модели и процедуры в учебной деятельности.

Сторонник интегративного подхода к информационной подготовке Орлова В.Н. [11] считает, что для поддержания интереса учащихся к предметам информатики и математики следует использовать следующие методы:

- активное вовлечение метапредметных понятий и образов в учебный процесс;
- решение комплексных задач, требующих освоения знаний из различных дисциплин;
- использование исследовательского метода обучения,
- организация самостоятельной работы учащихся под контролем преподавателя.

Помимо описанных наивысше перспектив(интеграции уроков информатики с другими учебными дисциплинами в школе для детей с нарушениями слуха):

- повышение мотивации к обучению,
- интенсификация учебно-воспитательного процесса,
- углубление представлений об изучаемом предмете,
- систематизация знаний, формирование исследовательских навыков, –развитие словарного запаса,
- расширение возможностей для коррекционной работы, можно выделить еще и способствование росту педагогического мастерства учителя, так как проведение таких уроков требует серьезной методической работы, тщательной подготовки к проведению занятий, модерации работы педагогов, ведущих смежные дисциплины.

Итак, методологическая значимость интеграции информатики в специальной школе, определена тем, что она позволяет организовать эффективное изучение учебного материала и сформировать у учащихся представление о его практическом применении.

г. современных условиях, когда от ученика требуется умение работать с информацией в различных видах и формах, сравнивать, анализировать, синтезировать и реализовывать на практике, интегрированные уроки информатики позволяют добиться выполнения этих требований с высокой результативностью. При этом существенно возрастают возможности по формированию целостного мировоззрения у школьников с нарушенной слуховой функцией, подготовить их к дальнейшей социальной и профессиональной жизни.

Список использованной литературы:

1Послание Президента Республики Казахстан Н. А. Назарбаева народу Казахстана «Новый Казахстан в новом мире», - Астана: Акорда, 2007.http://www.akorda.kz/rw/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-nazarbaeva-narodu-kazahstana-28-fevralya-2007-g

2Новые педагогические и информационные технологии в системе образования: учеб.пособие для студ. высш. учеб. заведений / Е.С. Полат, М.Ю. Бухаркина, М.В. Моисеева, А.Е. Петров; под ред. Е.С. Полат. - 4-е изд., стер. - М.: Издательский центр «Академия», 2009. - 272 с. http://library.kpi.kharkov.ua/files/new_postupleniya/newpiitvso.pdf

3Гуслова М.Н. Инновационные педагогические технологии: учеб.пособие для студ. учреждений сред. проф. образования / 4-е изд., испр. - М.: «Академия», 2013. - 288 с. http://www.academia-moscow.ru/ftp_share/books/fragments/fragment_22089.pdf

4Власова Т.И., Костейчук О.В. Опытнo-экспериментальная работа образовательного учреждения как эффективная форма повышения профессионального уровня педагогических кадров // Сб. мат-лов IX междунар. науч.-практ. конф. кафедры педагогики и андрагогики АППО. - СПб.: Лема, 2011. - 246 с. - С. 156-158.

5Крутский А.Н. Психодидактика в содержании профессиональной подготовки будущего учителя: диссертация на соискание ученой степени доктора педагогических наук: Теория и методика профессионального образования 13.00.08 - Барнаул: Алтайский государственный университет, 2000.– 372 с. - С.32.

6Основы психологии детей с нарушениями слуха: Учебное пособие / Сост. О.И. Сулова. – Саратов: Наука, 2013. - 92 с. http://elibrary.sgu.ru/uch_lit/791.pdf

7Белгородский В.С. Модернизация управления системой высшего профессионального образования в Российской Федерации: теоретико-прикладной анализ: дис. на соискание ученой степени доктора социологических наук: Специальность: 22.00.08 - Социология управления - М.: РАН: Институт социально-политических исследований, 2007 - 493 с.

8Алексеев М.В. Ключевые компетенции в педагогической литературе // профессиональный журнал «Педагогические технологии» № 3. - М.: Народное образование, 2006. -С. 3- 18.

9Трайнев И.В. Конструктивная педагогика: Учебное пособие. - М.: Сфера, 2004.- 320 с.

10 Самарский А.А., Михайлов А.П. Математическое моделирование: Идеи. Методы. Пример: монография. - М.: Логос, 2005.- 440 с.

11 Орлова В.Н. Интегративный подход к информационной подготовке студентов колледжа: дис. на соискание ученой степени кандидата педагогических наук: Теория и методика обучения и воспитания (по областям) 13.00.02 Нижний Новгород: Волжский государственный инженерно-педагогический университет, 2006 - 178 с.

ӘОЖ 37.013.32
МРНТИ 14.07.03

Насирова Диана Махмутқызы¹, Мырзабек Алмат Серікұлы²

¹*PhD доктор, Абай атындағы ҚазҰПУ-нің аға оқытушысы*

²*Абай атындағы ҚазҰПУ-нің 2-курс магистранты,
Алматы қ., Қазақстан*

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ – ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰРАЛ

Аңдатпа

Мақалада заманауи білім берудің өзекті мәселесіне - қашықтықтан оқытуға арналған. Мақаланың негізгі мақсаты – қашықтықтан оқытуды оқытудың жаңа түрі ретінде негіздеу. Мақалада қашықтықтан оқытудың мақсаты, маңызы, ерекшелігі және дамуының негізгі бағыттары келтірілген, дәстүрлі оқытудан айырмашылықтары көрсетілген. Сонымен қатар артықшылықтары мен кемшіліктері салыстырылды, классификациялары мен оған қойылатын талаптар көрсетілді. Қашықтықтан оқытуға деген сенім деңгейін анықтайтын сауалнама нәтижелері берілді. Қазақстанның оны қолданудағы тәжірибесі көрсетілді. Қашықтықтан оқыту оқытудың дербес түрі ретінде қарастырыла алатыны туралы қорытынды жасалды.

Түйін сөздер: қашықтықтан оқыту, технология, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, білім алу, оқытушы, оқушы.

Насирова Диана Махмұтовна¹, Мырзабек Алмат Серікұлы²

¹*PhD, старший преподаватель КазНПУ им. Абая,*

²*Магистрант второго курса КазНПУ им. Абая,
г. Алматы, Казахстан*

ДИСТАНЦИОННОЕ ОБУЧЕНИЕ КАК СОВРЕМЕННЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ИНСТРУМЕНТ

Аннотация

Данная статья посвящена дистанционному обучению. Задача статьи - представить дистанционное обучение как современную форму обучения, которая стала возможной благодаря нынешнему развитию информационно-коммуникационных технологий. В статье представлены цель, значимость и особенности дистанционного обучения, показаны отличия дистанционного обучения от традиционного, и приведены основные направления его развития. Также приведены сравнения его достоинств и недостатков, представлены основные классификации и требования к нему. Даны результаты опроса, выявляющего степень доверия к дистанционному обучению. В заключении статьи сделан вывод, что дистанционное обучение может рассматриваться как самостоятельная и независимая форма обучения.

Ключевые слова: дистанционное обучение, технология, информационно-коммуникационные технологии, образование, преподаватель, обучающийся.

Diana Nassirova¹, Almat Myrzabek²

¹PhD, Senior lecturer at KazNPU named after Abai

²2nd year Master student at KazNPU named after Abai, Almaty, Kazakhstan

DISTANCE LEARNING AS A MODERN PEDAGOGICAL TOOL

Abstract

The article is devoted to the actual problem of modern education - distance learning. The main objective of the article is to justify distance learning as a new form of education. The article presents the purpose, importance and features of distance learning, the main directions of its development, the differences of distance learning from the traditional. Also, comparisons of its advantages and disadvantages are given, the main classifications and requirements to it are presented. Moreover, there are the results of a survey that reveals the degree of trust in distance learning. It is concluded that distance learning can be considered as an independent form of education.

Keywords: distance learning, technology, information and communication technologies, education, teacher, student.

Қазіргі таңда Интернет күнделікті өміріміздің ауқымды бөлігіне айналып барады. Интернеттің беретін артықшылықтары адам өмірін жеңілдетіп, көппайда әкелетіні сөзсіз. Қазірдің өзінде оқушылароны күнделікті өмірінде және білім алуында кеңінен пайдалануда. Осыған байланысты оқыту жүйесінде интернет-технологияларды пайдалану осы заманның басты талабы болып табылады. Ал қашықтықтан оқыту – сол интернет-технологияларды қолдану арқылы оқытудың негізгі бір түрі.

Қашықтықтан оқыту дегеніміз не? Педагогикалық әдебиетте «қашықтықтан оқыту» термині ретінде «ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қолдану арқылы оқытушы мен оқушының арасында қандай да қашықтықта жанама байланыс түрінде білім беру технологиясы» көрсетілген [1].

Қашықтықтан оқыту не үшін керек? Оның мақсаты неде? Қашықтықтан оқытудың негізгі мақсаты – келесі жағдайлар орын алған кезде өзінің жергілікті тұратын жерінде оқу бағдарламасы бойынша оқушының білім алуына мүмкіндік беру:

- физикалық мүмкіндігі шектеулі оқушылар жағдайында;

- денсаулығына байланысты ауырып үйде отырған кезде;

- жергілікті білім беру сапасы төмен болса немесе сол аймақта білікті мамандардың тапшылығы кезінде;

- әлемнің кез келген университетінен, колледжінен, курстарынан білім алуға ынтасы болған кезде.

Қашықтықтан оқыту кезінде оқушы мен оқытушы негізгі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы бір-бірімен байланысады. Компьютер мен интернет желісі кеңінен қолданылады.

Интернет арқылы қашықтықтан оқығанды оқушы өзіне оқуға ыңғайлы уақытты таңдай алады; өзі үшін оптималды «жылдамдықпен» оқи алады; оқу материалының өзіне керекті бөлімдеріне ғана назар аудара алады; керек ақпаратты тезірек таба алады.

Социолог ғалым Ф.У. Тейлордың [2] ұсынысы бойынша қашықтықтан оқытуды даму сатысы бойынша бес түрге классификациялауға болады:

1) дәстүрлі сырттай білім алу;

2) оқу материалдарын тарату үшін бірбағыттық (кері байланыссыз) құралдарды пайдалану: компьютерде терілген ақпараттық материалдар, тікелей эфир немесе ақпарат тасымалдағыштардағы жазбалар;

3) аудио-видео конференц байланыстарды қолдану арқылы екіжақты, синхронды қашықтықтан оқыту;

4) интерактивті мультимедиамен байланыстыру арқылы онлайн режимде асинхронды оқыту;

5) интеллектуалды-икемді оқыту: оқушыларды асинхронды онлайн-оқыту мен интерактивті мультимедияны жоғары дәрежеде қолдануды автоматтандыру және басқару.

Соңғы уақытта Интернет арқылы қашықтықтан оқып, диплом алу жолы өте кең таралып келеді. Қашықтықтан оқытудың осындай технологиясына деген сенім деңгейінің өсуін және кең таралуының себептерін анықтау үшін пилоттық әлеуметтік сауалнама жүргізілген болатын. Оған 17-30 жас аралығындағы 147 адам қатысты [3].

Сауалнаманың нәтижесі бойынша сауалнамаға қатысқандардың 16%-ы бейнесабактар мен онлайн-лекцияларды қарайтыны, 21%-ы білім беру интернет-порталдарын үнемді пайдаланатыны, 10%-ы оқытатын компьютерлік бағдарламаларды көшіріп алатындығы, ал қалған 41%-ы білім көзінде интернет-технологияларды пайдаланбайтыны анықталды.

Оқу үшін компьютер мен интернетті пайдалану мақсаты туралы сұраққа «жеке даму үшін және өз бетіммен білім алу үшін» деген жауап көп болып шықты (59%); интернет-ресурстарын «қосымша білім алу үшін» деп сұралғандардың 25%-ы, ал «жоғары білім алуға көмекшіретінде» деген жауапты 16%-ы берді.

Респонденттердің белгілі бір білім беру ресурсын таңдауы келесі критерийлерге байланысты болды: материалдың мазмұны (26%), жаттықтырушының немесе оқытушының беделі (20%), білім алғаны жайлы құжатты алу мүмкіндігі, сондай-ақ тегін немесе шағын төлеммен білім алу мүмкіндігі (29%).

Сауалнама нәтижесінде қашықтықтан білім алу – білім алудың қосымша көзіретінде кеңінен қолданылатыны анықталды. Білім алудың осындай түрін таңдау оның қол жетімділігінің, пайдалану қолайлылығының арқасында болып отыр.

Қашықтықтан оқудың артықшылықтары неде? [4].

1) Технологиялылығы – жаңа технологиялар оқу материалдарын жарқын, стильді, әрі динамикалық етуге, әрі оқу процесін оқушының оқу жүйесімен белсенді қарым-қатынаста болатындай құрастыруға мүмкіндік береді.

2) Оқудың қолжетімділігі – үйден шықпай-ақ оқу мүмкіндігі және оқу төлемінің дәстүрлі оқудан төмендігі. Басқа қалалардағы, мемлекеттердегі курстарды (интернет арқылы) өзіңе ыңғайлы уақытта, әрі төмен бағада оқу мүмкіндігі.

3) Еркіндік және икемділік – оқу курстарының сан алуан түрлері мен оларды таңдаудың жаңа мүмкіндіктері пайда болып жатыр. Осыған байланысты мүгедек жандардың оқу мүмкіндігі артуда.

4) Қашықтықтан оқыту жүйесінің индивидуалдығы. Қашықтықтан оқыту әр оқушыға индивидуалды түрде оқуына жағдай жасайды, икемді болып келеді. Оқушы оқу барысын және жылдамдығын өзінше анықтайды, өтіп кеткен тақырыптарға бірнеше рет қайтара алады, өзі білетін кей бөлімдерді тастап кетсе де болады. Мұндай оқу жүйесі оқушының өз бетімен оқуына септігін тигізеді және өз бетімен білім алу әдетін қалыптастырады;

5) Бағалаудың субъективті факторы алып тасталынады. Бағалау кезінде мұғалімнің оқушыға деген субъективті қарым-қатынасы, оқушының басқа пәндер бойынша оқу үлгеріміне әсер етпейді.

Алайда, қашықтықтан оқудың кемшіліктері де бар [5]:

1) Оқушы мен оқытушы арасындағы тікелей көзбе-көз байланыстың жоқтығы. Егер, оқушының жанында оны эмоционалды қолдап, көмектесіп, жігерлендіріп, түзетіп отыратын мұғалім болмаса, бұл, әрине, оқу процесі үшін кемшілік;

2) Компьютер мен интернетке мұқтаждық. Оқуға ниеттенген оқушылардың барлығында дерлік компьютер немесе интернетке қосылу мүмкіндігі жоқ. Сонымен бірге, қашықтықтан оқыту құралдарын қолдана алу үшін оқушының техникалық дайындығы жеткілікті болуы керек;

3) Қашықтықтан оқу үшін оқушыда мықты өзіндік тәртіп болуы керек. Оқудың жемісті болуы оқушының естіярылығына және өзін-өзі бағындыра білуіне тікелей байланысты.

Айта кету керек, сандық технологиялар дәстүрлі білім беру формаларына қайшы келмейді. Керісінше, оны толықтырады, сапалы өзгертеді, инновациялық тәсілдерді дамытудың және қалыптастырудың жаңа векторын береді [3].

Жалпы, қашықтықтан оқыту технологияларын қолдану оқыту мүмкіндігін көптеген критерийлер бойынша кеңейтуге мүмкіндік береді [3]:

-әр түрлі бағдардағы, мамандану мен бағыттардағы білім алушыларға оқытуды бір мезгілде ұйымдастыру мүмкін болады;

-бірыңғай ақпараттық кеңістік қалыптасады;

-жұмыс істейтін студенттерге жұмыстарынан қол үзбей өз оқуларын оқи беру мүмкіндігі пайда болады;

-материалдық ресурстарға – үй-жайды жалғауға, электр қуатына, оқытушының сағаттарын төлеуге жұмсалатын шығындар азаяды.

Қазіргі заманғы оқыту құралдарын таңдауда өте мұқият болу қажет, өйткені бұл оқытушылық қызметтің маңызды бөлігі. Сондықтан қолданатын оқыту технологиясының мүмкіндіктерін негізді және шығармашылықпен бағалап, оның күшті және әлсіз жақтары мен оны қай жерде қолдану керектігін жақсы білу қажет. Осыған байланысты қашықтықтан оқыту технологияларын қолдануға негізделген оқу курстары келесі талаптарға сай құрастырылуы керек [6]:

-оқу процесінің центріндеоқушының өзінің жеке танымдық жұмысының болуы; -оқушының өз бетімен білім алуыныңпассивті болмауы;

-заманауи педагогикалық технологиялардың қолданылуы – жобалар әдісі, зерттеу, проблемалық әдістер, т.б.;

-оқушының танымдық және шығармашылық жұмысы кезіндеоқытушымен, әрі басқаоқушылармен активті байланыстың, ынтымақтастықтың болуы;

-оқушыны бақылау-бағалау процесінің жүйелі болуы.

Қашықтықтан оқытуды дамытудың басты проблемасы – байланыстың телекоммуникациялық ортасына жауап беретіндейоқытудың жаңа әдістері мен технологияларын жасау болып табылады. Мұндай ортада оқушылар тек пассивті ақпарат тұтынушылар ғана болып табылмайды, оқу барысындаолароқудың пәндік мазмұны жайлы өз түсініктерін қалыптастырады. Осы орайдаоқытудың бұрынғы моделінің орнына келесірежелерге негізделген жаңа модель келуі тиіс: оқу технологиясы центрінде – оқушы (мұғалім емес); технологияның мәні – оқушының өз бетіншеоқу қабілетін дамыту; сонымен қатароқушылардың оқуда белсендірөл атқаруы [6].

Алайда, интернет-оқыту немесе қашықтықтан оқыту – бұл алыс перспективаемес, бұл қазіргі заманның жағдайы. Қазақстанның білім беру жүйесінде қашықтықтан оқытудың технологиясы интернет-технологиялардың дамуына байланысты жетілдіріліп, барынша интерактивтілікті қамтамасыз етуді көздейтін болады. Оқытушымен шынайы қарым-қатынасты еліктеуге қол жеткен кезде ғанақашықтықтан оқыту толыққанды болатыны сөзсіз.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 11- бабында Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің біріретінде «оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріпотыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, *қашықтан оқыту*, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімдіпайдалану» депатап көрсетілген.

Қазақстанда қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың 3 түрлі формасы бар: онлайн (синхрондық), оффлайн (асинхрондық), және кең таралған үшінші түрі– вебинар [7].

-*Онлайн режимдегі оқыту* дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен ағымдағы уақытта белгілі бір қашықтықта мұғалім экранын көру арқылы оқытуды ұйымдастыру формасы.

-*Оффлайн режимдегі оқыту* дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен (электрондық пошта) мұғалім мен оқушы арасындағы ақпарат алмасуды қамтасыз етуге мүмкіндік беретін оқытудың формасы.

-*Вебинар* дегеніміз – интернет желілерінің көмегімен семинарлар мен тренинтер өткізу формасы.

Қашықтықтан оқыту мектептерде республика, облыс, қала және мектеп кеңістігінде кең қолданыс табуда. Мектеп көлемінде айтатын болсақ, «Интернет күнделікті» алуға болады. Бұл инновациялық әдіс арқылы ата-аналар балаларының білім үлгірімін, ал оқушылар үй жұмысын уақытында біліпотырады. Мұндай әдіс арқылы мектеппен ата-аналар қауымы арасындағы байланыстың одан сайын нығаюына үлкен септігін тигізеді. Оқытылатын пәндерден қашықтық олимпиадалар«Қазақстандық интернет олимпиадалар» («КИО») өткізіліпотырады. Тапсырмалары қызықты, сан алуан жәнеолимпиаданың ең тиімді жері – оқушылар өздерінің білім деңгейлерінің көрсеткішін бірден білулері болып табылады[7].

Оқушыларғаарналған олимпиадалардан басқа, мұғалімдергеарналған онлайн жүйесінде өтетін сан алуан семинарлар, конференциялар, сабақтар ұйымдастырылады. Қарқынды түрде қолданыс тауып жүрген шара – республика, облыс көлеміндеата-аналар қауымынаарналған жиналыстар [7].

Оқу процесін сапалы ұйымдастырудың келесі түрі– «E-learning». E-Learning – бұл оқу үрдісін ұйымдастырудағы халықаралық стандарттар мен принциптерін қолдайтын, барлық заманауи талаптарға сәйкес келетін, электронды және қашықтықтан оқыту. Қазіргі таңда E-learning электронды білім беру Қазақстанның және басқа дакөпелдердің білім жүйесіне қарқынды енгізіліпотырған оқытудың озық формаларының бірі болып келе жатыр [7].

Қашықтықтан оқыту курстарын одан әрі жетілдіруді келесі факторлармен байланыстыруға болады: мультимедиялық – дыбысталған бейнежәне слайд-фильмдер, анимация, графика;толыққанды интерактивтілік; ағынды аудио мен видеоны пайдалану; бақылау және тест тапсырмаларының көптүрлілігі; оқу материалының үлкен көлемі жәнеолардың мультимедиаарқылы оқушығаоңай сіңірілуі.

Осылайша, қашықтықтан оқыту тиімділік, икемділік, модульдік жәнепараллельдік сияқты артықшылықтарға ие болаотырып, қазіргі өмірдің талаптарына жауап береалады. Осыған байланысты қашықтықтан оқытуға деген қызығушылық тек жоғары білім саласында ғанаемес, оның басқа да формаларындаартыпотыр.Қашықтықтан оқытудың адамның өмір бойы өз бетіншеоқып, дамуына мүмкіндік жасайтындай болашағы жақсы екені білім қоғамдастығына түсінікті. Әрине,

артықшылықтармен қоса мұнда бірқатар жоғарыда көрсетілгендей кемшіліктер де бар. Алайда, дәстүрлі оқыту қандай да бір себептермен қол жетімсіз болған кезден емесе таңдалған оқу бағдарламасы бойынша қашықтықтан оқытудың дәстүрлі оқытудан артықшылығы басым болған жағдайда, қашықтықтан оқытуды өзіндік жеке оқу түрі ретінде толыққанды қарастыруға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Андреев А.А. Введение в дистанционное обучение: учебно-методическое пособие. – Москва: ВУ, 1997. – 210 б.
2. Taylor, J.C. Fifth Generation Distance Education [эл. ресурс]. – 2001. – URL: <http://www.c3l.uni-oldenburg.de/cde/media/readings/taylor01.pdf> (жүзінген күн: 05.10.2018)
3. Толстоухова И.В. Дистанционное обучение как современная педагогическая технология. – Тюмень: Человек и образование, 2016. - №2. – 3 б.
4. Воробьева С.А. Дистанционное обучение: сегодня и завтра. – Тула қ.: Муниципальное образование: инновации и эксперимент, 2012. - № 6 – 5 б.
5. Достоинства и недостатки дистанционного обучения [эл. ресурс]. – 2010. – URL: http://obrazovanie-ufa.ru/route/route.php?Vuz/Dostoinstva_i_nedostatki_distantionnogo_obucheniya.html (жүзінген күн: 07.10.2018).
6. Нолат Е.С. Педагогические технологии дистанционного обучения. – Москва: Академия, 2006. – 400 б.
7. Самеков М.Н., Избасаров Е.Х. Оқу үдерісін ұйымдастырудың жаңа формасының бірі – қашықтықтан оқыту технологиясы [эл. ресурс]. – 2016. - URL: <http://zkoipk.kz/2016smart1/2543-conf.html> (жүзінген күн: 04.10.2018).

МРНТИ 14.25.09

Л.А. Смагулова¹, Ә.А. Оразбаева², А.Нұрбекова³

¹ п.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а., *І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ., Қазақстан*

² п.ғ.м., аға оқытушы, *І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті Талдықорған қ., Қазақстан*

³ магистрант, *І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті Талдықорған қ., Қазақстан*

БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ ЭЛЕКТРОНДЫ СӨЗЖҰМБАҚТАРДЫ ҚОЛДАНУ

Аңдатпа

Оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыратын, өзбетінше білім алуының дамуына және шығармашылығын белсенді етуге мүмкіндік туғызатын оқытудың әдістері мен формаларының ішінде оқу сөзжұмбақтары маңызды болып табылады.

Оқыту үдерісін ұйымдастыруда сөзжұмбақтарды пайдалану тиімді және қызықты болады, олар ой-өрісті кеңейтеді, логикалық ойлау мен есте сақтауды дамытады.

Мақалада электронды сөзжұмбақтар құру кезеңдері және оларды білім беру процесінде пайдалану қарастырылады.

Бұл жұмыста MS Office пакетінің Excel және Power Point программаларының көмегімен электронды сөзжұмбақтар құру кезеңдері көрсетіледі. Себебі, қазіргі кезде пайдаланушылардың көпшілігі бұл программаларды жақсы меңгерген. MS Office пакетін жақсы меңгерген. Көрсетілген алгоритмді қолдана отырып кез келген пән мұғалімі кілттік сөздер мен терминдерді, анықтамаларды, ережелерді қамтитын сұрақтар жинақталған сөзжұмбақ құрастырырып, оны пән бойынша білімді жинақтаудың, жүйелеудің бір тәсілі ретінде пайдалануына болады.

Түйін сөздер: сөзжұмбақ, тест, алгоритм, электрондық кесте, презентация, программалау.

Л.А. Смагулова¹, А.А. Оразбаева², А.Нурбекова³

¹к.п.н., и.о. ассоциированного профессора
Жетысуского государственного университета им.
И.Жансугурова, г. Талдыкорган, Казахстан

²м.п.н., старший преподаватель Жетысуского государственного университета им. И. Жансугурова, г. Талдыкорган, Казахстан

³магистрант Жетысуского государственного университета им. И.Жансугурова,
г. Талдыкорган, Казахстан

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ЭЛЕКТРОННЫХ КРОССВОРДОВ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ

Аннотация

Среди методов и форм обучения, которые повышают познавательные интересы обучающихся, развивают их самообразование и активизирует творчество, важным является учебные кроссворды.

Использование кроссвордов в организаций учебного процесса, будет эффективным и интересным, они расширяют кругозор, развивают логическое мышление и память.

6 статье рассматриваются этапы создания электронных кроссвордов и использование их в учебном процессе.

7 этой работе мы хотим показать этапы создания электронных кроссвордов с помощью программ Excel и PowerPoint пакета MS Office. Так как, на сегодняшний день данными программами хорошо владеют большинство пользователей. Используя предложенный алгоритм учитель –предметник из набора вопросов, состоящих из ключевых слов и терминов, определений, правилсможет создать кроссворд и использовать его в качестве метода накопления знаний по предмету.

Ключевые слова: кроссворд, тест, алгоритм, электронная таблица, презентация, программирование

L.A. Smagulova¹, A.A. Orazbayeva², A.Nurbekova³

¹Cand.Sci. (Pedagogical), Associate Professor, I. Zhansugurov Zhetysu State University
Taldykorgan, Kazakhstan

²Master of Education, Senior lecturer, I.ZhansugurovZhetysu State University,
Taldykorgan, Kazakhstan

³Magister of Education, I. ZhansugurovZhetysu State University,
Taldykorgan, Kazakhstan

USING ELECTRONIC CROSSWORDS IN THE EDUCATION PROCESS

Abstract

Among the methods and forms of education that improve the cognitive interests of students, develop their self-education and activate creativity, educational crosswords have a distinct prominent position.

The use of crosswords in educational organizations is an effective and challenging, they broad horizons and aid in developing logical thinking, memorization ability.

The article discusses the stages of creation electronic crosswords and their usage in the education process.

In this paper, we intent to demonstrate the stages of creating electronic crossword puzzles using Excel and Power Point applications in MS Office. Due to the fact that these programs are well known and used by most users.Using the proposed algorithm, a teacher of a subject from a set of questions consisting of keywords and terms, definitions, rules can create a crossword puzzle and exploit it as a method of accumulating knowledge on the subject.

Keywords: crossword, test, algorithm, spreadsheet, presentation, programming

Оқыту процесінде сөзжұмбақтарды пайдалануға негізделген әдіс өте ұтымды, себебі оның көмегімен сабақты қызықты және еліктететін формада ұйымдастырып, өтілетін материалды жеткізіп және бекітуге болады. Сонымен қатар, нақты бір тақырып бойынша өзбеттерінше сөзжұмбақ құруды тапсыру өте жақсы нұсқа болып табылады. Жалпы, мұндай тәсілді ешқандай шектеулер қоймай әртүрлі пәндерге пайдалануға болады.

Сөзжұмбақтар дидактикалық дайындық ойындары болып табылатын танымдық ойындар типіне жатады. Бұл ойындардың тағайындалу мақсаты білімдер қабылдау және оны бекіту болып табылады.

Сөзжұмбақ (ағылшынның Crossword – сөздер қилысуы) – сөздермен шешілетін әлемдегі ең кең тараған ойын. Сөзжұмбақ– ойын-есеп болып табылады, онда ойынның шарты бойынша бос торлардан тұратын фигура берілген мәндермен қилысатын сөздермен толтырылады [1].

Сөзжұмбақ тарихына тоқталатын болсақ 1868 жылы Англияда Коринум ежелгі римдік елді мекенінің қазба жұмыстарында сөзжұмбақтарға өте ұқсайтын бетінде суреттері бар плита табылған. Табылған зат III-IV ғасырлар бойы сақталған. Осыған ұқсас нәрселер әйгілі Помпейде колонналарда 1936 жылы қазба жұмыстарында табылған. Бұл туынды біздің ғасырымыздың 79-шы жылдарына жатады, және таң қалдыратыны сөзжұмбақ солдан оңға, оңнан солға, жоғарыдан төмен және төменнен жоғары бірдей болып оқылатын болған.

Сөзжұмбақ - өзін-өзі тексерудің өзінше түрі. Сөзжұмбақтардың оқытушы рөлі ойын жағдайында жаңа білімдерді меңгеру үрдісін интенсифтендіреді, ал оның дамытушы және ұйымдастырушылық рөлі оларды шешу барысында оқушыларға өз бетімен оқу құралдарымен және де басқа да әдебиеттермен жұмыс жасауына тура келеді.

Сөзжұмбақтарды шешу оқушыға заттарды белгілі бір нысандары бойынша танып білуге, логикалық байланыстар орнатуға үйретеді.

Өзінің мәнісі бойынша оқытуда сөзжұмбақтарды шешуді пайдалану ашық және жабық формалардағы тестер көмегімен жүргізілетін тестілеуден ешқандай айырмашылығы жоқ. Егер ашық формадағы тест – жауаптар нұсқалары берілмейтін тапсырмалар(сұрақтар) жиынтығы, ал жабық формадағы тестерде сұрақ қойылып, оған жауаптар нұсқалары берілетін болса, онда оларға жауап беруге тура келетін сөзжұмбақтардағы сұрақтардың бар болуы сөзжұмбақтарды ашық формадағы тестерге жақындатады. Ал көмектің болуы (сөздердің қилысындағы әріптер) – жабық формадағы тестке жақын. Бірақ егер тесттерде сыбыр(көмек) анық түрде берілген болса, сөзжұмбақтарда бұл жасырын түрде, оны табу керек, ол бірден пайда болмайды, ол оқушының қандай да бір сұраққа жауап бергенінен кейін ғана шығады. Мұндай тәсілде сөзжұмбақтарды шеше отырып оқушы біріншіден, ой-өрісін дамытады, ал қиындықты бастан кешіріп жадына жүгінеді.

Сөзжұмбақтарды бірнеше нысандары бойынша жіктеуге болады[2]. Формасына қарай: тікбұрышты сөзжұмбақ, квадрат, ромб-сөзжұмбақ, үшбұрыш-сөзжұмбақ, дөңгелек сөзжұмбақ, фигуралы сөзжұмбақ;

Орналасуы бойынша: симметриялы, ассиметриялы, сөздердің еркін орналасуы және т.б.;

Мазмұны бойынша: тақырыптық, әзіл, оқу, сандық.

Біз жұмысымызда Excel электрондық кестесі мен Power Point презентациясын пайдаланып жеңіл құруға болатын электронды сөзжұмбақтардың нұсқаларын беріп отырмыз.

Excel электрондық кестесіндегі сөзжұмбақ ЕСЛИ логикалық функциясы және Примечание – жазбасының көмегімен құрылған [3]. Электронды сөзжұмбақты шешу барысында ұяшыққа енгізілген әріптің дұрыстығын сөзжұмбақтың жанында орналасқан оның көшірмесімен тексеруге болады. Егер әріп дұрыс енгізілген болса, онда сөзжұмбақ көшірмесінің сәйкес ұяшығында 1 деген цифр, кері жағдайда көрсетілген ұяшықта 0 шығатын болады. Сөзжұмбақ сұрақтарын *Примечание* – арнайы жазбасына жазып қою ыңғайлы, ол жауабы болып табылатын сөз енгізілетін ұяшықтар диапазонының 1-ші ұяшығына курсорды апарған кезде пайда болады(1-сурет).

Сөзжұмбақты шешу үрдісіне оқушылардың қызығушылығын оның дизайнын безендендіру көп әсер етеді. Ол үшін ұяшықтардың ішкі және сыртқы шекараларын жиектеу, ішін бояу және әріптердің түсі мен сызылымы пайдаланылады. Оқушыларда электронды сөзжұмбақты шешу барысында оның астыңғы жағынан немесе жанынан біртіндеп шығатын “Сіз жеңдіңіз”, “Құттықтаймыз”, “Жарайсың” деген жазбалар немесе қандай да бір ақпаратты тасымалдайтын қаратпа сөз үлкен қызуғышылық тудырады.

«Ақпараттық коммуникациялық технологиялар» пәні бойынша кезектегі бақылауға арналған сөзжұмбақ мысалын қарастырайық. Бұл электронды сөзжұмбақты «ЭЕМ архитектурасы» тақырыбын өткен кезде пайдалануға болады.

Тігінен:

Ұяшық адресі	Сөз ұзындығы (әріптер саны)	Сұрақ
H3	8	Компьютерлік ойындарға арналған манипулятор
J1	7	Мәтіндік және графикалық ақпаратты баспағашығаратын құрылғы
L3	5	Телефон, оптоалшықты және т.б. желілер арқылы компьютерлер арасында ақпарат алмасуға арналған құрал
Q2	10	Сыртқы құрылғының жұмысын басқаратын электронды схема
N10	9	Қатты магниттік дискіде ақпаратты жазуға, оқуға және ұзақ сақтауға арналған құрылғы

Көлденеңінен:

Ұяшық адресі	Сөз ұзындығы (әріптер саны)	Сұрақ
A3	8	Иілгіш магниттік дискіден ақпаратты жазуға, оқуға және сақтауға арналған құрылғы
P2	6	Графикалық немесе мәтіндік ақпаратты компьютерге оқуға арналған құрал
O4	4	Мәліметтерді тасымалдаудың жүйелік магистралі
F6	12	Монитор экранына ақпараттың шығуын басқаратын құрылғы
P9	7	Сызбаларды қағазға шығаруға арналған құрылғы
K11	7	Магниттік лентаға ақпаратты сақтау құрылғысы
H15	9	Жадыдан және сыртқы құрылғылардан келіп түсетін ақпаратты түрлендіруші

Сөзжұмбақ 1

Сөзжұмбақ 2

Ескерту 1. Сұрақтарды тігінен және көлденеңінен орналасқан ұяшықтар диапазонының 1-ші ұяшығына курсорды апарған кезде оқи аласыз.
 Ескерту 2. 2-ші кроссворд арқылы жауаптарыңызды тексеруіңізге болады. Әріптерді дұрыс тапсаңыз ұяшықта 1 цифры, қате болса 0 шығады.

1-сурет. Excel “электронды кестесінде құрылған сөзжұмбақ мысалы

Сөзжұмбақ құрудың екінші жолын Power Point программасы арқылы жасау нұсқасын қарастырайық. Бұл жерде де алдын ала сұрақтарды құрастырып, болашақ сөзжұмбағымыздың сызбасын жасап аламыз, мысалы

Сөзжұмбақ жауаптары							
				б	а	й	т
			д	и	с	к	
м	о	н	и	т	о	р	

Әріптер нөмірі							
				1	4	5	6
			7	2	8	9	
10	11	12	13	3	14	15	

Сызбаға назар аударсаңыздар 1-ші, 2-ші, 3-ші торкөздерде сөзжұмбағымыздың бір ұғымы белгілі. Яғни, бұл сөзжұмбақ жоғарыда айтып өткендей, жабық формадағы тестке ұқсас.


Сызба бойынша келесі әрекеттерді ретпен орындаймыз:

1. Microsoft Power Point бағдарламасын іске қосамыз.

5 «Файл» → «Параметры» → «Центр управления безопасностью» → «Параметры центра управления безопасностью...» → командасын орындап, *Включить все макросы* ауыстырып қосқышын қосамыз да, Ок

батырмасын шертеміз. Сонда жылдам қатынау тақтасына «Элементы управления»  қосылады [4].

3. Элементы управления панелінен TextBox1 элементін таңдаймыз. Қалауымызға қарай өлшемін, қаріпін өзгертуге болады, ол үшін TextBox-тың үстінен тышқанның оң жақ батырмасын басып, «Свойства» таңдаймыз. Осылайша бізге тағы 14 TextBox-ты құруымыз керек. Бокстар өз ретімен кесте бойынша әрбір әріптің орнына орналасуы керек. TextBox1, TextBox2, TextBox3-тің Text қасиетіне суретте көрсетілген сөзді жазып қоямыз. Енді кестені алып тастауымызға болады. Слайдтың фонын қалауымызша рәсімдейміз. Слайдымыз төмендегідей түрге ие болады (2-сурет):



2-сурет. Слайдты рәсімдеу терезесі

4. «Тексеру», «Тазалау», «Шығу» батырмаларын құрамыз. Оларды да басқару панелінен аламыз. Әр батырманың үстінен басып, қасиеттер ішінен батырма фонының түсін, қаріп өлшемдерін, түсін орнатамыз, батырмалардың атауларын өзгертеміз.

5. «Тексеру» батырмасының кодын жазуға кірісеміз, бұл кроссворд құрудағы ең ұзақ уақыт алатын бөлік. VBA редакторына өту үшін «Тексеру» батырмасын екі рет шертеміз, онда батырманы басу процедурасының оқиғасын көреміз:

```
Private Sub CommandButton1_Click()
{ Мында кодты енгіземіз }
```

```
If (TextBox4.Text = "а") And (TextBox5.Text = "й") And (TextBox6.Text = "т") Then
    TextBox4.BackColor = RGB(0, 255, 255)
    TextBox5.BackColor = RGB(0, 255, 255)
    TextBox6.BackColor = RGB(0, 255, 255)
```

```
Else  
TextBox4.Text = ""  
TextBox5.Text = ""  
TextBox6.Text = ""  
End If  
EndSub
```

6.Осы 6-шы пункттегі процедураны басқа жолдар үшін жазып шығамыз.


7.«Газалау» батырмасының кодын жазамыз. «Газалау» батырмасына басқан кезде барлық бокстар бастапқы (ақ RGB(255,255,255) түсіне боялып, ішіндегі әріптер өшуі тиіс.

```
Private Sub CommandButton2_Click()  
TextBox4.BackColor = RGB(255, 255, 255)  
TextBox4.Text = ""  
TextBox5.BackColor = RGB(255, 255, 255)  
TextBox5.Text = ""  
TextBox6.BackColor = RGB(255, 255, 255)  
TextBox6.Text = ""  
TextBox7.BackColor = RGB(255, 255, 255)  
TextBox7.Text = ""  
TextBox8.BackColor = RGB(255, 255, 255)  
TextBox8.Text = ""  
TextBox9.BackColor = RGB(255, 255, 255)  
TextBox9.Text = ""  
TextBox10.BackColor = RGB(255, 255, 255)  
TextBox10.Text = ""  
TextBox11.BackColor = RGB(255, 255, 255)  
TextBox11.Text = ""  
TextBox12.BackColor = RGB(255, 255, 255)  
TextBox12.Text = ""  
TextBox13.BackColor = RGB(255, 255, 255)  
TextBox13.Text = ""  
TextBox14.BackColor = RGB(255, 255, 255)  
TextBox14.Text = ""  
TextBox15.BackColor = RGB(255, 255, 255)  
TextBox15.Text = ""  
End Sub
```

8.«Шығу» батырмасына код жазамыз. Бұл батырма қолданбамен жұмысты аяқтайды.

```
Private Sub CommandButton3_Click()  
Application.Quit  
End Sub
```

VBA пайдаланып MS PowerPoint бағдарламасында жасалған дайын интерактивті сөзжұмбақ келесі түрдегідей болады(3-сурет):



3-сурет. MS PowerPoint бағдарламасында құрылған сөзжұмбақ интерфейсі

Берілген сөзжұмбақтардың шешімін табу бір компьютерде екі оқушының жұмысына арналады. Білімді тексеруді ұйымдастырудың берілген формасы арқылы біз екі мақсатты көздейміз: біріншіден, сұрақтарды талдау барысында, біз оларды оқып, есте сақтаймыз, екіншіден, білімгерлер бір-бірімен өз білімдерін бөліседі.

Жеке тәжірибе көрсеткендей, сөзжұмбақтарды қолдану оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттырады, өзбетінше іздену, өзбетінше құрастыру, оқу әдебиеттермен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастырады.

Жоғарыда қарастырылып өткен программалық құралдарды пайдаланып кез келген сабақ бойынша сөзжұмбақтарды білімгерлер де құруына болады, ол білімгерлердің оқуға деген ықыласын және жеке басының өзін-өзі тану мүмкіндігін арттыруға мүмкіндік береді.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. *Методическое пособие для тренера. Программа «StreetLaw». Сост. Мухтарова А.К., Булуктаев Ю.О. и др. – Алматы: Фонд XXI век, 2007. – 153с.*

2. *Кашинцева Л.Н.. Изучение методов создания кроссворда на уроке информатики / Информатика и образование, 2008 - №10*

3. *Сурядный, А.С. Microsoft office 2010 / А.С. Сурядный. - М.: АСТ: Астрель, 2011. - 640с.*

4. *Инчин, А.С. Работа на персональном компьютере: Учебное пособие. Часть 2 / А.С. Инчин. - Алматы: LEM, 2003. - 188с.*

МРНТИ 14.25.07

Г.И.Казахбаева¹, Г.А.Момбиева²

¹ магистр, оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ,
Алматы қ., Қазақстан

² магистр, аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ
Алматы қ., Қазақстан

ЗАМАНАУИ ҚОҒАМДА ОРТА МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Аңдатпа

Мақалада замануи қоғамда орта мектеп жасындағы оқушыларды проблемалық оқытудың тиімділігі қарастырылған. Сонымен қатар, проблемалық оқытудың, проблемалық жағдаяттың мән-мағынасы талданып, педагогикалық қырлары нақтыланды. Бұл мақалада аталған мәселені зерттеген, яғни оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін қалыптастыру мен проблемалық оқытудың тиімділігі аясында тәжірибелі педагог ғалымдардың көзқарастары мен пайымдаулары ұсынылған.

Авторлар проблемалық оқытудағы белсенділік пен проблемалық жағдаяттарды жасау тәсілдерімен қоса олардан шығудың жолдары талданды. Сонымен қатар, проблемалық оқу үрдісін ұйымдастырудың ерекшеліктері мен проблемалық жағдаяттың кезеңдері сипатталған.

Түйін сөздер: проблемалық оқыту, проблемалық жағдаят, оқушылар, белсенділік, шығармашылық, оқу-танымдық іс-әрекеті.

Г.И.Казахбаева¹, Г.А.Момбиева²

¹ магистр, преподаватель, КазНПУ им. Абая,
г. Алматы, Казахстан

² магистр, старший преподаватель, КазНПУ им. Абая,
г. Алматы, Казахстан

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ПРОБЛЕМНОГО ОБУЧЕНИЯ УЧЕНИКОВ СРЕДНЕГО ШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА В СОВРЕМЕННОМ ОБЩЕСТВЕ

Аннотация

В статье представлена эффективность проблемного обучения учеников среднего школьного возраста в современном обществе. Авторы раскрыли сущность проблемной ситуации и проблемного обучения учеников среднего школьного возраста. В статье представлены научные взгляды и мнения ведущих педагогов-ученых по проблемному обучению и формированию учебно-познавательной деятельности учеников среднего школьного возраста.

Авторы в статье раскрыли сущность понятия активность в проблемном обучении, а также описаны способы создания и решения проблемной ситуации. В статье представлены особенности организации проблемного учебного процесса и основные этапы проблемной ситуации.

Ключевые слова: проблемное обучение, проблемная ситуация, ученики, активность, учебно-познавательная деятельность.

G.I.Kazakhbayeva¹, G.A.Mombieva²

¹ master, lecturer of Abai Kazakh national pedagogical university Almaty, Kazakhstan

² senior master, lecturer of Abai Kazakh national pedagogical university Almaty, Kazakhstan

EFFICIENCY OF PROBLEM TRAINING PUPILS OF MIDDLE SCHOOL AGE IN MODERN SOCIETY

Abstract

The article presents the effectiveness of problem-based education for students of middle school age in modern society. The authors uncovered the essence of the problem situation and the problem-based learning of pupils of middle school age. The article presents the scientific views and opinions of leading teachers-scientists on problem-based learning and the formation of educational and cognitive activity of students of middle school age.

The authors in the article revealed the essence of the concept of activity in problem-based learning, and also described how to create and solve a problem situation. In the pack, the features of the organization of the training educational process and the main stages of the problem situation are presented.

Key words: problem-based learning, problem situation, students, activity, learning and cognitive activity.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының жарқын болашағы білімді, шығармашыл, дарынды жас ұрпаққа байланысты. Осыған орай бүгінгі таңда жалпы білім беретін мектеп алдында тұрған басты міндет С жоғары саналы, өзіндік ой-пікірі бар, белсенді азамат тәрбиелеп шығару. Қоғамдағы түбегейлі өзгерістер білім беру жүйесінің алдына жаңа білімді азаматты қалыптастыру мен дамыту мақсаттарын қойып отыр. Адам өмірінің, адамзат қоғамының өр-кендеп гүлденуі білімнің даму деңгейіне тікелей қатысты дүние. Қазақстанның өркениетті әлемге қол созып, бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кірігуінің басты тетігі – білім екендігі анық.

Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылға дейінгі «Білім беруді дамыту» бағдарламасы: «экономиканың орнықты дамуы үшін сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы адами капиталды дамыту, білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру», - деген алдына үлкен мақсат қойып отыр. Соның ішінде, бағдарламалық мақсатқа көз жүгіртсек: жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене бітімі және рухани дамыған азаматын қалыптастыру, тез өзгеретін әлемде оның табысты болуын қамтамасыз ететін білім алуға қажеттілігін қанағаттандыру, еліміздің экономикалық әл-ауқаты үшін бәсекеге қабілетті адами капиталды дамыту, - деп көрсетілген [1], яғни қазіргі таңдағы білім берудің негізгі мақсаты - жүйеленген білімді, дағды мен білікті меңгеру, білім алушылардың ақыл-ойы мен сезімін дамыту, дүниеге көзқарасын және танымдық үрдістерін қалыптастыру.

Қоғамдағы оқу-ағарту, білім беру саласындағы өзгерістер жеке тұлғаны қалыптастыруға, оқу үрдісінде тиімді әдіс-тәсілдерді іздестіруге, өскелең ұрпақтың шығармашылық, рухани, дене мүмкіндіктерін дамытуға, адамгершілік пен салауатты өмір салтын берік ұстануға бағытталады. Жалпы орта мектептегі оқушылардың ойлау қызметін дамыту, ой-пікірінің дербестігі мен еркіндігін кеңейту, олардың өз бетімен білім алуға деген ынтасын арттыру, оны өз тәжірибелерінде жаңа жағдайларға байланысты қолдана алу, яғни, біліктіліктерін қалыптастыру және дамыту – маңызды және күрделі мәселелер болып табылады.

Негізгі мектептің бүгінгі білім берудегі мақсаты – оқушыда өз жеке білім траекториясын таңдау қабілеттілігін қалыптастыруға жағдай жасау. Яғни, педагогикалық әрекет оқушылардың белгілі бір нәтижеге әкеп тірейтін әрекетіне бағытталу қажет. Проблемалық оқыту әрекеті – орта мектеп жасындағы оқушының өз жеке шығармашылық бағытын таңдау қажеттігін және шығармашылық өнім, нәтиже туғызуға бағытталған жауапкершілігін қамтитын әрекет. Мұндай әрекет оқушының жеке білім траекториясын қалыптастыруға бағытталған. Осы орайда, проблемалық оқу үрдісін ұйымдастырудың ерекшелігі - проблемалық жағдаятты оқудың бірінші және екінші кезеңдерінің негізгі элементіне — оқушылардың ойлау қызметін күшейтудің басты құралына айналуында.

Оқушылардың білімді меңгеруде, танымдық белсенділіктерін арттыруда шығармашылық деңгейге жеткізу оқу әрекетінің жаңа сапалық көрсеткішке көтеріліп, баланың ғылыми ұғымдарды меңгеріп,

жалпылау және жинақтау әдістерін нақты қолдана алады. Бұл тұрғыда оқушыларды өздігінен ой қорытуға, шешім жасауға үйрету көзделеді.

Орта мектеп жасындағы оқушылардың өзіндіктерінен жұмыс жасау әрекеттері тек қана оқытудың педагогикалық әдістері мен құралдары төңірегінде ғана емес, сондай-ақ зерттеу нысаны ретінде танылуымен сипатталады. Бұл К.Ушинский, Ы.Алтынсарин еңбектерінен бастау алады. К.Ушинский танымдық әрекет мәселесіне мән беріп, «Өз бетінше жұмыс - оқытуды жетістікке жеткізудің бірден-бір жолы» деп есептеді. Ы.Алтынсарин оқыту арқылы өз бетінше білім көтеруге жол бастауда, ой-әрекетін жаттықтыруда мұғалімнің рөлін жоғары бағалады. Ал К.Д.Ушинский мұғалімнің рөлін ескере отырып, ол оқушының белсенділігін дамыту мақсатында ұйымдастырылған дербес бақылау мен тәжірибе өткізу көрнекіліктер дайындау сияқты жұмыстардың маңыздылығына тоқталады. К.Д.Ушинскийдің пікірін П.Ф.Каптерев одан әрі дамытты, оның пікірінше, сабақта мұғалім бағыттаушы ғана, ал оқушының білімді игеруі өзіндік ішкі мүмкіндіктеріне байланыстылығын атап көрсетті [2, 3].

Проблемалық оқытуды барысында орта мектеп жасындағы оқушылар-дың ақыл-ой операциялары толық циклінің проблемалық жағдаяттың пайда болуынан бастап проблеманың шешілуіне дейінгі кезеңдер:

- ▶ проблемалық жағдаяттың пайда болуы;
- ▶ қиындық мәнін ұғыну мен проблема қою;
- ▶ ойлап табу немесе жорамалдар жасау мен болжамды негіздеу жолы-мен шешу тәсілін табу;
- ▶ болжамның дәлелдемесі;
- ▶ проблема шешімінің дұрыстығын тексеру.

Проблемалық оқудағы белсенділік оқып-үйренетін тақырыпқа, пайда бол-ған мәселеге, міндетке тұрақты ынтаның пайда болуымен, назар мен ой-сана операциясының бағыттылығымен (талдау мен синтез, салыстыру мен салмақтау) оқып жатқан материалды түсінуімен бейімделінеді.

Т.Шамова жеке адамның белсенділігін педагогикалық мәселе ретінде зерттеді. Автор жеке тұлғаның мәні мен осы ұғымның әрекет ұғымына қатынасын ашуда түрлі көзқарастың орын алып отырғанын атап өтеді [4].

ВБелсенділік тірі жүйелердің ерекше қасиеті ретінде жалпы категория түрінде қарастырады. Әрекет әлеуметтік нысан үшін айрықша белсенділік ретінде көрініс табады.

- В Белсенділік пен әрекет ұғымдары теңестіріледі.
- В Белсенділік әрекеттің сапалық сипаттамасы деген анықтама беріледі.
- В Белсенділік - бұл жеке адамның сипаты, оның қасиеті.

Тәжірибелі педагог ғалымдардың пікірінше, проблемалық жағдаяттарды талдауға өзіндік ерекше дидактикалық анықтама беруге болады, проблемалық жағдаятты талдау - оқушының дербес танымдық қызметінің бірінші кезеңі. Жағдаятты ұғыну оқушыны пайда болған интеллектуалдық қиындықтың себебі, нақ екенін түсінуге, санада: бұл не нәрсе?— деген сұрақтың пайда болуына алып келеді.

Проблемалық жағдаяттарды талдамас бұрын алдымен олардың жасалу тәсілдеріне дәлірек тоқталсақ [5]:

12 орта мектеп жасындағы оқушыларды құбылыстарды, фактілерді, олардың арасындағы сыртқы сәйкессіздікті теориялық тұрғыдан түсіндіруге ынталандыру. Бұл олардың ізденіс әрекетін тудырады да, жаңа білімдерді белсенді меңгеруге алып келеді.

35 — 40 баллов – вы уважаете себя как человека, личность, профессионала и делаете все для того, чтобы продолжать уважать себя и дальше: развиваетесь, совершенствуетесь в профессии, духовном и интеллектуальном плане, в сфере отношений, умеете извлекать уроки из ошибок и трудных ситуаций. Это норма, к которой стоит стремиться. Результаты эксперимента представлены в таблице 2.

Таблица 2 – Показатели уровня самооценки и самоуважения

Группы	Средний показатель по фактору самоуважения 1, 3, 4, 6, 7	Средний показатель по фактору самоунижения 2, 5, 8, 9, 10
Экспериментальная	1,88	3,07
Контрольная	2,16	-2,43

Учитывая табличные данные № 2 средние показатели по фактору самоуважения в контрольной группе практически не отличаются от экспериментальной, но показатели самоунижения в контрольной группе значительно ниже, чем у подростков, переживших насилие.

Это означает, что ученики экспериментальной группы неуверенные в себе, и не довольные собой личности. Чувство недовольства собой возникает периодически, часто посещают мысли: «Я - неудачник», «Я - ни на что не гожусь», проявления неуважения своей личности, что является проявлением факта пренебрежения нуждами, потребностями подростка в семье, принятие со стороны близких.

Ученики контрольной группы более уверенные в себе, в своих возможностях и адекватно оценивающие свою личность.

Исходя из полученных данных следует отметить что ученики пережившие моральное и физическое насилие теряют веру в себя, замыкаясь в собственных страхах испытывая постоянное самообвинение[4].

Чувство недовольства собой возникает периодически, часто посещают мысли: «Я - неудачник», «Я — ни на что не гожусь», и т. п., в какой-то мере у подростков проявляется не уважение своей личности, что является проявлением факта пренебрежения подростка, не принятие со стороны близких.

В результате проведенного исследования, полученные данные подтверждают о необходимости изучения и совершенствования методов профилактики насилия среди подростков.

Список использованной литературы:

- 1. Ушакова Е. Буллинг — новый термин для старого явления//Директор школы. 2009. № 6. С. 84–87.
- 2. Файнштейн Е. И. Мобинг, буллинг и способы борьбы с ними//Директор школы. 2010. № 7. С. 72–76.
- 3. Берковиц Л. Агрессия: причины, последствия и контроль. СПб.: Питер, 2001.
- 4. Бескова Т. В. Особенности агрессивности и враждебности субъектов зависти и соперничества // Теоретическая и экспериментальная психология. 2010. № 3. С.43–51.

УДК 377.1

Г.С.Саудабева¹

¹*п.э.д, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

Г.К.Шолпанқұлова²

²*п.э.к., доцент Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қ., Қазақстан*

Ф.А. Абдримова³

*аға оқытушы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

ҒЫЛЫМ МЕН ПРАКТИКА ИНТЕГРАЦИЯСЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ КӘСІБИ БАҒДАРЛАУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЖҮЙЕСІ

Аңдатпа

Бұл мақалада ғылым мен практика интеграциясы жағдайында қазіргі мектептің кәсіби бағдарлау жұмыстарының жүйесі қарастырылады. Қазіргі уақытта кәсіптік жоғдар жұмысының жүйесі өзіне келесі бағыттағы іс-әрекеттерді енгізеді: кәсіби ағарту, кәсіби ақпарат, кәсіби тәрбие, кәсіби диагностика, кәсіби кеңес, кәсіби бейімделу. Мектептегі кәсіби бағдар жүйесі үш блоктан (пропедевтикалық, жеке-ізденістік, өзін-өзі анықтау) тұрады, олардың әрбірінің өзіндік мақсаты, жұмыс мазмұны бар және жұмыста сабақтастықты қамтамасыз етеді. Өзін-өзі анықтау қабілетін қалыптастыру білімі беру әрекетінің бөлінбейтін бөлігі болып табылады. Бұл тұлғалық, метапәндік, сондай-ақ пәндік нәтижелердің өзіндік ерекшелігі бар жиынтығы.

Түйін сөздер: интеграция, ғылым мен практика интеграциясы, кәсіби бағдар, кәсіби ағарту, кәсіби тәрбие, кәсіби кеңес, кәсіби ақпарат.

Г.С.Саудабева¹

¹*д.п.н., ассоциированный профессор Казахского национального педагогического университета им.
Абая, г.Алматы, Казахстан*

Г.К.Шолпанкулова²

²*к.п.н., доцент Евразийского национального университета им. Л.Н.Гумилева
г.Астана, Казахстан*

Ф.А. Абдримова³

*ст. препод., Казахский национальный педагогический университет им. Абая,
г.Алматы, Казахстан*

СИСТЕМА ПРОФОРИЕНТАЦИОННОЙ РАБОТЫ НА ОСНОВЕ ИНТЕГРАЦИИ НАУКИ И ПРАКТИКИ

Аннотация

- данной статье рассматривается система профориентационной работы современной школы на основе интеграции науки и практики. В настоящее время система профориентационной работы включает в себя деятельность по следующим направлениям: профессиональное просвещение, профессиональная информация, профессиональное воспитание, профессиональная диагностика, профессиональная

консультация, профадаптация. Система профориентационной системы в школе состоит из трех блока (пропедевтический, поисково-личностный, самоопределение), каждый из них имеет свою цель, содержание работы и обеспечивает преемственность в работе. Формирование способности к самоопределению является неотъемлемой частью образовательной деятельности. Это своеобразный синтез личностных, метапредметных, а также предметных результатов образовательной деятельности.

Ключевые слова: интеграция, интеграция науки и практика, профессиональная ориентация, профессиональное просвещение, профессиональное воспитание, профессиональная консультация, профессиональная информация.

Saudabayeva G.S.¹

*¹doctor of pedagogical sciences, Abai Kazakh National Pedagogical University
Almaty, Kazakhstan*

Sholpankulova G.K.²

*²Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor,
Eurasian National University named after L.N. Gumilev,
Astana, Kazakhstan*

Abdrimova F.A.³

*Senior lecturer, Abai Kazakh National Pedagogical University
Almaty, Kazakhstan*

SYSTEM OF OCCUPATIONAL WORK ON THE BASIS OF INTEGRATION OF SCIENCE AND PRACTICE

Abstract

In this article, discusses the system of vocational guidance work of the modern school based on the integration of science and practice. Currently, the system of vocational guidance work includes activities in the following areas: professional education, professional information, professional education, professional diagnostics, professional consultation, profadaptation. The system of vocational guidance system at school consists of three blocks (propaedeutic, search-personal, self-determination), each of them has its own purpose, content of work and ensures continuity in work. Formation of the ability to self-determination is an integral part of educational activities. This is a unique synthesis of personal, metasubject, and subject-related results of educational activities.

Key words: integration, integration of science and practice, vocational guidance, vocational education, professional education, professional advice, professional information.

XXI ғасырда жаһандану жағдайында мектеп оқушыларына сапалы білім беруде әлемдік қоғамдастықта интеграцияның орны мен рөлі айрықша маңызды. Бүгінде бүкіл әлемді интеграциялық бірлестіктер, одақтар және топтардың жиынтығымен түсіндіруге болады. Соның ішінде, Қазақстан Республикасында да интеграция дамыған интеграциялық үдеріс ретінде қарастырылады, ал халықаралық қоғамдастық Қазақстанды бүгінде жаһандық үдерістерге беделді де ықпалды қатысушы ретінде таниды.

Сондықтан заманауи мектепте оқушылармен ұйымдастырылатын кәсіби бағдарлау жұмыстарын ұйымдастыруға жүйелі тұрғыда инновациялық технологияларды пайдалану педагогикалық құбылыс ретінде қарастырылады.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында: «мектептегі білімнің жаңартылған мазмұнына кезең-кезеңімен көшу, дуальді оқыту, колледждерде алғашқы жұмысшы кәсібін тегін алу, колледждер мен жоғары оқу орындарының мемлекеттік аттестаттаудан тәуелсіз аккредиттеуге өтуі заңнамамен регламенттеледі» деп атап көрсетіледі [1].

Бұл міндеттің жүзеге асырылуы оқушыларды кәсіби бағдарлаудың әлеуметтік жүйе ретінде мемлекеттің кадрлік саясатының бөлінбейтін элементі және еңбек ресурстарын басқару тетігінің құрамдас бөлігі екендігін айқындай түседі.

Оқушыларды кәсіби бағдарлау мәселесін белгілі ресейлік педагогтар мен психологтар: Е.А.Климов [2], Э.Ф.Зеер [3], Н.С.Пряжников [4], Қазақстандық ғалымдар А.П.Сейтешев [5], Г.Т.Хайруллин [6] зерттесе, ал интеграция мәселесі А.А.Бейсенбаева [7], Б.М. Кедров [8] және т.б. ғалымдар еңбектерінде жан-жақты қарастырылады.

Мемлекеттің еңбек ресурстарын дайындау теориясы мен практикасында тұлғаның кәсіби қызығушылығына сай еңбекке жарамды кадрларды дайындау үрдісі ретінде болашақ маманның қоғамның сұранысы мен күтетін нәтижесіне бейімділігінің үйлесуін ғылыми басқарудың қажеттілігін, оның бастауы мамандықты саналы таңдауға оқушыларды дайындау бойынша мектептің іс-әрекеті болып табылатынын көрсетеді. Қазіргі мектептің негізгі міндеті оқушының жоғары технологиялық әрі бәсекеге қабілетті әлемдегі өмірге дайындығын сипаттайтын қабілеттерін дамыту болып табылады.

Қоғамның өзгерістері мектептегі ғылымдар негізінен білім беруді, ғылымның сан алуан салаларының өзара байланысымен интеграцияның жаңа дәрежеге көтерілуі негізінде құруды талап етіп отыр. Сонымен білімді ізгілендіру жағдайында интеграциялық үдерістер күшейтіліп, интеграция жетекші, доминантты тенденция ретінде жаңа қырынан зерттелініп, негізгі бағытта қарастырылуда: бір ғылымдағы ұғымдар мен идеялардың танымның басқа салаларына ауысуы (космостық «белгілер» барлық ғылымға еніп, геоцентризм элементтерінің қалдығын жойған кездегі ғылымның космостану үрдісі); бір саланың таным әдістерінің екінші салаға енуі (қазіргі ғылымның математикалану үрдісі); ғылымдар тоғысында зерттеудің болашағы мол салалары (биохимия, астрофизика, кибернетика, физикалық химия т.б.) мен пәнаралық кешенді бағыттарының пайда болуы; жаратылыстану, қоғамдық және техникалық ғылымдары арасындағы байланыстың күшейе түсуі; бір ғылымның пайымдау құрылғыларының екінші ғылымға енуі негізінде ғылым тілі мен логикасы құралдарының әмбебаптығы. Бұл жерде қолданыстың кең аумағын қамтитын жалпығылымдық түсініктер (информатика, модель, құрылым, жүйе, элемент, функция т.б.) үлкен рөл атқарады; философия мен табиғат, қоғам, техника саласындағы нақты ғылымдардың байланысының күшеюі, диалектикалық - материалистік философияның әдіснамалық және эвристикалық рөлінің күшеюі, оның кіріктірудегі рөлінің жоғарылауы.

Ғылым мен практика интеграциясы жағдайында қазіргі заманғы мектептің кәсіби бағдарлау жұмыстарын инновациялық технологиялар негізінде ұйымдастыру жүйесінің маңызды ресурсы басқару теориясының жетекші идеясына негізделеді.

В. А. Слостенин арнайы белгіленген мақсаттарға сай шешімдерді қабылдауға, басқару объектісін ұйымдастыруға, қадағалауға, реттеуге, нақты ақпараттарды талдау негізінде қорытындылауға бағытталған іс-әрекетті басқару деп атайды [9].

Оқушыларды мамандықты таңдауға дайындау үрдісін ұйымдастыруда, ең алдымен, үздіксіз білім беру тұжырымдамасына, адамның бүкіл өміріндегі қажетті іс-әрекет оқу/үйренуге басты назар аудару қажет.

Кәсіби бағдар педагогикалық категория ретінде оқушыларды әртүрлі мамандықтармен таныстыру үрдісін және оларға өзінің бейімділігі мен қабілеттеріне сәйкес кәсіп пен мамандықты таңдауға көмектесуді білдіреді. *Біздің пікірімізше, кәсіби бағдарлау: тұлғаның кәсіби бағытты саналы таңдауға дайындығын қалыптастыруға және іскерлік қасиетін тәрбиелеуге; оқушылардың политехникалық дайындығына сүйене отырып, оны кеңейтуге және өзін-өзі тануға мүмкіндік беруге; қол жетімді еңбек түрлерінде өзін-өзі тексеруіне бағытталған.*

Демек кәсіби бағдарлау төмендегі мақсаттарда жүзеге асырылады: нарықтық қатынастар жағдайында тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыру және мамандықты еркін таңдау саласында қызметпен қамтылу формасы жолымен әлеуметтік кепілділікті қамтамасыздандыру; адамның кәсіби қызығушылығы, оның психологиялық ерекшеліктері мен еңбек нарығының мүмкіндіктері арасындағы теңгерімділікке жету; еңбек іс-әрекетінің кез келген саласындағы кәсіби табыстылығын болжау; тұлғаның әлеуметтік мәртебесін қанағаттандыру; жеке әлеуетін жүзеге асыру шарттары ретінде тұлғалық кәсібилікті үздіксіз көтеруге әсер ету.

Кәсіптік бағдардың құрылымдық элементтерін ғылыми негізделген іс-әрекеттер жүйесі деп тұжырымдалады: кәсіби ағарту (ақпараттандыру мен насихаттау), кәсіби кеңес, кәсіби таңдау, кәсіби іріктеу, кәсіби оқыту, кәсіптік дайындық, кәсіби бейімдеу, кәсіптік тәрбие, кәсіби, өндірістік және әлеуметтік бейімделу.

Кәсіби ағарту өндірістің қазіргі заманғы түрлерімен, еңбек нарығының жағдайымен, шаруашылық кешендерінің жоғары білімді кадрға сұраныстарымен, кәсіп нарығының дамуының мазмұны мен болашағымен, формасы мен оны меңгеру шарттарымен, қоятын талаптарымен, кәсіби өсу мүмкіндіктерімен, еңбек әрекеті үрдісінде өзін-өзі жетілдірумен таныстыру. Ол оқушылардың мамандықты таңдауы үшін қажетті ақпараттың үш түрімен, атап айтқанда, мамандық және оның мазмұны

туралы; мамандық үшін қажетті тұлғаның психологиялық сапалары мен қасиеттері туралы; осы мамандық бойынша қоғамның кадрға сұранысы туралы таныстырады. Сондықтан кәсіптік ағарту кәсіптік бағдар берудің бастапқы элементі, оқушыны мамандықтар әлеміне еркін бағдарлануға үйретуі қажет. Кәсіби ағарту шартты түрде екі түрге бөлінеді: кәсіби ақпарат және кәсіби насихат.

Кәсіби кеңес адамның кәсіби өзін-өзі анықтауында өзінің психологиялық ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін, сонымен қатар қоғамның қажеттілігін ескере отырып, кәсіби жолын таңдау жөніндегі саналы шешімін қабылдау мақсатында көмек көрсету. Кәсіптік кеңестің ақпараттық қызметі адамға ұсынылатын әрекет типінің нақты мамандықтары мен кәсіптері, сонымен бірге кәсіби оқу орны туралы ақпараттарды хабарлайды. Кәсіптік кеңестің диагностикалық қызметі тұлғаның негізгі физиологиялық және психологиялық даму деңгейін анықтайды.

Кәсіптік диагностика бойынша жұмыс мазмұнында келесі компоненттерге мән беріледі: тұлғаның қажеттіліктері, құндылық бағдары, мотивтері, қызығушылығы, икемділігі, қабілеттілігі, нышандары, кәсіби бағыттылығы, кәсіби мақсаты; жүйке жүйесінің жекелік қасиеттері (темперамент, т.б.); тұлғаның негізгі психикалық үрдістерінің (ес, жады, қабылдау, зейін, ойлау, түсінік) даму деңгейі субъектінің қабілеттері және кәсіби маңызды сапа ретінде қатысатын тұлғалық қасиеті; жеке психикалық (мінез-құлқы, өзін-өзі бағалау және кәсіптік жоспарын қалыптастыру ерекшеліктері); диагностика үрдісінде өзін-өзі бағалаудың реалистілігі, өмірлік жоспары мазмұнының негізделуі, оны құрудағы дербестігі; білім, білік, дағды, білімді нақты практикалық міндеттерді шешуде қолдану біліктілігі.

Кәсіптік бейімделу жұмыс орнында, тәжірибелік еңбек әрекетінде іске асады, ол мамандыққа жаңа жағдайда бейімделу. Онда оқушылардың алғашқы әсерлері, олардың еңбек әрекетінің мақсатын саналы түсінуі мен сезінуі және мамандыққа қызығуын қанағаттандыруының мөні ерекше. Кәсіптік бейімделудің тиімділігі тек қана нақтылы еңбек нәтижелерінен көрінбейді, сонымен қатар өндіріс ұжымында, еңбекке жаңа араласқан жастармен жүргізілетін жүйелі жұмыстың нәтижесінде іске асады.

Қорыта келгенде, кәсіби бағдарлау жүйе ретінде қоғамның (жалпы, кәсіптік және қосымша білім беретін ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының) тұлғаға оны кәсіби және әлеуметтік өзін-өзі анықтауын жетілдіру мақсатында әсер етуі. *Қазіргі мектептің оқушыларын ғылым мен практика интеграциясы жағдайында кәсіби бағдарлау еңбек өміріне дайындығын қалыптастыруға және кәсіби іс-әрекет саласын саналы таңдауға және тұлғаның іскерлік сапаларын тәрбиелеуге мақсатты бағытталған іс-әрекет, қол жетімді еңбектің сан алуан түрлерінде өзін-өзі тануын айқындайды.*

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2015.

Климов Е.А. Психология профессионального самоопределения. – 4-е изд. стер. - М: Академия, 2010. – 304с.

3.Зеер Э.Ф. Психология профессий. – М.: Академический проект, 2008. -336с.

4.Пряжникова Е.Ю., Пряжников Н.С. ПрофорIENTATION: учебное пособие для студентов учреждений высшего профессионального образования. – 6-е изд. – М.: Издательский центр «Академия», 2013. - 496с.

В Сейтешев А.П. Избранные педагогические произведения: в 30 т. Национальная академия наук Республики Казахстан. – Алматы: Ғылым, 2008. –Т.17. - 403с.

В Хайруллин Г.Т., Саудабаева Г.С. Профессинальная ориентация современного школьника. - А.: Алишер, 2007. -115с.

В Бейсенбаева А.А. Теория и практика гуманизации школьного образования. Монография. - Алматы: Ғылым, 1998.-225с.

В Кедров Б.М. Классификация наук (в 3-х томах). – М.: Изд. ВПШ АОН, 1961-1965. – 580с.

В Сластенин В.А. О моделировании образовательных технологий. //Наука и школа - 2000- №4 - с.3-10.

МРНТИ 14.09.43

Тауланов С.С.¹, Аширбаева Н.Н.²

¹⁸ педагогика ғылымдарының докторы, «Арыстан» мамандандырылған лицейінің бастығы,

запастағы генерал-майор,
Алматы қ., Қазақстан

^B PhD докторы, «Арыстан» мамандандырылған лицейінің оқытушысы
Алматы қ., Қазақстан

ӘСКЕРИ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗИЯТКЕРЛІГІН ДАМУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Аңдатпа

Берілген мақалада әскери мектеп оқушыларының зияткерлігін дамытудың маңызы қарастырылғын. Себебі, қазіргі уақытта біздің мемлекеттің әскери құрылымына креативті ойлайтын мамандар қажет. Осы мәселені шешу үшін, болашақ офицер тұлғасын қалыптастырудың ең алғашқы баспалдағы болып табылатын әскери мектептерде педагогикалық шарттарды ұйымдастыру және жүзеге асыру оңтайлы шешім болып саналады.

Түйін сөздер: шарт, педагогикалық шарттар, мотивация, психологиялық сүйемелдеу, кәсіби өзін-өзі анықтау, кәсіби бағыттылық.

Тауланов С.С.¹, Аширбаева Н.Н.²

¹⁵ доктор педагогических наук, начальник Специализированного лицея «Арыстан», генерал-майор запаса,

Алматы, Казахстан

^{18.} доктор PhD, преподаватель Специализированного лицея «Арыстан»
Алматы, Казахстан

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ РАЗВИТИЯ УЧАЩИХСЯ ВОЕННЫХ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫХ ШКОЛ

Аннотация

16. данной статье рассматриваются важность интеллектуального развития учащихся военных школ. Так как, в нынешнее время наше Государства нуждается в кретивно мыслящих специалистах в сфере силовых структур. От их профессионализма зависит обороноспособность нашей страны. Для решения данной проблемы, в становлении личности будущего офицера, необходимо организовать и реализовать педагогические условия в стенах военных школ.

Ключевые слова: условия, педагогические условия, психологическое сопровождение, мотивация профессиональное самоопределение, профессиональная направленность.

Taulanov Sabit¹, Ashirbaeva Nazilya²

16. *doctor of pedagogical sciences, head of specialized lyceum «Arystan», Retired Major General, Almaty, Kazakhstan*

17. *doctor of PhD, teacher of specialized lyceum «Arystan» Almaty, Kazakhstan*

PEDAGOGICAL CONDITIONS OF DEVELOPMENT OF STUDENTS OF MILITARY INTELLECTUAL SCHOOLS

Abstract

This article discusses the importance of the intellectual development of the military schools. Since, now, our state needs creative minded professionals in the field of law enforcement agencies. From their professionalism depends on our country's defense. To solve this problem, in the formation of the personality of the future officer, it is necessary to organize and implement pedagogical conditions within the walls of military schools.

Key words: conditions, pedagogical conditions, psychological support, motivation, professional self-determination, professional orientation.

Қазіргі қоғам Мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ақылды, құзыретті, шығармашылық тұрғыда ойлай алатын, қоғамның мүшелерімен өзара қарым-қатынаста өзінің зияткерлік іс-әрекетін басқара алатын тұлғаны қажет етеді. Мұндай тұлғаны зияткерлік тұрғыда дамыту мәселесі мемлекет саясатының басымдық бағыты болып табылады.

Осы басымдық бағыттың бірі - болашақ әскери мамандарын даярлау мәселесі. Ғылыми зерттеулерде болашақ әскери мамандардың кәсіби дайындығының төмендігі, олардың тұлғалық даму көрсеткіштерінің нашарлауымен байланысты екенін көрсетті.

Аталған мәліметтерді ескере келе, болашақ мамандардың зияткерлігін дамыту мақсатында, әскери жоғары оқу орнында білім алушылардың дайындық сапасын арттыруға байланысты міндеттерді шешудің бір тәсілі жоғары оқу орнына дейінгі мекемелерде оқушылардың зияткерлігін дамытудың педагогикалық шарттарын анықтау деп қарастырамыз.

Ғылыми еңбектерде педагогикалық шарттар дегеніміз – қойылған мақсатқа жетуге бағытталған, арнайы шаралардың жиынтығын кіріктірген педагогикалық үдерістің маңызды компоненті. Оқушының қажеттіліктері, мүдделері, құнды бағдары және оның ішкі дүниесімен арнайы өзара қарым-қатынастарға бағытталған, материалдық-кеңістіктік ортаның педагогикалық әдістері мен құралдарын, мазмұны, формалары мен тәсілдерін ғалымдар шаралардың жиынтығы», – деп түсіндіреді [1].

Біздің зерттеуіміз бойынша, педагогикалық шарттар – бұл арнайы нәтижеге жетуді болжайтын, саналы түрде педагогпен құрастырылған, педагогикалық үдерістер ағымына маңызды әсер ететін сыртқы жағдайлар. Шарттар мақсаты – бағдарлы жасалған мән-жайлар деп қарастырылған. Оқушы зияткерлігі дамуына және оның білім алу үдерісіне айтарлықтай әсер ететін педагогикалық шарттарды анықтау мен жасау оқушы зияткерлігінің дамуына әсер ететін факторларға негізделген. Олардың санатына: 1) әскери мектептерде білім беру үдерісінің құрылымы мен ұйымдастырылуы; 2) оқушының жеке бейімділігі мен қажеттіліктері.

Арнайы әскери мектептердегі жасөспірімдердің зияткерлігін дамытудың шарттарының бірі оқу-тәрбие үдерісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу болып табылады. Мектептің білім беру кеңістігінде тұлға дамуын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мәселесі өзекті болып табылады.

М.Р.Битянова бойынша, сүйемелдеу үдеріс және мектеп психологының тұтас іс-әрекеті ретінде қарастырады. Мұнда өзара байланысты үш компонент бөліп көрсетіледі:

– мектептегі оқыту үдерісінде баланың психикалық дамуының динамикасын және психологиялық-педагогикалық жағдайын жүйелі түрде бақылау;

– оқушы тұлғасының дамуы және табысты оқуы үшін әлеуметтік-психологиялық жағдайлар жасау;

– оқу мен дамуда психологиялық мәселелері бар балаларға көмек көрсету үшін әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау [2,25-26 б.].

Шет елдік ғылымда сүйемелдеу феномені тек соңғы он бес жылда ғана психология ғылымының пәніне айналып отыр. Шетелдік зерттеулер көрсеткендей, шет елдік психология мен социологияда сүйемелдеу колданбалы зерттеулерде ғана қарастырылады. Бірнеше шетелдік зерттеулерде К. Валстром, К.

Маклафлин, П.Зваал, Д. Романе жеке даму процесін психологиялық сүйемелдеу деп – «жасөспірімнің өзмәселелерін өзі дербес шешуге, күнделікті қиыншылықтарды жеңуге және қоршаған ортаны адекватты қабылдауға үйрету» деген анықтама береді [136, с. 57].

Педагогикалық-психологиялық сүйемелдеудің бұрыннан бар тәсілдері оқушы тұлғасының кемелденген психологиялық ерекшеліктерін есепке ала отырып жасалады және жасөспірімдер үшін жарамсыз болды. Міне, сондықтан да сүйемелдеу жүйесін жасау үшін әскери мектеп жағдайында оқушылардың интеллектуалды, зияткерлік тұлғалық даму қарқынын қосымша зерттеу, бейімделу үдерістерінің сатылары мен дағдарысты кезеңдерін, бейімделудің бұзылуының негізгі себептерін, механизмдері мен байқалуын анықтау қажет болады.

Арнайы әскери мектепте білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу педагогтардан кәсіби-психологиялық іріктеуде жүргізетін кешенді шараларын төмендегілерге бағыттайды:

21. оқуда артта қалушы, лауазымдық міндеттерін атқара алмаушы, кәсіби бейімделуде қиындықтарды сезінетін оқушыларды терең зерттеуге;

22. білім алушыларды психологиялық үйлесімдері бойынша бөлімшелерге орналастыру бойынша ұсыныстарды дайындау;

23. арнайы мектепті бітірудің соңғы сыныбында білім алушылардың кәсіби бағытталуы бойынша ұсыныстарды дайындау.

Білім беру үдерісі барысында оқушыларды педагогикалық-психологиялық сүйемелдеу бойынша шаралар тәрбие жұмыстары ұйымдардың психологтары мен мұғалімдерінің өзара келісімі, әрекеттесуі арқылы жүргізіледі. Мұғалімдер мен психологтардың өзара әрекеттері әскери мектептерде психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қажет етеді.

Тиісті психологиялық көмек көрсету арқылы оқыту тиімділігін арттыру, болашақ офицерлер ретінде үйлесімді тұлғалық зияткерлігін дамыту, арнайы әскери білім беру ұйымдарына оқуға түсуге деген мотивация мен тұрақты оқу мотивациясы, білім алушылардың кәсіби бейімделуі – білім беру үдерісі барысында оларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің мақсаты болып табылады.

Бұл шарттың нәтижесінде білім алушылар ұжымының ұйымшылдық дәрежесі, оқу мотивациясы көтеріліп, жай-күйді өзі реттеудің қарапайым дағдылары мен кәсіби оқу әрекеттері барысындағы мінез-құлықтар қалыптасады.

Келесі шарт – білім алуға мотивация. Әскери психолог зерттеушілердің ішінде Н.Ф.Феденко мотивтерді әскери адам тұлғасының психологиясының маңызды компоненті ретінде қарастырады. Оның пікірінше, іс-әрекеттің жағымды мотивтері тәрбиелеу мақсаты ғана емес, сонымен бірге табыстылықтың алғышарты болып табылады деген нәтижеге келді [3,178 б.]. Тұлғаның мінез-құлқын бағалауда оның әрекеттерінің қандай мотивтермен (адамгершілік, тұлғалық, эгоисттік) шартталғанын ескеру қажет. Біздің зерттеу мәселеміз тұрғысынан қарастыратын болсақ, осыған байланысты болашақ әскери офицер мамандығын таңдаудың мотивтерін тудырудың ыңғайлы жолдары ашылады.

В.И. Ковалев әскери жоғары оқу орындарының курсанттарының іс-әрекет мотивін зерттеді. Әскери психологтар әскери іс-әрекетке деген мотивацияны кең зерттеді, соның ішінде оқу, қызметтік, қоғамдық. Автордың пікірінше, оқу іс-әрекетінің тиімділігі оның мотивациясына – тұлғаның осы іс-әрекетке деген белгілі бір қатынасын шарттайтын тудырушы себептерге тәуелді екенін көрсетті [4].

Әскери мектеп тәрбиеленушілерінің оқу іс-әрекетінің мотивтеріне келесілерді жатқызуға болады:

24. Қоғамдық мәнділігі бойынша, мотивтер кең әлеуметтік, ұжымдық, тұлғалық. Кең әлеуметтік мотивтер оқушылардың қоғамның, мемлекеттің, міндет, жауапкершілік сияқты құндылықтарына деген қатынасын көрсетеді. Оған келесі мотивтер жатады: адал ниетпен оқуға деген сенімі; оқытушылар, командирлер, ата-аналар алдында оқу нәтижесіне деген жауапкершілігі; жағымды идеалға ұмтылысы; әскери мамандықты меңгеру және әскери борышын ақтау.

25. Ұжымдық мотивтер оқу іс-әрекеті сұрақтары бойынша, оқушылар арасындағы ынтымақтастықпен өзара әрекеттесу қатынасымен шарттанған. Бұл мотивтерге: жақсы және өте жақсы оқу дәстүрін жалғастыруға ұмтылыс; ұжымның, бөлімшенің абыройын ұстап, сақтау ниеті; жеке оқу нәтижесі үшін ұжым алдында жауапкершілік сезімі жатады.

26. Тұлғалық мотивтер көбінесе тұлғалық мәнділікке ие, бірақ әлеуметтік ортаның қызығушылықтарына қайшы келмейтін оқушылардың оқу іс-әрекетіне деген құндылық бағдарын көрсетеді. Бұл мотивтерге: оқылатын пәндерге қызығушылық; жаңа білімдерді меңгеруге деген бағдар; таным процесінен және жеткен жетістіктерінен қанағаттану сезімі; өзінің бойында офицерлік қасиеттерді қалыптастыруға деген ұмтылыс; оқу взводының ұжымында беделге ие болуға ұмтылыс; басқалардан жақсы оқи алатынын дәлелдеуге тырысу; нашар оқумен мұғалімдердің көңілін қалдырмауға ұмтылу.

Келесі шарт -кәсіби өзін-өзі анықтау және кәсіби бағыттылық.

П.Н.Осиповтың ойынша, кәсіби өзін-өзі анықтау дегеніміз – «кәсіби еңбектің мазмұны мен талаптарына адамның кәсіби психологиялық мүмкіндіктерінің дербес әрі саналы үйлесуі, сондай-ақ нақтылы әлеуметтік-экономикалық жағдаятта өзі атқаратын әрекеттерінің мағынасын табуы» [5,13 б.]

Әскери мектеп оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтауының теориялық шарттарына мына қағидалар жатады:

23. болашақ мамандықты таңдау үдерісі қалыптасқан құндылық бағдарлармен анықталған;

24. жасөспірім өз өмірінің мағынасын іздегенде ғана, өзін-өзі анықтау үдерісі тиімді болады;

25. жасөспірімдердің жеке психологиялық ерекшеліктері болашақ кәсіби әрекеттерді анықтаудағы өзінің саналанған, өзін-өзі бағалау мүмкіндіктері мен қабілеттерінің қалыптасуына ықпал етеді;

26. жасөспірімнің өзінің жағымды қалыптасып келе жатқан бағыттарына сүйене отырып, оны ересектер тарапынан психологиялық-педагогикалық жетелеуді саналы қабылдауы – оның жеке мақсаттары, жоспарлары, алыс және жақын болашағын анықтауға ықпал етеді.

Мектепте оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруда оқу мен практиканың үздіксіздігі ұжымдық, топтық және жеке формаларын тиімді үйлестірумен сипатталады. Сараланған оқыту оқу әрекеттерінің мазмұндары мен қарқынын толығымен жекелеуге ықпал етеді, бұл оқытушыға білім алушылар жұмыстарының барысы мен нәтижелерін үнемі және толық бақылауды жүзеге асыруына мүмкіндік береді. Сараланған оқытудың жоғары тиімділігі оқушылардың арнайы білімдер мен шеберліктерді меңгеруімен, өзіне қолайлы режимде дағдыларды иеленуімен анықталады.

Оқытудың жеке формасына қарағанда оқытудың ұжымдық формасының ұйымдастырушылық құрылымы анағұрлым нақты әрі үнемді, өйткені мұғалім бір мезгілде оқушылардың үлкен тобымен жұмыс жүргізеді, ұжымдық жұмысты ұйымдастыру жағдайын қамтамасыз етеді, сөйтіп білім алушыларға тәрбиелік әсер ете отырып, оқуда жарысу атмосферасының пайда болуына ықпал етеді. Сонымен қатар ұжымдық оқытуда оның бағдарламалық мазмұнын, оқушылармен жүргізілетін оқу-тәрбие жұмыстарын даралау болмайды, оқыту қарқыны барлық білім алушылардың мүмкіндіктеріне сай келмейді.

Оқу мен практиканың үздіксіздігі топтық оқыту ұжымдық оқытудың әлсіз жақтарын жеңуге көмектеседі. Оқушылардың шағын тобы арнайы теориялық және практикалық мәселелерді шешумен жұмыс істейді. Шағын топтарда оқыту барысында оқушыларға деген сараланған әдіс – зияткерлікті тиімді дамыту шарттарының бірі болып табылады. Топ мүшесінің әрқайсысының қол жеткізген нәтижелері жекеше түрде бағаланады. Жұмыстың топтық формасы математикалық, вербалды және кеңістіктік зияткерлікті дамытып (тапсырмаларға байланысты) қана қоймай, зияткерліктің тұлғаларалық және ішкі тұлғалық түрлерін дамытуға да ықпал етеді. Арнайы әскери мектептегі оқыту үдерісін ұйымдастыруда оқу мен практиканың үздіксіздігін ұжымдық, топтық және жеке формаларын тиімді үйлестіруде оқушылардың оқу материалдарын сапалы меңгеруін көтеруге, шеберліктері мен дағдыларының қалыптасуына, жалпы алғанда, болашақ жоғары әскери оқу орнына түсуге деген кәсіби қалыптасуын күшейтуге ықпал етеді. Оқу мен практиканың үздіксіздігін айқындауға негіз болатын диагностика мен мониторинг – оқушылар зияткерлігінің вербалды, математикалық, кеңістіктік, практикалық-бағдарлы, тұлғаларалық және ішкі тұлғалық түрлерін дамытады. Күрделілігі әр түрлі деңгейдегі (бірінші топ тапсырмалары үшін алгоритм бойынша әрекеттердің сәйкестігін; екінші топ тапсырмалары үшін қарапайым операцияларды құрастыруды; үшінші және төртінші топтар тапсырмаларына шешімді шығармашылық іздеуді білдіретін) тапсырмаларды қолдануға бағытталған және оқушылардың танымдық әрекеттерде субъект рөлінде қатысуының таландыратын, күрделілігі әр түрлі деңгейді таңдауға мүмкіндік беретін вариативтік бақылау–оқушылардың білім сапасын көтеруде маңызды рөл атқарады.

Оқу мен практиканың үздіксіздігі көзделген оқу-тәрбие үдерісінде оқыту оқу-далалық жиындармен (практика) жалғастырылып, әскери мамандықтың тактикалық, инженерлік және физикалық дайындығы іске асырылады.

Оқу-далалық жиындардың мақсаты: тәжірибелік сабақтарда, дала жағдайында, оқу барысында алынған теориялық машықтарды бекіту. Практиканың негізгі мақсаттары: тактикалық дайындық, әскери топография, инженерлік дайындық бойынша сабақтарды жүргізу және барлық сабақтардың соңы – автоматтан және пистолеттен оқу атыстарын орындау. Оқу сабақтарымен қатарлас физикалық дайындық бойынша сабақтар жүргізілді (волейбол, футболдан сыныптар арасындағы біріншілік, сонымен қатар қарумен бес километрге жедел марш жасау). Біз анықтаған шарттар оқу-тәрбие үдерісінің оң қызмет етуін қамтамасыз ету мақсатын көздеп, оқушылардың зияткерлігін дамытады, - деген тұжырым жасаймыз.

Пайданылган әдебиеттер тізімі:

1. Андреев В.И. Педагогика: учебный курс для творческого саморазвития. - Казань, 2000. – 600 с.
2. Битянова М.Р. Организация психологической работы в школе. – М.: Совершенство, 1997. – 25-26 с.
3. Чиркова Т.И. Психологическая служба в детском саду. – М., 2001. – 57 с.
4. Феденко Н.Ф. Очерки по психологии личности советского воина. -М.: ВПА, 1966. –178 с.
5. Ковалев В.И. Учитывая степень мотивации // Вестник высшей школы. – 1985. - №8. –35-37 с.
6. Осипов П.Н. Профессиональное развитие студента среднего специального учебного заведения (Социально-психологический аспект). – Казань: РИЦ Школа, 2002. - 154 с.

УДК 377.51.016
МРНТИ 14.33.09

Б.Ж. Абдижадилова¹, Л.Ж. Жансеитова²

¹ *Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы,
Алматы қ., Қазақстан*

² *Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің PhD докторанты,
Алматы қ., Қазақстан*

КОЛЛЕДЖДЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Қазақстан Республикасының қазіргі даму кезеңінде терең әлеуметтік-экономикалық өзгерістер орын алып, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіне жаңа тәсілдерді енгізу және оқу үдерісін ұйымдастырудың жаңа тиімді формаларын іздеу қажеттігі туындауда.

Мақалада техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушыларынан алынған сауалнама қорытындылары талқыланып, математикалық білім сапаларының төмендеуінің негізгі факторлары айқындалған. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында математика курсының түбегейлік талабын жүзеге асыру – білім алушылардың терең математикалық білімге қол жеткізуіне байланысты. Сабақ барысында шәкірттің білімге құштарлығын арттыру, өздігінен ойлау қабілетін жандандыру, еңбек етуге баулу, жауапкершілік сезімін қалыптастыру мұғалімнің басты талабы.

Сонымен қатар, мақалада математикалық білім сапасын арттыру үшін «интеллект картасын» қолдану, оның мүмкіндіктері қарастырылған.

Түйін сөздер: техникалық және кәсіптік білім беру, математика, сауалнама, интеллект картасы, әдіс-тәсілдер.

Б.Ж. Абдижадилова¹, Л.Ж. Жансеитова²

¹ *Старший преподаватель Казахского национального педагогического университета имени Абая, г.
Алматы, Казахстан*

^{23.} *PhD докторант Казахского национального педагогического университета имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

ПРОБЛЕМЫ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА МАТЕМАТИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ ОБУЧАЮЩИХСЯ В КОЛЛЕДЖЕ

Аннотация

На современном этапе развития Республики Казахстан происходят глубокие социально-экономические изменения, возникает необходимость внедрения новых подходов в систему технического

26. профессионального образования и поиска новых эффективных форм организации учебного процесса.

статье обсуждены результаты анкетирования обучающихся организаций технического и профессионального образования, определены основные факторы снижения качества математического

образования. В организациях технического и профессионального образования реализация пороговых требований курса математики связана с доступом обучающихся к глубоким математическим знаниям. В ходе занятий повышение стремления к знаниям ученика, активизации самостоятельного мышления, приобщение к труду, формирование чувства ответственности главное требование к учителю.

Кроме того, в статье предусмотрены возможности использования «интеллектуальной карты» для повышения качества математического образования.

Ключевые слова: техническое и профессиональное образование, математика, анкетирование, интеллект карта, методы и приемы.

¹*B. J. Abdijadilova, Zhanseitova L.*²

¹*Teacher of Kazakh national pedagogical University named after Abay,
Almaty, Kazakhstan*

²*PhD student at Abai KazNPU,
Almaty, Kazakhstan*

THE PROBLEMS OF IMPROVING THE QUALITY OF MATHEMATICAL EDUCATION OF STUDENTS IN THE COLLEGE

Abstract

At the present stage of development of the Republic of Kazakhstan there are profound socio-economic changes, therefore there is a need to introduce new approaches to the system of technical and professional education and the search for new effective forms of educational process.

The article discusses the results of a survey of students of technical and professional education, the main factors of reducing the quality of mathematical education.

In the organizations of technical and professional education, the implementation of the threshold requirements of the course of mathematics is associated with access to deep mathematical knowledge. In the course of classes, increasing the desire for knowledge of the student, the activation of independent thinking, initiation to work, the formation of a sense of responsibility are the main requirements for the teacher.

In addition, the article provides the possibilities of using the "intellectual map" to improve the quality of mathematical education.

Keywords: technical and professional education, mathematics, questionnaire, intellectual map, methods and techniques.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңында» білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді акпараттандыру, білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделеді [1].

Бұл міндеттерді шешу үшін мектеп, техникалық және кәсіптік білім беру(ТЖКБ) ұйымдары ұжымдарының, әр мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәжірибеге, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды.

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында математика курсының түбегейлік талабын жүзеге асыру – білім алушылардың терең математикалық білімге қол жеткізуіне байланысты.

«Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі: дидактикалық-әдістемелік негіздері» деп аталатын кітабында А.Е.Әбілқасымова «Математиканы оқыту барысында іске асырылуға тиіс тағы бір негізгі міндет оқушылардың математиканы оқуға деген ынтасын арттыру. Жасыратыны жоқ, көптеген педагогтар өздерінің әдістемелік сауатсыздығынан балаларды математикадан үркітіп алады. Бұл мұғалім жұмысындағы кешірілмейтін кемшілік. Сондықтан қолда бар әдістемелік мүмкіндіктер арқылы оқушылардың математикаға деген теріс көзқарасын жойып, өзіне деген сенімін арттырып, математикадан «қорықпайтын» дәрежеге көтеру керек. Ол әдістер материалды түсінікті, қызықты етіп баяндау, оңайдан күрделіге біртіндеп көшу, мүмкіндігінше оқушылардың өздеріне есеп шығартып, өз-өзіне көңілі толу сезімін ояту т.б.» деп атап көрсетеді [2, 336.].


Білім алушының білімін көтерудің негізгі ең басты шарты – оның пәнге қызығушылығын арттыру. Пәнге деген қызығушылығы болса ғана, бала оған көңіл қойып тыңдап, тереңдете оқып үйрене бастайды.

Пәнге қызыққан оқушының білім сапасы жоғары болады. Ал қызығушылықты туғызатын тәсілдер өте көп.

Оқу үрдісі білім алушылардың оқу – танымдық әрекеті негізінде жүзеге асырылса, ал оқу – танымдық әрекеті негізінде білім алушылардың танымдық белсенділігі қалыптасады. Белсенділіктің ең жоғарғы көрінісі білім алушылардың алған білімдерін өмірде пайдалана білуі болып табылады.

Математикалық білім негізі- қандай сала мамандары үшін де табыс кепілі екендігі өмірде дәлелденген ақиқат. Колледжде математика пәндеріне көп материалдар берілген, ал сағат саны азайған, сондықтан білім алушылардың қарапайым ойлау, саралау, қорытындылау қабілеттері төмендеп кетті.


Зерттеу жұмысының бастапқы кезеңінде ТЖКБ білім алушыларына белгіленген үлгіде жасалынған сауалнамалар толтыру ұсынылды (1 сурет).



1- сурет

Білім алушыларды зерттеуде алынған мәліметтерден келесі жағдайлар анықталды. «Математикалық біліміңізді қалай бағалайсыз?» деген сұраққа, білім алушылардың 46% - қанағаттанарлық деп жауап берді. Демек колледж студенттерінің математика пәні бойынша білімдері төмен екендігін көрсетеді.


Келесі сұрақ: « Математика пәніне деген көзқарасыңыз қандай?»(2-сурет).



2-сурет

Білім алушылардың 31% -ы математика пәні қажет десе, ал 27%-ы ең қиын пән деп жауап берді.

Ал «Математикадан қиындықтар болу себептерін көрсетіңіз» деген сауалымызға, төмендегі жауаптарды алдық:(3-сурет)



3-сурет

Пәнге қызғушылықтың болмауы - 40%, оқу материалының күрделілігі-37%, есте сақтаудың әлсіздігі - 20% деген көсеткіштерді атап айтуға болады.

Сонымен, төмендегі берілген факторлар тақырыптың өзектілігін анықтайды: ✓математика пәнінен оқушылардың білім сапасы төмен болғаны; ✓пәнге қызғушылықтың болмауы;

✓математика пәнінің өмірдегі маңыздылығы мен қажеттілігін толық түсіне білмеуі; ✓оқу материалының күрделілігі;

С есте сақтаудың әлсіздігі.

Қазіргі заман талабы – математикалық біліктіліктің деңгейін көтеру болып табылады.

Сонымен қатар қоғам үшін де математиканың рөлі ерекше, себебі әр түрлі бағыттағы математикалық әдістерді қолданбаса ғылыми – прогресстің болуы мүмкін емес. Бұл жерде математикалық дайын ақпараттарды қолдану ғана емес, ғылым мен техниканың дамуына ықпал ететін жаңа туындыларға жол ашу, мүмкіндік жасау.

Қазіргі қоғамымызда болып жатқан түбірлі өзгерістерге байланысты әрбір мұғалім оқытудың сан қилы әдістері мен формаларын білуі қажет. Сабақ барысында шәкірттің білімге құштарлығын арттыру, өздігінен ойлау қабілетін жандандыру, еңбек етуге баулу, жауапкершілік сезімін қалыптастыру мұғалімнің басты талабы. Жаңа талаптарға сай көптеген оқыту технологиялары бар. Солардың бірі «Интеллект-карталар» немесе «ой карталары» адам ойлау жүйесінің ғана емес, бізге сырттан келетін ақпараттың графикалық көрінісі болып табылады.

Интеллект-карталардың теориясын немесе « mind map» ойлап тапқан Тони Бьюзен - психолог, есте сақтау, шығармашылық және ойлауды ұйымдастыру әдістемесінің және 100-ден астам кітаптың авторы.

Мектеп, колледж, университетте сабақ беретін ұстаздар үшін бұл тиімді құрал. Сабақ беріп қана қоймай оның оқушылар үшін түсінікті болуы керек және қазіргі уақытта көптеген білім беру орындары заманауи түрде жабдықталып интерактивті тақталар қойылған. Дәл осыған орай ақылды карталар арқылы сабақты жақсы түсіндіруге болады және бұл қызықты.

Интеллект-карталар жасауға арналған бағдарламалар: Mind Manager, XMind.

Интеллект-карта - бұл келесі мүмкіндіктерді беретін құрал:

В ақпаратты тиімді өңдеу және құрылымдау

В өзінің зияткерлік және шығармашылық әлеуетін пайдалана отырып ойлау. Қолдану салалары:

В оқыту (анық және түсінікті конспектiлер жасау);

с есте сақтау (емтиханға дайындық, формулаларды есте сақтау);
 с презентациялар (аз уақыт ішінде көп ақпарат, материалды жақсы түсінеді және есте сақтайды));
 с жоспарлау (уақытты басқару, жобаларды әзірлеу);
 с миға шабуыл (жаңа идеяларды генерациялау, шығармашылық, талдау, күрделі есептерді ұжымдық шешу, баяндамалар дайындау).

«Интеллект картасы әртүрлі математикалық есептерді шешу құралы ретінде, әсіресе есепті талдау және балама шешімдерді іздеу бағыттарын анықтау кезінде, бастапқы ойлау процесін дайындау кезінде пайдаланылуы мүмкін» (4 сурет) [3].




Figure 2. Problem of mathematics

- сурет

Сонымен қатар, білім алушылар интеллект-картасын құру дағдыларының жоғары деңгейде қалыптасуында оқу материалының үлкен көлемін қамтуға болады, мысалы «Функция», «Туынды», «Интеграл» және т.б.

Интеллект карталарды құрастыру кезінде білім алушы үлкен ойлау жұмысын атқарады: ақпаратты меңгереді, оны талдайды, жалпылау жасайды, ең бастысы, маңызды ақпаратты бөліп алады.

Оқыту процесінде интеллект-карталарды пайдалану мүмкіндіктері:

В сабақтың (тақырыптың) мұндай картасын мұғалім оқылатын материалдың құрылымын оқушылар көре алуы үшін, сабақтың барысында оқушыларға көрсету үшін қолдана алады;

В өткен материалды есте сақтау және бекіту үшін, сондай-ақ ойлау процесін белсендіру үшін мұғалім интеллект-карталарды оқушылардың толтыруына арналған жұмыс парағы ретінде пайдалана алады;

В интеллект-карта білімді бақылау үшін пайдаланылуы мүмкін.

Математика сабағында әр түрлі тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың білім сапасын арттыру көкейкесті мәселе.

Қорыта айтқанда, зерттеу тақырыбына байланысты, яғни математикалық білім сапасын арттыру: әдістемелік нұсқаулар, құралдар және арнайы курстар арқылы жалғасын табу керек деген қорытындыға келеміз.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы. (2018.04.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

2. Әбілқасымова А.Е. Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі: дидактикалық-әдістемелік негіздері. Оқу құралы.– Алматы, 2014. - 224 б.

3. Luh Putu I. Harini I, Desak P. E. Nilakusmawati, I Gede S. Astawa/Solve Miscellaneous Mathematical Problems using Mind Map/ Global Journal of Pure and Applied Mathematics. ISSN 0973-1768 Volume 13, Number 10 (2017), pp. 7441-7451 © Research India Publications <http://www.ripublication.com>

МРНТИ: 14.07.07

Э. Б. Мирзалиева¹

¹ доктор PhD, ст. преп. ФАО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Жамбылской области
г. Тараз, Казахстан

ФОРМИРОВАНИЕ НРАВСТВЕННО-ЭСТЕТИЧЕСКИХ ЗНАНИИ УЧАЩИХСЯ

Аннотация

- данной статье рассматривается этизация и эстетизация образовательной среды, которая осуществляется с помощью средств эстетического воздействия, под которым понимается любая реальность – духовная и материальная, мир предметов и явлений, которые способны вызвать ответную нравственно-эстетическую, эмоциональную и интеллектуальную реакцию.

Опытно-педагогическая работа показывает, что нравственно-эстетические знания нужны любому учащемуся. Поэтому важно создать нравственно-эстетическую среду обучения, нравственно-эстетическую организацию деятельности преподавателя, его эстетичная внешность и этика в общении с учащимися комплексно формирует подлинную культуру человека, его духовный мир и представления о прекрасном.

Ключевые слова: этизация и эстетизация образовательной среды, нравственно-эстетическая среда, нравственная культура и эстетизация учебно-воспитательной среды, нравственно-эстетическое знание.

Э. Б. Мирзалиева¹

¹ «Өрлеу» БАҰО» АҚ Жамбыл облысы бойынша ПҚБАИ филиалының аға оқытушысы, PhD докторы, Тараз қ.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ АДАМГЕРШІЛІК-ЭСТЕТИКАЛЫҚ БІЛІМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа

Бұл мақалада эстетикалық әсер ету құралдарының көмегімен жүзеге асырылатын білім беру ортасының этизациясы мен эстетизациясы қарастырылады, бұл кез-келген шындықты - рухани және материалдық, объектілер мен құбылыстардың әлемін өзара адамгершілік, эстетикалық, эмоционалды және интеллектуалды жауапқа әкелуі мүмкін дегенді білдіреді.

Зерттеу-педагогикалық жұмыс кез-келген білімгерге адамгершілік-эстетикалық білім қажет ететіндігін көрсетеді. Сондықтан адамгершілік-эстетикалық білім беру ортаны құрастыру, мұғалім жұмысының адамгершілік-эстетикалық ұйымдастыруын, оның эстетикалық келбетін және этикалық қарым-қатынасын адамның шынайы мәдениетін, рухани әлемін және әдемі идеяларын қалыптастыруы маңызды.

Түйін сөздер: білім беру ортаны этизациялау және эстетизациялау, адамгершілік-эстетикалық орта, адамгершілік мәдениеті мен оқу-тәрбие ортасын эстетизациялау, адамгершілік-эстетикалық білім.

E.B.Mirzaliyeva¹

¹ PhD doctor, senior teacher of the department “Management and quality of education” Branch of JSC “NCPD “ORLEU” Institute for professional development of pedagogical staff

FORMATION OF LEARNERS' MORAL AND AESTHETIC KNOWLEDGE

Abstract

This article considers injection of ethics and aesthetics into educational environment, which is carried out by means of aesthetic influence, which refers to any reality – spiritual and material, world of objects and phenomena that can cause a reciprocal moral and aesthetic, emotional and intellectual reaction.

Experienced-pedagogical work shows that moral and aesthetic knowledge are essential for every student. Therefore it is important to create a moral and aesthetic learning environment, also moral and aesthetic organization of teacher's activity, such as his aesthetic appearance and ethics in dealing with students, so together they create an authentic culture of person, his spiritual world, and ideas about beauty.

Key words: injection of ethics and aesthetics into educational environment, moral and aesthetic environment, moral culture and aesthetics of educational environment, moral and aesthetic knowledge.

Формирование нравственно-эстетических чувств, вкусов и потребностей происходит не только под влиянием искусства, но и под воздействием обыденных вещей, окружающих учащихся в той или иной обстановке. В связи с этим важным разделом нравственно-эстетического образования молодежи колледжа является эстетика труда и быта. Обстановка, условия, атмосфера, фон, окружение – та среда, которую необходимо целенаправленно создавать в педагогическом коллективе. Учебная, профессиональная, внеучебная деятельность учащихся пронизана элементами нравственно-эстетически организованной среды. Она создает атмосферу высокого эстетического и этического поведения педагогических работников, технического персонала и обучаемых, осуществляет эстетизацию производственной деятельности учащихся в учебно-производственных мастерских.

Под средой мы понимаем совокупность условий, окружающих человека и взаимодействующих с ним как с организмом и личностью. Среда бывает внешняя и внутренняя. Внешняя среда – окружающая человека физическая и социальная сфера, внутренняя определяется состоянием человеческого организма.

Особое понимание вещественной, материальной среды опирается на глубокую культурную традицию. Феномен вещи – сложная и многогранная проблема, которая может быть рассмотрена с различных позиций: философских, культурологических, искусствоведческих, утилитарно-функциональных и др. Вещь, с одной стороны, материальна, с другой – обладает потенциалом высокой духовности. Мир вещей – внутренняя сфера предметного мира культуры, наполненная смыслом интимного сосуществования с человеком. Приходящая к нам из своего архитипического пространства, вещь изначально призвана не изменять что-либо, а, оставаясь верной себе, сохранять природу человека, помнить его внутрений мир и облик.

Вещь – элемент человеческой культуры. Основопологающим при определении вещи как понятия, является ее отношение к человеку. Совокупность явлений материальной культуры можно условно разделить на принадлежащее: 1) миру объектов и 2) миру субъектов: дихотомия – предмет – вещь. «Вещь» не равна «предмету». Предмет – суррогат вещи, ее возможность. В предмете что-то «вещее», «след» или возможность человеческого свершения [1, с. 40].

Некоторые предметы внешнего мира в процессе своего существования становятся в особые отношения с конкретным человеком. Такое отношение можно рассматривать как соприкосновение материального предмета с материальной субстанцией человека. Это первичный, физический уровень. Из этого отношения в практической жизни выводятся другие – духовные, ритуальные, культовые. Это – вторичный уровень, уровень уже не предметов, а собственно вещей.

Предметность каждой вещи определяется ее физическими характеристиками. Вещь, как правило, понимается как отдельный предмет материальной действительности, обладающий относительной независимостью и устойчивостью существования. Определенность вещи задается ее структурными, функциональными, качественными и количественными характеристиками. Следовательно, вещь привлекает человека своими полезными функциями и признаками: материалом, фактурой, формой, цветом, геометрией, температурой, запахами, звуками. Нужность вещи – главное в ней.

Однако внешний уровень не исчерпывает сущности вещи, так как она включена и в сферу духовного. Не отчужденность характеризует вещь, а именно сопричастность человеку: каждая вещь хочет быть «тронутой, взятой, перенесенной» [2, с. 313]. Вещь – это новый взгляд человека на природу, искусство, пространство, мысль, творчество. В ходе своего освоения вещь увеличивает свою личную наполненность.

Объектом нашего исследования является внешняя среда, воздействие которой может быть отрицательным или положительным, угнетающим или радужным. Специфической особенностью педагогической среды является особо сильное воздействие, которое оказывают на человека воспитательные факторы. Наибольшее удовлетворение и радость он получает от работы в условиях педагогически совершенного и высокоорганизованного взаимодействия с объектом воспитания, при соблюдении порядка и чистоты. При опросе, произведенного после прохождения учащимися практики в учебных заведениях, выяснилось, что учащиеся не безразличны к тому, в каких условиях им приходится работать, причем часто критериями в оценке организации педагогического труда являются критерии нравственно-эстетические (рис 1).




Рис. 1. Динамика развития значимости нравственно-эстетической среды в учебной практике для учащихся колледжа

нравственно-эстетическом преобразовании воспитательной среды различают несколько основных сфер: рабочее место; цех или участок; комплекс вспомогательных помещений и окружающая колледж территория.

Сфера рабочего места является основной. Она определяет направление и характер работ по преобразованию всего процесса воспитания, учебных аудиторий колледжа, так как культура труда на рабочем месте является основным показателем. Все сферы учебно-воспитательной среды при разработке мероприятий по повышению нравственной культуры и эстетизация учебно-воспитательной среды необходимо рассматривать только в их органическом единстве, хотя они и имеют свои специфические черты.

Огромное значение имеет цветовое оформление учебных аудиторий – пространственного «ландшафта» повседневной учебной жизни. Воздействие цвета на человека – сложный процесс. При помощи цвета можно лечить некоторые глазные болезни, снимать буйные приступы у душевно больных; физиологи считают, что есть активные цвета, возбуждающие, ускоряющие процессы жизнедеятельности, - пассивные, оказывающие обратное внимание. Все это – результат непосредственного воздействия физических свойств предметов на органы чувств человека, явления непосредственного чувственного восприятия, не затрагивающие область высших форм человеческого сознания.

Этизированная и эстетизированная среда выходит за пределы художественной деятельности и ведет к преодолению противоположности художественного творчества и «нехудожественной деятельности», к созданию всей предметной социальной среды, процессов и условий труда, быта как художественных творений. Художественное освоение мира становится не только его определенным отражением, осознанием, но и особой сферой предметно-практического творчества по законам красоты.

Красота быта – составная часть нравственно-эстетической культуры. Большая роль в формировании нравственно-эстетической культуры учащихся гуманитарного колледжа принадлежит его бытовой среде. Нравственно-эстетическая подготовленная среда представляет собой расширяющееся педагогически организованное пространство, которое характеризуется содержательно-структурным единством. Нравственно-эстетическая организованная среда становится культурной тогда, когда она охватывает максимально возможный предметный уровень, необходимый для развития эстетических личностных качеств.

Важным для понимания сущности нравственно-эстетической организованной среды является мысль о ее формирующей роли в воспитании нравственно-эстетически грамотной личности. Среда всегда подразумевает того, кто в ней существует и на что она воздействует, поскольку вне самого факта такого воздействия окружающая человека действительность не может называться средой. Проблема среды как педагогического фактора рассматривается в работах видных ученых (А.А.Бейсенбаева, П.П.Блонский, Л.С.Выготский, В.А.Калюжный, П.Ф.Каптерев, В.А.Ким, А.В.Мудрик, С.Л.Рубинштейн, В.А.Сухомлинский, К.Д.Ушинский и др.).

Л.С.Выготский подчеркивает, что среда по-своему преломляет и направляет и всякое раздражение, действующее на человека извне, и всякую реакцию, идущую от человека [3, с. 289]. К.Д.Ушинский отмечал огромную воспитательную роль среды, пропитанной народными традициями. Среда значительно корректирует процесс адаптации индивидуума в социуме, воздействует на ценные ориентации человека, активизирует механизмы саморефлексии.

Особая роль в формировании нравственно-эстетической культуры учащихся гуманитарного колледжа отводилась тем условиям, в которых непосредственно осуществлялась учебно-воспитательная деятельность учащихся. Наши усилия были направлены к тому, чтобы среда, начиная от интерьера

помещений, мебели, одежды, инструментов и т.п., была бы максимально удобной для учащихся колледжа, преподавателей, кураторов, руководителей практики и соответствовала нравственно-эстетическим требованиям (рисунок 2)




Рис. 2. Динамика возрастания активной позиции учащихся к роли нравственно-эстетической среды

Теоретический анализ позволил определить основные задачи работы по совершенствованию эстетической среды колледжа как одного из важнейших условий повышения эффективности формирования эстетической культуры учащихся. Эти задачи таковы: определение качественного уровня значимости эстетической среды для учащихся; выявление роли искусства в формировании эстетической образовательной среды; выяснение итогового уровня значимости эстетической среды для учащихся.

Для решения данных было проведено анкетирование учащихся, позволяющее выявить динамику ответов на перечисленные вопросы

Анкета «Эстетика быта» (эстетика образовательного пространства колледжа)

1. Как вы понимаете красоту быта: бытовые удобства, богатый интерьер, функционально-оправданная организация рабочего места, декоративность, благоприятный психологический климат, территория, принадлежащая к колледжу и другие (*Нужное подчеркнуть*).

2. Соответствует ли учебные помещения, бытовая среда колледжа вашим представлениям о красоте? да, нет, не знаю (*Нужное подчеркнуть*).

3. Хотелось ли Вам что-либо изменить в интерьере колледжа? да, нет, не знаю (*Нужное подчеркнуть*).

4. От кого, по вашему мнению, зависит эстетизация внутреннего и окружающего пространства колледжа: администрация, коллектив преподавателей, учащиеся, финансирование (*Нужное подчеркнуть*).

5. Как Вы думаете, что могли бы сделать учащиеся колледжа для повышения эстетического уровня учебной и бытовой среды колледжа: лучшая стенгазета, лучший профсоюзный уголок группы, чистота кабинета (*Нужное подчеркнуть*).

Анализируя полученные данные, можно сделать следующие выводы:

Первая позиция. Для подавляющего большинства учащихся (начало эксперимента – 42%, конец – 56 %) эстетически организованная среда – необходимое и желаемое качество образовательного пространства.

Вторая позиция: роль учащихся в организации эстетической среды, как правило, пассивна (начало эксперимента – 37%, конец – 13%).

Третья позиция: эстетизация образовательной среды обычно понимается как бытовые и функциональные удобства (начало эксперимента – 21%, конец – 31%).

Проведенная работа по эстетизации образовательной среды колледжа позволила сделать следующие выводы:

-нравственно-эстетическая среда колледжа – это предметно-пространственная сфера, включающая фонд учебных и внеучебных аудиторий, интерьер в прилегающей к колледжу территории;

-нравственная эстетизация образовательной среды достигается системой последовательных мероприятий, направленных на повышение общей нравственной эстетической культуры преподавателей и учащихся;

-оптимальный путь повышения уровня нравственной эстетизации образовательной среды – активная творческая деятельность учащихся.

Таким образом, включенность учащихся в совместную с преподавателями деятельность по нравственной эстетизации образовательной среды гуманитарного колледжа приводит к значительной положительной динамике: возрастает осознание значимости нравственно-эстетической среды в сознании учащихся; изменяется отношение учащихся к качеству нравственно-эстетического; развивается способность к активному творчеству по формированию окружающего мира по законам красоты.

Список использованной литературы:

1. Кондаков, М.И. Краткий педагогический словарь [Текст] / М.И. Кондаков, А.С. Вишнякова. – М., 1988. – 180 с.

2. Харламов, И.Ф. Нравственное воспитание школьников [Текст] / И.Ф. Харламов. М.: Просвещение, 1983. – 160 с.

3. Выготский, Л.С. Принципы и пути развития психологии [Текст] / Л.С. Выготский. – М., 1950 - 379 с.

УДК 37(094)

МРНТИ: 14.07.07

Сарсекулова Д.¹, Ыбыраимжанов К.Т.²

¹ I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 2 курс магистранты

² Педагогика ғылымдарының докторы, профессор I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ, Қазақстан

ЖАС ҰРПАҚТЫ ҰЛТТЫҚ-САЛТ ДӘСТҮРЛЕР НЕГІЗІНДЕ ПАТРИОТТЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ

Аңдатпа

Мақалада рухани жаңғыру бағдарламасы аясында ата-бабамыздан мирас болып келе жатқан салт-дәстүріміз, әдет-ғұрпымыз, тіліміз бен мәдениетіміз, асыл қазыналарымыз және жас ұрпақтың Отанына деген сүйіспеншілік пен кішіпейілділік туралы айтылған.

Ұлттық дәстүр, салт-санасы мен әдет-ғұрпы, тәлім-тәрбие бастаулары бар. Сол ұлттық салт-дәстүрді, жөн-жоралғыларды ұрпақтан ұрпаққа жеткізу үлкен міндет. Біздің мемлекетіміздің болашағы – жас ұрпақ. Олардың тәлім-тәрбиесіне жауап беретін – ұстаз, отбасы, қоғам. Болашақ ұрпағымызды тәрбиелегенде, оларға жастайынан имандылық пен сауаттылық қасиеттерді сіңіре білсек, сонда ғана біз ұлттық рухы дамыған, Отанының гүлденуіне өз үлесін қоса алатын азамат өсіре аламыз. Патриотизм – тарихи, әлеуметтік ұғым. Отанға, елге, туған жерге, халыққа деген сүйіспеншілікті білдіретін ұғым.

Түйін сөздер: салт-дәстүр, әдет-ғұрып, Отан, сүйіспеншілік пен кішіпейілділік, Патриоттық идея, отаншылдық сезім, азаматтық борыш, ар-намыс, адалдық пен әділдік.

Сарсекулова Д.¹, Ыбырайымжанов К.Т.²

¹Магистрантка 2 курса специальности «Педагогика и методика начального обучения»
Жетысуского государственного университета им. И. Жансугурова

²Доктор педагогических наук., профессор,
Жетысуский государственный университет им. И.Жансугурова,
г.Талдыкорган, Казахстан

ВОСПИТАНИЕ МОЛОДОГО ПОКОЛЕНИЯ ПАТРИОТИЗМУ НА ОСНОВЕ НАЦИОНАЛЬНЫХ ОБЫЧАИ И ОБРЯДОВ

Аннотация

В статье говорится о традициях, обычаях, привычках, языке и культуре, благородных сокровищах и любви и скромности молодого поколения к Родине в рамках программы духовного возрождения.

В Казахстане существуют национальные традиции, обычаи которые являются началом воспитания. И это большая задача-передать из поколения в поколение те национальные традиции, обычаи и направления. Будущее нашего государства-это молодое поколение. За их воспитание несут ответственность учитель, семья, общество. Если с детства привить нравственные и грамотные качества воспитывая будущее поколения, тогда мы сможем вырастить гражданина с развитым национальным духом, способного внести свой вклад в процветание Родины. Патриотизм- историческое, социальное понятие. Понятие любви к родине, стране, родному краю, народу.

Ключевые слова: традиции, обычаи, Родина, Любовь и скромность, патриотические идеи, патриотические чувства, гражданский долг, честь, честность и справедливость.

Sarsekulova D.¹, Ybyrayimzhanov K.²

¹Second-year magistracy of the specialty "Pedagogy and methodology of primary education" of Zhetysu State University named after. I. Zhansugurova

²Doctor of Pedagogical Sciences., Professor. Zhetysu State University I.Zhansugurova
Taldykorgan, Kazakhstan

UPBRINGING OF YOUNG GENERATION TO THE PATRIOTISM BASED ON NATIONAL TRADITIONS AND CEREMONIES

Abstract

The article tells about the traditions, customs, holidays, language and culture, noble treasures and love and modesty of the young generation to the Motherland within the program of spiritual revival.

Kazakhstan has national traditions, customs and superstitions which are the beginning of upbringing. And this is a big task-to pass from generation to generation those national traditions, customs and directions. The future of our state is the younger generation. Teacher, family, society is responsible for their education. When we bring up the future generation, we can instill in them moral and competent qualities from childhood, and then we will be able to raise a citizen with a developed national spirit, able to contribute to the prosperity of the Motherland. Patriotism is a historical, social concept. The concept of love for the Motherland, country, native land, people.

Key words: Traditions, customs, homeland, Love and modesty, Patriotic ideas, Patriotic feelings, civic duty, honor, honesty and justice

Біздің халықтың ұрпақ тәрбиелеуде сан ғасырлар бойы жинақтаған өзіндік тарихи тағылымы, ой-пікір қорытындылары ұшан-теңіз. Олар – бүкіл ұлттық болмысымызды жан-жақты бейнелейтін, басқа ұлттардан ерекшелігімізді даралап тұратын халқымыздың даналық тұжырымдары, әдеп әлемінің айнасы.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діні ете отырып, әрбір қадамын нық басуын, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын», деген [1].

Бүгінгі күні рухани жаңғыру бағдарламасы аясында ең алдымен, өзіміздің ата-бабамыздан мирас болып келе жатқан салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрпымызды, дін мен ділімізді, шұрайлы тіліміз бен мәдениетімізді көздің қарашығындай сақтай отырып, өскелең ұрпақты осы асыл қазыналарымыз арқылы рухани-адамгершілікке тәрбиелеу – кезек күттірмес міндеттердің бірі. Бұл, сөз жоқ, тәрбие ошақтары – мектептің, мұғалімнің, әрбір ата-ананың қоғам алдындағы абыройлы борышы әрі парызы.

Қазақстан Республикасының Ата Заңының 27-бабында да «балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың етене құқығы, әрі міндеті» деп белгіленген. Әрбір ата-ана өз перзентінің әдепті, саналы, иманды, білімді, Отанының сүйікті және кішіпейіл азаматы болып жетілуін қалайды [2]. Қай халықты алсақ та әрқайсысының өзіне тән ұлттық дәстүрі, салт-санасы мен әдет-ғұрпы, тәлім-тәрбие бастаулары бар. Сол ұлттық салт-дәстүрді, жөн-жоралғыларды ұрпақтан ұрпаққа жеткізу үлкен міндет. Егер осы сарқылмас қазына – ата-баба мұралары балаға мирас болып берілмесе, тәлім-тәрбиенің тіні үзіліп, халықтың келешегі күнгірттен түсер еді.

Қай елде, қай кезде болсын, бала тәрбиесіне ерекше мән берілгендіктен, халқымыздың ардақты азаматы Мұстафа Шоқай: «Ұлт мәдениетінен жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажетіне пайдалы азамат шықпайды», - деп ұлт болашағын сақтау үшін ұлттық рухта тәрбиелеуді мектеп табалдырығынан бастау қажеттігін атап көрсеткен. Ал тәрбиенің түп-тамыры халық даналығымен өзектес. Сондықтан жас ұрпаққа жан-жақты жарасымды тәрбие беруде ата-бабалар дәстүрін өнеге етудің үлкен тәрбиелік маңызы бар. Сол себепті де жас жеткіншекті жоғары интеллектуалды азамат етіп қалыптастыруда халқымыздың бай рухани мұраларын жан-жақты пайдалана білу – өміршен өнегеге өріс ашады. Өйткені ол халықтың тәрбиесінен, мәдени тұрмысы туындыларының сан алуан түрлерінен көрініс бере отырып, адамның дүниеге келуімен бірге өрбіп, мәңгілікке тербететін алтын бесігіне айналады [3].

Біздің мемлекетіміздің болашағы – жас ұрпақ. Олардың тәлім-тәрбиесіне жауап беретін – ұстаз, отбасы, қоғам. Болашақ ұрпағымызды тәрбиелегенде, оларға жастайынан имандылық пен сауаттылық қасиеттерді сіңіре білсек, сонда ғана біз ұлттық рухы дамыған, Отанының гүлденуіне өз үлесін қоса алатын азамат өсіре аламыз. Қазақ дініне, тіліне берік болған халық. Дүние жүзіндегі әр елдің өзіне ғана тән әдет-ғұрпы, салт-дәстүрлері бар. Оларды екі ауыз сөзбен халықтың рухани келбеті, тәрбиелік ережесі деуге болатын сияқты. Бұл мирас ата-бабалардың сан ғасырлық көш керуені арқылы ұрпақ алмасқан сайын үзілмей жалғасып, асыл аманаттай кешеден бүгінге ардақ қалпында ұласып отырған. Осынау ұлан-ғайыр тарихи-әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық, педагогикалық және дүниетанымдық жағдайларына байланысты жинақтаған өмір тәжірибесінсіз ұлт ретінде ұйысып, егемен ел сыңайлы еңсе тіктеген жұрт мысалы арғы-бергі адамзат тарихында ұшыраспайды. Себебі, салт-дәстүр дегеніміз, сайып келгенде, ұлттық болмысты өзгелерден айрықшалап, даралап тұратын ішкі бір рухани айна іспетті. Онсыз халық болмайды.

Патриотизм – тарихи, әлеуметтік ұғым. Ол гректің *parties* – Отан, ел деген – сөзінен шыққан. Бұл термин Отанға, елге, туған жерге, халыққа деген сүйіспеншілікті білдіретін ұғым. Патриоттық идея, отаншылдық сезім – адамға туа біткен қасиет емес. Ол бірте –бірте адамның саналы өмірімен бірге қалыптасатын саяси-әлеуметтік құбылыс [4].

Қазақстан патриотизмінің қайнар көзі – халықтың береке-бірлігінде, ынтымақ ықыласында, елдігі мен ерлігінде және мемлекетіміздің күш-қуатының беріктігі мен ұлан-байтақ жерінің біртұтастығында.

«Қазақстандық патриотизм» ұғымы адам бойына өздігінен қалыптаса қоймайды. Ол ұғымды қалыптастыратын алғы шарттарға мыналар жатады:

-Ең алдымен тарихымызды – Қазақстан халықтарының тарихын білу; -

Туған халқымыздың тілін ардақтап, оның кәусар бұлағынан сусындау;

-Атадан балаға, баладан немереге, немереден ұрпаққа жалғасып келе жатқан салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды жалғастыру;

-Өткен тарихымыздың жақсылықтары мен тәрбиелік мәні бар жақсы қасиеттерін сақтап, одан әрі жан-жақты дамыту, оның өркендеуіне үлес қосу;

Абай атамыз айтқандай, ұлттық қадір-қасиетімізді арттыру, ұлт атына кір келтіретін жат пиғылдан аулақ болу және қай заманда болса да адамзат өз алдына – есті, еңбексүйгіш, қайырымды бала тәрбиелеуді қояды. Соның ішінде қазақ халқы өз ұрпағын үлкенді құрметтейтін адал, инабатты, әділ, ержүрек, намысшыл, ізгі ниетті болып өсуін қалайды. Бұл қасиеттер дұрыс тәрбие арқылы қалыптасатындығы барлығымызға мәлім.

Патриотизм – өте күрделі ұғым. Бір жағынан ол ізгілікті саяси үрдіс, яғни жекелік, тұлғалық сана элементтерінен тұрса; екінші жағынан, Отанды қорғауға, сақтауға, нығайтуға бағытталған сезім. Қазақтың патриоттық – отансүйгіштік тәрбиесі – тереңнен тамырын тартқан, халқымыздың сан ғасырлық

болмысының, дүниетаным – көзқарасының, ақыл – ойы мен салт – дәстүр мәдениетінің көрінісі. Осыларды бойға дарытпай тұрып келер ұрпақты патриоттық – отансүйгіштік тәрбиеге лайықты қалыптастырып, алтын бесік елін, кіндік кескен жерін қорғайтын және осы мақсат жолында бар күш – жігері мен ақыл – қайрат жұмсап, отаншыл азаматтарды, яғни нағыз патриоттарды тәрбиелеп өсіру мүмкін емес. Патриотизмге тәрбиелеу үрдісінің танымдық мәнін естен шығаруға болмайды, бірақ ол әрбір буында патриоттық сана, патриоттық сезім қалыптастырудан бастау алғанда ғана тиімді болмақ [5].

Биікке жетудің бірден-бір жолы – ұлт тәрбиесі. Әрбір ұлттың бала тәрбиесінде ескіден келе жатқан сара жолы бар. Батырлықтың бастауын балалық шақтан бастап, өскенде Отанына қалтқысыз қызмет ететін патриот болуға итермелеп, ел қорғаған, жер қорғаған батырлардың іс-әрекетін үлгі тұтуымыз қажет.

Бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі ұрпақ тәрбиесі болмақ. Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы. Ең қасиетті, жүрегімізге ыстық Отанымызды, елімізді, өсіп-өнген жерімізді, сеніп тапсыратын, салт-дәстүріміз бен дінімізді, тілімізді келер ұрпаққа одан әрі жеткізеді деп сенім артамыз, ата-бабаларымыздың күресімен жеткен ұлы істерді жалғастырса екен дейміз. Халқымыз балаға сәби кезінен бастап ер жеткенге дейін ұлттық ізгілікті, имандылық пен мейірімділік, адамгершілік сияқты рухани қасиеттерді жеткізіп отырған. Қай заманда болса да әр халықтың ұрпағы үлгі тұтар ұлттық салт-дәстүрі, тәрбиесі болуы керек.

Патриотизм – бұл Отанын сүю, сол елдегі халықты сүю, соның дәстүрлерін, сенімін құрметтеу. Бұл елінің мәдени құндылықтарын танып білуден басталады. Нәресте кезінен бесік жырынан бастап, батырлар жырында тәрбиелену сол елдің шаңында аунап, барлық құндылықтарын көзіңнің қарашығындай қорғау және келер ұрпаққа сеніммен тапсыру. Ол туғаннан бастап туыстарға деген игілікті көңілдің сүйіспеншілігі, сол елдің перзенті болғандықтан, сол елге деген парызыңды абыроймен іске асыру және келер өскелең ұрпақты өзіңнің ісіңнен өнеге алатындай сүйсіндіре білу, сол елдің әр талына, құм-шөліне өзіңді және өзгені табындыра білу болып табылады.

Қазақ баласының ер жетіп, ес жиюына айтарлықтай әсер ететін төл факторларымыз, батырлар жыры, «Суға салсаң батпайды, отқа салсаң жанбайды», «Ерлер мінген арғымық ше?», деген сияқты мысалдар эпоста кездеседі. Қазіргі жастар атақты батырлар Алпамыс, Қобыландыны, қара қасқа атты Қамбарды біле ме? Жауынгерлік рухтағы, Отаншыл сезімге толы осы құндылықтарымыздан ажырап бара жатқанымыз өкінішті-ақ. Тіпті, кешегі Ұлы Отан Соғысының тірі куәгерлері – ақ сақалды аталарымыздың өнегелері мен тәлім-тәрбиелері қандай еді?! Қазір олардың да қатары сиреп бара жатыр. Соғыстың соңғы солдаттына жас ұрпақтың құрметі қандай? Жоқ әлде компьютер заманы ұлтымыздың талай ғасырлық маржандарын ұмыттырып жіберді ме? Отансүйгіштікке, патриоттыққа тәрбиелеуде мектепте өтетін әртүрлі іс-шаралар, үйірмелер, сайыстардың алатын орны ерекше.

Батырларымыздың қаһармандық бейнелерін, олардың жасаған ерлік істерін ұмытпауымыз керек. Жастардың бойындағы Отанына деген патриоттық сезімдерін қалыптастырып, жандандыруда мектепшілік өтетін патриоттық әндер сайысы, Махамбет оқулары, сахналық көріністерді үнемі өткізіп, тәрбие сағаттарында ата-бабаларымыздың ерліктерін айта отырсақ, келер ұрпақ олардың ерліктерін ешқашан ұмытпақ емес. Туған жерін, елін сүюге жетелейтін түрлі жобалар оқушыларды Отанын сүюге қалыптастырады. Оқушыларға сабақ барысында Отан туралы, туған жер туралы мәлімет беріп, ұлы тұлғалармен таныстыру арқылы ата дәстүрді меңгереді. Сонымен қатар сабақ барысында әңгімелер, ертегілер, жұмбақтар, аңыздар, мақал-мәтелдерді оқи отырып, оқушыларға өмірдегі ерлік, батырлық, Отан үшін еңбек ету, қызмет жасау, елді қорғауға дайын болу туралы түсініктер беріп, Отаншылдыққа тәрбиелеп, патриоттық сезімдерін қалыптастырады.

Жалпы қазақстандық патриотизм – Қазақстанда тұрып жатқан барлық ұлт өкілдерінің Қазақстанды өздерінің ұлттық Отаны деп қабылдауы. Ұлттық патриотизм, деген өз ұлтының, мәдениеті мен әдебиетінің тілі мен ділінің, салт-дәстүрлерінің бәріне екенін сезіну, жерінің Қазақстан екенін жете түсінуіне байланысты.

Ұлттық патриотизмді қалыптастыруда «отан», «атамекен», «ел-жұрт», «азаматтық борыш», «ар-намыс», «адалдық пен әділдік», «ұлттық парыз» сияқты құндылықтар негіз болған. Мысалы, қазақ халқы туып өскен жерінен кетпеуге тырысқан. Оны «Отан оттан да ыстық», «Басқа елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», «Ер өзі үшін туады, елі үшін өледі» деген мақал-мәтелдерден-ақ өз Отанына, туған жеріне деген ыстық махаббатын көруге болады. Халық балалар мен жастарға өз Отанын, туған елін, халқын, ана тілін, салт-дәстүрін терең сезіммен сүйе білуге баулыған. Әркімге өзінің туып-өскен жері қымбат болатыны «Ер – елінде, гүл – жерінде», «Ел іші – алтын бесік», «Елінен безген ер оңбайды» деп ескертіп отырған. Отанын, елі мен жерін өзінің туған анасындай құрметтеген. Отанға деген сүйіспеншілік

арқылы адамның бойында патриоттық сезімді туындатқан. Оның аясында азаматтық парыз, борыш көрініс алған [6].

Халық даналығының кәусар бұлағы – қазақ халқының моральдық-этикалық дәстүрлерінде болашақ ұрпақты тәрбиелеу педагогикалық үдерістің жетекші мақсатының бірі және ұнамды бағдар беретін жеке тұлғаны дамытудың негізгі факторы болып саналады.

Тәлім-тәрбие адамзат тарихымен бірге жасап келеді. Бүкіл адамзатқа ортақ тәрбие талабы – жастарды адам болуға үйрету, адамгершілікке баулу. Ал адам болудың жолдары әр халықтың, ұлттың дәстүрінде, салтында. Ол үлкенді сыйлаумен, тыңдаумен, ата-ана, отбасы дәстүрін сақтауымен, ар-намысты ұятты бетке ұстаумен, өнер-білімге, еңбекке ұмтылумен анықталады. Бұның бәрін халықтық педагогикадан, ұлттық тәрбиеден іздеу керек.

Демек, оқу-тәрбие ісінің тиімді болуы үшін ғылыми педагогика мен халықтық педагогиканы, ұлттық тәрбиені қатар қолдану қажеттігі айқындала түсуде. Осы орайда, М.Жұмабаевтың «Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып келе жатқан тақта жол болғандықтан, әрбір тәрбиені сөз жоқ ұлт тәрбиесімен таныс болуы тиіс. Сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуы міндетті» - дегені бала бойында ең алдымен ұлттық тәрбие сіңірмей білім берем деуі әурешілік болады дегенді аңғартады [7].

Жас ұрпақты Отанына, халқына, еліне, жеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеп, олардың бойына сіңіріп қалыптастыру халық тәрбиесінде жетекші орын алады. Патриоттық тәрбие беру арқылы оқушының саналы сезімін көзқарасын қалыптастырады. Оқу орнында патриоттық тәрбиенің тереңдеуі Отанымыздың саналы да белсенді күрескерлерін тәрбиелеуге, оларды еліміздің игілігіне жанқиярлықпен еңбек етуге, Республикамыздың мүддесін қорғауға жаңа мүмкіндіктер туғызады. Жастардың Отанды қорғауға даярлау, жас азаматтардың патриоттық тәрбиесінің танымдары мен мінездерін қалыптастыру күрделі және сан түрлі процесс. Оқушының дүние танымын, білімін, көзқарасын қалыптастыруда мектеп шешуші рөл атқарады. Аға ұрпақтың лайықты мұрагері болу үшін жастарға халқымыздың Отан мүддесі жолында жасаған ерлік істерінің ұлылығын жете түсіндіре отыруымыз қажет. Сол арқылы әр жас жігіт, бойжеткен қыз еліміздің келешегі жолында табанды күрескер болуы керек екенін түсінуі тиіс. Ер жүрек адамды, табанды күрескерді тәрбиелеудің негізі мектепте басталады.

Қазіргі уақытта қоғамның дамуына байланысты оқушыларға білім беру, оларды тәрбиелеу және дамыту міндеттері барған сайын күрделеніп бара жатыр. Басты міндеттің бірі: орта мектепті бітірген оқушы өмірге белсене араласа отырып, ғылымның шапшаң дамуына ілесуі, ашылған жаңалықтарды өздігінше оқып меңгеру, оларды өзі қызмет ететін салаларына қатыстыларын іс жүзіне асыра білуі, өмірде қолдана алуы. Сонымен қатар оқушылар мектеп қабырғасында жүріп –ақ әлемдік құрылым қалыптасуының негізгі ғылыми ұстанымдарын, ойлаудың әдіс-тәсілдерін, Отан деген сүйіспеншілік, патриотизм, танымның заңдылықтарын игеруі тиіс. Осыған орай патриоттық тәрбие мәселесі адамзат тарихының өн бойындағы ұрпақтан – ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат болғандықтан, мектеп оқушыларының бойындағы Отанға деген сүйіспеншілігін, яғни патриоттық санасын дарытуда. Сондай – ақ бұл ұғымның маңызын ашып көрсету жас буындарды тәрбиелеуде бүгінгі күннің кезек күттірмейтін қажеттігінен туындап отыр. Патриотизмге тәрбиелеудің үлкен ортасы – мектеп екені белгілі. Ондағы жоспарлы тақырыптық сабақтармен қатар, пәндік олимпиадалар, ғылыми жобалар патриотизмге тәрбиелеудің бір бағыты болып отыр [8]. Ал ұлттық тәрбиеге тікелей ықпал жасайтын білім ордасы – мектептер мен жоғары оқу орындары. Олар жас мамандар мен ұстаздарға мемлекет пен халықтың мүддесін ойлайтын, жүрегі «елім, туып-өскен жерім» деп соғатын ұрпақ тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін үйретуге міндетті. Ал тәрбиеге байланысты мұғалімдердің білімін жетілдіріп, қайта даярлау мемлекеттің ұсынған қаулы-қарарлары мен заңдарына сай келуі керек.

Біз болашақта ұлтжанды, адами құндылықтарды бойына жиған, қиыншылықтан жол табатын, экономикалық бәсекелестікке қабілетті, ары таза, иманжүзді, біреудің қолдауынсыз өз еңбегімен білім алған, елі мен жерін сүйетінін атқарған ісімен дәлелдеген жастарды көргіміз келеді. Ол үшін жастарға ұлттық тәрбиені ел-жұрт, қоғамдық орын, ата-ана болып, жан-жақты ойлана отырып берсек, біздің де, мемлекеттің де көркейетіні даусыз.

Бүгінгі жас ұрпақты сонау замандардан жинақталған ата-бабамыздың мол мұрасымен, яғни ұлттық құндылықтарымен сусындату – біздің басты парызымыз. Демек ұлттық құндылықтарды пайдалана отырып тәрбиелеу арқылы сынып жетекші ұлттық тұлғаны қалыптастырмақ. Адамды адам ететін қоршаған орта және тәлім-тәрбие десек, мектеп жасы балаларының тұлғалық ерекшеліктерінің қалптасуына отбасымен бірге сынып жетекшінің де рөлі ерекше.

Ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу дегеніміз – халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, баланың қоршаған ортадағы қарым-

катынасын, дүниетанымын, өнерге деген көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру. Қазақстандық патриотизмнің арқауы қазақ мемлекетіне деген сүйіспеншілік, ұлтына сенімі, нанымы, саяси көзқарасы, т.б. қарамастан, әрбір қазақстандық өзі өмір сүріп, күн көріп отырған мемлекетін - «Отаным» деп тануы, оның негізін салып отырған қазақ ұлтына сыйластық, оның заңдарында бас ию, рәміздеріне құрмет, жетістігіне сүйсініп, мақтану, кемшіліктерін болдырмаудың жолын қарастыру Қазақстандық патриотизмнің белгілері болуы керек деген ой келіп туады.

Патриоттық тәрбие тұлға қалыптасуының құрамдас бөлігі болып табылады, ол жастардың алған білімдерінің негізінде азаматтық борыш ұстанымымен, жекебастық мүдделері қоғамдық ұстанымдармен астасып жататын тіршілік әрекеті үлгісіне даярлығын қамтамасыз етуі тиіс. Демек, қазақ патриотизмі – рухы биік жеке тұлғаны қалыптастырудағы ата – бабаларымыздың қаһармандық батырлық, отансүйгіштік тәлім – тәрбие беру идеалдарының жиынтығы деп айтуымызға болады. Осы анықтама негізінде, біз « Қазақстандық патриотизм – Қазақстанды Отаным деп сезініп, басқа этностардың қазақ халқына құрметпен қарауын, әр этностың құқықтық еркіндігін қуаттай отырып, туған жерін және оны қорғауға дайын болу» - деп дәйектейміз [9].

Бастауыш сынып оқушыларын патриотизмге тәрбиелеу үдерісінің өзіне тән ерекшелігі бар. Мектепке дейінгі жылдары бала кейбір эмоционалдық және адамгершілік тәжірибесін меңгерумен бірге, онда мінез-құлқтың белгілі бір ерекшеліктері пайда болады, жеке тұлғаның қасиеттері қалыптаса бастайды. Мектепке бару бала өміріндегі өзгерістерге байланысты. Жаңа кезең, жаңа міндеттердің пайда болуымен, жүйелі оқу әрекетімен байланысты. Бұл бастауыш сынып оқушысының қоршаған ортамен қатынастағы мінезіне айтарлықтай өзгерістер әкеледі. Балаларда мектепке дейінгі жылдардың өзінде Отан туралы, әр түрлі ұлт өкілдерінің достығы туралы алғашқы мағлұматтары пайда болады. Бастауыш сынып оқушыларының зейіні қоршаған ортада көбінесе: туған үй, отбасы, жақын-туыстарына, ауыл, аудан, туған қала, оның өткені мен бүгінгісіне, туған өлке табиғатына бағытталады. Бастауыш сынып жасында қайсарлы мінезді дамытатын адамгершілік сезімдері қарқынды дамиды, жақын адамдары мен туған жеріне эмоционалдық-жағымды көзқарастан байқалатын алғашқы патриоттық сезімдері көрсетіледі.

Ұрпақтың бойына патриоттық сезімді ұялату отбасынан бастау алады. Одан ары патриоттық сезімнің қалыптасуы балабақша, мектеп, колледж, жоғары оқу орындарында жалғасын табады. Мәселен, баланың бойына патриоттық сезімді қалыптастыру ертегілер, аңыздар, тарихи хикаялар, батырлар туралы жырлар, үлгі-өнегеге толы қойылымдар арқылы беріледі. Яғни, патриоттылықтың бала бойына ұялауының бірден-бір көзі ол – оның рухани дамуы. Атақты педагог В.А. Сухомлинский «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады» деген. «Ертегінің рухани тәрбиелік мәні зор, балаға рухани ләззат беріп, қиялға қанат бітіретін, жас баланың рухының өсіп жетілуіне қажетті нәрсенің мол қоры бар рухани азық» [3]. Рухани бай адамның бойында еліне жеріне деген ізгі сезімі болады.

Патриоттық сезім жалпы адам баласына тән, сүйіспеншіліктен туған қасиет, оның еліне, туған жеріне, өз ана тілі мен мәдениетіне, ұлттық құндылықтарына жеке қатынасын, өзіндік бағасын қуаттап, қолдауын пайымдайтын сезім көрсеткіші болып табылады.

Ата-баба салтының Жер – анаға деген ыстық сезімі бірінші кезекте тұрады. Сондықтанда бұл әр адамның бойындағы қасиеті, дарыны ата-баба жерімен тығыз байланысты.

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек». Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне апат әкеледі» деп ұлы шығыс ғалымы, ғұлама философ Әбу Насыр әл-Фараби босқа айтпаған болса керек.

«Адамшылдық ар-ұят – адамдықтың белгісі» деп Абай атамыз айтқандай, адамның адамгершілігі оның жоғары қасиеті. Оның негізгі белгілерінің бірі – өзі үшін ғана емес, ел, қоғам үшін өмір сүру, адамдық ар-намысты ардақтау, әр уақытта жақсылық жасауға дайын болу. «Өзің үшін еңбек қылсаң, дейді Абай, - өзі үшін еңбек қылған хайуанның бірі боласың».

Адамгершіліктің асыл қасиеттері өте көп, алуан түрлі, дегенмен солардың ішіндегі ең маңыздысы – аманат. «Ешкімнің ала жібін аттама, аманатқа қиянат жасама» дегендей тапсырылған істі, айтылған аманатты міндетті түрде орындау керек.

Тәрбиенің негізгі міндеті – қоғамның қажетті талаптарын әрбір баланың борыш, намыс, қадір-қасиет сияқты биік адамгершілік стимулдарына айналдыру. Қазіргі таңда көп көңіл бөлінетін мәселе – адамгершілік тәрбиені күшейту.

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа рухани-адамгершілік тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін, оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете

алмайсың» деп бекер айтылмаған. Бала тәрбиесі – аса жауыпты іс. Жас ұрпақтың бойына рухани-адамгершілік қайнарын сіңіріп, мінез-құлқын тәрбиелеу үшін, жалпы, адамгершілік ұстанымдарды, әділдік пен өзара көмекті ғұмыр бойы мұрат тұтуға бет бұруы қажет. Баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші рөл атқарады [3].

Адамгершіліктің негізі мінез-құлық нормалары мен ережелерінен тұрады. Олар адамдардың іс-қылықтарынан, мінез-құлықтарынан көрінеді, моральдық өзара қарым-қатынастарды басқарады. Отанға деген сүйіспеншілік, қоғам игілігі үшін адал еңбек ету, өзара көмек, сондай-ақ қоғамға тән адамгершіліктің өзге де формалары, бұл – сананың, сезімдердің, мінез-құлық пен өзара қарым-қатынастың бөлінбес элементтері, олардың негізінде қоғамымыздың қоғамдық-экономикалық құндылықтары жатады. Баланың өмірге белсенді көзқарасының бағыты үлкендер арқылы тәрбиеленеді. Тәрбиелеу, білім беру жұмысының мазмұны мен формалары балалардың мүмкіндігін ескеру арқылы нақтыланады. Адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде, үлкендердің қолдан келетін жұмысты ұйымдастыру процесінде, ойын және оқу ісінде жоспарлы түрде іске асады.

Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерін сіңіру ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар бұлағы халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет-ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс-тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді [3].

Қазіргі жаңа қоғам жағдайында адамгершілік бастамасының рөлі күннен-күнге артуда, әрбір адамның моральдық, адамгершілік бейнесіне, мінез-құлқына қойылатын талап та өсуде.

Қай елде, қай кезде болсын, бала тәрбиесіне ерекше мән берілгендіктен, халқымыздың ардақты азаматы Мұстафа Шоқай: «Ұлт мәдениетінен жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажетіне пайдалы азамат шықпайды», - деп ұлт болашағын сақтау үшін ұлттық рухта тәрбиелеуді мектеп табалдырығынан бастау қажеттігін атап көрсеткен [3].

Мектеп, ең алдымен, жан-жақты дамыған саналы азаматты дайындауды өзіне мақсат ете отырып, жас ұрпақтың ғылыми көзқарасы мен адамгершілігін қалыптастыру міндеттерін қояды. Жас ұрпаққа тәрбие берудің негізгі жолдары көптеген ғалымдардың еңбектерінде сараланады. Олар жастарға берілетін білім мен тәрбие жұмыстарының бәрін моральдық тәрбие беруді көздеуі керек деген пікірді ұстанады. Отанға, басқа мемлекетке деген сүйіспеншілік, қоғам игілігі үшін адал еңбек ету мектепте жеткіншектердің адамгершілік тұрғыда қалыптасу процесінің негізгі бір саласы – патриоттық тәрбиенің жүзеге асырылуының басты бағытын айқындауға ықпал етеді.

Бүгінгі таңда жастарды патриоттыққа тәрбиелеудің мазмұны көптеген ғалымдардың зерттеу пәні болып отыр. Олар «патриотизм» ұғымының пайда болуы мен дамуын, адамның патриоттық санасын және патриотизмге тәрбиелеудің формалары мен әдістерін қарастырады.

Тәрбие – халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, дүниетанымын, өмірге деген көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру.

Тәрбие кешіктірілсе кешірілмейтін, дұрыс бағыт алмаса, қайта қалпына келмейтін нәзік те күрделі, кәделі де сауапты, игілікті де ізгілікті істеріміздің бірі.

Елімізде тәрбие беру процесінің тиімділігі тікелей мұғалімге, курс жетекшісіне байланысты. Әйгілі психолог Дж. Маккензи мұғалімнің іс-әрекетінің маңыздылығы туралы білім беру жүйесінің сапасы онда қызмет ететін мұғалімдердің сапасының жоғары болуы тиіс деген болатын. Қазіргі кездегі тәрбие әдісінің негізгі мәні – жеке адамды жан-жақты қалыптастырудағы әлеуметтік міндетті жүзеге асырудың басты құралы болып табылатын тәрбиенің әдістерін жетілдіру.

Тәрбиенің негізгі мақсаты: дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ұжданы мол, еңбекқор, іскер, бойына басқа да игі іс-әрекеттер қалыптасқан адам тәрбиелеу.

Тәрбиенің мазмұны: оны жүзеге асыратын әдіс-тәсілдердің негізі – адамгершілік, имандылық, ізгілік, елжандылық.

«Тәрбие ережеден емес, өнегеден тұрады» деген сөзді басшылыққа ала отырып, тәрбие бағытының жолы сан тарау екенін айтып кеткен жөн.

Біз болашақта ұлтжанды, адами құндылықтарды бойына жиған, қиыншылықтан жол табатын, экономикалық бәсекелестікке қабілетті, ары таза, иманжүзді, біреудің қолдауынсыз өз еңбегімен білім алған, елі мен жерін сүйетінін атқарған ісімен дәлелдеген жастарды көргіміз келеді. Ол үшін жастарға ұлттық тәрбиені ел-жұрт, қоғамдық орын, ата-ана болып, жан-жақты ойлана отырып берсек, біздің де, мемлекеттің де көркейетіні даусыз.

Бүгінгі жас ұрпақты сонау замандардан жинақталған ата-бабамыздың мол мұрасымен, яғни ұлттық құндылықтарымен сусындату – біздің басты парызымыз. Демек ұлттық құндылықтарды пайдалана отырып тәрбиелеу арқылы сынып жетекші ұлттық тұлғаны қалыптастырмақ. Адамды адам ететін қоршаған орта және тәлім-тәрбие десек, мектеп жасы балаларының тұлғалық ерекшеліктерінің қалыптасуына отбасымен бірге сынып жетекшінің де рөлі ерекше.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Назарбаев Н. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. – Астана 12.04.2017ж
2. Қазақстан Республикасының Ата Заңы, I-бөлім, 27-бап.
3. Аманова Ф. Халықтық педагогика – даналық мектебі. – Алматы: «Сарыжайлау» қоғамдық қоры, 2012.
4. Нысанбаев Ә., Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы, - Алматы: Жазушы.
5. Бесбай А. Жеке тұлғаны патриотизмге, Отан сүйгіштікке тәрбиелеу // Молодой ученый. — 2015. — №8.1. — С. 29-31. — URL <https://moluch.ru/archive/88/17634/>
6. Рысбекова Р.М. Қазақ халық музыкасы және патриоттық тәрбие. – Алматы, 2015.
7. Пірәлиев С.Ж., Иманбаева С.Т., Төлеубекова Р.К. Ұлттық тәрбие. – Алматы, 2015.
8. Жұмағұлов Б.Т. Патриотизм және азаматтық ұстаным // Егемен Қазақстан. – Алматы, 2011. - № 260 – 263 (2661), 21 маусым. – Б.2-4.
9. Дүйсенбаев А.Қ. Тәрбиенің қайнар көзі // Қазақстан мұғалімі. - 2013. - № 15-16 (3405), 30 тамыз. – Б.2-5.

ӘӨЖ 37094
МРНТИ: 14.07.05

Жабыкбаева Д.М¹

¹І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті «Педагогика және психология» мамандығы 2-курс докторанты, Талдықорған қ, Қазақстан

ХАЛЫҚТЫҚ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕЛІК МҰРАЛАР АРҚЫЛЫ ЖАСТАРҒА АЗАМАТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Аңдатпа

Мақалада, теориялық ұстанымдар мен өмірлік тәжірибеде орын алған ұлттық тәлім-тәрбиелік мұралардың ұрпақ тәрбиесіндегі қол жеткізген нәтижесінде алынған мәліметтерді басшылыққа алған. Еліміздегі қоғамдық құрылымның жедел түрлену барыстары және жалпы адамзаттық құндылықтар басымдығының күшеюі, жаңа типті ойлауды қалыптастыруды, ел тарихы туралы білімдер мен ондағы азаматтық құндылықтардың негізінде жеке тұлғаны бағдарлы дамытудың орны мен ролін анықтау мен жастарға азаматтық тәрбие беру мәселелері қарастырылады. Жастарға азаматтық тәрбие беру, осы бағытта халықтық тәлімдік мұралардың тәрбиелік мүмкіндіктерін ұштстыру, жетілдіру - өзекті мәселелердің бірі екендігі қарастырылады. Азаматтық тәрбие берудің түрлері мен бағыт-бағдарлары алуан түрлі. Азаматтық тәрбие де, тәрбие берудің өзге түрлері сияқты, жеке тұлғаға, нақты адамға бағытталатыны белгілі. Осы тұжырымнан шыға отырып, азаматтыққа тәрбиелеуде халықтық мұралардағы қалыптасқан жолдар және осы саладағы бүгінгі ізденістер, ғалымдардың осы бағыттағы ой-пікірлері, ғылыми қорытындылары мен байламдары қарастырылған.

Түйін сөздер: жастар, ұлттық тәлім-тәрбие мұралары, азаматтық тәрбие, адами құндылықтар, адамгершілік, ізгілік, ұлттық рухта тәрбиелеу, отаншылдыққа баулу, мәдениеттілік т.б.

Жабыкбаева Д.М.¹

¹ Докторант 2 курса специальности «Педагогика и психология»
Жетысуского государственного университета имени И.Жансугурова
г. Талдыкорган, Казахстан

ВОСПИТАНИЕ ГРАЖДАНСТВЕННОСТИ У МОЛОДЕЖИ ЧЕРЕЗ НАРОДНОЕ ВОСПИТАТЕЛЬНОЕ НАСЛЕДИЕ

Аннотация

В статье рассматриваются теоретические подходы и данные, полученные в результате достижения национального учебно-воспитательного наследия в воспитании подрастающего поколения. Рассматриваются процессы ускоренной трансформации общественных структур в стране и усиление приоритета общечеловеческих ценностей, формирование нового типичного мышления, определение места и роли ориентированного развития личности на основе знаний об истории страны и гражданских ценностей в ней и вопросы гражданского воспитания молодежи. Одним из актуальных вопросов является гражданское воспитание молодежи, совершенствование и гармонизация воспитательных возможностей народного воспитательного наследия в этом направлении. Виды и направления гражданского воспитания разнообразны. Как известно, как гражданское воспитание, так и другие формы воспитания ориентируются на личность, конкретную личность. Исходя из этого, в воспитании гражданственности предусмотрены пути, сложившиеся в народном наследии, современные поиски в этой области, мнения ученых в данном направлении, научные заключения и связи.

Ключевые слова: молодежь, национальное учебно-воспитательное наследие, гражданское воспитание, человеческие ценности, нравственность, гуманность, воспитание в национальном духе, патриотизм, культура и т. д.

Zhabykbayeva D.M.¹

¹ 2nd year course student of the specialty «Pedagogy and Psychology»
of Zhetysu state university named after I.Zhansugurov,
Taldykorgan, Kazakhstan.

CIVIC EDUCATION AMONG YOUNG PEOPLE THROUGH A NATIONAL EDUCATIONAL HERITAGE

Abstract

The article deals with the theoretical approaches and data obtained as a result of the achievement of the national educational heritage in the education of the younger generation. The processes of accelerated transformation of social structures in the country and the strengthening of the priority of universal values, the formation of a new typical thinking, the definition of the place and role of oriented development of the individual on the basis of knowledge about the history of the country and civil values in it and the issues of civic education of youth. One of the topical issues is the civic education of young people, improvement and harmonization of educational opportunities of the national educational heritage in this direction. Types and directions of civic education are diverse. As you know, both civil education and other forms of education are oriented to the individual, the specific personality. On this basis, in the education of citizenship provides ways that have developed in the national heritage, modern searches in this area, the opinions of scientists in this direction, scientific conclusions and communication.

Key words: youth, national educational heritage, civic education, human values, morality, humanity, education in the national spirit, patriotism, culture, etc.

Мемлекетіміздегі элеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өзгерістер адам болмысындағы күрделі рухани жаңғыру үдерісімен үйлесімділікте орын алуда. Бұл әлемдік білім беруге ықпалдастықта болу және озық ғылыми жаңалықтарды меңгерумен шектеліп қоймай, мемлекеттік құрылымның өзіндік даму жолындағы саяси-идеологиялық негіздегі қоғамдық сананы заманауи талаптарға сәйкес дамыту жолын қарастыру болып табылатын күдері үдеріс болып отыр. Себебі, түрлі ақпараттардың жиілігі мен жылдамдық легі – жастарды өмірге бейімдеу барысындағы ұлттық болмыстың өзегі болып табылатын

тәлім-тәрбиелік мұралардың құндылық реттілігін өз деңгейінде сақтай отырып, оларды тәрбие құралы тұрғысында қазіргі жағдайда пайдалана білу, күн тәрбінде орын алып отырған басты мәселеге айналды. Сондықтан Елбасы айтқандай: «... тәуелсіз елде ұлттық мұраттар бағытында отанын сүйетін, отанына адал қызмет ететін ізгі ниетті азаматтар тәрбиеленуі тиіс және олар ұлттық дәстүрді берік сақтау бағдарын көздеуі қажет» [1].

Жаһандану жағдайында Қазақстандық жастардың өзіндік бейнесін беретін – ұлттық тәлім-тәрбиесі толық қамтылмаса, онда өзге дүниетанымдық өмірге сіңісу, жойылу қаупі орын алады. Қазіргі жақандануды – бүкіл әлем десек, соны құрастырушы ұлттың бірі қазақ болуы да керек. Мәселен, «Сен бір кірпіш дүниеде, тетігін тапта бар қалан», - деп Абай данамызың айтуы, қазіргі жағдайда Қазақстан және оның халқы өзіндік орнын бұл бүтін дүниеде табуы тиіс екендігін негіздеген деп түсінуіміз қажет.

Бүгінгі таңда қоғамдық-әлеуметтік ортадағы бағытта ұлттық құндылықтар негізінде мәдени-шығармашылық мұратқа жүйелі бетбұрыс жасу жолындағы келелі міндеті туралы дәстүрлі түсінік қайта қаралуда, өйткені, олар жеке тұлғаның дамуындағы ұлттық болмысты беретін толық бейнені еңсеруге жәрдемдеседі, жеке адамның азаматтық тұғырын табуына жетелейді, сол арқылы оның ішкі әлеуетін ашуына деген мүмкіндігін кеңейтеді. Қоғамды демократияландыруды мақсат ететін білім және тәрбие беру адамдардың әлеуметтік-экономикалық мінез-құлқына, этносаралық, әлеуметтік-топтық, мемлекетаралық қатынастардың жай-күйіне тікелей ықпал етеді, жаңа артықшылықтар берілетін құндылықтар жүйесін және азаматтардың өмірлік бағдарын, қоғамның рухани бітімін қалыптастырады.

«Қазіргі қоғам жалпыадами және ұлттық құндылықтардың қабылдануына қайта өрлеуіне мұқтаж болып отыр. Жас ұрпаққа білім беру мен тәрбиелеудің өзара байланысты проблемаларын түсініп, аша білу керек, өйткені оқытудың қорытынды мақсаты-адамның өзін-өзі жетілдіруі. Тәжірибе көптеген жастардың азаматтық парыз, жауапкершілік, қоғамдық қызмет сияқты құбылыстарға немқұрайлы қарайтынын көрсетеді. Олар білімді өмірлік құндылық деп қарастырмайды. Сонымен қатар халықтың білімді бөлігінің өзінде мәдениеттіліктің және тәрбиеліліктің жетіспеушілігі орын алды» [2].

Қазақстан Республикасының егемендік мемлекет ретінде қалыптасқан алғашқы жылдарында, қоғамдық институттардың деидеологизациялауы білім берудің барлық сатысында тәрбие үдерісіне талаптардың төмендеуіне алып келу жайтары орын алаған болатын. Елімізде демократиялық үдерістердің күшеюі, экономикалық-әлеуметтік және саяси өмірінің қалыпқа келуі, мемлекеттің тәрбие стратегиясының шет жағасын айқындай бастады. Біздің халықтың тарихында педагог-ғалым зиялыларының көрнекті өкілдері халықтың азаматтық-адамгершілік тәрбиесіне ықпал ететін, жоғары ұлттық таным-болмысқа ие тұлғалар бейнесінің үлгісі болды.

Ұлттың жанашыр ұлы тұлғалары қоғамның бірлігін қамтамасыз ететін іс-әрекеттерді жақсы түсінген. Олардың басқа адамдардан ерекшелігі болашақты, өз уақытындағы кезеңді, өткенді түсініп, тарихи жағдайларды талдай отырып, ұрпақ болашағы үшін бар ғылым мен білімін және өрлік тәжірибелерін сарп етіп, қамын ойлаған. Өзінің өмірлік бағытының мазмұны мен мәнін түсініп, ғасырлар бойы сақтап, халық мұғалімі образын қалыптастырған. Әль-Фараби әділеттілікке деген сүйіспеншілікке, зұлымдыққа деген өшпенділікке негізделген дінге, халыққа қызмет ету кодексін құрған. Дінге қызмет етуде қорқыныш пен үрей болмау керек [3].

Бұл тұрғыдағы ой-тұжырымдар қазақтың ойшыл және ақиық ақыны Аронұлы Сүйінбай шығармасында да орын алады: «Халықтың қалаулысы өзінің жылуымен өзгені де жылытады», -деуі ұлттық тәлім-тәрбие құндылықтарын жете сіңірген, халқына қызмет жасаушы адал, азамат, ел-жұртының қамын ойлайтын ұлтжанды, жеке тұлға болмысын бейнелейді [4].

XXI ғасырдың басталуымен жеке тұлға болмысын қалыптастыру мен дамыту бағытындағы мәселеге аса мән беріліп, оның қыр-сырын ғылыми негізден тануға және ықпал жасауға ерекше көңіл аударыла бастады.

Яғни, бүгінгі мемлекетіміздің жастарының жан дүниесінің ұлттық құндылықтар негізінде жаңғыртып, жаңарту басты бағытқа айналуы тиіс. Білім - өнер мазмұнын түгелдей өзгертіп, оқу-тәрбие тақырыбын ұлттық рухқа негіздеуіміз қажет. Жастарды ұлттық рухта тәрбиелеу, отаншылдыққа баулу, мәдениетіміз бен тілімізді түлету, нарықтық экономиканы, осы заманғы озық технологияны игеру ата-бабамыздың дәстүрлі құндылықтарын, тәлім-тәрбие ісіне пайдалану, соның нәтижесінде ұлттық тұлға қалыптастыру бүгінгі күннің көкейкесті мәселесінің бірі болуға тиіс.

Ұлтымыздың мәдениетін сақтап, оны келер ұрпаққа жаңа көзқараспен жетілдіріп жеткізуде білім беру ісі басты құрал болып саналады. Қазіргі білім берудің негізгі мақсаты білімін, біліктілігін, дағдысын қалыптастыруға қол жеткізу ғана емес, ұлттық тәрбие негізінде ертеңгі қоғамның белсенді азаматы –

бүгінгі жастарымыздың өнегелі тұлғасын қалыптастыру. Жастардың ұлттық тәрбиесі халық қанша өмір сүріп келе жатса да, сонша, көкейкесті мәселе болып келеді.

«Жақсы адам көрсе қызығар, желөкпе емес, тек атына адал, уәдесіне берік адамды ғана ер кісі деуге болады», - деп жеке адам тұлғасына байланысты халықтық ой-түсінік негізінен ХІ ғасырдың көрнекті ойшыл, философ, ғұламысы - Ж.Баласағұн өзіндік жеке ой-пікірін түйіндеген болатын. Биязы, байсалды, қайырымды, салмақты, адал, қатал да жанашыр, адамгершілік түсінігі басым және өзіндік ойы, мақсаты, өзінің жеке түсік-түсінігінде халық мүддесін басым бағытта ұстанатын адам ғана – «азамат» деген атуға толық сыйымды болытындығын негіздейді. Адам – өз өмірінің қожасы. Сондықтан, өзін-өзі әрдайым жетілдіріп, дамытып, үнемі ізденіс үстінде болуы қажет, бірақ, өзінің туған елінің ділі мен оның болмысын бейнелейтін тәлім-тәрбиелік мұра құндылықтарын басшылыққа алуы басты шарт болуы тиіс. Ж.Баласағұн халық тәрбиесі негізінде жастарды жаман мінез-құлық пен жат қылықтан жирендіреді. Ол адамның адамдық бейнесіне кір келтіретін қылықтар: өтірік айту, өз мүддесі үшін түрлі жала-қорлыққа бару, адамдар арасында ірткі салу, өзгелерді төмендету, дарыны мен талабы бар жастарға тәлімдік жол көрсетпеу және оларды төмендетіп ұстау, адамның санасын улайтын жаман әдеттерге берілу, нәпсіге құмарту, іштарлық, күншілдік пен қызғаншақтық, әлеуметтік ортаға сай келмейтін қылықтар жасау, қызуқанды-ашушаң болу, адамның өзін-өзі ұстай алмауы, өзінен басқаны менсінбеу «мен-мендігі» басым өркөкіректік, өзі білмей – білгеннің ақылын алмайтын қырсық-қырлық т.б. с.с мінездің көріністері адамға абырой мен жақсылық бермейтінін тілге тиек етеді. Осындай кемшіліктерден адам бір өзі жапа шекпей, өзі қоршаған адамдарға да зиянын тигізетінін баса айтады. Негізінде шынайы азаматтық-адамгершілік мінез-құлқының ақыл-ой сезіммен үйлесім табуын қарым-қатынас барысында, жеке адамның өзін-өзі ұстай білуіне, мінез-құлыққа байланысты болады деген пікір негізімен жақсы мінез адамның көркі және оның сипаттамалырын: тәрбиелі, рухани жан дүниесі бай, адамгершілік-азаматтық қасиеттері толық бекіген, адал, әділетті, халқының қамын ойлайтын – көпшіл, үлкенге ізет - кішіге құрмет жасайтын, өскелең ұрпағына сенім артып оларға көмек беріп, жол сілтуші-ақылшы, кеңпейіл, өзін қоршаған әлеуметтік ортадағы адамдармен сыйластық қарым-қатынас орнатушы, олардың мақсат-мұраттары мен мүдделік бағыттарына үйлесімді өмір сүруді негізге алатын, таным болмысы кең, саналы әрекетті жақтайтын, ақиқатты құптайтын, ұлттық тәлім-тәрбие құндылықтарын бойына сіңірген т.б. с.с. қырларды бейленеп береді [5].

Осы негізде түркі әлемінің данышпаны - Әбу-Насыр Әл-Фарабидің «Адам алдымен ойлы, парасатты болуға, ақыл-ойдың жан-жақты дамуына көңіл бөлуі қажет. Шын мағынасындағы білімділік – тамаша адамгершілік сипат»-деген даналық ой-тұжырымдары бүгінгі күнмен де астасып жатқандығын ескере келіп, бүгінгі жастарды тәрбиелеп, өмір жолына баулу барыстарында озық ғылым мен білімді меңгерте отырып, ұлттық тәлім-тәрбие мұраларының құндылықтардың олардың танымдық және тәрбиелік болмыстарының өзегі ретінде басшылыққа ұстану басты шарт болу керек екендігін естен шығармау қажет [6].

Ал, А. Құнанбаев: «Досына достық – қарыз іс, дұшпаныңа әділ бол» деп айтқан болатын. Өмірде адам неғұрлым парасатты, ақылды, мейірімді болған сайын, соғұрлым өзгеге де адалдық тұрғыдан ақиқат пен шындық негізінде олардың жақсылығына да оң бағасын беріп бағалайтын болады. Бұл жеке адамдардың толықсып, азаматтық жауапкершіліктерінің артуы және оны олардың мойынұсындағы міздендің псиологиялық толымдық көрінісі болып табылады. «Аға буын – алдыңғы толқын, кіші буын-кейінгі толқын» демекші, бүгінгі жастарымыз ертеңгі ел - азаматы екендігі де еш күмәні жоқ. Сондықтан жастардың тұлғалық болмысын тәрбиелеу мен қалыптастырып, дамытуда олардың бойында жоғары азаматтық-адамгершілік мәдениетін бүгіннен бастап сіңіре білу, адал болу, арлы болу, елін сүйу, халқына қызмет жасау оның өсіп-өркендеуіне өз үлесін қосу деген қағидалық ұстанымен үлгі болу – аға ұрпақ өкілдерінің азаматтық парызы. Адам жақсылыққа жамандық жасау арқылы жете алмайды, қашан да адалдық пен әділеттілік және қайырымдылық қажет. Өйткені, адамның асыл қасиеті – оның жасаған жақсылығы. Адам – қоғамдағы әлеуметтік ортаның өкілі десек, әрқайсымыз осы атқа лайық болуымыз керек. Сондықтан да ұлы Абайдың 19-қара сөзінде «Адам баласы туа сала есті болмайды. Естіп, көріп, ұстап, татып, естілердің айтқандарын есте сақтап қана естілер қатарында болады. Естіген нәрсені есте сақтау, ғибрат алу ғана есті етеді»-деп, азаматтық деңгейге жетудің жолы ақыл-ой мен рухани болмыстың байлығын бекітетін тәрбиенің толық берілуімен тығыз байланысты екендігін негіздеп береді [7].

Бұнда, адамның азаматтық бейне-болмысындағы мінезінің түрлерін адамгершілік, құлықтық, ізгілік, руханилық сипаттары тұрғысынан қарастырып, оларды жақсы және жаман деп жіктеп, адам өз мінезін өзі құрастына немесе сомдауына мүмкіндігі бар екендігін басшылыққа алады да ол-өз тағдырың қожасы болуға мүмкіндігі бар екендігін түсіндіреді. Мәселен, «Мен закон қуған адам болсам, мінезімді жөндей

алмаймын деген адамның тілін кесіп алар едім»,-деген пікірдің түйіндемесін мазмұнын түсінуге шақырады.

Ш.Құдайбердиев – адамның азаматтық бітімінің толық бекіп, берік болуына - өнер-білім, адамгершілік пен құлықтық жасы мінез негізінде ізгі қасиеттерді өзінің рухани досы еткен жеке адам ғана сондай жоғары деңгейді еңсеретінін айтады. Ол үшін адамда болу қасиеттер - өтірік, өсек айтпау, ұрлық-зорлыққа әуес болмау, жалқаулықтан, жамандықтан бойды алшақ ұстау, өнерлі болу, білім алып ғылым игеру, озық елдің өнегелік тұстарын жастарға үйрету, талапшыл болу т.б. игеру керек дей келе, жеке өсиет-өнегелері жайындағы жеке пікірін ұсынады:

Ақылды сол – ынсап пен ар сақтайды,

Арсызсол – арамдықпенжансақтайды.

Адалсол – таза еңбекпен күнін көріп,

Жаны үшін адамшылық ар сатпайды.

Автордың азаматтық атауға тән келетін және оның мазмұнын ашуға негізделген жоғарыдағы ұсынған өлең жолдары жастарды тәрбиелеуде – ар-ождан, ізгілік мен адамгершілікті өмірлік ұраны еткен, адал, жаны тазы, достыққа берік т.б. қасиеттер нағыз ержігіттің немесе азаматтың бітім болмысында нық бекіген қасиеттері болу керек екендігін негіздейді [8].

Тәрбие өмір бойы үздіксіз жүретін үрдіс болғандықтан, қазақ халқы өзінің тәлім-тәрбиелік мұраларында ер жігіттің немесе азаматтың бітім, болмысына енетін түрлі өнегелік қырларын жиынтығын «Сегіз қырлы бір сырлы», деген қанатты сөздің мазмұнына ендірген.

Адам баласының түсінік-ой жүйесінің құрылымдық құрамалары: ақыл-ой, сезім, зейін-ерікті қамтыса онда оның санасында адам жаратылысының қай сипаты басым болса, оның өмірдегі ізденісі мен ұмтылысы да соны бейнелейді. Ал, оның барлық жиынтығын түрлі әрекетте дұрыс, орынды пайдалана білу – адамның рухани жандүниесінің толық және бүтін болуының негізі болмақ. Яғни, жас жастардың рухани жандүниесі мен дене бітімінің денсаулығын нығайту, рухани-адамгершілік пен құлқын ізгілендіруді дамыту мәселелеріне жаңа көзқарастардың қажеттігі туындауда. Сондықтан да ұрпақ тәрбиесіндегі түйінді шешімін табуға бағытталған күрделі психологикалық-педагогикалық мәселелердің бірі – жетілген, бітім болмысы берік - тұлға тәрбиелеу басты шарт болып отыр [9].

Қазіргі өмірдің талап-тілегіне орай жастарды тәрбиелеуде туған халқының тәлім-тәрбиелік бай мұрасын игеру жөніндегі бағыт-бағдары басшылыққа алу негізгі қағидалық ұстанымдар ретінде түсінуіміз қажет. Себебі, «Ұлт тәрбиесі баяғыда сыналып келе жатқан тастақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуы тиісті. Сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» - деп қазақ халқының рухани құндылықтарына жататын әдеп-ғұрып, салт-дәстүрлер мен ырым-тиымдар, қанатты сөздердің және т.б. тәлімдік бағыттағы мазмұндық сипаттарына ерекше мән беріп, пікір айтқан – ғалымдар баршылық [10].

Педагог-ғалым К.Қожахметова «Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі» атты құралында: «Қазіргі мектептің ұлттық тәрбие жүйесінің мақсаттары – біртұтас әлем туралы ғылыми негізделген көзқарас қалыптастыру, оқушылардың жалпы азаматтық құндылықтарға тарту, сол құндылықтарға сәйкес мінез-құлық қалыптастыру»- дей келе, мектептің ұлттық тәрбие жүйесіндегі ең негізгі орын алатынын, оның мазмұнының өзегі, түп қазығы ретінде: туған жер, Отан, отбасы, еңбек, ұлттық мәдениет, ана тілі, ұлттық өнер, ғылым, ұлт тарихы, дін, білім, бейбітшілік, біртұтас әлем, адам, азамат, ұлттық дәстүр, салт сияқты құндылықтарды алу керектігін айтады.

К.Қожахметова сонымен қатар «Мектеп қабырғасынан бастап, оқушылардың ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбиені ұлттық салт пен дәстүрге негіздеп, оларға ұлтжандылық, отансүйгіштік сезімдерін қалыптастыру», -керектігін айтты. Туысқандық қарым-қатынастардың әлеуметтік рөлдерімен тығыз байланыста екендігін түсіндіру барысында, қазақтың «үш жұрты» туралы ұғымға баса назар аудару қажеттілігін көрсетті. «...Қазақ зиялыларының ұлттық мектеп туралы ой-пікірлеріне берген талдаудан мынандай тұжырым туындайды: ұлт мектептерінің қайсы бірінде болмасын (қазақ, орыс, ұйғыр, т.б.) ана тілімен қатар сол халықтың рухы, оның өсіп-өну тарихы, географиясы мен экологиясы, әдет-ғұрпы, тұрмыс салты, елдік білім берілуі қажет», -деген болатын [11].

Әлемнің «Екінші ұстаз» атанған Әл-Фарабидің философиялық және педагогикалық ой-пікірлік тұжырымдарында жастардың азаматтық тұлға болмысында адами түсінікті жоғары ұстанатын дүниетаным басым болатындығын негіздейді. Оның жастардың бойынна азаматтық қасиеттерді сіңір жолы білім мен тәрбие туралы идеяларында «Тәрбие - халықты білімге негізделген ізгіліктік-этикалық өлшемдермен қамтамасыз ету тәсілі», - деп, жастардың бойында адамдық қасиеттерді қалыптастыру және оларға ғылым, өнер, кәсіптерді меңгерту қызметін атқару қажеттігіне мән берген. Әл-Фараби жастардың

бойында азаматтық бейнені беретін ұлттық тәлім-тәрбие мұраларының құндылықтарын баланың туғанна бастап сіңіру мен өмірдің өзгермелі жағдайынды тәрбиені - заман үйлесіміне орай оңтайлы және жетілдіре отырып беру, оң нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік беретінін айтады, сондай-ақ ол адамның жоғары жетістіктерге шығаруына және бақытты болуына кепілдік бере алады дейді. Ал азаматтың рухани болмысындағы адамгершілік пен ізгілік қасиеттері орта және тәрбие ықпалымен қалыптасады. Бұндай қасиеттердің қалыптасу мен дамуына кедергі жасайтын төрт түрлі нәрсе бар: Ол - тәртіпсіздік, қатігездік-адамгершілік түсініктің болмауы, құбылмалылық, адасу. Азамат болу және аталған кедергілерді жеңу үшін адам алдымен өзін-өзі танып-білуі тиіс, жеке басындағы кемістіктерін және жағымсыз қылық-әрекеттерін тәрбие арқылы ғана жөндей алады, жағымды қасиеттерді жетілдіреді, әдеттерді қалыптастыруға болатынын негіздейді. Тәрбиедегі өлшемді, тәжірибедегі көрсеткішті сақтауды басшылыққа алу қажеттігін ескертеді өйткені, «өлшемнен ауытқу - не артықшылық, не кемшілік»-өмірлік тәжірибе жағдайында нақты көрінісін беріп, адам өзінің немесе өзге бір адамның әрбір әрекетті талдауға мүмкіндік алатынын айтады [12].

Ұрпақ тәрбиесі бойынша ұлттық тәлім-тәрбиелік мұралар ғасырлар бойы түрлі сүзбелік електеп өтіп, құндылық мәні өмірлік тәжірибеде сүрленіп, халықтың өмір сүру салтында жастарды өмірге дайындау мен баулуда олардың азаматтық бітім болмысын қалыптастыру мен дамытуда ерекше мәнге ие болып келетіні анық. Бұл халықтық мұралардың ұрпақ тәрбиесіндегі орын алатын әрекеттер мен олардың ішкі мазмұнының өзара берік, біртұтас үйлесімдікте болғандығына дәлел бола алады.

Халықтық дәстүрлерде жеке адамның азаматтық қасиеттерінің дамуы рационалды және эмоционалды өмірдегі өзара байланысты өзгерістер үдерісі ретінде қарастырылады, оның өзімен және әлеуметтік ортамен үйлесімдік деңгейі арқылы сипатталады.

Азаматтық бейнені беретін адами-құндылық тәрбиенің мақсатын осылай өрнектеуге сәйкес адамның өз өміріне, өз құқығына әсерін және өз қабілеттері мен шығармашылық мүкіндігі мен әлеуетін ашуға жауапкершілігін, өзін-өзі дамыту мен пайдалана алуын таңдау еркіндігі және оған қоғамның әсері арасындағы қатынасты түсінуді қайта бағалау мүмкіндігі пайда болды. Қазіргі түсінік бойынша жастардың бойында азаматтық бітім болмысын қалыптастыру мен дамыту барысындағы тәрбие мақсаты жалпы әлемдік немесе жаһандық сана мен бүкілазаматтық мәдениеттің үлгі-өнегелік бөліктерін қалыптастыру мүмкіндігіне ие.

Қорытындылай келе, бүгінгі күні көптеген жалпы ғылымилық, әлеуметтік-философиялық, әлеуметтік-мәдени және адамгершіліктік құндылықтар сұранысқа орай даму үдерістердің тоғысуына сәйкес келіп отыр, өйткені қоғамдық өмірдің күрделі талаптарына сәйкес азаматтық тәрбиенің құндылық сипаттарын қайта анықтау өзекті мәселе ретінде қарастырылуда. Ал оның шарттары болып табылатын: ұлттық тәлімдік негізде тәрбиелік мазмұнда берілетін білімі құндылықтарды дамыту, яғни жеке тұлға бойында қайырымдылықты, әділдікті, ізгілік-адамгершілікті, Отанына - туған еліне, жеріне сүйіспеншілігі жоғары, жалпыадамзаттық құндылықтарды игеруге ынталы, өзін-өзі үнемі жетілдіріп, дамыуға ерік-жігері мен еркіндігін қалыптастыру педагогика ғылымының озық нұсқадағы ұстанымдық-қағидалары болып табылады. Бұл жастарға азаматтық тәрбие беру барысындағы басты мақсат-шығармашылықпен жұмыс жасай алатын, адами құндылықтар негізінде көзқарасы мен сенімдері берік қалыптасқан тұлғаны дамыту деген түсінік береді. Сондай-ақ, жастарға азаматтық тәрбие берудің, жалпы тәрбие беруде ұлттық педагогика материалдарды қолданудың ұтымды тәжірибелері жинақталғанына көз жеткізуге болады.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

3) *Концепция государственной политики в системе образования. Сборник законодательных документов по высшему образованию.* - Алматы, 1996. ч. I. - С.309- 324..

4) *Назарбаев Н.А. Қазақстан халқына жолдауы: Процветание, безопасность, улучшение благосостояния всех казахстанцев // Казахстанская правда, 11 октября, 1997, С.6.*

3. Аль-Фараби Абу Насыр Мухаммад. *Социально-этические трактаты.* - Алма-Ата: Ғылым, 1973. - 400 с. 4. Қазақстандағы педагогикалық ой-пікір антологиясы. /Құраст. К.Б.Жарықбаев, С.К.Калиев. - Алма-ата: Рауан, 1995. - 512 б.

5. Әбілова З. *Этнопедагогика.* -А., 1997ж. -48-56 бб.

5) Аль-Фараби Абу Насыр Мухаммад. *Социально-этические трактаты.* - Алма-Ата: Ғылым, 1973. - 400 с.

6) Құнанбаев А. *Шығармалары.*-Алматы, 1961.-210б. 8.Құдайбердиев. Ш. *Үш анық.*- Алматы: Қазақстан, 1991, 75 б.:

и Р.Дүйсенбинова. *Адамгершілік тәрбиесіне айқын бағыт.* -//Қазақстан мектебі. №7-1991.

10. Қ. Жарықбаев, С. Қалиев. Қазақ тәлім-тәрбиесі. - Алматы: Санат, 1995 ж. - 552 б.

11. Қожахметова К. Ж. Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі: теория және практика. - Алматы: РБК, 1997. - 141 б.

В А. Кобесов. Педагогические наследие аль-Фараби. - Алматы, 1989. - 75-96 б. б.

МРНТИ 14.15.07

Ж. А. Сейсенбаева¹

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, ф.э.к., қауымдастырылған профессор,
Алматы қ, Қазақстан

МӘҢГІЛІК ЕЛ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА БІЛІМ БЕРУ ӘДІСТЕРІ

«Мәңгілік ел» - ұлттық бағдарламасы - қазақстандық қоғамның өмірлік тұжырымдамалық негізі. Білім беру бағдары - бұл бағдарламаның ең негізгі бөлігі. Сондықтан педагогикалық күш-жігер шығармашылық және талантты адамның туысқандарын, достарын, өз халқын, туған жерін, өз елінің нағыз азаматын жақсы көретін адамды тәрбиелеуге бағытталған. Мақалада Мәңгілік ел құндылықтарын білім берудің қолданысындағы оқу жоспарларына енгізу міндеттері қарастырылады.

Түйін сөздер: ұлттық білім, ұлттық құндылықтар, ұлттық тәрбие, нарықтық экономика, оқу бағдарламасы, білім беру.

Ж. А. Сейсенбаева¹

В *Казахский национальный педагогический университет имени Абая, к.ф.н., ассоциированный профессор,*

г. Алматы, Казахстан

МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ В УСЛОВИЯХ РЕАЛИЗАЦИИ ОБЩЕНАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕИ «МӘҢГІЛІК ЕЛ»

Общенациональная программа «Мәңгілік Ел» - концептуальная основа жизнедеятельности казахстанского общества. Образование - его неотъемлемая часть этой программы. Именно поэтому педагогические усилия направлены на то, чтобы вырастить человека творческого и талантливого, любящего родных и близких, свой народ, свою Родину, настоящего гражданина своей страны. В статье рассматривается задачи внедрения ценностей Мәңгілік Ел в действующие учебные программы школьного образования.

Ключевые слова: национальное образование, национальные ценности, национальное образование, рыночная экономика, учебная программа, образование.

ZH.A. Seisenbayeva¹

¹*Kazakh National Pedagogical University named after Abai Ph.D. Associate Professor
Almaty, Kazakhstan*

METHODS OF TRAINING IN THE CONDITIONS OF IMPLEMENTATION OF THE NATIONAL IDEA "MANGILIK EL"

Abstract

The national program "Mangilik El" is a conceptual basis for the life of Kazakhstan's society. Education is an integral part of this program. That is why the pedagogical efforts are aimed at raising a person who is creative and talented, who loves relatives and friends, his people, his homeland, a real citizen of his country. The article deals with the tasks of introducing the values of Mangilik Yel into the existing curricula of school education.

Keywords: national education, national values, national education, market economy, curriculum, education.

Елбасымыздың Қазақстан халқына арналған қандай жолдауы болмасын білім мен ғылым мәселесінен аттап кеткен емес. Мемлекет басшысы заман ағымын толығымен пайымдай келе келешектің кілті кемел білім мен сол білімді кемелдендіретін ұлы күш ғылым екендігіне, ғылымды қажетсінетін экономиканы жүзеге асыру бағытында өскелең елдің айбынды болашағын қамтамасыз ету үшін ең әуелі білім сапасын арттыру қажеттігін баса айтады. Білім кілті көп есікті ашатындығы, көкसेп, болашақта мақсат тұтып келе жатқан «Мәңгілік ел» атануымызға да зор ықпалын тигізетіні белгілі. Яғни, «Мәңгілік Ел» атануымыз үшін ең дамыған 30 мемлекеттің қатарында көрініп, ел экономикасын өркендету, бәсекеге қабілетті болу, индустриялық-инновациялық дамыту бағдарламасынан ғылымға негізделген экономикалық стратегияға бірте-бірте ауыса отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау білікті де білімді жастар еншісінде екені белгілі. Сондықтан да, еліміздің білім саясатында ғылыми-техникалық әлеуетіне жұмылдыру, ғылымның басым бағыттарын дамыту жолындағы ресурстарды шоғырландыру, оның жетістіктерін өндіріске енгіздірту инновациялық дамудың негізгі көзін, болашақтағы даму бағытын айқындайтын маңызды факторлардың бірі білім саясатының дұрыс әрі нәтижелі жүргізілуі өте маңызды. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Қазақстан халқына арналған жолдауында «Біздің жас мемлекетіміз өсіп-жетіліп, кемелденеді, біздің балаларымыз бен немерелеріміз онымен бірге ер жетеді. Олар өз ұрпағының жауапты да жігерлі, білім өрісі биік, денсаулықтары мықты өкілдері болады. Олар бабаларының игі дәстүрлерін сақтай отырып, қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр. Олар қазақ, орыс, ағылшын тілдерін еркін меңгереді, олар бейбіт, жылдам өркендеу үстіндегі күллі әлемге әйгілі, әрі сыйлы, өз елінің патриоттары болады» [1], - деп көрсетілгендей, ертеңгі келер күннің бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын күш – ұлттық білім мен ғылымда екендігін көреміз. Ұлттық білім мен ғылым дамымай біз алысқа бара алмайтындығымыз, жаңа технологиялардың, инновациялық әдістерді меңгермейінше алға ілгерлемейтінімізді түсінуіміз керек [2.125 б.].

Тәрбие өзегі балабақшадан басталады демекші Елбасымыз: «Қазіргі заман талабына сай, жан-жақты жетілген, бойында ұлттық сана мен ұлттық психология қалыптасқан, имандылық әдебі, парасаты бар ұрпақ тәрбиелеп өсіру, білім беру бүгінгі отбасының, балабақшаның, барша елдің, халықтың міндеті» [3.], Вдеп нық айтқан болатын. Сондықтанда, жас буынды тәрбиелеу жұмысының негізі отбасында қаланып, жалғасын балабақшадан табуы тиіс. Балдырғандарға берілетін білім мен тәрбиенің оңтайлы болуы олардың болашағының іргетасының берік болуына тікелей байланысты. Сондықтанда, тәрбиенің өзегі ұлттық педагогика, ұлттық құндылықтар, жалпы адамзаттық қасиеттерге бағыштайтын қасиеттермен қанығып өсуі бірінші кезекте қаралады. «Ұлттық тәрбие арқылы баланың жеке басын үйлесімді дамытып, мүдделерін қанағаттандыру мен қабілеттерін, қоғамдық-әлеуметтік, табиғи ортада өмір сүруі мен жемісті әрекеттенуіне мүмкіндік беретін жеке тұлғаның әлеуметтік-рухани қасиеттерінің қалыптасуына зор ықпалымызды тигіземіз. Мұндай жетістіктерге қол жеткізу үшін:

Тәрбиешілер мен жас мамандар педагогикалық кеңестер мен ұлттық құндылықтарға, қанық болып, семинар, тренингтерден дәріс ала отырып, халық педагогикасымен, психология, философиядан хабардар болуы өте маңызды, себебі бүлдіршіндерді осы салалардың негізінде тәлім берудің маңызы зор.

Екіншіден, баланың ой-өрісіне әсер ету үшін балабақшаның қабырғаларында әдемі әсемделген суреттермен қоса, қазақтың ұлттығын дәріптейтін образдар, ертегі кейіпкерлері сияқты (қазақтың ою-өрнектері, ұлттық киімдері, аспаптар, қыздардың, апа-аталардың, әкелердің киім үлгілері, замануи бағытта көркемделген) суреттер міндетті түрде болуы тиіс.

Тәрбие желісі ретімен, жас ерекшелігіне қарай кезең-кезеңімен жүріп отырғаны дұрыс. Мысалы, кіші топтағы балаларды ойын арқылы, қызықтыра отырып санасына әсер ету. Логикалық ойды қозғаушы Лего сынды конструкторлар, конструктордың да пішіндері, көлемдері әр түрлі болғандықтан бала оларды құрастыру арқылы қиялындағы бейне, заттарды сала алады, ал түрлі-түсті суреттерден құралған ұлттық аспаптар, мүсіндер, тағамдар, ертегі кейіпкерлері салынған әдемі суреттерді (пазлы) құрастыртып үйрету арқылы, балалардың логикалық ойымен қатар түсті ажырата алатын, әр заттың атауын, сипатын есіне сақтай алатын дәрежеге алып келеміз. Суретпен байланысты үлкен плакаттарға немесе интерактивті тақта болған жағдайда электронды түрде қазақтың ұлттық киімдерін басқа да қызықты аспаптардың, ою-өрнектерді, әдемі табиғатты, әсем фонды суреттермен таныстыра отырып, бейнелеп беруіміз керек. Өйткені кіші топтағы балалар қоршаған әлемін, өзінің кім екенін енді-енді түсінетін жаста, оларға барлық зат, құбылыс тансық, ал біз оларға осы сәттен жан-жақты ашып суреттеп түсіндіре білгеніміз абзал» [4. 14 б.].

Орта топқа келгенде, балаларға ұлттық ойындармен қоса қазақтың ертегілер жиынтығынан құралған мультфильмдер көрсетіп, артынан сол ертегінің маңызын, кімнің дұрыс, бұрыстығын, жаман қасиеттерге

үйір болмау үшін ертегі кейіпкерінің кімдікі дұрыс, егер оның орнында мен болсам...? деген сияқты миға шабуыл болатын сұрақтармен баламен қарым қатынас орнатып олардың ойлау қабілетін, сөздік қорын ұлғайта түсеміз. Ал, есте сақтау қабілетін жақсарту үшін, жеңіл бірақ мағыналы қазақтың әдемі өлеңдері мен тақпақтарын жататтыру арқылы, жұмбақ жасыру, қазақтың әуезді әндерін хормен, жекелей орындатып есте сақтауын және әннің маңызына мән беруге жаттықтыру арқылы үйретеміз. Орта топтағы балалар әңгіме тыңдап, түсінетін жаста, дегенмен оларға қарапайым, баланың қабылдауына жеңіл тілмен Қазақстанның жерінің қандай бай екендігін, қорықтар мен саябақтар, тарихи, киелі орындар, қызыл кітап жайлы, қызыл кітапқа енген аң, құстарды қастерлеу керек екендігі жайлы тәрбиешілер қызықты әңгімелеп, түсіндіре жеткізе отырып қоғамды тануына, қоршаған әлемді қадірлеуге тәрбиелейді. Әңгімеден алған әсерін балалар қайта тәрбиешіге, ата-аналарына сипаттап, бейнелеп айта алған жағдайда олардың қоршаған орта жайлы көзқарасы оң жағына өзгеріп, туған жердің құндылығын түсіне бастағандығын білдіреді. Жоғары топқа келгенде (мектепалды) мектеп алды даярлық жүреді. Мектеп алды даярлық болғаннан кейін білім беру процесі күрделене түспек. Білім беру процесі халық педагогикасы негізінде жүргізіліп, өзге пәндер қатар бірге үйлеседі. Жоғары топқа келген балаға ең алдымен ең алдымен өз ана тілінде қазақтың би-шешендерінің өлеңдерінен, нақыл сөздерінен, тапқырлығынан мысал алып, мағынасы мол, терең ойлы сөздерінен жаттатырып, сөзжұмбақ, жаңылпаз шештірту арқылы ойын кеңейтеміз. Және де, ұлттық аспаптардың мәнін түсіндіре отырып, оларда ойнауды үйретіп, әуезді ән-күй арқылы баланың есту қабілетін дамытып, қиялына әсер етеміз. Ал, естіген, білген, көрген, теориялық білімін, тәжірибеде шыңдату арқылы да көп жетістікке жете аламыз. Айтарлық тәрбиеші, ата-ана тарапынан әңгімеленген ертегі-аңыздардың немесе мағынасы мол мультфильмдердің кейіпкерлерін сомдату негізінде, рөлдік образдарға кіріктіріп баланың актерлік шеберлігіне ерік беріп, көпшілік ортада өзін еркін ұстауына, жастайынан емін-еркін сөйлеуіне қорқыныш ұғымын жеңуіне әсер ете аламыз. Соның ішінде, батырлықтың, ерліктің образдары Алпамыс, Ер Төстік, Ер Тарғын, Қобыланды т.б., қыздарға Қаракөз сұлу, Хан қызы т.б. рөлінде сезініп, бойларында рухани күш пайда болып бір уақыт ер жүрек батыр сезініп, елінің жерінің болашақ қорғаушы азаматы екенін түсіне бастайды. Сонымен қатар «Тіл болашағы – балабақшадан», «Тіл дамытудың ғажайып әлемі», «Неткен, ғажап ертегілер», «Мен елімді жырлаймын» Менің Отаным-Қазақстан», «Қайрымдылық негізі» т.б. сияқты тақырыпта шаралар өткізіп, жоғары топ балаларына мектеппен байланысты шараларға ат салысуға мүмкіндік ашу керек. Мектеппен байланыс орнатып, «Әліппемен қоштасу», «Соңғы қоңырау», «Алтын күз» т.б. қоғамдық іс-шараларға қатыстыру арқылы байланыс орнатылғаны дұрыс. Әліппиді үйрене басатағанда да, әріптердің сызбаларын сызып, суреттерге қарап әңгіме айтып, жазуды үйренеді, жазумен бірге есепті яғни математика бағытмен таныса бастайды.

Бастауыш мектеп буынында Патриоттық тәрбие негізі қаланады. Ұлттық тәрбиемен таныс, рухани құндылығы даму үстінде жүрген балалар бастауыш сыныпқа қадам басқанда жеке тұлға ретінде адамгершілік қасиеттерді, қоршаған ортаға деген эмоционалды-құндылық қатынастарды, оқу процесіне оң мотивацияның қалыптасуын және таным әрекетіндегі жеке қабілеттері мен шеберліктерінің дамуын, сондай-ақ, патриот азамат ретінде қалыптасуға көшеді. Жеке тұлғаның бойына мұндай қасиеттерді қалыптастыруға ата-аналар мен мұғалімдердің еңбегі талап етіледі.

Бала өз отбасының тарихи құндылықтарын, салт-дәстүрімен таныс болып, құрметтей білуі қажет. Сынып сағаттарында «Біздің отбасы тарихы», «Менің отбасымдағы суреттер мен естеліктер», «Отбасымдағы ұмытылмас күндер», «Атамның альбомы», т.б. сынды суреттермен жұмыс жасау арқылы, отбасы жайлы әңгімелеп, мақтаныш тұтатын, қуанған кездерің баяндап, балалар ой бөлісе отырып отбасы тарихын тереңірек түсінеді. Аналар мейрамында, балалар анасын не үшін сыйлайтынын? Ананың бала өмірінде қаншалықты маңызды екендігін? Ананы құрметтеу керек екендігі т.б. сұрақтарға жауап беру арқылы, анасымен мақтанатын әңгімелерімен бөлісіп, әдемі кеш ұйымдастырып, мұғалімдер ата-аналармен бірге «Отбасы ағашы», «Менің отбасымның елтаңбасы», «Жеті ата жалғастығы», «Соғыс жалдырандағы менің отбасым» т.б. сияқты шараларға ата, әжелерді де шақырып, бірге әңгіме тыңдап, рухани болмысты дамытуға ықпал етеді. Нәтижесінде отбасына деген мақтаныш, құрмет пайда болып, ата-аналардың да гениологиялық түп тамырына деген сыйластық, жанұяның өмірбаяны мен фактілерді бірге талқылауға мүмкіндік болады.

• *Бастауыш сыныптың* түлегі өз-өзіне жауап бере алатын процесске ақырындап келуі тиіс. Мұғалімдер мен ата-аналар тарапы осы міндетке көмектесуі шарт. Өйткені, үшінші, төртінші сыныпқа келген балалар жеңіл тапсырмадан күрделірек тапсырмаға ауысады. Мысалы, отанды құрметтеуге міндетті екендігін, Отанның жалғыз екендігін, елтаңба, тудың маңызын, не үшін керек екендігін түсініп, өз ойымен жеткізе алатын жағдайға бірте-бірте көшеді. Өз бетімен ізденіп, шығармашылық шабытын

қосып, көрші отырған немес ауылдас соғыс ардагерлеріне қол ұшын беріп, көмектесу керектігін жетік түсіне бастайды. Ұстаздар тарапы балалардан жиі тест түрінде немесе қысқаша билет ретінде сауалнама ала отырып мысалы, сондай тапсырманың бірі «Отан отбасынан басталады себебі...» берілген сөйлемдерді өз ойымен аяқтау арқылы, «Отан дегенде көз алдыма... сеземін...» көп нүктенің орнына қандай сөздер қояр едіңіз деген, «Егер сіздің қолыңызда барлық билік болса, Отанға қандай жақсылық жасар едіңіз?» деген сұрақтарға жауап беру арқылы баланың өй – өрісін дамытумен патриоттық сезімін оятуына тікелей ықпал етеді.

• *Патриоттық тәрбиені қалыптастырудың* келесі жолы маңызды, атаулы мейрамдарды тойлату. Мысалы, «Тәуелсіздік күні», «Отан қорғаушылар күні», «Аналар күні», «Рахмет күні» т.б. Сол мейрамның не себепті тойланатындығы, маңызын, мәнін түсіне отырып ат салысқан баладан оң әсер алуға болады.

• *Қайырымды науқандарға ат салысу.* «Жүректен - жүрекке», «Батырларымызды бағалайық» соғыс ардагерлерінің үйіне барып, көңілдерін көтеріп, қоғамдық іс-шараларға ат салысып, соғыста қаза болған отбасыларға, соғыста қаза болған ұлдары үшін қайғырған аналарға қол ұшын беріп, ауласын тазартып, басқа да шаруашылық жұмыстарын өндіріп, жас баланың жүрегіне мейірім, сыпайылық, қайырымдылық ұялата түсеміз.

«Негізгі мектепте басқа ұлттар мәдениетімен танысу, адамзат дүниесіндегі озық тәрбие және діни сауаттылық, діни тәрбие негіздерін қалыптастыру бағыттарын қолға алуымыз қажет. Баланың балабақшадан, бастауыш мектеппен жалғасқан рухани құндылықтары, қоршаған әлем жайлы түсініктері, адамгершілік, сыпайлық, мейірімділік қасиеттері негізгі орта мектепке келгенде өзге ұлттар мәдениетімен танысу, көпұлтты жандарды құрметтеп, сыйлау керек екендігін ұғына бастайтын жасқа келеді. Негізгі орта мектеп балаларына тәлім-тәрбие мен білім беруде кең байтақ қазақ жерінің, Қазақстандағы ұлттар достастығы, толеранттылық ұымы, Тәуелсіз Қазақстан келешегі жастар екендігі, Отанға қызмет ету ұғымы, экологиялық тәрбие мен еңбек тәрбиесін, ең бастысы адами қарым – қатынасты үйренетін кезге келеді. Себебі, осы жастағы балалар оң солын тануға, ақ пен қараны ажырата алуға қабілетті кезеңге көшіп жатады» [5. 2 б.].

Жоғарғы сынып сатысында өз ана тілі негізінде әлемдік мәдениет құндылықтарын, шетелдер тілін меңгеру арқылы интеллектуалды жастар қалыптастырамыз жолдарын негізге алуымыз қажет. Жоғары сынып сатысы негізгі орта мектеппен салыстырғанда күрделі, кәсіби даярлық алды, маңызды баспалдақ. Жалпы адамзаттық, ұлттық құндылықтар негізінде, ғылым мен білімді ұштастыратын, кәсіби шыңдалуға негізделген буын өкілдері қалыптасатын мектептің түлектері. Бүгінде тауар өндіруші елдер қатарына қосылу, бәсекелестікке қабілетті елдер қатарында болу үшін білім мен ғылымның соңғы жетістіктермен қаруланған, ғылымның соңғы жетістіктерін өндіріске ендіруге бейім, жаңа бағытта дамып келе жатқан әдістер мен инновациялық жобалар, заманауи технологияларды меңгерген тұлға қалыптастыру міндеті тұр. Бұл міндетті орындаудағы мәселелердің бірі білімге енгізіліп жақтан өзгерістің бірі «Үш тілділікті» айтуға болады. Үш тілді білу заман талабынан туындап отырған мәселе. Ертеңгі күннің еншісін ұстар жастарымыз үш тілді білуі тиіс. Бұл жөнінде көптген теріс пікірлерде қалыптасып жатқандығы да бар. Бірақ бүгінгі өскелең ұрпақ үш тілдің тұғыры бірдей емес екендігін, Қазақстандағы бір ғана тұғырлы тілі мемлекеттік тіл –қазақ тілі, ұлтаралық қатынас тілі –орыс тілі, ал ағылшын тілі – қазақ жерінің жаңа әлемге ашар есігі, жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі болып саналатындығын түсіне білулері тиіс. Ағылшын және орыс тілі қазақ тілінің ығында ғана өмір сүретіндігін, ағылшын тілін үйренгеннен біз мәңгірттенбейтіндігімізді, ол - әлемдік бизнес тілі екендігін түсіне білуіміз керек. Қазіргі кезде күллі әлемге есігін айқара ашып, “ақылды” экономиканы енгізіп жатқан елдер қарыштап дамуда. Ал бұл бағыттағы толайым табыстарға, ілім-білімге алып барар жол – ғаламшардағы үстемдік құрған тілдерді үйрену.

Ғылыми мақаламызды тұжырымдай келе, «Мәңгілік ел» идеясы – елімізді өз мақсатына талай дәуір сынынан сүріндірмей жеткізетін, еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі, болашағымызға бағдар бола алатын, ұлтымызды ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін тұғырлы идея екендігін айтқымыз келеді. Ұлттық идеямыз барша Қазақ еліне оң ықпалын тигізіп, жарқын болашақ сыйлап, дамыған өркениетті елдер қатырынан кем қалмай алға ұмтылуымызға нағыз септігін тигізер бастама болмақ. Мәңгілікке қол жеткізу мақсатында бар жұмыс желісінде жазып өткендей, негізгі мәселе білім мен ғылымға келіп тіреледі. Білім мен ғылымды дамытпай, жастардың санасын, рухани құндылығын, қадір-қасиетін өсірмей дамуымыз екі талай. Білім сапасы ең өзекті мәселе болғандықтан жас буынға балабақшадан бастап, жоғары мектепке дейін үздіксіз, кезең-кезеңмен ұлттық корпусын дамытып, өмір бойы оқуға дағдылануы тиіс. Өйткені, заманның ағымына қарай, техника күннен-күнге қарыштап даму үстінде, жаңа

технологиялар мен инновациялық әдістер, жаңалықтардан кеш қалмай, ұдайы жетіліп отыру үшін, өмір бойы оқыға мәжбүрміз. Бүгінгі ұрпақ білімнің барлық уақытта да жоғары құндылықтарға ие болғандығын естен шығармауы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

18 «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар.

19 Сейсенбаева Ж.А. Ұлттық тәрбиенің ғылыми негізі. Оқу құралы. Алматы 2011. – 158 б.

3.«Елбасының Жастарға арнап айтқан өнегелі 1000 сөзі»<http://el.kz/m/articles/view>

4.Отан тарихындағы интеллектуалды ұлттың қалыптасуы: Оқу құралы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2013. - 198 б.

5.Сейсенбаева Ж.А. «Ұлттық тәрбиенің ұлт тарихын оқытудағы кейбір мәселелері». // /Профессионал Казахстана. – №4(83) 2010. - 4 б.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ПРОБЛЕМЫ ДОШКОЛЬНОГО И НАЧАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

МРНТИ 14.23.07

А.Е. Манкеш¹, Э.А. Алимбетова²

¹² *п.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры*

^В *Абай атындағы ҚазҰПУ 2 курс магистранты
Алматы қ., Қазақстан*

ОРТАҢҒЫ ТОП БАЛАЛАРЫНА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЕҢБЕК ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Аңдатпа

Бүгінде бүкіл дүние жүзі халықтарының алдында тұрған ортақ міндет – айнала қоршаған табиғи ортаға қамқорлық жасау, оның бойындағы бар байлықты адам иілігі үшін мейлінше ұтымды пайдалану, қорғау және көркейту мәселесін ойдағыдай шешу. Бұл абыройлы міндетті бұлжытпай алға алып барушылар – еңбектің қадірін, еңбек өнімділігін арттырудағы табиғат байлығының рөлін толығынан түсіне білетін жастар. Сондықтан халқымыздың, әсіресе жастардың экологияға деген көзқарасын өзгерту шешуші фактор болып табылады. Бұл орайда педагогикалық мәселелер алғы шептен орын алады, өйткені өсіп келе жатқан жас ұрпақ отбасында, мектепке дейінгі ұйымдарда, мектеп қабырғасында жүріп табиғат, оның адамзат үшін пайдасы туралы, айналадағы табиғи ортаны көздің қарашығындай сақтау және онымен дұрыс қарым-қатынас жасау туралы мақсатты түрде ең алғаш рет ғылыми мағлұмат алады.

Бұл мақалада «экологиялық білім», «еңбек» және «іс-әрекет» ұғымдары нақтыланады. Ортаңғы топ балаларының күнделікті табиғат аясындағы серуен кезінде және табиғат бұрышындағы өсімдіктер мен жануарларға күтім көрсету барысындағы еңбек іс-әрекетінің рөлі және оның балаларға экологиялық білім берудегі мүмкіндіктері жайлы қарастырылады.

Түйін сөздер: экология, экологиялық білім, еңбек, іс-әрекет, білім.

¹ *А.Е. Манкеш, ²*

¹ *д.п.н., профессор ҚазНПУ имени Абая*

Э.А. Алимбетова²

² *Магистрант 2 курса ҚазНПУ имени
Абая, г. Алматы, Қазақстан*

ОСОБЕННОСТИ ТРУДОВОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПРИ ЭКОЛОГИЧЕСКОМ ОБРАЗОВАНИИ ДЕТЕЙ СРЕДНЕЙ ГРУППЫ

Аннотация

На сегодняшний день главная задача человечества - забота об окружающей среде, рациональное использование природных ресурсов для благосостояния людей, успешные решения по сохранению и улучшению природы. Эта ответственная задача возложена на молодых людей, которые полностью осознают ценность труда, роль природных богатств в повышении производительности труда. Поэтому решающим фактором является изменение отношения нашего народа, особенно молодежи к экологии. В этой связи лидируют педагогические задачи, так как растущее молодое поколение впервые целенаправленно получает научную информацию о природе и ее преимуществах для человечества, о сохранности окружающей среды и правильного отношения к ней, находясь в семье, дошкольной организации и школе.

- данной статье уточняются понятия «экологическое образование», «труд» и «деятельность». Рассматривается роль и особенности трудовой деятельности на формирование экологического образования у детей средней группы в уходе за растениями и животными природного уголка, а также во время ежедневной прогулки на природе.

Ключевые слова: экология, экологическое образование, труд, деятельность, знание

A.Y. Mankesh¹,
¹d.p.s., professor of Abai KazNPU,
Almaty, Kazakhstan

E.A. Alimbetova²
²Masters of 2 year. KazNPU named after Abai,
Almaty, Kazakhstan

PECULIARITIES OF WORK (DAILY CHORES) IN ECOLOGICAL EDUCATION OF PRESCHOOL CHILDREN

Abstract

Nowadays, the main task of people all over the world is to take care of the environment, rational use of natural resources for human well-being, successful solutions for the conservation and improvement of nature. This responsible task is assigned to young people who are fully aware of the value of work, the role of natural resources in increasing productivity. Therefore, the decisive factor is the change in the attitude of our people, especially young people towards ecology. In this regard, pedagogical tasks are in the lead, as the growing young generation for the first time forms scientific knowledge about nature and its benefits for humanity, the preservation of the environment and the right attitude to it, while being in a family, preschool and school.

This article clarifies the concepts “ecological education”, “work”, and “activity”. The role and peculiarities of work (daily chores) on the formation of ecological education of preschool children in the care of plants and animals of the natural corner, as well as during the daily walk in the nature are considered.

Key words: ecology, ecological education, work, activity, knowledge.

«Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 4 бабында «Қазақстан Республикасы орнықты дамуының экологиялық негіздері: қазіргі және болашақ ұрпақтардың сұранысын әділ қанағаттандыру» делінсе, осы кодекстің 7 бабында «Қоршаған ортаны қорғау - шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға теріс әсерін болғызбауға және оның зардаптарын жоюға бағытталған мемлекеттік және қоғамдық шаралар жүйесі; экологиялық білім беру - жеке адамның қоршаған ортаның жай-күйі үшін экологиялық жауапкершілігін қамтамасыз ететін білім мен дағды жүйесін, құндылық бағдарларын, адамгершілік-эстетикалық көзқарасын қалыптастыруға бағытталған, жеке адамды тәрбиелеудің, оқытудың, оның өз бетінше білім алуының және дамуының үздіксіз процесі» деп көрсетілген [1].

Ата заңымыздың басты талаптарының бірі де – табиғат қорғауды күшейтіп, табиғи қорларды тиімді пайдалануды жолға қою болып табылады. Осыны негізге алған республикамыздың экологиялық білім жүйесі мен табиғат қорғау қоғамдары, ұйымдары өндірісті ұйымдастыру ісінде экологиялық талаптарын орындауды, білім беру жүйесінде жас ұрпақты табиғатты қорғауға тәрбиелеуге баса назар аударып келеді.

Ғалым Н.А. Воронков «Экологиялық дайындық ең болмағанда екі бағытта жүру керектігін мойындаған. Біріншісі арнайы интегралды курстар, екіншісі барлық ғылыми, сонымен қатар өндірістік және педагогикалық қызметтерді экологияландыру болып табылады. Экологиялық біліммен бірге табиғатқа ұқыпты қараумен, мәдени мұра және әлеуметтік ырыспен байланысты экологиялық тәрбиеге де айтарлықтай назар аударылуы қажет» деген [2,18].

Ал табиғаттың әдемі келбетін сезініп, қамқорлықпен қарау сияқты жұмыс түрлерін мектепке дейінгі тәрбиеден бастап жүргізілгенде өз нәтижесін берері сөзсіз. Табиғатты қорғау адам өмірінің қажеттілігі үшін ғана емес, жеріміздегі тіршіліктің жалғаса беруі үшін де қажет екенін түсіндіру шарт. Бала тәрбиесімен, оған жүйелі білім беру мәселесімен шұғылданған қандай да ғалымдар болмасын табиғатты назарынан тыс қалдырған емес. Себебі дүниеде, айнала қоршаған ортада адам танып білетін, зерттейтін, оны күтіп баптап, қорғайтын жұмбақ сыры мол әлем – тек табиғат. Қазіргі кезде мектепке дейінгі ұйымдардан бастап, өз іс-әрекетінің саналы болуына, экологиялық білім мазмұны арқылы экологиялық танымның оңтайлы болуына қолайлы жағдай туғызылуы көзделеді. Мұнымен бірге ол табиғатты қорғауға көмек берерлік халықтың тарихындағы игі дәстүрлерді жаңғыртуға, оны күнделікті өмірде тәжірибеге қолдана алуға мектепке дейінгі ұйымның қабырғасында дағдыландыру мәселелеріне назар аударған жөн. Мектепке дейінгі ұйымдардың жоспарында табиғатты аялап, оны қамқорлыққа алып, күту жеке дара анықталып көрсетілуі тиіс. Бұл орайда А.Е. Манкеш «Балабақшада экологиялық тәрбие беру – баланың қоршаған ортаға ұқыпты қарауы мен табиғат байлықтарын тиімді пайдалануға деген іс-әрекеті арқылы олармен қарым-қатынасын қалыптастыру» деп тұжырымдаған [3,26].

И.Д.Зверев «Экологиялық білім мен тәрбие берудің мақсаты оқушылардың қоршаған ортаға жауапкершілік қарым-қатынасын қамтамасыз ететін сенім, көзқарас, ғылыми білімдер жүйесін қалыптастыру болып табылады», - дей келе, «Оқу, қоғамдық еңбек қызметінің барлық түрлеріндегі оқушылардың қоршаған табиғи ортаға жауапкершілік қатынасын қалыптастыруға мақсатты бағытталған процесс экологиялық білім мен тәрбие берудің мәнін құрайды, оның мақсатын анықтайды және тереңдете түседі», - деп экологиялық білім беруде еңбектің маңызын атап өтеді [4,3].

Ә.А. Тұрдықұлов «Оқушыларға экологиялық білім мен тәрбие беруді табиғат ресурстарын қалпына келтіріп отыру және тиімді пайдалану, табиғатты қорғау бағытындағы белсенді өмірлік позициялар және табиғатты қорғауда ғылыми негіздегі білім, соған сәйкес сенімді сарамандық дағдылар қалыптастыруға бағытталған психологиялық-педагогикалық процесс екенін деп түсінуіміз керек», - деген ғылыми тұжырым жасайды [5,12].

Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық білім берудегі еңбек іс-әрекетінің мүмкіндіктерін анықтау «іс-әрекет», «еңбек-іс-әрекеті» ұғымын нақтылауды міндеттейді.

Осы тұрғыдан алғанда Қ. Жарықбаев адам іс-әрекеттің белгілі бір түрімен айналысу арқылы ғана сыртқы ортамен белсенді түрде байланыс жасайды, ал «әрекет дегеніміз – түрлі қажеттіліктерді өтеуге байланысты белгілі мақсатқа жетуге бағытталған үдеріс» деген болатын. Біздің ойымызша, бала өзінің қажеттерін өтеу үшін еңбек үстінде бар мүмкіндігін пайдаланады, әрекет етуге талпынады [6,18].

XVIII ғасыр ағартушылары Ж. Руссо, Г. Песталоцци білім беру мен еңбек тәрбиесін ұштастыру мәселесін көтерді. Яғни, ол, екі бөлек қарастыруға келмейтін, бірін бірі толықтырып тұрған, үдеріс-деп пайымдайды.

Түрікмен жазушысы Мақтымқұлы: «Білім – еңбекпен келетін дүние, өнермен өрнектелген халық даналығы да сол еңбектің нәтижесі», - деп білімнің негізі еңбекте екендігіне ерекше мән береді [7, 155].

Ғалымдардың тұжырымдамаларынан, еңбек арқылы баланың қоршаған орта туралы білімі қалыптасып, санасының дамуында үлкен роль атқаратынын байқадық. Еңбек балаларды ұйымшылдыққа, жігерлі іске, көркемдік шығармашылыққа, іскерлікке баулиды. Ал мектепке дейінгі ұйымдағы еңбекке тәрбиелеу мен білім берудегі мақсат баланың толық, жан-жақты білім алуына ықпал жасайды. Мектеп жасына дейінгі балаларды еңбекке тәрбиелеудің басты міндеті – келешек ұрпақты еңбек сүйгіштікке, еңбекті құрметтеуге, еңбек мәдениетіне үйретуге тәрбиелеу және жинаған білімдерін еңбек арқылы бекіту.

Еңбек процесінде тапсырылған жұмыстың қажеттілігін, мәнділігін түсіну баланың еңбекке қызығушылығын дамытып, еңбегінің нәтижесінен рухани нәр алу, қанағаттану, жауапкершілік сезімін тудырады. Мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық ерекшеліктерін ескеріп, олардың еңбекке деген қоғамдық мотивін қалыптастыру әрбір педагогтің міндеті.

Білуге талпыну, әдемілікке қызығу, балалардың кішкентай кездерінде ерекше байқалатындығы тәжірибеде дәлелденген. Ғалымдардың айтуына қарағанда, қызығудың нәтижесінде мектеп жасына дейінгі кезде жәндіктерге әуес болған бала, мектеп қабырғасында биология, экология сияқты пәндерге ықылас қойып, мектеп бітіргеннен кейін де сол саланы таңдауы мүмкін. Мамандықты өзі қызығып таңдаған бала ғана нәтижелі еңбек етіп, өз қабілеттерін жақсы көрсете алады. Демек, баланың қызыға білуінің де маңызы зор, қызығуы «тұрақты» қасиетке айналған бала ғана іс-әрекеттен жақсы нәтиже шығара алады. Қызығуы тұрақтанбаған адам қызметтің қай саласында болмасын пәрменді еңбек ете алмайды. Қызығу пәрменді, белсенді болуы үшін бала тікелей әрекетпен айналысуы керек. Қызығу қажеттіліктен туындайды, ал қажеттілік дегеніміз - өмір сүрудің, тіршілік етудің арқауы болмақ.

Мектепке дейінгі ұйымдардағы ұйымдастырылатын табиғаттағы еңбектің түрлері балаларға қуаныш сезімін сыйлап қана қоймай, олардың жан-жақты дамуына әсерін тигізеді. Еңбек барысында балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін оятып, оны аялай білуге тәрбиелеу маңызды. Балалардың еңбек іс-әрекетіне қызығушылығы артып, оған саналы жауапкершілік сезімі дамиды. Ұжымда балалар ақылдасып еңбек етуге үйренеді, бір-біріне көмектеседі. Еңбек үстінде балалар белсенділік, тапқырлық, қайсарлық, нәтижеге жетуге ынталылық көрсетеді, олардың бойында шама-шарқына қарай ересектерге қолқабыс тигізу ниеті қалыптасады.

Еңбек түрлерінің ішінен табиғат бұрышындағы және табиғаттағы еңбек түрлерінің маңызы зор екенін атап өткіміз келеді. Осылайша біз, «Типтік бағдарлама» бойынша ортаңғы топ балаларына аталған еңбек түрлері арқылы экологиялық білім берудің жіктелмесін №1-кестеде ұсынамыз.

№1-кесте. Ортаңғы топ балаларына еңбек іс-әрекеті арқылы экологиялық білім берудің жіктемесі

№	Еңбек дағдылары арқылы	Экологиялық білім қалыптасады
<i>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер</i>		
1	-жолды қардан тазалауға, -жиналған қарды ағаштың түбіне жинауға үйрету;	-жыл мезгілдеріндегі табиғатты бақылау дағдыларын қалыптастыру;
<i>Өсімдіктер әлемі</i>		
2	-өсімдіктерінің түрлеріне байланысты күтім жасау, -жарықта не көлеңкеде өсіру, -жапырақтардың шаңын сүрту;	-бөлме өсімдіктерінің бірнеше түрін тану, атай білу дағдыларын бекіту;
3	-бөлме өсімдіктерін суару; -мектепке дейінгі ұйымдардың ауласындағы өсімдіктерді суару;	-өсімдіктер әлеміне қамқорлық жасау туралы; -көктем мезгілінде өсімдіктердің тіршілігі туралы білімдерін дамыту;
4	-күзде алаңды қураған бұталардан, жапырақтардан тазартуға үйрету;	-ағаштар мен бұталарды танып, атай білу; -ағаштар мен гүлдердің бөліктерін атай білу дағдыларын бекіту;
5	-гүлзарлар мен бақшада: -жүйек жасау, -тұқым себу, -көшет отырғызу, -оны суару, -түбін қопсыту, -егінді жинау, -және т.б. еңбек түрлеріне баулу;	-көктем мезгілінде өсімдіктердің тіршілігі туралы білімдерін дамыту; -мектепке дейінгі мекеме ауласы мен маңайдағы өсімдіктер туралы білімдерін бекіту, оларды ажыратып, атауға үйрету;
6	-қыс мезгілінде табиғат бұрышындағы құстардың азығы болатын өсімдіктерді өсіруге қатыстыру (тамыр жемістерді отырғызу, сұлы егу);	-пияздыңжәнешөптіңбөлме жағдайында өсуі туралы білімдерін қалыптастыру
<i>Жануарлар әлемі</i>		
7	-аквариумның суын ауыстыру; -қыстап қалған құстарға ұя жасау; -қыстап қалған құстарға жем салғыш жасау;	-үйжануарларыменжабайы жануарларды ажыратып, атай білуді бекіту; -қыстап қалатын 4-5 және жыл құстарын атай алады;
8	-балықтарды қоректендіру; -қыстап қалатын құстарды қоректендіру;	-табиғат бұрышындағы жануарларға қамқорлық жасау дағдыларын жетілдіру;

Міне, мектепке дейінгі ұйымдарда ұйымдастырылатын осындай қарапайым еңбек іс-әрекетінің түрлері, баланың табиғатта еңбек ету дағдыларын жетілдіріп қана қоймай, табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелейді. Осы байланыс пен тәуелділікті үйрену балалардың еңбекке деген қарым-қатынасын қалыптастыруға септігін тигізеді.

Балалардың көзқарасы мен қарым - қатынасы, жануарлар мен өсімдіктер түрлерімен танысуы, өлі және тірі табиғат жайлы танымының дамуы, экологиялық білімінің негізі болып табылады. Табиғат құбылыстарына, өсімдіктерге, жануарларға бақылау жасау арқылы, олардың даму процесі туралы білім қалыптастырып, іс-әрекетке түседі. Іс-әрекет барысында берілген білім, баланың санасында мәңгіге жатталып қалады. Мәселен, ағаштың бүршік жарғанын, жеміс бергенін, жануарлардың, жәндіктердің өсу процесін көрген балада қызығушылық, мейірімділік қасиеттер пайда болады, ал ондай бала ешқашан оған қиянат жасамайды, өсімдіктерді таптамайды, жәндіктерді өлтірмейді. Оның орнына өсімдіктер мен жануарлардың түрлерін ажыратып, оларға қандай күтім керек екені жайлы түсінік қалыптасып, соған сәйкес әрекет етеді. Табиғаттың әсемдігін танып, табиғатты қорғауға, аялауға, қоршаған ортамен таныстыру мақсатында балалардың өлі және тірі табиғат туралы білімдерін қалыптастыруға, туған табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырып, оның әсемдігін терең сезінуге, өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне қамқорлық жасайтын болады.

Сонымен, біз ортаңғы топ балаларына еңбек іс-әрекеті арқылы экологиялық білім берудің жіктемесін дайындап, осы топ балаларына еңбек іс-әрекеті негізінде экологиялық білім берудің мынадай мүмкіндіктерін анықтадық.

1. Ортаңғы топ балаларына еңбек іс-әрекеті негізінде экологиялық білім беру туралы ұғым қалыптастыру, табиғатпен жағымды қарым-қатынаста болудың қарапайым элементтерін түсінуі, табиғат қорғаудағы ұлттық құндылықтардың (мақал-мәтел, өсиет сөздер мен тыйым сөздер) мағынасын түсініп білуі. Нәтижесінде бала:

атабиғатты аялай білу үшін еңбек іс-әрекетінің қажеттілігін түсінеді;

атірі және өлі табиғатқа деген қамқорлық көзқарасы артады;

атабиғат аясында адамгершілік бағытындағы мінез-құлық ережелерін сақтайды;

2. Баланың еңбек іс-ірекеті кезінде эстетикалық әсерге бөленуі, табиғаттағы әдемілікті эмоциялық көңіл-күймен сезініп, табиғаттың әдемі көрінісін суреттеп, әсерлі әңгімемен жеткізе білуі, табиғат туралы әуендер мен музыка ырғақтарын қайталап, ұлттық шығармалар мен бейнелеу жұмысы түрлерін меңгеруі арқылы экологиялық білім беруге болады.

Нәтижесінде бала:

втабиғаттың әдемілігін эмоциялық сезіммен қабылдай біледі;

втабиғаттағы еңбекке арналған халықтық фольклор

жанрларының мазмұнын түсіне біледі.

втабиғаттағы жағымды және жағымсыз жәйттерді әңгімелей біледі.

3. Мектепке дейінгі ұйымдардың ауласындағы тірі және өлі табиғатқа қамқорлық кезіндегі пайдалы еңбек іс-әрекет дағдыларын меңгеруі, оны жеке және ұжым болып атқаруы, түрлі экологиялық жағдаяттардан шығуда белсенділік танытып, шешім қабылдай біледі.

Нәтижесінде бала:

В еңбек іс-әрекеті негізіндегі жағымды қарым-қатынас дағдыларын меңгереді;

В экологиялық жағдаяттар кезінде шешім қабылдауда белсенділік таныта біледі;

В қоршаған ортамен қарым-қатынасындағы пайдалы еңбек іс-әрекеттерді атқара білуі.

Ал, мұндай жұмыс түрлері арқылы ортаңғы топ балаларына еңбек іс-әрекеті арқылы экологиялық білім беруде баланың:

- туған жердің табиғатына деген сүйіспеншілік көзқарасы артып;

- табиғаттың сұлу көрінісін эмоциялық сезіммен қабылдап;

- табиғатқа қамқорлық жағдайындағы еңбек іс-әрекеті дағдылары қалыптасып, еңбек іс-әрекеті арқылы экологиялық білім беру нәтижесін берері сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы N 212 Экологиялық Кодексі. [Электрон.ресурс.] URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K070000212>

2. Воронков Н.А. Основы общей экологии. – М.: Агар, 1997. – 87 с.

3. Манкеш А.Е. Монография. «Оқу-тәрбие процесіндегі экологиялық сабақтастықтың ғылыми-теориялық негіздері». – Алматы, ТКО «Зерде» баспасы, 2005. – 181 б.

4. Зверев И.Д. Идеи и понятия содержания экологического образования. Проблемы экологического образования в школе. – Москва, 1979. – 145 с.

5. Тұрдықұлов Ә.А., Физиканы оқыту процесінде оқушыларға экологиялық білім мен тәрбие беру. – Алматы, 1988. – 122б.

6. Жарықбаев Қ., Қазақ психологиясының тарихы, – Алматы, 1996. – 160 б.

7. Әбиев. Ж., Педагогика тарихы. – Алматы, 2006. – 478 б.

МРНТИ 14.23.17.

Б.Ақболатова¹, М.К.Сураншиева²

¹ бМ010300 – «Педагогика және психология» мамандығының магистранты, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан

² PhD докторы, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ОЙЫН ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастырудағы ойын іс-әрекетінің рөлі жан-жақты қарастырылған. Сонымен қатар «ойын» ұғымының мағынасы талданып, аталған ұғымның педагогикалық қырлары айқындалды. Қазіргі таңда негізгі талаптардың бірі - әрбір балаға сапалы да терең білім беру. Осы орайда, білім беру субъектісі ретінде, мектеп жасына дейінгі балаларды ойын арқылы дамыту, білім беру, тәрбиелеу және әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру қажет.

Аталған мақалада ғұлама педагог-психологтардың мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастырудағы ойынның алатын орны мен маңыздылығы мәселесіне қатысты ғылыми көзқарастары мен ой-пікірлері ұсынылған. Сонымен қатар, мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастырудағы ойынның түрлері айқындалды, әрбір ойын түрлерінің мән-мағынасы сипатталған.

Түйін сөздер: мектеп жасына дейінгі балалар, ойын, іс-әрекет, әлеуметтік құзыреттілік, үйрету, оқыту, дамыту.

Б.Ақболатова¹

¹ магистрант по специальности бМ010300 – «Педагогика и психология» КазНПУ им. Абая, г.Алматы, Казахстан,

М.К.Сураншиева²

² доктор PhD, КазНПУ им. Абая, г.Алматы, Казахстан

ЗНАЧИМОСТЬ ИГРОВОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В ФОРМИРОВАНИИ СОЦИАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Аннотация

8 данной статье раскрыта роль игровой деятельности в формировании социальной компетенции детей дошкольного возраста. Авторами проанализированы сущность и содержание понятия «игровая деятельность», рассмотрены педагогические аспекты вышеназванного понятия. На современном этапе наиболее значимым является – безусловно, качественное и всестороннее образование. В этой связи, возникает необходимость обучать, развивать, воспитывать и формировать социальную компетентность детей дошкольного возраста путем применения игровой деятельности.

9 статье представлены научные взгляды и мнения ведущих педагогов-психологов по проблеме значимости и роли игровой деятельности в формировании социальной компетенции среди детей дошкольного возраста. Раскрыта сущность и содержание видов игровой деятельности в формировании социальной компетенции детей дошкольного возраста.

Ключевые слова: дети дошкольного возраста, игра, игровая деятельность, научение, обучение, развитие.

В.Акболатова¹, М.К.Сураншиева²

¹Master's degree student, specialty 6M010300 – «Pedagogy and psychology» Abai Kazakh national pedagogical university, Almaty, Kazakhstan

²PhD doctor, Almaty, Kazakhstan

THE IMPORTANCE OF GAME ACTIVITIES IN FORMING THE SOCIAL COMPETENCE OF PRESCHOOL CHILDREN

Abstract

This article reveals the role of play in the formation of the social competence of children of preschool age. The authors analyzed the nature and content of the concept of “play activity”, considered the pedagogical aspects of the above concept. At the present stage, the most significant is, of course, quality and comprehensive education. In this regard, there is a need to train, develop, educate and shape the social competence of children of preschool age through the use of gaming activities.

The article presents the scientific views and opinions of leading educational psychologists on the problem of the importance and role of play activity in the formation of social competence among children of preschool age. The essence and content of the types of gaming activities in the formation of social competence of children of preschool age are disclosed.

Keywords: children of preschool age, play, play activity, learning, learning, development.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының саяси кемелденуі мен білім беру жүйелерінің қайта құрылуы жағдайында жан-жақты білімді, мәдениетті, іскер, белсенді тұлғаны қалыптастыру, сондай-ақ тұлғаның өзінің төл мәдениетіне сай болуына жағдайлар жасау қажеттілігі бұрынғыдан да айқындала түсуде.

Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға дейінгі мемлекеттік бағдарламасында және ҚР «Білім туралы» Заңында Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің тенденциялары мен даму мәселелері туралы тоқталды [1]. Елбасымыз Н.Назарбаев «Бәсеке басы – білім»-деп, баса айтты [2]. Ендеше ұстаздар қауымы ел басқаратын болашақ жастардың білімділігі мен біліктілігін қамтамасыз етіп, Елбасымыздың үкілі үмітін ақтауға барлық күш-қуатын жұмсайды.

Қазіргі таңда негізгі талаптардың бірі - әрбір балаға сапалы да терең білім беру. Сондықтан да мектепке дейінгі ұйымдарда оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда әртүрлі педагогикалық әдіс-тәсілдермен жүйелі түрде балалардың шығармашылық ойлауын дамытып, ғылыми көзқарасы мен белсенділігін қалыптастыру, мектеп жасына дейінгі балаларына білім беру субъектісі ретінде, балаларды ойын арқылы дамыту, білім беру, тәрбиелеу және әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру.

Мектеп жасына дейінгі баланың өмірді тануы, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері ойын үстінде қалыптасады деген Л.С. Выготскийдің [3] пікірінше, ойын мектеп жасына дейінгі баланың жеке басының дамуына ықпал ететін жетекші, басты құбылыстың бірі деуге болады. Бала ойын арқылы өзінің күш-жігерін жаттықтырып, қоршаған орта мен құбылыстардың ақиқат сырын ұғынып үйрене бастайды. Ойын кезіндегі баланың психологиялық ерекшелігі мынада: олар ойнайды, эмоциялық әсері ұшқындайды, белсенділігі артады, ерік қасиеті, қиял елестері мен таным үрдістері дамиды, мұның бәрі баланың шығарымпаздық қабілеті мен дарынын ұштайды. Балалар өміріндегі ойынға үлкен мән бере отырып, және сонымен бірге оның үлкен тәрбиелік мүмкіндігін көрсете отырып, ол ғылымға да лайықты орын береді және оның балалар дамуындағы маңызын айқындайды.

Ойын - мектепке дейінгі балалар әрекетінің негізгі түрі, сондықтан ол бала өмірінде тәрбиенің шешуші шарты болып табылады. Бала өзін қоршаған ортаны, өмір сүріп отырған айналасындағы заттар мен құбылыстарды, адамдар арасындағы қарым- қатынасты баланың білуі, сезінуі ойын негізінде жүзеге асады. Баланың таным түсінігі, іс-әрекеті ойыннан бастау алады да - болашақ өмірінде жалғасын табады. Ойын үстінде бала жеке тұлға ретінде дамиды, адамдармен қарым-қатынасты, әрекетті өзі реттеп, ұжымдық ойлаудың алғашқы тәжірибесін алатындығы дәлелденген. Ғалымдар балалар ойыны стихиялы, бірақ ересек адамдардың қоғамдық және еңбек әрекетінен туындағаны заңдылық деп есептейді.

Ғұлама педагог А.С.Макаренко «Бала өмірінде ойынның маңызы зор, ересек адам үшін еңбектің, жұмыстың, қызметтің қандай маңызы болса, нақ сондай маңызы бар. Бала ойында қандай болса, өскесін

жұмыста да көп жағын сондай болады. Сондықтан келешек қайраткерлерді тәрбиелеу алдымен ойында басталады»-деген пікірін өз еңбектерінде атап өткен. Автор балалар ойындарының тәрбиелік маңызын жоғары бағалай келе, өз ойын былай деп жалғастырады: «Баланың ойынға деген құмарлығы бар, сол құмарлықты қанағаттандыра білуіміз керек. Ойнау үшін тек қана уақытты бөліп қана қоймай, сонымен бірге баланың барлық өміріне ойынды бере және сіңіре білуіміз қажет. Оның барлық өмірі - ойыннан тұрады» [4].

В.А.Сухомлинскийдің көзқарасы бойынша: «Ойынсыз ақыл – ойдың қаншалықты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімі жастық шақ өмірімен ұштастырып, өзін қоршаған, дүние туралы түсінік алады» [5].

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізін қалаған тұңғыш отандық педагог, әрі журналист, әрі публист Н.С.Құлжанова [6]: мектеп жасына толмаған бала тәрбиесінде оның жас ерекшеліктеріне назар аудару қажеттігін нақты мысалдармен түсіндірген. Ол баланың қалыппен дамуы үшін оған айтылатын сөз де, көрсетілетін қимыл да, үйретілетін тағылым да шамадан тыс көп болмау керек және тым ауыр болмауы ескерілуі шарт дейді. Мөлшерден артық тапсырмалар баланың дамуына кері әсерін тигізуі мүмкіндігін және баланың дамуы үнемі дәрігер мен педагогтың бақылауында болуы қажет дейді. Ол балалар ойының тану, білуге құмарлығымен, сөйлеумен ұштасып жататындығын ескертеді.

Ойын арқылы балалардың дүниені танып, білуі, білік, дағды ерекшеліктерінің қалыптасуын сипаттайды. Сол кездің өзінде оқымысты ғалымдардың үш жасар баланы зерттеу объектісі етіп алғандығын мысал етеді. Үш жастағы баланың даму ерекшелігін, білімге, зерттеуге, құпия ашуға құмарлығын мәлімдейді. Ол баланың бойындағы білуге, тануға, ұғынуға, көруге, байқауға әуестігін тыйып тастамау керектігін, оларды бағыттап, алдында тұрған сауалдарды бірігіп шешуге ұмтылу қажеттігін, бала мүмкіндігіне қарай тұқым қуалаған мінездің әртүрлі құбылуын дәлелдеп көрсеткен. Ол мектеп жасына толмаған бала тәрбиесінде ойынның ерекше қызмет атқаратындығына айрықша көңіл бөліп былай деген: «Балаға керегі ойын. Ең мағыналы, пайдалы мектебі, бар қызығы ойын. Ойында бала көрген – білгендеріне еліктейді, үйренгендерін нығайтып, бекітеді» – деп тұжырымдаған.

Ғалым Ф. Н. Жұмабекова өз еңбегінде ойын - мектепке дейінгі балалар үшін айналаны танып, білу тәсілі. Балалар ойын шығарушылар, ойынды жасаушылар болып табылады. Олар ойында өздеріне мәлім өмір құбылыстары мен оқиғалары туралы білімдерін бейнелейді, оларға өздерінің қатынасын білдіреді [7].

Ойын мазмұны мен түріне қарай келесідей бөлінеді:

- ▶ мазмұнды-бейнелі,
- ▶ қимыл-қозғалыс,
- ▶ дидактикалық,
- ▶ құрылыс,

11) кейіптендіру.

Мазмұнды-бейнелі ойында балалар ойын мазмұнын түсінікті етіп жеткізуге тырысады, оған қажетті құрал-жабдықтарды табуға талпынады, оларды дайындау үшін еңбектенеді, ал еңбек ұжымдық іс-әрекетке біріктіреді және шығармашылық іс-әрекетке бағдарлайды, балалардың өзара қарым-қатынасын реттеп, олардың бойында адамгершілік сапаларды қалыптастырады. Бала алған рөлдеріне сай кейіпкердің киімін киіп, қимылын, дауыс ырғағын мәнерлі жеткізуге тырысады, көркемдік сабақтардан (ән-саз, бейнелеу өнері сабақтары) алған білімдерін пайдаланады, қуыршақты ұйықтату үшін бесік жырын айтып әлдилейді, бейнелеу өнері сабақтарында жасаған ыдыс, үй жиһаздарын, қағаздан құрастырған заттарды ойын құралы ретінде пайдаланады. Мазмұнды-бейнелі ойынның ерекшелігі: оны балалардың өздері жасауында, ал ойын қызметі айқын өнерпаздық және шығармашылық сипатта болады. Бұл ойындар қысқа да, ұзақ та болуы мүмкін [8].

Ойында баланың дамуы ең алдымен, оның мазмұнының әр түрлі бағыттылығына байланысты өтеді. Дене (қозғалмалы), эстетикалық (ән-күй), ақыл-ой (дидактикалық, сюжетті-рөлдік) тәрбиесіне тура бағытталған ойын түрлері бар. Барлық ойын түрлерін тікелей ересектердің қатысуымен және баланың белсенділігінің түрлі формасымен үлкен екі топқа бөлуге болады.

Ойын қызметінің тағы бір ерекшелігі-оның өз әрекеттік сипаты. Балалар ойын шығарушылар, ойынды жасаушылар болып табылады. Ойын процесінде сөйлеу қарым-қатынасы үлкен роль атқарады. Сөйлесе жүріп балалар пікірлесіп, әсер алысып, ойынның түпкі ниеті мен мазмұнын анықтайды. Ойында сөзбен уәделесу ұйымдастырушылық қызмет атқарады, балалар арасында өзара түсінісу мен достықтың, қоршаған өмірдің қайсыбір фактілері мен құбылыстарына бірдей көзқарастың пайда болуына және дамуына көмектеседі.

Бірінші топ- бұл ойынды өткізуде және дайындықта ересектердің жанама түрде қатысуы. Балалардың белсенділігі (ойын әрекеті мен шеберлігін белгілі бір деңгейде қалыптастыру жағдайында) инициативті, шығармашылық сипатқа ие, балалар өз беттерінше ойын мақсатын қоюға қабілетті, ойынды дамытуға және міндеттерін шешуде қажетті тәсілдерді табады. Өз бетінше ойнайтын ойындарда балалардың инициативасын көрсететіндей жағдайлар жасалады. Бұл топқа әсіресе, өзінің даму қызметімен құнды, әр баланың жалпы психикалық дамуына үлкен мәнге ие танымдық және сюжеттік ойындарды енгізуге болады.

Екінші топ- бұл әртүрлі үйрететін ойындар, ересектер ойынның ережесін айтып немесе ойыншықтардың құрылымын түсіндіріп, белгілі бір нәтижеге жету үшін әрекет етудің белгіленген бағдарламасын жасайды. Бұл ойындарда тәрбиелеу мен оқытудың нақты міндеттері шешіледі: бұлар белгіленген бағдарламадағы тақырыптар мен ережелерді меңгеруге бағытталған. Оқыту ойындары мектеп жасына дейінгілерде адамгершілік-эстетикалық тәрбие беруде маңызды. Ойынды үйретуде балалардың белсенділігі негізінен репродуктивті сипатқа ие: олар берілген бағдарлама әрекетінде ойынның міндеттерін шешуде, тек қана оларды жаңадан өндіреді. Балалардың құрастыруы мен ептілігінің негізінде шығармашылық элементтері көп кездесетін өздік ойындарды ойлап шығарады.

Құрылыс ойынында бала сызық бойына әдемі үй құрылысын жасап, оның бояуларының бір-бірімен келісімді болуын қадағалайды. Құрылыс материалдарын пішіні, түсі бойынша симметриялы орналастырып, оларды көлемі (кең, тар), биіктігі (биік, аласа) бойынша салыстырады. Ойын барысында шығармашылық танытып, жаңа мазмұн ойластырып, белсенділік көрсетеді. Өзінің және жолдастарының тұрғызған құрылыстарының сапасына баға береді. Дидактикалық ойын барысында есту, көру, сезіну, қабылдау сияқты үрдістері дамып, балалар музыкалық ойыншықтар мен әр түрлі саздық аспаптардың дыбыс шығару ерекшелігін ажыратуға, заттарды пішініне, түсіне, көлеміне қарай іріктеуге, әр түрлі қимылдарды орындауға үйренеді. Ауызша ойналатын дидактикалық ойындарда сұрақ, өтініш, келісімді білдіретін дауыс ырғақтарына еліктеу қабілеттері жетіледі.

Ертегі немесе әңгіменің мазмұны бойынша бөлек-бөлек суреттерді пайдаланғанда оларды белгілі бір тәртіппен жинау үшін байқағыштық пен тапқырлық көрсетеді. Қимыл-қозғалыс ойынында балалар санамақтар, өлеңдер, тапқақтар қолданады. Бұндай ойындарда балалардың ептілігі, қимылдың әдемілігі дамып қалыптасады, кеңістікті, уақытты бағдарлауға үйренеді, батылдық, тапқырлық, қайраттылық, достық, жолдастық көмек, тәртіптілік, ойын ережесіне бағына білу сияқты адамгершілік сапалар тәрбиеленеді. Бала өмір құбылыстарына, адамдарға, жануарларға деген ынтасын, қоғамдық мәні бар іс-әрекетке деген құштарлығын ойын арқылы қанағаттандыратындықтан, ойынның қай түрі болсын балалардың адамгершілік тәрбиесінің дамуында маңызды рөл атқарады.

Сонымен, бүгінгі күні мектепке дейінгі педагогика ғылымы ойынды бала тұлғасын жан-жақты тәрбиелеу құралы және балалар өмірін ұйымдастыру түрі, балалар қоғамын қалыптастыру және жеке тәжірибе жинақтау құралы ретінде қарастырады. Ғұлама ғалымдардың дәлелдеуінше, баланың ой-өрісінің жан-жақты дамуына ойын элементтерін аз-аздан енгізе отырып, келесі сәтте ойлану ойындарына өтіп оқу-тәрбиелік үрдіс жалғастығын тұрақты күрделендіре берген жағдайда ғана ол өз жемісін береді. Қорыта айтқанда қазіргі қоғамның даму кезеңінде мектепке дейінгі ұйымдардың оқу тәрбие үрдісінде балаларды жан-жақты дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеуді жүзеге асыруда, балалардың мінез-құлқын қалыптастыруда ойынның алатын орны зор.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1.Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы. – А., 2010.
- 2.Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан – 2050» Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы.-Астана: Ақорда, 3 шілде 2015.
- 3.Выготский Л.С. Вопросы детской психологии.-СПб.:2007. -220с.
- 4.Жуковская Р.И. Игра и ее педагогическое значение. - М.: Просвещение, 2004.- 89 с.
- 5.Сухомлинский В.А. Как воспитать настоящего человека.-2-е изд., испр М.: Педагогика, 2009. -140с.
- 6.Құлжанова Н. Халқыма деп іс қылдым. – Алматы: Рауан, 1992. - 26-32б.
- 7.Жұмабекова Ф.Н. Баланың көркемдік талғамын сәндік қолданбалы өнер негізінде қалыптастыру: Пед.ғыл.канд.дисс. -Алматы, 1998.- 145 б.

УДК:373.29
МРНТИ: 14.23.09

А.И.Булиекбаева¹,

¹PhD доктор, Абай атындағы Каз ҰПУ, Педагогика және психология институтының аға оқытушысы, Алматы қ., Қазақстан

Б.С.Қырымбай²

²Абай атындағы Каз ҰПУ, Педагогика және психология институтының магистранты, Алматы қ., Қазақстан

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мектепке дейінгі кезең – бала тұлғасын дамытудағы ерекше кезең, өйткені осы кезеңде баланың қоршаған айналасын қабылдауы қалыптасады, оның физикалық және психикалық дамуы қарқынды жүреді. Оны дамытудың бір қыры – мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру.

Танымдық қызығушылықты дамыту мәселесі педагогикадағы ең күрделі мәселе болып табылады, өйткені ол психологиялық-физиологиялық, биологиялық және әлеуметтік даму жағдайының өте күрделі әрекеттестігі.

Мақалада таным, танымдық белсенділік ұғымдары кеңінен қарастырылды. Мақала тақырыбына сәйкес көптеген психологиялық-педагогикалық әдебиеттер зерттеліп таным, қызығушылық және танымдық қызығушылық, ұғымдарына теориялық талдау жасалынды.

Түйін сөздер: таным, танымдық белсенділік, танымдық қызығушылық, қызығушылық, танымдық әрекет.

А.И.Булиекбаева¹

¹доктор PhD, старший преподаватель, Института Педагогики и психологии КазНПУ им. Абая, г. Алматы, Казахстан

Б.С.Қырымбай²

²магистрант Института Педагогики и психологии КазНПУ им. Абая г. Алматы, Казахстан

ОСОБЕННОСТИ ПОЗНОВАТЕЛЬНОГО ИНТЕРЕСА У ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Аннотация

Дошкольный возраст является уникальным периодом развития личности ребенка, так как в этот период формируются представления ребенка об окружающем мире, происходит его интенсивное физическое и психическое развитие. Одной из граней его развития является формирование у дошкольника познавательных интересов.

Проблема развития познавательного интереса – одна из наиболее трудных в педагогике, так как она отражает очень сложные взаимодействия психофизиологических, биологических и социальных условий развития.

В статье широко рассматривается понятие познания и познавательной деятельности. Согласно этой статье, было изучено много психолого-педагогической литературы и сделан теоретический анализ понятия познания, интереса и познавательного интереса.

Ключевые слова: познание, познавательная активность, познавательный интерес, интерес, познавательная деятельность.

FEATURES OF CULTURAL INTEREST IN CHILDREN OF PRESCHOOL AGE

Bulshekbayeva A.I.¹

¹*Doctor PhD, senior teacher of the Institute of Pedagogy and Psychology at Abai,
Almaty, Kazakhstan*

Krymbai B.S.²

²*master, the Institute of Pedagogy and Psychology at Abai,
Almaty, Kazakhstan*

Abstract

Preschool age is a unique period in the development of a child's personality, since during this period the child's perception of the world around him is formed, his physical and mental development is intensive. One of the facets of its development is the formation of a preschooler's cognitive interests.

The problem of the development of cognitive interest is one of the most difficult in pedagogy, since it reflects the very complex interactions of psycho-physiological, biological and social conditions of development.

The article widely discusses the concept of cognition and cognitive activity. According to this article, a lot of psychological and pedagogical literature was studied and a theoretical analysis of the concept of cognition, interest and cognitive interest was made.

Key words: cognition, cognitive activity, cognitive interest, interest, cognitive activity.

Таным - адамның санасындағы ақиқаттылық және нағыздықтың оны одан әрі өзгерту мүмкіндігін мақсат ететін, мақсатты бағытталған белсенді бейнелену үдерісі. Таным барысында болмыстың түрлі қырлары ашылады, қоршаған дүниедегі заттардың, құбылыстардың сыртқы жақтары мен мәні ашылады, сонымен қоса таным қызметінің субъектісі - адам адамды, демек, өзін-өзі зерттейді. Таным - адам қызметінің қоршаған дүниені және ондағы өзін тануға бағытталған арнайы түрі. Адам таным бойынша әрекеттің екі негізгі түрін жүзеге асырады: - қоршаған дүниені өзге ұрпақтардың танымдық қызметінің нәтижелері арқылы таниды (кітаптар оқиды, білім алады, материалдық және рухани мәдениеттің; барлық түрлерімен қауышады); - қоршаған дүниені тікелей таниды (өзі немесе адамзат үмітін бір жаңалық ашады) [1].

Таным - білім алу және дамыту үдерісі үнемі тереңдетіліп және кеңейтіліп отыратын, нәтижесінде, жаңа білім алынатын таным объектісі мен субъектісінің әрекеттесуі.

Танымдық әрекет - баланың білімге деген өте белсенді ақыл-ой әрекеті. Ол танымдық қажеттіліктен, мақсаттан, таным қисындыларынан және әрекетті орындаудың тәсіл-амалдарынан тұрады. Танымдық әрекеттің негізінде балаларда танымдық белсенділік қалыптасады.

Танымдық қызығушылық, танымдық белсенділік - бұл өзара байланысты және бір-бірін толықтырып отыратын ұғымдар, олардың өзегі *философиялық категория* - таным екендігі көрсетілген.

Қызығушылық мәселесі қазақ ойшылдары мен философтарының да, ағартушы-педагогтарының да (Әбунасыр Ибн Мұхаммед Әл-Фараби, Әбуғали Ибн-Сина және т.б.) назарынан тыс қалмаған. Олар айналаны танып-білудегі қызығушылықтың рөліне, әсіресе балаларды тәрбиелеуде олардың білімге қызығушылығына үлкен мән берген, бала бойында қызығушылықты қалыптастырудың әдіс-жолдарын қарастырған. Әл-Фараби өзінің трактаттарында баланың ішкі сезімдеріне әсер ете отырып, мұғалімнің оқыту процесінде қызығушылық пен ынта тудыра білуі жөнінде өнегелі пікірлер айтады. Оның пайымдауынша, «рухани негізі тұзу болса, онның тілегі, қалауы дұрыс болады. Оқу-үйрену нәтижесіне шәкірттің ниеті әсер етеді, көңіл қалауы болмақ». Ж.Баласұғұнның «...егер бала ұжымда тәрбиеленсе, онда ол жалықпайды, сабаққа ынтасы мен қызығушылығы пайда болып, басқалардан қалып қоймауға талпынады», — деген тәрбие туралы пікірлерінің ұлығы жоғары [2,3,4].

Абайдың қара сөзінің де қызығушылықты қалыптастырудағы ғибраты зор. Ол: «ғылым-білімді әуел бастан бала өзі іздеп таппайды. Басында зорлық, яки алдау мен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздегендей болғанша» дейді. Ғұлама ойшыл адамның адамдағы (тәрбиелілігі), ақылы мен ғылымы (алған білімі) туа денсаулығына, психологиялық жан дүниесінің дұрыстығына тәуелді дегенді айтады және оқуға баулудың педагогикалық жолын ұсынады.

Д. Поддякова бойынша ересек тобы балаларының танымдық белсенділіктерінің дамуына келсек, олардың оқу ісіндегі қабылдауы - формамен түстерді тану және атауға келіп тіреледі. Мысалы, түрлі түсті

құмыра салу үшін, олар форма, көлем жағынан әртүрлі болып келеді. Төменгі топтарда оқитын балалардан қабылдауында төмендегідей ерекшеліктер болады. Олар әлде де болса құбылыстарды тұтас зат күйінде жөндеп қабылдай алмайды. Мәселен, ол заттың өзіне ұнағанын, олардың көзге бірден көрінетін сыртқы белгілерін қабылдауға ұмтылады. Мұндай қабылдауда белсенділік жағы аз болады.

Танымдық белсенді іс-әрекет арқылы 5-6 жастағы баланың бойында төмендегідей жаңа психикалық сапалар қалыптаса бастайды:

- 19 қоғамдық маңызды іс-әрекетке араласуға деген ұмтылыс;
- 20 мінез-құлқын саналы меңгере, өзін басқалармен салыстыра алады;
- 21 өзінің іс-әрекетін басқару қабілеті;
- 22 қарапайым қорытындылар жасау біліктілігі;
- 23 белгілі дәрежеде сөйлеуді меңгеру;
- 24 басқа адамдармен өзара қарым-қатынас пен іс-әрекетті ұйымдастыру біліктілігі.

Әлеуметтік қажеттіліктерге сай: балаларға өз мүмкіндіктеріне қарай әрекет жасату → ойын барысында бірліскен әрекет жүргізу → ойын үстінде балаларға жауапты, мазмұнды, идеясы қызықты жұмыс тапсыру → оқыту үрдісінде балаларға бақылау мүмкіндігін беру [5].

Өзін-өзі көрсету қажеттілігіне сай: → балалардың мүмкіндіктерін толық пайдалануына, оқуына, ой-өрісін жетілдіруіне жағдай жасау → балаларға күрделі әрі маңызды жұмыстар тапсырып, оның толық орындалуын талап ету → балалардың танымдық процестерін дамытатындай жағдай туғызу → оқыту барысында байқалған, анықталған, алынған мәліметтерді салыстыруға үйрету. Түрлі көрсеткіштер көмегімен алынған деректерді дұрыс талдау танымдық белсенді әрекет ету мотивациясын, қызығушылығын анықтау, жетіспейтін жақтарын ашып, даму деңгейін көрсету.

Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытудың негізінде танымдық қызығушылығын қалыптастырудың педагогикалық қажетті шарттарына: мақсаты (қоғамның заманауи талаптарына сай оқыту), мектеп жасына дейінгі бала (оқуға ынтасы мен ықыласы), тәрбиеші (оқыту шеберлігі, білімі, іскерлігі, актерлік шеберлігі), оқыту мазмұны (әліппе-дәптерлер, оқыту әдістері (ауызша, көрнекі, практикалық; оқу және оқыту және т.б.), ұйымдастыру формалары (дәстүрлі, дәстүрден тыс сабақ түрлері), нәтиже (танымдық белсенділігінің қалыптасуы) жатады.

Мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту негізінде танымдық іс-әрекеттерде оның тұлғалық қалыптастыру үдерісінде өзектендіру (тұлғалық жетістіктерін ынталандыру, белсенді оқыту жағдайын жасау, танымдық белсенділігін қалыптастыру үдерісін мақсаттандыру, педагогикалық процес субъектілерінің өзара әрекеттік жүйесін қолдану).

Танымдық қызығушылықтың ерекше белгілері мыналар:

- 13 бірнеше заттар мен құбылыстарға деген белсенді танымдық қатынас ретіндегі жан-жақтылығы;
- 14 құбылыстың тек қана фактісі, қасиеттері мен сапаларына ғана емес сонымен бірге мәні, себебі және өзара байланысына деген белсенділігімен сипатталатын тереңдігі;
- 15 динамикалығы, яғни бұл баланың меңгерген білімі қозғалмалы жүйе түрінде құрылуы және іс-әрекетке қолданылуы, баланың ойлау әрекетінде қызмет атқаратындығы;
- 16 әрекеттілігі, яғни заттар мен құбылыстармен танысуға қиыншылықтарға төзуге, мақсатқа жетуде ерік-жігерінің болуына бағытталған баланың белсенді әрекетінде байқалады.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі балалардың танымдық қызығушылығын арттыру мәселесі жоғары деңгейде қарастырылып, оқытудың жаңа технологиялары енгізілуде. Тәрбиеші мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қызығушылығын қалыптастыруда, оның білім беру әрекетін ұйымдастыруда маңызды рөл атқаратын басты тұлға.

Мектепке дейінгі ұйымда бала айналадағы әлемді ойын, еңбек, серуен, оқу қызметтерінде тәрбиешінің көмегімен, ересектермен, құрдастарымен қарым-қатынас кезінде танып біледі. Осындай жетістіктерге жету үшін тәрбиеші алдында тұрған баланы ертеңгі мектеп оқушысы деп қарап, баланың мінез-құлқын, сана-сезімінің жетілу дәрежесін таным үрдістерінің (түйсігі, қабылдауы, ес ойлау, сөйлеу, зейіннің) дұрыс бағытта қалыптасып, дамуын қадағалап әрі дамытып отыруы тиіс. Сондықтан осындай ерекшелігін ескере отырып, оқу-тәрбие үдерісін жүргізу қажет.

Г.С.Костюк былай деп атап көрсетеді: «Қызығушылық баланың өзін қоршаған ортамен өзара әрекетіне кең мүмкіндікті қамтамасыз етеді, өсіп келе жатқан жанды заттың өмірлік талаптарын қанағаттандырудың қажетті жағдайы болып саналады, ағзаның ортамен «теңгерілуінің» барлық механизмдерінің пайда болу жағдайы болып табылады.... Дені сау ағзаға тән белсенділік саналы адамдық іс-әрекетке айналуы тиіс» [6].

Қызығушылық психологиясы ұғымы М.М.Рубинштейннің еңбегінде алғаш рет сөз болады. Ғалым осы кітаптың «Психологиялық қызығушылыққа кіріспе» тарауында қызығушылықтың мазмұнын дәл, нақты, толық сипаттайды. Әрі қызығушылық психологиясы жеке тұлға туралы ілімнің бір тармағы ретінде енді қалыптасып жатқан жаңа сала, теориялық тұжырымдамалық негізі мен қалыптасқан әдістемелік арсеналы жоқтың қасы. Қызығушылық психологиясы жоғарыда аталғандай екі негізде: тәртіп және іс-әрекет түрлері негізінде қарастырылады. Қызығушылық бір жағынан өзін таныту, көрсету, өмірден өз орнын алу, бейімделу үшін қажет, екінші жағынан ол түрлі психикалық жаңа құрылымдардың, жасалымдардың (новообразования) пайда болуы мен орнауын қамтамасыз етеді. М.М.Рубинштейн таным қызығушылығының құрылымдық компоненттерін төмендегідей жіктейді: қызығушылық түрін туғызатын қажеттіліктер (себептер) → қызығушылықты психикалық реттеу құрылымы → психикалық икемділік пен бейімділік көзі ретінде қызығушылықты дамыту және қалыптастыру заңдылықтары [7].

1 кесте - Танымдық қызығушылықтың сипаттамасы

И.Я.Лернер	→	«Танымдық қызығушылық жеке тұлғаның бітімі, индивидтің қабілеті арқылы өзінің танымдық іс-әрекетін ұйымдастырудың және жаңа танымдық мәселені шешуде колдану».
А.П.Аристова	→	«Танымдық қызығушылықті қоршаған орта құбылыстарымен заттарына субъектінің жаңаруы, өзгеруі әрекетінің пайда болуы ретінде қарастырылады».
Т.С.Сабыров	→	«Балалардың оқудағы қызығушылық дегеніміз – оқуға қажетті білім мен дағдыны меңгеру және оларды өмірде пайдалана білуге үйренуге баланың істейтін саналы әрекеті».
Р.А.Низамов	→	«Танымдық қызығушылық жеке адамның күшейтілген танымдық жұмысын сипаттайтын ерікті жағдайы».
В.И.Орлов	→	«Танымдық қызығушылық берілген уақытта қойылған мақсатқа жетуге ұмтылысы бар баланың оқу-танымдық қызметінің көрінісі».
М.И.Махмутов	→	«Танымдық қызығушылық – жеке адамның өз бетімен оқуына септігін тигізетін интеллектуалды қабілеті».

Жоғарыдағы ғалымдардың танымдық қызығушылыққа берген сипаттамалары бойынша, танымдық қызығушылық - балалардың негізгі іс-әрекеті, күрделі құбылыс екендігі байқалады. Ол оқу міндеттерінің шешіліп, мақсаткерлік мотив, танымдық ақпаратты қабылдаудан бастап дидактикалық ойындарды ұйымдастыру кезінде күрделі шығармашылық процестің қалыптасуымен аяқталатын түрлі сезімдік

көріністермен және т.б. сипатталады. Танымдық қызығушылық ұғымының мәні оқыту барысында ашыла түседі.

Қорыта айтқанда тәуелсіз елдің ертеңгі ұрпағының рухани байлығы, мәдениеті, ойлау қабілеті мен біліміне, іскерлігіне байланысты, мектепке дейінгі ұйымдардағы танымдық белсенділікті дамыту, пәндерді оқыту барысындағы көзделетін білімділік, дамытушылық, тәрбиелік міндеттерді шешуде сабақтағы әртүрлі әдіс - тәсілдерді қолданудың тиімділігі жоғары. Танымдық іс-әрекеттің өзге әрекет түрлерінен ең басты ерекшелігі - баланың үнемі «жаңа дүниеге енуімен», ол әрекеттерді бірінен екіншісіне ауыстыруымен байланысты. Танымдық белсенділік - балалардың негізгі іс-әрекеті, күрделі құбылыс. Ол оқу қызметтерінің міндеттерімен шешіліп, мақсаткерлік мотив, танымдық ақпаратты қабылдаудан бастап күрделі шығармашылық сезімдік көріністермен сипатталып, өз айналасымен танысу барысында мәнді болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тихомирова Л.Ф. Развитие познавательных интересов детей: популярное пособие для родителей и педагогов. – Ярославль: Академия развития, 2007. 240 с.
2. Әбу Наср Аль-Фараби. Социально-этические трактаты. – Алма-ата, 2003. - 400с.
3. Нысанбаев Ә. «Құтты білік» сол заманда «Қарахан» мемлекетінің Ата Заңының орнында жүрді // Жүсіп Баласағұн (XI ғ.). - Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы, 2013. -№ 18 (78). -28-б.
4. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы : Жазушы, 2003. - 336 б.
5. Подьякова Д. Формирование у младших школьников познавательной активности в учебной и внеучебной деятельности: автореф. канд. Пед. наук. – М., 2000.
6. Костюк Г.С. Развитие школы как инновационный процесс. –М., 2004
7. Рубинштейн М.М. Актуальные проблемы возрастной психологии. – М., 2008. - 245 с.

УДК 37.373.29
МРНТИ 14.23.17

Манашова Г.Н.¹

¹ м.п.н, старший преподаватель, докторант,
Карагандинского государственного университета им. академика Е.А. Букетова,
г. Караганда, Казахстан

Омарова М.К.²

² м.п.н, старший преподаватель,
Карагандинского государственного университета им. академика Е.А. Букетова,
18 Караганда,

Казахстан

Тасмагамбетова А.Б.³

³ м.п.н, преподаватель, Карагандинского государственного университета им. академика Е.А. Букетова, г. Караганда, Казахстан

КОНТРОЛЬ В ОБУЧЕНИИ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Аннотация

Статья посвящена вопросам специфики организации контроля в обучении иностранному языку детей дошкольного возраста. Целенаправленный контроль, т.е. когда дети знают, что их действия оцениваются, может отрицательно отразиться на результатах проверки. Игровые методы и приемы контроля вызывают у детей повышенный интерес, положительные эмоции, помогают концентрировать внимание на учебной задаче.

Авторами выполнен анализ государственного общеобязательного стандарта дошкольного образования, программы для детей дошкольного возраста по изучению государственного, русского и английского языков в игровой и интерактивных формах на предмет требований к уровню иноязычных

навыков детей старшего дошкольного возраста. Представлены результаты исследования динамики развития иноязычных речевых навыков детей по итогам внедрения игрового комплекса текущего контроля.

Ключевые слова: речевые навыки, аудирование, говорение, контроль, игра.

Манашова Г.Н.¹

¹*п.ғ.м, аға оқытушы, докторант, Е.А.Бөкетов ат. Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ., Қазақстан*

Омарова М.К.²

²*п.ғ.м, аға оқытушы, Е.А.Бөкетов ат. Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ., Қазақстан*

Тасмагамбетова А.Б.³

³*п.ғ.м., оқытушы, Е.А.Бөкетов ат. Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ., Қазақстан*

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ШЕТЕЛ ТІЛІНДЕ ОҚЫТУДАҒЫ БАҚЫЛАУ

Аңдатпа

Мақала мектеп жасына дейінгі балаларды шетел тілінде оқытудағы бақылауды ұйымдастыру ерекшеліктерін ашуға арналған. Мақсаткерлік бақылауда, олар өздерінің әрекеттері бағаланып жатқандығын білетін болса, онда ол аудиттің нәтижелеріне теріс әсер етуі мүмкін. Бақылаудағы ойын әдісі мен тәсілі балалардың қызығушылығын, оң эмоциялардың пайда болуын артыра отырып, олардың білім беру міндеттеріне зейіндерін шоғырландыруға көмектеседі.

Ересек жастағы балалардың шетел тілін білу деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкестігі орай мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына, мектеп жасына дейінгі балаларды интерактивті формада мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде оқыту бағдарламаларына талдау жасалды. Ағымдағы мониторингтің ойын кешенін енгізу нәтижелері бойынша балалардың шетел тілін меңгеру дағдыларын дамыту динамикасын зерттеудің нәтижелері ұсынылды.

Түйін сөздер: сөйлеу дағдылары, тыңдау, сөйлеу, бақылау, ойын.

Manashova G.N.¹

¹*Master of pedagogical sciences, Teacher, doctoral student, Karaganda State University named after E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan*

Omarova M.K.²

²*Master of pedagogical sciences, Teacher, Karaganda State University named after E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan*

Tasmagambetova A.B.³

³*Master of pedagogical sciences, Teacher, Karaganda State University named after E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan*

CONTROL IN TEACHING A FOREIGN LANGUAGE TO CHILDREN OF PRESCHOOL AGE

Abstract

The article is devoted to the specifics of control organization in teaching foreign language to preschool children. Purposeful control, i.e. when children know that their actions are being evaluated, may adversely affect

the results of the audit. Gaming methods and methods of control cause children's increased interest, positive emotions, help to focus attention on the educational task, which becomes not an imposed from the outside, but a desired, personal goal.

The analysis of the state compulsory standard of pre-school education, programs for children of preschool age on the study of state, Russian and English languages in game and interactive forms for the requirements to the level of foreign language skills of children of senior preschool age is made. The results of a study of the dynamics of the development of foreign language skills of children based on the results of the implementation of the game complex of current monitoring are presented.

Keywords: speech skills, listening, speaking, control, play.

16Послании Президента Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Рост благосостояния казахстанцев: повышение доходов и качества жизни» говорится о том, что основы мышления, умственные и творческие способности, новые навыки формируются в самом раннем детстве. Акценты в образовании смещаются в сторону модели «4К»: развития креативности, критического мышления, коммуникабельности и умения работать в команде [1].

Владение родным языком в дошкольном возрасте является необходимым условием решения задач умственного, эстетического и нравственного воспитания детей в максимально сенситивный период развития.

Кроме того, в рамках реализации государственной программы развития образования на 2011-2020 годы предполагается воспитание человека нового формата, владеющего тремя языками (государственным, русским, иностранным языком), где высокий уровень владения родным языком является основой для дальнейшего иноязычного обучения [2].

Анализ государственного общеобязательного стандарта дошкольного образования показал, что содержание образовательной области «Коммуникация» направлено на развитие навыков свободного общения со взрослыми и детьми, внимания, интереса к слову, детской литературе, развитие устной и связной речи детей в различных видах и формах детской деятельности [3].

По мнению ученых, изучающих особенности раннего обучения иностранному языку, в дошкольном возрасте изучение языков не самоцель, а один из способов интеллектуально-личностного развития ребенка.

Раннее обучение языкам ставит своей целью повышение интереса подрастающего поколения к языковому многообразию мира, воспитание уважения к языкам и культурам других народов, развитие коммуникативных навыков.

Также раннее обучение языкам является важным условием реализации задач развития личности, а именно способствует росту общего уровня образованности, повышению требований к общей культуре, формированию готовности к межнациональному сотрудничеству.

17Настоящее время преобладает количество дошкольных организаций с преподаванием английского языка, а также учреждений дополнительного дошкольного образования по изучению языков. Изучение языков в условиях дошкольной организации предполагает преимущество с последующим звеном.

Основным компонентом содержания изучения иностранного языка является формирование языковых знаний, речевых умений и навыков. В процессе изучения детьми языка необходимо квалифицированное наблюдение за действиями обучающегося. Без осуществления контроля невозможно рациональное управление учебным процессом по изучению иностранного языка.

Понятие контроля в обучении понимается как функция управления, административная процедура проверки работы педагога. С другой стороны, контроль является важной частью дидактического процесса, проверки знаний, умений и навыков обучающихся.

Контроль – это определение уровня владения языком, достигнутого детьми за определенный период обучения. Контроль является необходимым условием управления процессом усвоения иностранного языка.

От правильности организации контроля зависит эффективность учебно-воспитательного процесса. Контроль дает точное представление о динамике процесса обучения, то есть, насколько усвоен языковой материал, как развиты коммуникативные навыки и речевые умения. Объективный контроль усвоения иностранного языка позволяет видеть динамику усвоения языка каждым ребенком и планировать дальнейший педагогический процесс, своевременно корректировать методику обучения иностранному языку. Контроль должен отражать специфику иностранного языка, то есть ведущим объектом контроля на занятиях по языку являются речевые умения.

Выделяют следующие функции контроля: диагностическую (уровень владения языком в соответствии с программными требованиями), обучающую (повторение и закрепление материала), управляющую (управление процессом усвоения языка), корректирующую (внесение изменений в методику обучения), оценочную (выводы).

1. Айбын. Энциклопедия. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. Сухомлинский В.А. Коллективтің құдіретті күші. - Алматы: Мектеп, 1999. Әбенбаев С.Ш Тәрбие теориясы мен әдістемесі. - Алматы, 2007.
4. Болдырев Н.И. Сынып жетекшісі. - Алма-Ата, 2000. 5. Жұмабаева Ә. Ата-аналар жауапкершілігі. - Алма-Ата, 2007. Капралова Р. Сынып жетекшісінің ата-аналармен жүргізетін жұмысы. - Алма-Ата, 2003.
- В Арнаутова Е.П., Иванова В.М. Общение с родителями: зачем? - М., 2003

МРНТИ 14.25.05

Қ.Е. Ағыбай¹

¹ п.ғ.м., аға оқытушы, «Педагогика және психология» кафедрасы, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ, Қазақстан

ЭТНОПЕДАГОГИКА МАТЕРИАЛДАРЫН ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КОММУНИКАТИВТІЛІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС DAҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа

Еліміздің егемендігінің баянды болуы жастарымызды ұлтымыздың құндылықтарын бойына сіңіре отырып тәрбиелеуді мақсат етіп алдына қояды. Білім негізі бастауышта деген қанатты сөзді негізге алатын болсақ, бастауыш білім табалдырығынан бастап оқушыларды этнопедагогика материалдарын пайдалана отырып тәрбиелеу қажет. Ұлттық тәрбиенің негізі халық ауыз әдебиетінің түрлері мақал-мәтелдер, аңыз әңгімелер, ертегілер, эпостық жырлар, жаңылтпаштарды күнделікті сабақта ғана оқып ғана қоймай, әлеуметтік тұрмыста қолданса ұлттық мәдениетіміздің дамуына негіз болады. Сонымен қатар этнопедагогика материалдарын өзара қарым-қатынаста қолдану арқылы оқушылардың коммуникативтілік қарым-қатынас дағдыларын дамытуға болады. Коммуникативтілік қарым-қатынас дағдылары бұл адам өмірінің негізгі тірегі болып табылады.

Түйін сөздер: этнопедагогикалық білімдер, коммуникативтілік, қарым-қатынас, дағды, ұлттық тәрбие.

К.Е. Ағыбай¹

¹ м.п.н., старший преподаватель, кафедра «Педагогика и психология», КазНПУ им. Абая, г. Алматы, Қазақстан

ФОРМИРОВАНИЕ КОММУНИКАТИВНЫХ НАВЫКОВ ОБЩЕНИЯ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЫ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ЭТНОПЕДАГОГИЧЕСКИХ МАТЕРИАЛОВ

Аннотация

Стабильность суверенного государства ставит перед собой цель воспитывать молодежь, прививая в них ценности нации. Если исходить из высказывания «Основа знаний закладывается в начальной школе», то необходимо с первых дней воспитывать учеников начальной школы, используя материалы этнопедагогики. Использование устного народного творчества как основного метода методов национального воспитания (эпических песен, легенд, сказок, скороговорок, пословиц и поговорок) не только на уроках в школе, но и в социальном быту будет способствовать развитию национальной культуры. Применение этнопедагогических материалов в общении также способствует развитию коммуникативных навыков учащихся. Навыки коммуникативного взаимоотношения являются стержнем в жизни человека.

Ключевые слова: этнопедагогических знания, коммуникативность, взаимоотношения, навыки, национальное воспитание.

K.E. Agibay¹

¹*Master of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer, Department of «Pedagogy and Psychology» Abay KazNPU, Almaty, Kazakhstan*

FORMATION OF COMMUNICATIVE COMMUNICATION SKILLS OF ELEMENTARY SCHOOL PUPILS USING ETHNOPEDAGOGICAL MATERIALS

Abstract

Stability of the sovereign state puts before itself aim to educate young people by instilling in them the values of the nation. If we proceed from the proposition "The knowledge base is laid in the primary school", it is necessary to educate students from the first day of elementary school using the ethnopedagogics materials. Using the oral national creativity as the basic method of national parenting methods (epic songs, legends, tales, tongue twisters, proverbs and sayings), not only at the lessons at school, but also in social life, will contribute to the development of national culture. Application of the ethnopedagogical materials in communication also contributes to communication skills of pupils. Skills of communicative mutual relation are the core in human life.

Key words: ethnopedagogical knowledge, communication, relationships, skills, national education

Қазіргі жалпы білім берудің мақсаты Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне белсене қатысуға дайын, құзыретті интеллектуалды және рухани дамыған тұлғаның қалыптасуына мүмкіндік туғызу болып табылады.

Тұлға тек іс-әрекеттің әр түрінің жүзеге асуы барысында ғана дамиды. Ол жеке тұлғалық қасиеттердің тәрбие пәні ретінде қалыптасуына тікелей байланысты. Қарым-қатынастың қалыптасуы үшін қажеттісі мен маңыздысы ол педагогтың балалар іс-әрекетін ұйымдастыруда олардың жеке тұлғалық дамуына қажеттіліктері мен талпынысының талаптандыратындай, сананың (білімін, көзқарасы мен сенімін) қалыптасуына ықпал ететін мінез-құлығы мен өзіндік жеке тұлғалық қасиеттерінің алғы шартын туғызатын еріктілік сферасын дамытатындай әдіс-тәсілдерін дұрыс қолдана білуі болып табылады.

Қарым-қатынас ол күрделі педагогикалық үрдіс оның зерттелу негізі тарихи генезисі мен тығыз байланысты. Мәселенің алғаш генезисін зерттегендер ағылшын психологтары Дж. Боулби мен Р. Спитц. Олар қарым-қатынастың ана мен бала арасындағы бірінші дәрежелі маңыздылығын олардың психологиялық дұрыс дамуына үлес қосуда аса ерекше орын алатындығын атаған.

КСРО кезінде қарым-қатынасты зерттеудің негізі 1960 жылдан бастап кең етек жая бастады. Адамның қандай да болмасын іс-әрекеті қарым-қатынассыз жүзеге аспайды. Қарым-қатынас арқылы адамдар әртүрлі теориялық және тәжірибелік іс-әрекеттерді ұйымдастырады, хабар алмасады, өзара бір-біріне әсер береді.

Қарым-қатынас әрбір жеке тұлғаның дамуындағы аса маңызды құрал болып табылады. Тек қарым-қатынас үрдісінде ғана әлеуметтік-тарихи тәжірибе, білім меңгеріліп тәжірибелік іскерліктер мен дағдылар рухани қажеттілік қалыптасады.

Философиялық зерттеулерде қарым-қатынастың теориялық және тәжірибелік маңыздылығы дәлелденген. Оқыту мен тәрбиенің қарым-қатынаспен органикалық байланысын және қарым-қатынастың шығармашылық табиғатын Л.П. Буева, С.М. Каган еңбектерінде қарыстырылып өтеді.

Тарихи қоғамдық санадағы қарым-қатынас мәселесінің пайда болуына философиялық тұрғыдан талдағанда белгілі философ М.С. Каган өзінің «Мир общения» деп аталатын еңбегінде ... қарым-қатынас субъектілі-объектілік қатынастар жүйесінде қарастырады, яғни қарым-қатынастың саналы негізі тек адамға ғана тән құбылыс екендінің негізгі дәлелі.

Қарым-қатынас ұғымына педагогикада алғаш талдау жасаған А.Ф. Лазурский. Ғалымның анықтамасы бойынша қарым-қатынас тұлғаның сыртқы объектілерге, адамға, рухани байлыққа, материалдық дүниеге қатынасын білдеретін ұғым.

Ал В.Н. Мясичев өз зерттеулерінде қарым-қатынасты белгілі тұлғалардың өзара іс-әрекет үрдісі ретінде бір-бірінің бейнесін, бір-біріне деген қатынасын, бір-біріне ықпалы мен әсерін танытатын үрдіс ретінде қарастырады. Бұл зерттеулерден байқайтынымыз педагогикалық үрдістегі біріншіден оқытушы мен оқушы арасындағы тікелей байланыс, екіншіден оқушы мен оқушы арасындағы байланыс, үшіншіден оқушының өзіне деген байланыстың орнайтындығын қарастырады [1].

Қарым-қатынасқа талдау жасағанда оның ең бөлшектенгіш бірлігі – қарым-қатынас құралы болып табылады. Ол операциялардың көмегімен әрбір қарым-қатынасқа қатысушы адам өзінің іс-әрекетін құрып, өзге адаммен өзара іс-әрекетке түсуге өз үлесін қосады.

Қарым-қатынас құралының үш негізгі категориялары бар:

-экспрессивті-мимикалық (көзқарас, күлімсірей қарау, мимика, дененің мәнерлі қимылы, дауыс мәнерлігі);

-заттық-әрекеттік (сенсомоторлық және қимыл-қозғалыс, қарым-қатынас мақсатында қолданатын позалық тұрыс, қарсылықты білдіруші тұрыс, үлкендермен қарым-қатынасқа түскісі келмейтіндігін білдіруші қимыл әрекет);

-тілдік (ойды білдіру, сұрақ қоюға жауап беру, ілікпе сөздер).

Қарым-қатынастың құрлымдық бөлімінің бірі ретінде қарым-қатынас әрекеті болып табылады. Қарым-қатынас әрекеті – коммуникация бірлігі болып табылады. Қарым-қатынас әрекеті аяқталған ойды білдіре отырып екі категорияда байқалады: басқа адаммен белсенді түрде байланысқа түсу немесе басқа адамның сұрағына жауап беру.

Жоғарғыдағы аталған қарым-қатынас құрлымының негізгісі міндет болып табылады. Қарым-қатынас міндеті дегеніміз – қарым-қатынас үрдісінде әртүрлі әрекеттерді орындау арқылы жетуге бағытталған мақсат. Қарым-қатынас міндеті индивидтің қарым-қатынасты сақтап немесе созып, өзгертіп жеке әрекетімен байланысты.

Қарым-қатынас құрлымдық компонентінің соңғысы –қарым-қатынас өнімі. Ол өз нәтижесінде қарым-қатынасты құрайтын материалдық және рухани сипаттағы білім беру мазмұнын құрайтындығы белгілі.

Баланың қарым-қатынас жасау дағдыларының қалыптасуына ықпал етуші рөл ынталандырушы үлкендер тобы. Баланың адам болып қалыптасуына яғни сөйлеуге, ойлауға, сезіне білуге үйренуі үлкен адамның көмегінсіз жүзеге аспайды. Бұл қажеттілік баланың туған кезінде ғана емес, оның мектеп кезеңін толық қамтиды.

Осыдан келіп бастауыш мектеп жасындағы баланың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруда мынандай жағдайларды негізге алған жөн:

-баланың қарым-қатынасқа деген қызығушылығын арттыру;

-қарым-қатынасқа тәрбиелеуде этнопедагогика материалдарын қолдану;

-коммуникативтік іскерлікті қалыптастыруда бастауыш мектепте жүзеге асыру; -балалардың қарым-қатынасын қалыптастыруда үлкендердің рөлін кеңейту; -балалардың әділ бағалау қабілеттерін жетілдіру.

Қазақстан Республикасының орта білім беруді дамыту тұжырымдамасында көзелгендей қазіргі бастауыш мектептердің көп қырлы міндеттерін шешу үшін мектеп ұжымдарында әр сынып жетекші күнделікті ізденісі арқылы жаңалықтар мен өзгерістерге батыл жол ашарлық қарым-қатынас жасау керектігі басты мәселенің бірі болып отыр. Яғни қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыратын жетекші құралдардың бірі –ол ұлттық мазмұндағы материалдар болып табылады.

Баланы өз өмірінің жалғасы деп ұққан халық әр уақытта да асыл қазынасын балаларға арнаған. Сонымен бірге оны балаларға айтып, дәріптеп отыруға аса зор мән берген. Бастауыш сыныптардың оқу-тәрбие үрдісінде халық педагогикасының озық үлгілерін орынды пайдаланудың берері мол. Өйткені халық ауыз әдебиеті үлгілері жас ұрпаққа туған елін сүйуге үйретіп, ерлік пен әділдікке дәріптейді, жамандық пен зұлымдықтан жирендіріп, адалдыққа, мейірімділікке, әдептілікке және әсемділікке тәрбиелейді.

Ата-бабамыздың ұрпағына мұра еткен бар асылының қаншама ғасырлар бойы өшпей, жалғасып келе жатқаны – тіл құдіреті мен танымының тереңдігінің көрінісі. Адам баласының өз тіршілігінде көрген-білгенін, оқып-түйгенін ойлап-толғап, қорытып, келешек ұрпағына мирас етіп қалдыратыны - табиғи заңдылық. Мұндай дүниелер әртүрлі жолдармен де берілетіні белгілі. Соның бірі ата-бабамыздан қалған мәдени мұра – халықтың ауыз әдебиеті.

Мектептің бастауыш сатысында оқушыларды тәрбиелеу мәселесі ең негізгі талаптардың бірінен саналады. Қазақ халық ауыз әдебиеті үлгілерінің барлығы дерлік балаға өмір танытарлық қызмет атқарары сөзсіз. Айнала қоршаған ортаның қыр-сырын, сыр-сипатын танытып, таным әрекеттерін, яғни қиялын, ойлауын, есте сақтауын, тілін, қарым-қатынасын дамытады. Баланың қарым-қатынасын тәрбиелеу ісіне қажетті барлық мүмкіндіктер ауыз әдебиеті үлгілерінен табылады. Сол арқылы бала халықтық шығармаларды оқып-танысу барысында адмгершілік асыл қасиеттердің адамды армен-мұратына жеткізетініне, ал жамен қылық, жат әрекеттердің зияны тиіп, жаманшылыққа ұшырататынына көз жеткізеді.

Кез-келген халықтың алыс заманалардан бері қалыптасқан өмір салты, мәдениеті, дәстүр, тағылымдары бар. Дәстүр – бір заманнан екінші заманға ауысып отыратын қоғам өмірінің дамуына сәйкес өзгеріп, өсіп, өніп, кейбіреулері жаңа мазмұн алып, әрмен қарай дамиды халықтың қоғамдық-

тарихи өмірінде қалыптасқан жанды құбылыс. М. Әуезов ұлттық дәстүр туралы былай деген еді. «Ұлттық дәстүрлер көркемдік шеберліктің халықтар жинаған мол қазынасын ғасырдан-ғасырға әкеп тапсыратын эстафета іспетті... Дәстүрлер шебер суреткерлердің жаңашылдық ізденуі арқасында толысып, түрленіп отырады. Жаңа дәстүрлер туады» [2].

Әрбір тарихи кезең әртүрлі заман талабына көлденең тартады дерлік. Қоғамдағы жаңару, сілкініс, өмірге үлкен өзгеріс әкеледі. Ендеше, әрбір тарихи кезең өз жаңашылдығын туғызады. Дәстүрге жаңа леп, жаңа өзгеріс кіреді, байды.

Қазіргі қазақ балалар поэзиясы да фольклорлық мол қазынадан нәр алып, жаңарып, жасарғаның бірі. Жұмбақ, жаңылтпаш қайсысы болмасын бүгінгі балалар поэзиясында өзгерген, өскен, формалық жағынан түрленген, фольклорлық дәстүрді үлгі ете отырып, жаңа мазмұн алып, көркемдік, танымдық, тәрбиелік мәні бар ұлан-ғайыр дүниеге айналып отыр. Әсіресе, жұмбақтардың жаңылтпаштардың жанрлық, түрлік ауқымы кеңейіп, тәрбиелік, танымдық, тағылымдық қасиеті де артып отыр.

Қазақ халық ауыз әдебиеті үлгілерінің қай жанрын алсақ та, танымдық, тәлімдік мәні бар зор мәні бар ұлан-ғайыр құнды дүниеге тап боламыз. Оның ішінде жұмбақтар, ертегілер, аңыз әңгімелер, жырлар баланың тілін, ой-өрісін дамытатын, жан-дүниесін, қарым-қатынасын қалыптастыратын құрал деуге болады. Халықтың табиғи таным үрдісі, өмір тәжірибесі нәтижесінде ой елегінен өткізіліп, жинақты айтылған аз сөзінде терең ой, көп мағына мен мәнді тұжырымының болу халық педагогикасындағы үлкен шеберлікті көрсетеді. А. Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде: «...Ауыз әдебиетінің ішіндегі жұмбақ нәрсені қолға жұмып тұрып таптырмайды. Ойда бүгін айтпай қойып, сол нәрсеге ұқсас нәрселерді сипаттап айтып, ұқсастығы бойынша таптырады. Жұмбақ – зейінді ұстартуға пайдасы бар нәрсе,» - деп түсіндірген [3].

Жұмбақтың білімдік-тәрбиелік маңызы зор. Халықтың ойлау жүйесін танытып, дүниетанымынан түсінік береді. Баланың логикалық ойлау қабілетін дамытып, ақылын күшейтеді. Өз бетінше талдау, қорыту, шешім қабылдай білуге үйретеді.

Жұмбақтың танымдық маңызы да бар. Әртүрлі тақырыптағы жұмбақтар балаға айналасындағы дүниені танытып білдіреді. Байқау, бақылау, аңғару, зер салуға тәрбиелейді. Бала қоршаған ортаны белгілі-бедеріне, сын-сипатына, қадір-қасиетіне мән беретін болады. Жұмбақтар баланы әр нәрсенің қалай, қайда болуы, қайдан шығуы, не үшін керектігі және т.б. туралы себеп-салдары жайлы толғандырады. Жұмбақтар балалардың ойын өсіріп, танымын кеңейтумен қатар тілін де дамытады. Жұмбақтың шешуін айту кезінде балалар сипаттау, талқылау, дәлелдеу тәсілдерін үйренеді. Шешімін айтуда өз ойын дұрыс, дәлме-дәл, нақты, керекті сөздермен жеткізе білуге тырысады. Жұмбақтар - нәрсенің, заттың, құбылыстың жалпы сыртқы көрінісін сипаттау, ішкі мазмұнын білдірту, екінші бір нәрсемен салыстыру, басқа нәрсеге теңеу, ұқсату, баламалау, әсірелеу т.б. мазмұнда беріледі.

Мысалы,

Ақ жібек асыл көрпедей,

Қыс болса жерді жабады.

Жазғұтырым болғанда

Су болып сайға ағады.

Бастауыш мектептің ана тілі сабағындағы бұл жұмбақтың білімділік және тәрбиелік мәнімен қатар оқушылардың айнала қоршаған ортамен қарым-қатынасын реттеуге көмектеседі.

Сонымен қатар оқушыларға мақал-мәтелдерді айтқызы отырып қарым-қатынастарын дамытуға болады.

Мысалы, сыныпты екі топқа бөле отырып жарыстыру.

- Мақал-мәтелді іле жалғастыру. Мұнда бірінші топ оқушылары мақал-мәтелді айтады, екінші топ оқушылары іле мақал-мәтелді жалғастырады. Мұндай жарыста кідірмеу шартқа кіреді және кідірісте басқа топ мақал-мәтелдерін айтып, өз ұпайларының санын арттырады.

- Құрамына келтірілген сөз арқылы мақал-мәтелді табу. Бірінші топ: «Өнер...» Екінші топ: «Өнерлінің қолы алтын»

- Мақал-мәтелдердің жартысын жылдам жазу. Мұндай жарысты алғашқы топ мақал-мәтелдердің жартысын айтады, қалған жартысы іле тақтаға жазады. Жалғастыра алмаған жағдайда қарсы топ жеңіске жетеді. Мысалы, «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы».

- Мағаналас мақалды табу. Әр топ бір-біріне тақырып атап, сол тақырыпта 3-5 мақал атауды талап етеді. Мысалы, батырлық туралы 5 мақал-мәселді ата, егер таба алмаған жағдайда қарсы топ жеңіске жетеді.

- Мақал-мәтелдердің мағанасын түсіндіру.

Мысалы,

«Тас кеспек болса да,

Тіл кеспек жоқ».

«Тіл жүйрік емес, шын жүйрік»

Осындай сабақ барысында қолданған мақал-мәтелдер біріншіден оқушылар жараса отырып жаңа сабақты игеруге мүмкіндік алса, екіншіден ұлттық мәдениеттен, ауыз әдебиетінің үлгілерін меңгерудегі тәрбиелік мүмкіндігі, ал үшіншіден топ арасындағы қарым-қатынас, бір-бірін тыңдау, бір-біріне болысулары сынып оқушыларының қарым-қатынас коммуникативтілік дағдыларын қалыптастыруға негіз болады.

Халықтың рухани байлығын, асыл мұрасын дәріптеп бала бойына сіңіру арқылы оны дара тұлға ретінде дамытуға мүмкіндіктер ашылады. Сан ғасырлар бойы халық педагогикасының шындалған, өмір тәжірибесінде сұрыпталып, бекіген қағидалары бала тәрбиелеу ісіне қалытқысыз қызмет етіп келеді. Ұжымдық яғни халықтық адамгершілік, даналық, эстетикалық сезімталдық мұраттардан туған халықтық шығармалардың басты нысанасы – халықтың өзінің ой-арманындағы нағыз адам бейнесін сомдап, осы үлгіде ұрпағын, болашағын тәрбиелеуді мақсат тұтқандығында. Мұндай идеал жалпы азаматтық аясының ізгіліктік танымына үйлесімді кірігуімен құнды болмақ.

Этнопедагогика материалдары арқылы оқушылардың коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыруға, дүние әлемін еркін бойлай алуына, туған елдің дүниетанымын бойына сіңіруіне, халық түсінігіндегі әсемдікті сезіне білуіне, халықтың салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарды үйренуіне игі әсерін тигізіп, адамгершілік ізгілік, көркем эстетикалық тәлім-тәрбие беруінде маңызы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мясущев В.Н. *Человек: деятельность и общение*. М: Мысль, - 1978. -С.216

2. Әуезов М. *Әр жылдар ойлары*. – Алматы: ҚМКӘБ, -1959.

3. Байтұрсынов А. *Әдебиет танытқыш*. – Алматы: Ана тілі, -1992.

УДК 373.24

МРНТИ 14.35.09

А.А.Алимбекова¹, Т. С.Жұмашева²

¹PhD., Абай атындағы ҚазҰПУ, Сорбонна-Қазақстан институтының аға оқытушысы, Алматы қ., Қазақстан

²бДО10100 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығының 2 курс докторанты, Абай атындағы ҚазҰПУ, Сорбонна-Қазақстан институты, Алматы қ., Қазақстан

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ТӘРБИЕШІСІНІҢ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ - ЛИДЕРЛІК САПАЛАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ БІР ҚҰРАМДАС БӨЛІГІ

Аңдатпа

Мақалада мектепке дейінгі ұйым тәрбиешелерінің сөйлеу мәдениеті кәсіби лидерлік сапаларының негізгі бір құрамдас бөлігі екендігі айтылған. Тәрбиешілердің сөйлеу мәдениеті, атап айтсақ сөз шешендігі, дауыс ырғағы, сөзді сауатты саптауы мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорының дамуына, сөздерді қосып, байланыстырып мазмұнды айтуына ықпалы зор. Мақаланың мақсаты мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің сөйлеу мәдениетін сақтаудың маңыздылығын көрсету, сөйлеу кезінде жіберетін қателіктерін анықтау және оны түзетудің жолдарын көрсету арқылы заманауи лидер тәрбиешінің тұлғасын қалыптастыру. Мақалада сөздің ықпал етуіне әсер ететін факторлары аталып, тәрбиешінің сөзіне қойылатын негізгі талаптар көрсетілген. Авторлардың пікірінше, мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің сөз мәдениетінің жоғары деңгейде болуы, баланың жүрегіне жол таба білуі кәсіби лидерлік сапалары деп тұжырымдайды.

Түйін сөздер: лидерлік сапалар, қасиет, тіл, сөз, сөйлеу техникасы.

А.А.Алимбекова¹, Т. С.Жұмашева²

¹PhD., Старший преподаватель, Института Сорбонна-Казахстан при КазНПУ им. Абая, г. Алматы, Казахстан

²докторант 2-курса по специальности 6D010100-Дошкольное обучение и воспитание, Института Сорбонна-Казахстан при КазНПУ им. Абая г. Алматы, Казахстан

КУЛЬТУРА РЕЧИ ВОСПИТАТЕЛЯ ДОШКОЛЬНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ - ОСНОВНАЯ СОСТАВЛЯЮЩАЯ ЛИДЕРСКИХ КАЧЕСТВ

Аннотация

статье говорится, что культура речи воспитателей дошкольных организации является одной из основных составляющих профессиональных лидерских качеств. Культура речи, в том числе ораторское мастерство, ритм голоса, грамотно излагаемая речь воспитателя дошкольной организации имеет большое влияние на развитие словарного запаса, словосочетаний, связывание речи детей. Цель статьи заключается в том, чтобы показать важность сохранения культуры речи воспитателя дошкольной организации, выявить ошибки, допускаемые при речи, и сформировать личность воспитателя, как современного лидера с указанием путей его исправления. В статье отражены факторы, воздействующие на влияние речи, изложены основные требования к речи воспитателя. По мнению авторов, воспитателями дошкольных организаций являются высокий уровень культуры речи, умение находить путь к сердцу ребенка и профессиональные лидерские качества.

Ключевые слова: лидерские качества, достоинство, язык, речь, речевая техника.

А.А.Алимбекова¹, Т.С.Жұмашева² ¹PhD. Senior teacher, Sorbonne-Kazakhstan at Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan

²PhD. 2-year specialty 6D010100-Pre-school education and upbringing, Sorbonne-Kazakhstan at Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan

THE CULTURE OF SPEECH TEACHER PRESCHOOL ORGANIZATION-THE MAIN COMPONENT OF LEADERSHIP QUALITIES

Abstract

The article States that the culture of speech educators preschool organization is one of the main components of professional leadership qualities. Culture of speech, including public speaking skills, rhythm, voice, well-articulated speech of preschool teacher has a great influence on the development of vocabulary, phrase, associating the speech of children. The purpose of the article is to show the importance of preserving the culture of speech of the preschool teacher, to identify mistakes made in speech, and to form the personality of the teacher as a modern leader with the indication of ways to correct it. The article reflects the factors affecting the influence of speech, sets out the basic requirements for the speech of the teacher. According to the authors, preschool teachers are a high level of culture of speech, the ability to find a way to the heart of the child and professional leadership qualities.

Key words: leadership qualities, dignity, language, speech, speech technique.

Заманауи мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі мақсатқа ұмтылғыш, баланы сүйетін, коммуникативті дағдылары жоғары, сөзге шебер, белсенді, жауапты сияқты өзекті кәсіби білімдерді игеруі қажет, яғни лидер болуы тиіс. Осыған орай ЖОО-дарында студенттерге болашақта педагогикалық іс-әрекетті тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін лидерлік сапасы қалыптастырған жөн. Қазіргі мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің іс-әрекет тәжірибиесі көрсеткендей, егер тәрбиеші өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі дамыту сияқты қасиеттерді игеретін болса, ол өзінің кәсіби іс-әрекетінде өте жоғары нәтижелерге қол жеткізетін болады. Мұндай қасиеттерге ие адамдарды ғалымдар (Г.М. Коджаспирова, А.Ю. Коджаспиров, Р.Л. Кричевский, В.П. Поздняков және басқалары) лидер деп сипаттайды. Заманауи бәсекеге қабілетті

мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі міндетті түрде лидер болуы шарт. Өзінің кәсіби іс-әрекетінің түрі бойынша мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі балалар ұжымына (топты) жетекшілік жасайды. Әртүрлі тәрбие жұмыстарын жүргізеді, әлеуметтік маңызды тұлғалық құндылықтардың насихаттаушысы болып табылады. Тек мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі ғана баланың бойында адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етеді және оларды танымдық іс-әрекетке ынталандырады, олардың бойында жағымды қондырғыларды қалыптастырады. Мұндай жұмысты жүзеге асыру, балалардың оқу-тәрбие іс-әрекетін тиімді басқару, субъект-субъект қарым-қатынасы негізінде тек беделді, белсенді, референтті және ықпалы зор қасиеттерді игерген тәрбиеші ғана өзара әрекеттесуге мүмкіндігі бар. Аталған қасиеттер педагогикалық-психологиялық әдебиеттерді талдаудың нәтижесі көрсеткендей, (Р.Л. Кричевский, Р.С. Немов, А.В. Петровский және басқалары), лидердің негізгі қасиеттері болып табылады. Осыған сәйкес, лидерлік қасиеттерді игерген заманауи мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі осы сөздің кең мағынасында лидер болуы тиіс [1].

Біздің жұмысымыз үшін педагогтардың кәсіби және әлеуметтік маңызды қасиеттерін зерттеу мәселесімен айналысқан ғалымдардың көзқарасы өте құнды. Олардың ішінде (И.А. Зимняя, П.Ф. Каптерев, Н.В. Кузьмина, В.П. Симонов) маңыздысы ұйымдастырушылық, коммуникативті және тұлғалық сияқты қасиеттер бар яғни лидерлерге тән қасиеттер. Е.В. Андриенко педагогикалық іс-әрекеттің ерекшелігін ескере келе, педагогтардың лидерлік қасиеттерінің екі тобын бөліп көрсетеді.

Бірінші топқа, сәтті қарым-қатынас жасауға ықпал ететін қасиеттер жатады. Олардың ішінде тіл табысушылық, басқаларға бағыттылық, әрекеттестікке бейімділік, эмпатия, достық, шыдамдылық, эмоциялық тұрақтылық, жаңа рөлдерді игеруге икемділік, артистизм бар.

Қасиеттердің басқа тобы педагогикалық еңбектің ерекшеліктерімен анықталады. Оларға жоғары интеллектуалды икемділік, сыни ойлау және ойлаудың жылдамдығы, импровизацияға қабілеттілік, өзін-өзіне сыни көзбен қарау, өз бетімен әрекет етушілік, бастамашылдық және басқалары тиесілі [2, 141–143б].

Осы тұрғыда біз ғалымның көзқарасына түгелдей қосыла отырып, зерттеушінің бірінші топқа қатысты қасиеті – тіл табысушылыққа ерекше тоқталғымыз келеді. Себебі біздің пікірімізше сөз сөйлеу, баламен тіл табыса білу, бұл мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің лидерлік қасиетінің ең маңызды құрамдас бөлігі. Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі әрқашан дұрыс сөздерді таңдау арқылы баланың жүрегіне жол табуы тиіс. Сонда ғана оның жұмысы жемісті болмақ. Өйткені, қай уақытта болмасын, адам бір-бірімен сөйлесіп, өзінің өмірі, тіршілігі, көңіл-күйі қуанышы мен қайғысы, тілегі, арманы туралы білдіргісі келсе, сөз арқылы түсіндіре алады. Сөз – адам баласының бір-бірімен қарым-қатынас жасаудағы күшті құралының бірі. Қазақ халқы ертеден-ақ, «Өнер алды - қызыл тіл» деп ана тілінің басқа тілмен шұбарлануына жол бермеген, адамның сөз сөйлеу мәдениетіне ерекше мән беріп, суырып салма шешендер мен ақындардың сөзді шебер пайдаланғанына ерекше құрмет көрсетіп, «Андамай сөйлеген ауырмай өледі» деп сөздің адамға тигізер әсерін айтып, сөзді ойланып сөйлеудің керектігін де ескерткен, баланы жұрт алдында әдептілік сақтап сөйлеуіне жастайынан тәрбиелеген. Әсіресе, халық «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» деп баласына тәрбие беретін ұстаздың сөйлеу мәдениетінің жоғары болуын жете бақылауда ұстап отырған. Заманның қаншама өзгергеніне қарамастан, бұл мәселе бүгінгі күнге дейін өз өзектілігін жоғалтқан емес. Себебі сөз қоғамның бұрынғы даму дәрежесін белгілеп, оның болашаққа қадам басу мүмкіндіктерін айқындайды. Сонымен бірге сөз адамдардың ақыл-ойына тікелей әсер етудің, бұларға білім берудің, рухани тұлғасын қалыптастырудың және белгілі бір іс-әрекетке жұмылдырудың пәрменді құралы ретінде пайдаланылады.

Кейбір зерттеушілер ХХ ғасырдың 90-шы жылдарынан бастап жалпы сөйлеу мәдениетінің төмендеп кеткенін айтады. Тіл мамандары сөйлеудің жалпы бұрмалануы мен «бояушылығы» паразит-сөздердің кеңінен таралуы және олармен күресуге ниеттің жоқтығы, сөздерде қателіктер жіберу, тілдің ережелеріне назар аудармау, соның ішінде сөздерге екпіннің дұрыс қойылмауы, сөздіктерді пайдалану әдетінің қалыптаспағаны туралы пікірлер айтуда [3].

Қазіргі кезде ауызша сөйлеу заманауи педагогтың кәсіби шеберлігінің маңызды элементтерінің бірі болып табылады және ол тек оқу міндеттерін шешу үшін ғана керек емес. Балалар эстетика ғылымын түсінеді және оны бастан кешіреді егер педагог қандай да бір әңгімені, аңызды эмоционалды әсерге толтырып, баяндап, өзінің жеке ерекшеліктерімен жеткізсе.

Осыған байланысты сөздің ықпал етуі қандай факторларға тәуелді екенін білейік:

1. Дәлелдей алу біліктілігі, сөздің логикалық құрылымы.
2. Сөйлеу техникасын игеру: тыныс алу, дауыс, дикция.

3. Экспрессивті біліктілік: сөйлеудің бейнелілігі, оның интонациялық мәнерлігі, логикалық акценті және үзілістер, сөздің әуені.

4. Қосымша (эктосемантикалық) құралдарды пайдалану: ым-ишара, мимика, икемділік, белгілі бір кейіп, қарым-қатынас қашықтығы, «диагонал-вертикал» балансы.

5. Пікірталас жүргізе алу біліктілігі немесе тыңдарманмен біріккен іс-әрекетті этика-психологиялық тұрғыдан құрастыра алуы.

6. Перцептивті біліктілік, тыңдарманның реакциясы мен есепке алумен байланысты, көрнекілікті пайдалана алу біліктілігі [4, 83б].

Сөз шеберлерінің (жазушылар, қоғам қайраткерлері) пікірінше, *жақсы сөйлеуде* келесідей белгілер бар:

В сөздің дұрыстығы, яғни оның көркем әдеби тілдік талаптарға сай келуі;

В сөздің нақтылығы, яғни сөйлеушінің ойларына айтып жатқан сөзінің сәйкес келуі;

В сөздің анық болуы яғни тыңдарманның түсінуіне қолжетімділігі;

В сөздің логикалығы, яғни логика заңына сәйкес болуы. Тілдің ұстамсыздығы, ойдың анық еместігін шарттайды;

В сөздің қарапайымдылығы, яғни жасампаздықтың жоқтығы, табиғилық;

В сөздің байлығы, ондағы тілдік құралдарды пайдаланудың әртүрлілігі;

В сөздің тығыздығы, яғни артық сөз керексіз қайталанулардың болмауын қадағалау;

В сөздің тазалығы, бейәдеп, балағаттау сөздермен, басқа тілмен шұбарланбауын қадағалау;

В сөздің жанды болуы, бір қайталаулардың болмауы, мәнерлі, бейнелі болуын қадағалау.

В сөздің әдемі дыбысталуы, яғни құлаққа жағымды дыбысталуы, сөздерді дыбысталуына қарай отырып, іріктеу.

Барлық өнер, ғылым саласы сияқты педагогикада да сөйлеу мәдениетін тек дарынды, өз ісін сүйетін, қабілетті адам ғана меңгере алады. Жақсы сөйлеуге көптеген тәрбиешілер қабілетті. Әдемі сөйлеу, балаларды өз сөзімен көңілдерін баурап алу – тек артистік қабілеті жоғары педагогтарға дарыған қасиет, олар қылқаламымен сурет салған суретші тәріздес балалардың көңілін өзсөздерімен жаулап алады, олардың көңілін бірден сабаққа шоғырландыра қояды. Олардың сөздері көркемділікке толы болады. Көптеген жағдайда сөздің әдемілігін белгілі бір адамның жеке талантымен түсіндіруге болады. Кейде адам гүлдендіріп сөйлей алмаса да, оны үзіліссіз тыңдай беруге болатын кездер болады.

Ғалым О.С. Булатованың пікірінше, «Сөздік артистизм – бұл педагог тұлғасының сөзінің жарқын көрінісі, балалардан эмоционалды лебізін шақыратын сөзді тудыру біліктілігі. Бұл оның энергетикасы, қарқындылығы, мәнерлілігі, экспрессивтілігі, вербальді емес тілді нәзік және орынды пайдалана білуі [4].

Жалпы педагогтың сөйлеуі барысында ойын тыңдаушысына жеткізуді оның психологиялық мәдениетінің әсері күшті, яғни педагогтың жеке тұлғасының аудитория ерекшеліктеріне, қойылатын талаптарға сай болуы маңызды рөл атқарады. Сондықтан, педагог жалпы және әлеуметтік психология қағидаларын білім қана қоймай, оларды өз қызметінде орынды пайдалана білу де қажет. Сөйлеу барысында педагог белгілі бір жолмен әсер етіп, ықпал жасауды көздейді, тиісінше, аудиторияда педагогтарға кері әсер етуге тырысары сөзсіз, яғни педагогтың көзқарасын қабылдау – қабылдамауы, өзінің іс-қимылы, сұрақтар қою арқылы тыңдаушы да сөйлеушіге ықпал етеді. Педагог тыңдаушының іс-әрекет көңіл күйіне орай өз сөзін өзгертуге жанынан шығарып жауап беруге мәжбүр болады. Алдына қойған мақсатын қандай жағдайда да іске асыру үшін сөйлеуші көптеген қасиеттер мен әдеттерді меңгеруі шарт. Ең алдымен ол тыңдаушыға әсер ете алатындай қандай құралдар бар екенін жақсы білуі керек. Мәселен, дыбыс, ишарат сөз, сөйлеу мәнері жүріс-тұрыс т.с.с. Ж.Аймауытовтың «психология» атты еңбегінде осы бет пішін, көзқарас, қол сермесу, ымдату дегендерге тұтас бір бөлім арнаған. Онда көзқарас туралы «Көз – ішкі сырдың айнасы» деп анықтама беріледі. Бұлардың бәрі де мағұлмат беру үшін сонымен бірге қажетті әлеуметтік-психологиялық жағдай (атмосфера) тудыру үшін пайдаланылады, тыңдаушының ой-санасына көңіл-күйіне әсер етуге септігін тигізеді. Мәселен, сөйлеу алдында аз кем тыныс жасауға кеңес беретін қарапайым әдістемелік қағида бар. Бірақ, үнсіздік қанша уақытқа созылу керектігін дұрыс айыру үшін бұл қағиданың өзі неден туғанын білу керек. Бастапқы үнсіздік немесе тыныстың негізгі рөлі психологиялық сәт. Ол шын мәнісінде, тыңдаушының көңілін өзіне аудару үшін қажет. Педагогқа бұл тыныс жасау сонымен бірге өз қобалжуын басып, ойын жинақтау үшін қажет [5].

Бала-бақша тәрбиешісінің сөзі оның барлық іс-әрекеті мен мінез-құлқы тәріздес мектеп жасына дейінгі балалардың еліктейтін адамының үлгісі болып табылады. Сондықтан оған ерекше мән беріп қарау керек. Бірақ, тәрбиешінің сөзі шын мәнінде үлгілі болуы мүмкін. Егер оның сөзі таза болса. Алдымен біз тәрбиешінің сөзіне қойылатын негізгі талаптарға тоқталайық. Біріншіден, сөздің мазмұны мектеп жасына

дейінгі баланың нақты жас деңгейіне сәйкес келуі керек. Мәселен, үш жастағы балалар сөздердегі тек факттарды түсінеді, бұрмалау сөздердің мағынасын түсінбейді. Керісінше, мұндай бұрмалаулар оларды қалыпты мағынада түсініп, қабылдауға кедергі келтіреді. («Арман, терезені ұстама», «Жазира суретке сызба т.с.с.»). Ал, одан үлкен жастағы балаларға балалардың өзі қорытынды жасап шығаруға ықпал ететін оборот қосуға болады. («Ләззат, егер еденді былғайтын болсаң, оны қайта жудыруға тура келеді», Қайрат егер стаканды сындыратын болсаң, ол сынып, бізді жарақаттауы мүмкін»). Екіншіден, тәрбиеші сөйлемді сауатты құрастыра білуі керек. Бала-бақша тәрбиешісі сөйлемдердегі н, р сияқты әріптерді оның айтып, сөздерге екпінді дұрыс қоя білуі тиіс. Себебі сөйлеу тілі енді қалыптасып келе жатқан мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиешінің айтқаны мен көрсеткен іс-әрекеттерін бірден қабылдап алады. Міне, бұлардың барлығы кішкентай адамның сөйлеу мәдениетін құрастыруға әсер етеді. Үшіншіден, сөйлеудің мәнерлілігін күшейту үшін құралдарды пайдаланған дұрыс. Тәрбиешінің сөзі бірқалыпты болуы мүмкін. Ондай болған жағдайда мектеп жасына дейінгі балалар оны дұрыс қабылдай алмауы мүмкін. Мәселен, «Томирис неге ұзақ шайнап отырсың, тезірек же» дегеннен гөрі, оған эмоционалды бояу қосу арқылы керемет нәтижелерге қол жеткізуге болады. Мәселен, «Балалар сендер байқадыңдар ма, бүгінгі ботқаның қаншалықты дәмді болғанын?», «Айзере жарайсың сен өте ұқыпты тамақтанып отырсың» т.с.с. Мұндай жағдайда әдетте мадақтамалар балаға басқалардың барлығына жаппай ынталандырушы ретінде әсер етеді. Балалар тәрбиешіге дұрыс тамақтананып отырғандарын көрсеткісі келеді. Сонымен бірге тәрбиешінің сөйлеуінің эмоционалды жағы баланың тыңдау мәдениетін көтереді. Сондай-ақ мектеп жасына дейінгі баланың өздері диалогқа түсуге немесе өз бетімен әңгімелесуіне ықпал етеді. Сонымен бірге мүмкін болса сөйлеу дамуында кемшіліктері бар тәрбиеші маманды жұмысқа жібермеген жөн (еркелетіп сөйлеу, тілін шайнап сөйлеу, шолжындық, әріптердің дыбысталуының қырылдауы). Мұндай жағдай болған жағдайда аталған келеңсіздіктерді тәрбиеші логопед маманымен бірге жаттығулар жасау арқылы түзетуге тырысқан жөн. Төртіншіден, бала-бақша тәрбиешісі сөйлеу оборотын дұрыс пайдалана алмаған мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлемін үнемі түзетіп отыруы керек. Тәрбиешінің сөзі балалардың сөйлеуінің ажырамас бөлігі болып табылады. мысалы, «кеше қар жауады» деп дауыстап айтуы мүмкін. Тәрбиеші оның дұрыс нұсқасын дауыстап айтып, оны міндетті түрде түсіндіріп, түзетіп айтуға міндетті. Бала тәрбиешінің сөзін тыңдайды. Дәл осылай сөздерді дұрыс пайдалану нұсқасы қалыптасады. Әсіресе, мұндай әңгімелер табиғат құбылыстарын сипаттау кезінде жақсы үйретіледі. «Жапырақтар сарғайды. Жел соқты. Жанбыр жауды» т.с.с. Осыған орай мектеп жасына дейінгі балалардың даму деңгейіне сәйкес балалардың сөздік қорына жаңа сөздер қосып отыру керек және олардың мағынасын балаларға тәптіштеп, түсіндірген жөн.

Тәрбиеші сөздің дұрыс айтылуына интонация арқылы адамның түрлі сезімдерін білдіруге жаттыққан болуы керек. Мәселен, қуанышты, қайғыны, қорқынышты, салтанатты, мақұлдауды, ашу-ызаны, жылылықты білдіру үшін, сөйлеу қарқынының, дауыстың күшінің, дауыстың көтеріңкілігі мен төмендегінің қандай дәрежеде болатынын білумен бірге өз сөйлеуінде қолданып, балаларға үлгі көрсетуі керек.

Мектеп жасына дейінгі балалар үшін мынандай әдептерді үйрету қарым-қатынас мәдениетінің берік қалыптасуына ықпал етеді. Оларды тәрбиеші балаға бала-бақшаның алғашқы табалдырығын аттағаннан бастап үйретуге міндетті.

Сонымен қатар тәрбиеші балаға сәлемдескенде, сәлем бергенде әркім дауыстың дабырламауына, үнінің үйлесімділігіне, яғни дауыс ырғағына ерекше көңіл аударып, қоңыр дауыспен, сыйласымдылық үнмен, адырандамай, аптықпай, салмақпен, салауаттылық әдеппен сөйлеуге міндетті екенін ескерткені дұрыс. Сонымен қатар амандасу кезінде негізгі сөзде дауыс ырғағы инабаттылықпен, имандылықпен ерекше құбылып, құрметтеу белгісін, сыйласым нышанын білдіру керектігін айту парыз. Сонымен қатар балабақша тәрбиешісі баланың әрбір қимылына ерекше назар аударуын қадағалап, амандасудың өзі мәдениеттілікті көрсететінін ескерту керек.

Әрбір адамның әдептілігі оның сөзінен, жүріс-тұрысынан, мінез-құлқынан іс-әрекетінен байқалады. Яғни, әдепті адам күндей күлімдеп, жарық дүниедей жарқырап, жадырап сөйлейді. Сөзі арқылы да өзі арқылы да тыңдаушының есту сезімін сүйсіндіріп, көңіліне нұр шашады, әдемі әсер беріп, әңгімеге тартады. Халық әдебі «Сіз» деген сөзден басталады. Бұл сөз – сыйласымды, құрметтеуді, ардақтауды білдіретін қасиетті сөз. Жеке адамның іс-қимылына тәуелденіп айтылғанда, бұл сөз «ыңыз», «іңіз» қосымшалары арқылы сыпайылық мәнін арттырады. Мысалы, өзінен бірер жас үлкен болсын, кіші болсын, бейтаныс адамға «сіз» деп сөйлеуді мектеп жасына дейінгі балалардың бойында қалыптастырып, оны салтқа айналдырған дұрыс.

Сонымен бірге балаларға өмірінде қателеспейтін адам жоқ, аңқаулық жасап, байқамай қалатын кемшіліктер әркімде бар. Мұндай кемшіліктер екінші бір адамның көңіліне қаяу салып, кейітуі мүмкін жеке адамның әдептен озып, опықтануы басқаға да әсерін тигізеді. Осындай жағдайда «кешіріңіз», «ғапу етіңіз» деген сөздерді айтып, өз кемшілігін мойындаған адам әдептілік көрсетеді. Ол әдепті сөздерге «оқасы жоқ» деп жауап беру де әдептілік болып табылады.

Әдептілікті білдіретін, мәдениеттілікті көрсететін сөздер – құрметтеу, ардақтау, бағалау сөздер: «Аса құрметті...», «Ардақты ана немесе әке» т.б.

Әдептілікті көрсететін сөздерге теңеу, балау сөздер де жатады. Ағасы інісіне, не қарындасына «жаным», «күнім» десе, әкесі, не шешесі, ағасы жас балаға «айым», «ботам», «құлыным» дейді, бала атасына «аташым», апасына «апатайым», ағасына «ағатайым» деп сөйлейді. Сол сияқты «көке», «апа», «әпке», «әпкетайым» деген сөздер де сыйласымды, әдептілікті білдіреді. Егер бір інінің бірнеше ағасы болса, «Ардақ көке», «Ғалым көке» деп әрқайсысының атын айтумен қатар, «көке» деген сөзді қатар қойып, көкелерінің атын құрметпен атайды.

Басқа адамнан көрген қызмет пен жақсылық үшін рақмет айту да әдептілікке жатады. Бұл сөзге «денсаулығыңызға бұйырсын», «көңіліңіз хош болсын» т.б. жауап айтылады. Жақсылыққа жақсы сөз айтып, ризашылық білдірмеу әдепсіздік болады.

Үлкен адамға қызмет ету үшін немесе оның тарапына қарай бір іс-әрекет жасау үшін «рұқсат етіңіз», «мүмкін бе?», «мархабат етіңіз», «мүмкін болса», «ренжімесеніз» сияқты уәж сөздер айту мәдениеттілікті әрі әдептілікті көрсетеді. Үлкен адамның алдында дөрекі қимыл жасап, сөкет сөздер айту әдептілік емес. Әдепсіздік деген сөздің бір баламасы «ақымақтық», екінші бір баламасы «нақұрыстық». Әдепсіз адам – бақытсыз. Ол өз бақытын өзі тебеді, өзіне-өзі бақытты өмір жасай алмайды.

Кіші адамның тілалғышы, яғни «мақұл», «құп болады», «қалауыңыз білсін» деген сөздер – әдептіліктің белгісі. Әдепсіз бала мақұл деудің орнына, «сыныққа сылтау» айтып, дөрекіленіп, тілзарлыққа, мізбастыққа салынады. Ол әдет өмірге зиян, адамдыққа кесел, тұрмысқа қырсық.

Әдепті сөздерге неше алуан жанашыр сөздер мен аяныш сөздер де жатады. Ондай сөздерді әдепті адам шын ниетімен адал жүрегінен айтып, басқаға әсерлендіре жеткізуі керек.

Әдепті сөздер – ақылдан шыққан аялы сөздер. Әдепке үйреніп, әдепті сөздерді айтуға жаттыққан адам – мәдениетті де әдепті адам. Ғалым С.Л.Соловечик: «Қазір көпшілігі мұғалімнің даусының қойылуы, ым-ишарасының жасалуы, интонациясының дұрыстығы сияқты техникалық шеберлігі туралы көп айтады. Бірақ, одан маңыздысы мұғалімнің адамгершілік келбеті, қарым-қатынас жасау әдебі және оның мінез-құлқы» [6, 106]. Бұл туралы да тәрбиешілер ұмытпай, үнемі өзін-өзі жетілдірумен айналысуы керек. Дәлірек айтқанда, оның мәдениеті және жан дүниесінің байлығы, оның өз сөзінің дәлелдігі мен дұрыстығына сәйкес болуы тиіс.

Ал, мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі басқаларға үлгілі көшбасшы болуы үшін алдымен өзінің сөзінің дұрыстығын үнемі бақылауда ұстауы тиіс. Ол үшін тәрбиеші өзін-өзі басқару, өзін-өзі тану, өзін-өзі тәрбиелеу жұмыстарымен айналысқаны жөн. Тәрбиеші өзінің сөздік қателіктерін төмендегідей әрекеттерді жасау арқылы өзінің сөйлеу кезінде жіберетін қателіктерін анықтауға мүмкіндігі бар. Солардың бірнешеуіне тоқталып өтейік:

- 1.Өзіңіз таңдап алған кез келген мәтінді диктофонға жазыңыз.
- 2.Жазба таспаны зейін қойып тыңдаңыз.
- 3.Бұл жазба-таспаны басқа адамдарға да тыңдауға беріңіз.
- 4.Өзіңіздің және өзгелердің пікірін салыстырыңыз.
- 5.Сіздің сөзіңізде кездесетін, қандай кемшіліктер бар екенін анықтаңыз.

Егер болашақ маман өз сөйлеу мәдениетінде кемшіліктерді анықтаған жағдайда оған келесідей жұмыстар жүргізуді сұраймыз. Дәлірек айтқанда, сөйлеу мәдениетін көтеретін оқу-әдістемелік құралдарды алып, ашыңыз. Аталған тақырыпқа байланысты жазылған барлық жаттығулармен танысыңыз. Авторлар ұсынған жаттығуларды пайдаланып, бірізділікпен басынан бастап соңына дейін өзіңізбен жұмыс жасаңыз.

Жаттығулармен жұмыс жасау әдістемесі:

- жаттығуды орындау шарттарын зейін қойып оқыңыз;
- ұсынылған материалды баяу дыбыстауға тырысыңыз, орындалу техникасының дұрыстығын бақылауға ұстаңыз;
- әрбір жаттығудың көп қайталануына бағдар ұстаңыз [3];

Қорытындылай келе тағы бір ескертіп айтатынымыз, мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің сөйлеуі жарқын, мәнерлі, балаларға ғажап әсер беретіндей етудің құралдары өте көп. Бұл әдебиеттердегі және

өмірден алынған мысалдарды пайдалану, мақал-мәтелді тиімді қолдану, коммуникативті әсерді және вербальді емес тілді пайдалану. Дегенмен, сөйлеу өнері үшін мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің ішкі жан дүниесі ерекше маңызға ие.

Сөз өнері – адамды тіршілік әлемінің ең жоғары сатысына көтеріп, оның адамдығын сипаттайтын ең ұлы қасиеттердің бірі.

Сөз мәдениеті – адам баласы мәдениетінің білім деңгейінің көрсеткіші. «Парасатты адам үшін сөйлей білмеу оқу, жаза білмеу тәрізді ұят саналуы тиіс» - дейді, А.Чехов. Сондықтан мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерінің сөйлеу мәдениетін оның лидерлік сапаларының негізгі құрамдас бөлігі жәнне ол оны үнемі жетілдіріп отыруы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Питина Т.П. Лидерские качества как важная составляющая личности современного учителя. Вестник КГУ им. Н.А. Некрасова. 2011, Том 17, №4*
- 2.Андрюенко Е.В.Социальная психология. –М.: Академия, 2000.*
- 3.Бруссер А.М., Оссовская М.П. «Правильная речь – путь к успеху». М., 2009. (7,9беттер)*
- 4.Булатова О.С.Педагогический артистизм. –М.: Академия, 2001.*
- 5.Қалимұқашева Б. Сөйлеу мәдениеті және шешендік өнер. Астана, «Фолиант» 2010.*
- 6.Соловейчик С.Л. Вечная радость. – М., 1986.*

**ҰСЫНЫСТАР ҮШІН
ДЛЯ ЗАМЕТОК**